

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ 81'1-027.21:811.512.122

Қолжазба құқығында

ИМАНҚҰЛОВА МЕРУЕРТ АМАНТАЙҚЫЗЫ

**Қазақ тіл біліміндегі таным теориясының ғылыми-әдістемелік
негіздері**
(А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулері бойынша)

6D011700 – Қазақ тілі мен әдебиеті

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшілері:
филология ғылымдарының
докторы, профессор
Ғ.С.Қосымова
педагогика ғылымдарының
докторы, доцент
Ж.Т.Даuletбекова

Шетелдік ғылыми кеңесшісі
доктор, профессор
Х.Янковски

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2016

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
1. ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ТАНЫМ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ (А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ, Қ.ЖҰБАНОВ, С.АМАНЖОЛОВ ЗЕРТТЕУЛЕРІ БОЙЫНША).....	11
1.1. Қазақ тіл білімінде таным теориясының қалыптасуы.....	11
1.2. Таным теориясының гылыми негіздері.....	20
1.3. Таным теориясының психолингвистикалық негізі	51
1.4. Таным теориясын оқытудың философиялық негізі.....	62
1.5. Таным теориясының басты ұстанымдары.....	73
2. ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ТАНЫМ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ (А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ, Қ.ЖҰБАНОВ, С.АМАНЖОЛОВ ЕҢБЕКТЕРІ БОЙЫНША).....	84
2.1. Таным теориясының педагогикалық негізі.....	84
2.2. Қазақ тіл білімінде таным теориясын оқыту әдістері.....	95
2.3. Таным теориясы және жаңашыл технологиялар.....	109
2.4. Таным теориясын оқыту арқылы қалыптасатын құзыреттіліктер.....	119
2.5. Таным теориясын оқыту барысында жүргізілген эксперимент жұмыстары.....	124
ҚОРЫТЫНДЫ.....	148
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	151

Kіrіспе

Еліміздің тәуелсіздік алып, егеменді болуы барша қазақ халқының ұлттық қасиеттерінің, мәдениетінің, өркениетінің асқақтауына жол ашты. Тіл білімінің даму кеңістігінде тарихи-салыстырмалы әдіс кеңінен қолданыла келіп, жүйелі-құрылымдық зерттеулермен қоса, антропоцентристік бағыт қалыптасты. Адамзаттың қалыптасу, даму тарихында оның түрлі болмысын, қасиеттерін, ой-санасын, ұлттық ерекшеліктерін, мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, психологиясын, ділін тереңінен зерттеу бүгінгі танда аса маңызды. Ғылыми ізденіс барысында адам баласын өмір сүрген қогаммен, әлеуметтік ортамен байланыстыра отырып, осы құрделі құбылыстардың тіл арқылы бейнелену табигатын зерттеу жалпы адамзат қасиеттерін, тілдің табигатын жаңа қырынан тануга мүмкіндік берді.

Қазақ лингвистикасында қоршаган әлеммен адамдық факторлардың байланысын жан-жақты қарастыра отырып, адам болмысын дүниетаным негізінде зерделеу гылымдар тогысында жаңа бағыттардың дамуына игі ықпал етін, лингвомәдениеттаным, этнолингвистика, культурология, психолингвистика, этнопедагогика, әдебиеттану ілімдеріне қатысты өзекті де өрісті мәселелерді өмірге әкелді. Лингвистика тіл мен танымның, тіл мен адамның, тіл мен сананың, тіл мен ойдың, тіл мен қогамның, тіл мен ұлттың, тіл мен мәдениеттің сабактастығын терең зерттеуге бет бүрді. Халықтың тілі арқылы оның дүниеге деген көзқарасынан, ұлттық ерекшеліктерінен, салт-дәстүрінен, менталитетінен, әлемнің тілдік бейнесінен ақпарат алып, ұлттық құндылықтарымызды тереңінен танып, қайталанбас болмыс қасиетімізді сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізу – тіл гылымындағы жаңа бағыттың басты нысаны. Осыған орай, қазақ тіл білімінің гылыми ұстанымдары мен әдіснамалық негіздерінің таным теориясымен ықпалдаса, бірлесе зерттелуі қазақ лингвистикасының өрісін кеңейтін, көптеген гылыми салалардың қалыптасуына ықпал етті.

Адамның қоршаган ортаны қабылдап, түсініп, оған деген көзқарасының тілдік бірліктерден көрініс табуы оның ой-санасының дамып жетілуінде, тұрмыс-тіршілігінде, қогамдагы мәдени өмірінде ерекше әлеуметтік мәнге ие болды.

Зерттеудің өзектілігі. Қазақ лингвистикасын зерттеп, алғаш оның тұп негізін қалыптастыруға зор еңбек сіңірген галымдардың еңбектерін танымдық жагынан бүгінгі жаңа парадигма аясында қарастырудың маңызы зор. Осы мәселеге байланысты қазақ тіл гылымының алғашқы бастамасын А.Байтұрсынұлы еңбектері құрап, тіл арқылы ұлтты, адамзатты, халықтың мәдениетін, тарихын, әлеуметтік ортасын, қогамын зерделеу кейін Қ.Жұбанов пен С.Аманжолов зерттеулерінде жалғасын тапты.

Қазақ тіл білімінің басында тұрған тұлғаларымыз А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов тіл табигатына зерттеу жүргізгенде тілдің танымдық қызметіне айрықша көніл бөліп, оны ішкі көкей көзбен сезе біліп, тіл болмысына әсер ететін сыртқы және ішкі факторлар мен себеп-салдарды

жан-жақты ескере отырып, тілтанымдық мәселелерді біртұтас жүйе ретінде сипаттаң, маңызды тұжырымдар жасады.

Қазақ тіл ғылымының аса көрнекті өкілдері, ғұлама ғалымдар А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов пікірлеріне зер салу көрнекті тұлғалардың мұрасын зерттең, тануға ықпал ете келіп, лингвистиканың қазіргі даму бағытын анықтаумен қатар, диахрониялық және синхрониялық ілімнің даму әдістерін игеруғе мүмкіндік береді, қазақ тіл біліміндеғі сабактастықты тануға дәйек болады.

А.Байтұрсынұлы тіл болмысымен таным теориясын сабактастырып, «тіл – адамның адамдық белгісінің зоры»[1;13] деп тұжырымдайды. Ғалым тіл мен таным бірлігі негізінде қалыптасқан адамдық құндылықтарды, қасиеттерді тіл болмысы арқылы түсіндіруға тырысты. Ол тіл арқылы бейнеленетін таным теориясы негізінде ұлттық қасиеттер, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық міnez, мәдени құндылықтар туралы ақпараттан адамның ой-өрісі артатындығын нақты мысалдармен көрсетті. Көрнекті тілші адам баласын, оның болмысын, ұлтын, мәдениетін, міnezін т.б. құндылықтарды тіл арқылы зерттең, зерделеуға болатындығы туралы пайымдауларын мұра етіп қалдырыды. Тіл табиғатының сырына терең үңілғен А.Байтұрсынұлы таным теориясын адам жаратылысымен, физиологиясымен байланыстыра зерттең сипаттаса, Қ.Жұбанов: «әрбір құбылысты адам өз тарихи дәуірі тудырған көзқарастары арқылы көреді. Сондықтан әрбір ұлттың, оның ішінде әрбір таптың өзіне жақын, һәм алыс құбылыстары болады»[2;39]-деп, таным теориясын сыртқы дүниемен, тіл әлемімен сабактастыра түсіндірді. Табиғатпен біте қайнасқан адам санасындағы тұтас әлем тілде көрініс тауып отыратынын айткан ғалым алғашкы дәуірде де адамдар танымы абстракцияланғанын мензейді. Қ.Жұбанов еңбектерінде тіл мен тарих, халық пен таным, ұлт пен мәдениет ұғымдары өзара сабактастырылған.

Қазақ тіл білімінің көрнекті тұлғасы, тілші-ғалым С.Аманжолов еңбектерінен де таным теориясына арналған тұжырымдар мен пайымдарды аңғаруға болады. С.Аманжолов таным теориясы жайында А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов көзқарастарын жалғастыра келіп: «Әр халықтың тілі өзінің сана-сезіміне ой-өрісіне сәйкес түрде ғана ойдың суретін, бейнесін бере алады» [3;14] -деғен пікір айтады. С.Аманжолов өз зерттеулерінде халықтың, ұлттың, этностың даму тарихына, жүріп өткен жолына үңіле отырып, дүниетанымдық қағидаларға айрықша назар аударады. Тіл тарихы мен ұлт тарихын бірлікте зерттей келін, ғалым тіл табиғатын, жергілікті диалектілерді, ру, тайпа тілін географиялық мекен-жаймен, ел, жер атауларымен тығыз байланыста қарастыруды. Ғалым халықтың ұғымдардың пайда болуы, жаңа мәнге ие болуы қарым-қатынас тілі арқылы көрінетіндігіне көніл бөлді.

Қазақ тіл білімінің көрнекті ғалымдарының еңбектері қазіргі қоғамның әлеуметтік, саяси, мәдени, рухани өміріндеғі құндылықтарды жаңаша көзқараспен талдауға, танымдық тұрғыдан қарастыруға мүмкіндік береді. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың тіл біліміне қосқан баға

жетпес зерттеулеріндегі ұлттану, әлеуметтану, елтану мәселелерін қазіргі мәдени-рухани өмірімізben ұштастыра отырып, тілдік көрсеткіштер арқылы зерделеп, менгеру ұлт тарихын терең білуге үйретеді; ұлт зиялыштарының көкейтесті пікір-көзқарастарын бүгінгі қогаммен сабактастыра талдауга мүмкіндік береді. Зерттеу нысанасы болып табылатын аса көрнекті қогам қайраткерлері, ұлы галым-тілшілердің таным теориясына қатысты пікірлері, көзқарастары, тұжырымдары қазіргі кезенде де өзектілігін жогалтқан жоқ. Зерттеушілердің ұлтқа, қогамга, дүниетанымға қатысты ой-пікірлерін, көзқарастарын талдау арқылы таным теориясының тіл біліміндегі ғылыми жүйесін қалыптастыруға болады. Сондықтан тілші-галымдардың тілдің танымдық табиғатына қатысты лингвистикалық мұраларына ғылыми талдау жасау тек тіл білімі үшін ғана емес, жалпы адамзат иғілігі үшін де қажет екендігі сөзсіз. Осы бағыттағы зерттеулер қоғамдық ортадағы ұлттық қасиеттерді, мәдени-рухани құндылықтарды, тіл байлығын, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып саналатын ерекше қазына – сөздік қорды сақтауға «Мәңгілік Елдің» мәңгілік рухы – қазақ тілінің «Ұлы Дала Елі» идеясына сәйкес мағына-мамұнын жүзеге асыруға иғі ықпал етеді.

А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С. Аманжоловтың ғылым мұрасы – бүгінгі ұрпақ үшін ғылыми мәнін жоймаған, ғылыми-теориялық, танымдық көзқарастары мен пікірлері қазіргі қазақ тіл білімінің көкейтесті мәселелерімен байланысты жаңа еңбектерге методологиялық негіз болатын дүние. Ғалымдардың тілдің танымдық қырын ашатын пікірлері, тіл арқылы ұлттық құндылықтарды тануға ықпал ететін көзқарастары мен тұжырымдары – түрлі ілім салаларын тоғыстыратын, таным теориясының қалыптасу тарихы мен даму кезендерін, басты ұстанымдарын анықтауға мүмкіндік беретін маңызды түйіндер. Аталмыш мәселелер жұмыста лингвистиканың қазіргі даму бағыттарымен байланысты сөз бола келін, таным теориясының қалыптасу, өсу жолдарын анықтайды, білім беру жүйесіндегі нәтижеге жетудің әдістемелік негіздерін айғақтайды. Оку үдерісіндегі тарихи кезендер мен бүгінгі қүннің сабактастығын танымдық тұрғыдан дәйектейді. Мұның бәрі оқыту үдерісін жақсартады. Осы айтылған мәселелер зерттеу тақырыбының өзектілігін көрсетеді.

Зерттеу жұмысында:

- Қазақстандағы жоғары білімді дамыту стратегиясының қағидалары мен жас ұрпақты ұлттық, рухани құндылықтарды танып білуге үйрету арасындағы;
- А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектеріндегі танымдық пікір-тұжырымдарын зерделеу мен оны оқытуудың әдістемелік жүйесін әзірлеу арасындағы;
- кәсіби маманның интеллектуалды құзыреттілігін қалыптастырудың өзектілігі мен оны оку үдерісінде жүзеге асыру арасындағы байланыстар мен қайшылықтарды шешу көзделді.

Зерттеудің нысаны – қазақ тіл білімінің ұлы тұлғалары А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектеріне негізделген тіл

біліміндегі таным теориясының қалыптасуы мен дамуы және оны оқытудың әдістемелік негізі

Зерттеу пәні: А.Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С.Аманжолов еңбектеріне негізінделген - таным теориясын оқыту әдістемесі.

Зерттеудің ғылыми болжами: Таным теориясы мен тілтаным мәселесінің басты ұстанымдары көрнекті галымдардың еңбектеріндегі тұжырымдарга сүйеніп, жүйелі турде қарастырылуы тілдік мұраның қазіргі кезеңде де маңызды екенін аңгартады; таным теориясының қалыптасу тарихын лингвистиканың жаңа бағыттарымен сабактаса менгертуге мүмкіндік береді. Тіл табигаты мен адам, ұлт болмысын терең білуге ықпал етеді. Танымы кең, білімі жогары, білікті маман даярлауга жагдай жасайды. Егер, филология мамандықтарына А.Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С.Аманжолов еңбектеріндегі таным теориясының өзекті мәселелері арнайы оқытылса, онда қазақ тіл біліміндегі таным теориясы, оның ғылыми ұстанымдары және тілтанымдық мәселелері туралы білімдері жетілген мамандар дайындалады. Студенттерге тіл біліміндегі таным мәселелерін, оның басты ұғымдарын, теориясын әлемнің тілдік бейнесін, ұлттық таным, психолингвистика мен байланысты толық менгерту интеграциялық білім беруге алғышарт жасайды. Ізденістен туындаған жұмыстың шешімдері студенттердің тілдік, қатысымдық, тұлғалық, ұжымдық, шыгармашылық – интеллектуалдық-танымдық құзыреттіліктерін дамытуға септігін тигізеді.

Зерттеудің мақсаты – А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері бойынша таным теориясының ғылыми және әдістемелік негіздемесін талдай отырып, зерттеу нысанының қазіргі тіл біліміндегі таным мәселесімен сабактастығын анықтау. Көрнекті галымдардың таным теориясына қатысты ұстанымдары мен пікір-көзқарастарын, тұжырымдарын жүйелей келіп, жогары оқу орнында оқитын студенттерге таным теориясын менгертудің әдістемесін ұсыну.

Зерттеудің міндеттері:

- қазақ тіл біліміндегі таным теориясының қалыптасу тарихы мен даму бағытын айқындау;
- аса көрнекті галымдар А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектеріндегі танымдық бағыттар мен тұжырымдарды анықтау;
- тілші-галымдар зерттеулеріндегі таным теориясының ғылыми негіздерін жүйелеу;
- А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов пікір- көзқарастары бойынша қазақ тіл біліміндегі таным теориясының әдіснамалық негізін дәйектеу;
- А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулеріндегі таным теориясының ұстанымдарын айқындау және олардың бүгінгі күнмен сабактастығын көрсету;
- жогары оқу орнында А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері негізінде таным теориясын оқытудың лингводидактикалық қагидасын белгілеу;

- тілші-галымдардың еңбектеріне сәйкес таным теориясын игерту барысында іске асырылатын жаңашыл технологияларды анықтау;
- ЖОО тілдік таным мәселелерін оқытуға арналған эксперимент нәтижесін сараптау;

Зерттеудің жетекші идеясы: қазақ тіл білімінің көрнекті тұлғалары А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектеріндегі таным мәселесі жайындағы пікір-көзқарастар негізінде таным теориясын студенттерге менгертудің гылыми-теориялық және әдістемелік жүйесін зерттеп-зурделеу интеллектуалдық-танымдық құзыреттілігі қалыптасқан кәсіби маман даярлауга мүмкіндік береді.

Зерттеудің әдіснамалық негізіше А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектеріндегі және жалпы тіл біліміндегі, қазақ тіл біліміндегі, философиялық, психологиялық, педагогикалық гылым салаларындағы адам дүниетанымына және тілтанымға байланысты зерттеулер, пікір-көзқарастар, тұжырымдар алынды.

Зерттеу жұмысының дереккөздері.

А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектеріндегі танымдық көзқарастары мен тұжырымдары назарға алынды. Философия бойынша әл-Фараби, Асан қайғы, Ақтамберді, Бұқар жырау, Шоқан Үәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы сияқты авторлардың дүниетанымдық көзқарастары назарға алынды. Зерттеу тақырыбының педагогикалық аспектін анықтау үшін М. Жұмабаев, Ж.Аймауытов, Қ.Жарықбаев сынды ғалымдардың еңбектері пайдаланылды. Тіл білімінің зерттеушілері, соның ішінде отандық ғалымдар: Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Н.Оралбаева, Ж.Манкеева, Уәлиев Н., Б.Қалиев, Ф.Оразбаева, Б.Хасанұлы, Г.Қосымова, Г.Смағұлова, О. Жұбаева, Б.Сағынова, Ж. Даuletбекова, М.Абаева, шетелдік зерттеушілер: С.Каплан, Г.Кегел, М.Арбіб, Х.Янковски және т.б. авторлардың ғылыми еңбектері пайдаланылды. Біздің ғылыми зерттеуімізге психологиялық аспектіде арқау болған авторлар: Ж. Аймауытов, Ж. Пиаже, Ж. Намазбаева, С. Жақыпов, т.б.

Зерттеудің негізгі кезеңдері:

Бірінші кезеңде (2013-2014) зерттеу тақырыбының ғылыми аппаратын жобалау, ғылыми-теориялық базасын анықтау, зерттеудің мақсат-міндеттерін айқындау мәселелері қолға алынды. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектеріндегі танымдық көзқарастарын сараталды; таным мәселесін қарастырған зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасау жұмыстары жүргізілді.

Екінші кезеңде (2014-2015) тіл біліміндегі таным теориясының ерекшеліктерін анықтау үшін А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектеріндегі танымдық мәселелерге талдау, жүйелеу, модельдеу жұмыстары атқарылды. Зерттеу әдістері бойынша ғылыми-практикалық тәжірибелер іске асырылды. Зерттеу жұмысының мазмұнына сәйкес жарияланымдар әзірленіп, баспадан шығарылды. «5B011700 – қазақ тілі мен әдебиеті», «5B020500 – филология» мамандықтары студенттеріне сабак

өткізіліп, эксперимент жүргізілді, зерттеу тақырыбы бойынша жалпы оқу үдерісіне бақылау жасалды. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектеріне негізделген таным теориясын оқытатын таңдау курсының білім мазмұны сұрыпталып, курстың оқу-әдістемелік кешеніне қатысты құрылымның басты бағыттары анықталды.

Үшінші кезеңде (2015-2016) оқыту тәжірибесі бойынша қорытынды жасалып, әдістеменің нәтижелері мен жетістіктері анықталды. «Тілдік танымның бастау көздері» қосымша пәніне қатысты таным теориясының теориялық-әдістемелік аспектілері іске асрылды. Курстың кәсіби құзыреттіліктер қалыптастырудың рөлі айқындалды. Іріктелген материалдар ғылыми зерттеу жұмысы ретінде ресімделді.

Зерттеу әдістері:

Диссертациялық зерттеуді орындау барысында талдау, жинақтау, жүйелеу, топтастыру, семантикалық талдау, модельдеу әдістері қолданылды. Оқыту әдістемесін жүйелеуде индуктивті, дедуктивті және эксперименттік әдістер пайдаланылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- Таным мәселесі философия, психология, тіл білімі аясында зерделеніп, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері бойынша таным теориясының ғылыми-методологиялық, әдістемелік негіздері дәйектелді.
- Қазақ тілі табиғатының сырына терең үнілген А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулерінің негізінде таным мәселесінің лингвистикалық, педагогикалық негіздері сипатталды;
- А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың еңбектері негізінде тіл мен таным мәселесі сабактастырылып, таным теориясы психолингвистика ғылымы аясында түсіндірілді;
- Көрнекті тілшілердің таным теориясына қатысты пікір-көзқарастары, тұжырымдары жүйеленіп, бүгінгі ғылым талабы мен бағыт-бағдары түрфісінан талданды. Әр ғалымның еңбектеріндегі ерекшеліктер көрсетіліп, олардың қазіргі маңызы дәлелденді;
- А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері бойынша таным теориясын оқытудың тиімді әдістемесі ұсынылды, кешенді жұмыс түрлері белгіленіп, эксперимент нәтижесі анықталды;
- жоғары оқу орнында таным теориясын А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері негізінде оқытудың бағдарламасы жасалды;
- Ғалымдардың еңбектеріне сәйкес таным теориясын игертуде қолданылатын жаңашыл технологиялар сарапталып, іс жүзіне асрылды;
- Тілшілердің еңбектерінде сөз болған таным мәселесінің өміршеш түйін-пікірлерінің бүгінгі білім беру үрдісіндегі ұтымдылығы, жаңашылдығы, қажеттілігі дәйектелді.

Жұмыстың теориялық маңызы.

А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың лингвистикалық мұралары негізінде жасалған зерттеудің нәтижелері таным мәселесінің гылыми-теориялық тұжырымдарының дәйектелуіне ықпал етеді; қазақ тілінің танымдық аспектілерін, басты ұғымдарын, терминдік өрісін жүйелеуге және дамытуға үлес қосады. Тіл арқылы адам факторын сипаттайтын тіл біліміндегі таным теориясының ұстанымдары мен тұжырымдарын теориялық тұргыдан менгеруге, түсінуге мүмкіндік береді.

Жұмыстың практикалық маңызы

Зерттеу бойынша жасалған тұжырымдарды, гылыми-практикалық пікір-көзқарастарды жогары оку орындарының филология факультеттерінде қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы курстарымен, қазіргі қазақ тілін оқытумен, когнитивтік лингвистикамен байланыстырып, психолингвистика, лингвомәдениеттанным, әлеуметтік лингвистика бойынша оқылатын дәрістерде, элективті сабактарда пайдалануга болады. Фалымдардың таным мәселесіне арналған зерттеулерін оқытуға бағытталған модельді, сабак ұлгілерін, бағдарламаны оку-әдістемелік кешендер әзірлеуде, оку құралдарын даярлауда қолдануга болады.

Көрғауға ұсынылатын тұжырымдар

- «Ұлы Дала Елі» идеясын іс жүзіне асыру барысында қазақ тілінің танымдық табигатын көрнекті тілші-ғалымдардың еңбектерімен сабактастықта зерделеу әлемдік өркениет пен ұлттық рухани құндылықтарды тіл арқылы танып-білуге иғі ықпал етеді.
- А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың таным теориясына қатысты пікір-тұжырымдары тіл білімі салаларының бұрынғы және қазіргі даму кезендерін анықтай отырып, тілді танымдық тұрғыдан оқытудың ғылыми-әдістемелік жүйесін жасауға көмектеседі.
- А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектеріндегі таным теориясы қазақ тіл білімінің ғылыми-педагогикалық аспектісін айқындай отырып, лингвистиканың даму көрсеткіші болып табылады. Әйткені танымның ғылыми-педагогикалық, әдістемелік жақтары Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде маңызды орын ала отырып, тіл білімін тың қағидалармен байытады, оқыту үдерісіндегі жаңа ұстанымдарды белгілейді.
- Таным мәселесі психо-физиологиялық, логика-философиялық, тілдік-мәдени тұрғыдан күрделі құрылым болып табылады. Сондықтан А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектеріндегі таным теориясы түрлі ғылым салаларын (психология, мәдениеттану, этнография, философия) тоғыстыра келіп, когнитивтік лингвистиканың даму бағыттарын айқындайды.
- А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың танымдық көзқарастарын білім беру жүйесіне енгізу тілдік бірліктердің семантикалық өрісін, коммуникативтік ерекшеліктерін, стилистикалық қызметін жаңа парадигма ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.
- Модульдік технология бойынша жасалған «Тілдік танымның бастау

көздері» атты қосымша пән таным мәселесін интербелсенді әдіс арқылы менгертуде жақсы нәтиже береді.

Зерттеу нәтижесінің дәлелдігі мен негізділігі:

Зерттеу жұмысының нәтижелері әдіснамалық тұрғыда дәлелденуімен, зерттеу әдістерінің тиімділігімен, зерттеу еңбектеріне талдау жасалуымен, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетіндегі бакалаврда «5B011700 – қазақ тілі мен әдебиеті», «5B020500 – филология» мамандықтарына «А.Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері - таным теориясының негізі» таңдау курсының оқу үдерісіне енгізілуімен қамтамасыз етілді.

Зерттеу нәтижелерінің жарияланымдары. Диссертацияның мазмұны, тұжырымдары мен негізгі нәтижелері төменде көрсетілген басылымдарда: «Proceedings of academic science -2014» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында (Шеффилд, 2014 ж., қыркүйек), «Қазақстан ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми журналда (№6(33) 2015ж.), Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы, Филология сериясы (№4(54), 2015ж.), «Қазақстан ғылымы мен өмірі» Халықаралық ғылыми журналда (№6(33), 2015ж.), «Профессор Қ.Қ. Жұбанов және қазіргі тіл білімі, әдебиеттану және әдістеме саласындағы ғылыми-әдіснамалық зерттеулер» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, (Алматы, 2015 ж., қазан), «The Sixth European Conference on Languages, Literature and Linguistics» (Vienna, 2015 ж., сәуір), «Қазақ лексикографиясы: тарихы, тәжірибесі, болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарына (Алматы, 2015), «Қазақ хандығы дәүірі: тіл, әдебиет және тарих» атты ғылыми- танымдық дөңгелек үстелдің материалдарына (Алматы, 2015 ж., қараша), «Ғылым, білім және инновациялар – «Қазақстан -2050» стратегиясының орындалуының маңызды факторлары» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарына (Талдықорған, 2015ж., қазан), «Тіл –құрал – қуатты қүш» Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарында (Алматы, 2016ж., сәуір), «Culture Dialogue of The Silk Road Countries» халықаралық конференция материалдарында (Эрзурум, 2016ж., мамыр), «Жаңа формацияда кәсіптік білім берудің өзекті мәселелері» атты IV-дәстүрлі Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдарында (Түркістан, 2016ж., сәуір) және Scopus базасына енетін нөлдік емес, импакт-факторы бар «BIOSCIENCES BIOTECHNOLOGY RESEARCH ASIA» (2015ж., Vol. 12(1)), «INTERNATIONAL INFORMATION INSTITUTE» (2016ж., Vol. 19(A)) атты халықаралық ғылыми басылымдарда жарияланды.

Диссертацияның құрылымы: Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, екі бөлімнен, корытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады.

1. ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ТАНЫМ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗІ (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулері бойынша)

1.1. Қазақ тіл біліміндегі таным теориясының қалыптасуы

Қазақ халқы ежелгі заманнан өмір сүріп келе жатқан түркі тайпалары негізінде қалыптасқан сан мындаған ғасырлар бойы асыл сөз маржаны арқылы өзіне тән бай рухани мұра қалдырыды. Қазақ тарихында өмір сүрген ақындар мен жыраулар, саясаткерлер мен батырлар, хандар мен қолбасшылар, айтыскерлер мен шешендер, билер мен серілер – бәрі де өздері өмір сүрген заманың объективті құбылыстарын тілге тиек етін, әртүрлі деңгейде, бірақ жалпы алғанда даму тенденциясы шенберінде қазақ халқының қоғамдық-саяси, мәдени, сайып келгенде, философиялық ойлау жүйесінің құрылымын қалыптастырды. Осыған сәйкес, қазақ халқы мәдениетінің, өмір сүру салтының, рухани байлығының және дүниетанымының түп тамыры тереңнен тартатындығын көреміз. Оған қазақтың мақал-мәтелдеріндегі, тұрақты сөз тіркестеріндегі, кісі есімдеріндегі, зат атауларындағы т.б. сөз маржандарындағы таным мәселесі дәлел.

Таным – бұл адамның болмысты бейнелеу әрекетінің ерекше түрі. Адам айналадағы білімді санасына таным әрекеттері арқылы қабылдап, ұғып, еске сақтап, таниды. Адамның нақты мақсатына бағытталған және шығармашылық іс-әрекетке негізделген таным нәтижесінде сыртқы әлемнің идеалды образдары қалыптасып, олар туралы білім пайда болады. Халық танымы оның дүниеге деген көзқарасын айшықтайды.

Дүниетаным — бұл ақықатты дүниеге және ондағы адамның алар орнына, оны қоршаған болмысына және өз-өзіне қатынасына деген көзқарастар жүйесі, сонымен қатар, адамдардың осы көзқарастар арқылы қалыптасқан негізгі өмірлік ұстанымдары, наным-сенімдері, мақсат-мұраттары, таным мен қызмет ұстанымдары, құндылық бағыттары. Дүниетаным қоғамдық және жеке адам санасының ұйтқысы болып табылады. Дүниетанымды қалыптастыру — тек жеке тұлғаның ғана емес, сонымен қатар белгілі бір әлеуметтік топтың, қоғамдық таптың жетілуінің елеулі көрсеткіші. Дүниетаным үнемі дамып, өрбіп адамның тұрмыс-тіршілігінен, әдет-ғұрыптынан, салт-дәстүрінен, наным-сенімінен көрініс тауып отырады.

Сол сияқты, қазақ халқының ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, бүгінгі күнге жеткен әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрі, наным-сенімі сан мындаған жылдар бойы жинақталып, өндөліп, сұрыпталып, әрдайым аясы кеңейіп, тереңдеп отырғанын оның дүниетанымы арқылы анғаруға болады. Оны тіліміздегі мақал-мәтелдерден, тұрақты сөз тіркестерінен, өлшемдік атаулардан, кісі есімдерінен, т.б. ұлттық сипатты көрсететін тілдік бірліктерден көре аламыз.

Халықтың танымы тіл арқылы тек ұлттық әрекшелігінен ғана емес, сонымен қатар сол тілді қолданушы халықтың тұрмыс-тіршілігінен, мәдениетінен, мінез-құлқынан да хабар береді. Мысалы, қазақ тіліндегі «Мал – жанымның садағасы, жан – арымның садағасы», «Қойышы көп болса, қой

арам өлер» мақалдары мен «Ат аунаған жерде түк қалады», «Ақсақ қой түстен кейін маңырайды» мәтелдері қазақ халқының көшпелі, мал шаруашылығымен айналысатындығын, төрт тұліктің мінезі мен болмысын саралай білетінін көрсетеді. Шындығында, бұл бүтіндей бір ұлттың дүниетанымы мен тұрмыс-тіршілігі жайлы хабар береді.

Дүниені, ғаламды тану қазақ ойшылдарының, ақын-жырауларының туындыларында, зерттеу еңбектерінде де кеңінен көрініс тапқан.

Ш.Уәлиханов зерттеу қолжазбаларында қазақ халқының танымдық ерекшеліктерін сөз өнерімен байланыстырады. Зерттеуші сөз өнеріне аса мән беріп, көшпелі халықтардың өлең-жырға жүйрік келетінін, олардың аяқ астынан суырып салып айту қабілетінің күшті дамығанын ескеруді басты мәселе деп қарайды. Ертеде қазақтың сөз өнері ауызша өрбігеніне қарамастан, қазақ тіліндегі ұлттық құндылықтардың сақталып, бүгінгі күнге жетуін, таратылуын Ш.Уәлиханов: «Әрбір халықтың әдеби мұраларын зерттеудің этнография үшін керектігін ғалымдар әлдеқашан ескерткен. Өйткені **халықтың тұрмысы**, оның **қылышы**, оның **дүниетануы** мұнда анығырақ сипатталған. Өздерінің мәдениет мұраларын ерекше сүю, ертегі жыр байлығын мактанды ету, әсіресе Орта Азиядағы көшпелі елдердің айрықша қасиеті. Олардың ауыз жырларын, қария сөздерін, әрбір тайпаның басынан кешіреген тарихы, соларды еске түсіру деуге болады. Сондай аңыз әңгімелерді сөуегейдің сөзіндей есте сақтап, оны бірден-бірге жеткізіп отырушылар – әрбір ру ішіндегі қариялар. Олар оны заң жосығы ретінде, белгілі ақын-жыраулар тобының ұрпақтан-ұрпаққа жеткізін отырған ұзак дастан түрінде сақтап келген. Бүгінде қолданбайтын жырда кездесетін көне сөздер олардың тым ерте дәуірде шыққанын көрсетеді» [4;417-418]-деп түсіндіре келе, сан мындаған ғасырлар бойы тіл арқылы «халықтың тұрмысы, оның қылышы, дүниетануы» және тарихы тілдік бірліктер арқылы берілетіндігін көрсетеді. Тіл халықтың дүниетанымындағы ақпаратты таным арқылы сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізгендігін айтады.

XX ғасырдың басында қазақ халқына ағартушылық қызмет еткен Ы.Алтынсариннің еңбектеріндегі таным мәселелесі, әсіресе, бала оқытуға арналған еңбектерінен анық байқалады. Ғалым балаға хат танытып қана қоймай, оның танымының кең әрі терең болуына баса назар аударады. Ұлттық сөз өнерінің мұрасын Ыбырай Алтынсарин жас ұрпақты тәрбиелеу мақсатына бағындырып, ауыз әдебиеті шығармаларын ретімен, жүйесімен беру арқылы, сөз өнерінің тәрбиелік, ғибраттық, халықтық мәнін «Қазақ хрестоматиясы» атты қазақ тілінде жазылған тұңғыш туындысына арқау еткен.

Ібырай Алтынсарин сөз өнерін, тілдік танымды білім, ілім беру, ағартушылық, тәрбиелік бағытқа қарай көбірек бұрса, Абай Құнанбайұлы тілдің танымдық қасиетін сөз өнерімен байланыстырып ерекше түсіндірді:

Өлең сөздің – патшасы, сөз сарасы,

Қыннан қыстырыар ер данасы.

Тілге женіл, жүрекке жылды тиіп,

Теп-тегіс, жұмыр келсін айналасы.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,
Ол – ақынның білімсіз бейшарасы.

Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,

Бұл жүргіттың **сөз танымас** бір парасы [5;51] - дей келе, ақын ата-бабадан қалыптасқан қазақ дүниетанымын одан әрі терендете түсіп, ой ұшқырлығы, сөз дәлдігі мен көріктеуіш құралдары арқылы қазақ тілінің танымдық аясын көнекте, дамыта түседі.

Дұние ойдан шығады,

Өзімді өзім ұмытып,

Көңілім әнді ұғады,

Жүрегім бойды жылдытып [5;160] - деп, ақын сөздің ерекше әсерін тіршіліктің, ғаламның, адамдықтың сырын түсіндіруге арнайды. Яғни, ақын сөз құдіреті – көркем сөз өнері деп танып, сол арқылы бүкіл қазақ халқының ұлттық қасиеттерін, мінезін, ділін, мәдениетін, тарихын, қоғамын, дүниетанымын бейнелейді.

Абай түсінігінше, табиғат біздің санамыздан тыс және бізге тәуелсіз өмір сүреді. Адам баласы «көзімен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрнымен іскеп тыстағы дүниеден хабар алады»[6;140],-дейді Абай. «Жетінші қара сөзінде» Абай: «адам баласы анадан туганда екі түрлі мінезбен туады. Бірі – ішсем, жесем, ұйықтасам деп туады. Бұлар – тәннің құмарлығы. Екінші – білсем еken деу- жан құмарлығы» [6;140],- деп, түйіндей келе, «адам бойына жан құмарлығы арқылы жиналатын нәрсенің аты – ақыл, ғылым... ол таланттылық пен ерінбей еңбек еткен адамның қолына түседі» [6;140],- деген қорытынды жасайды. Қазақ дүниетанымында өшпес із қалдырған дана Абайдың «Қара сөздері» астарына мән берсек, адамның интеллектуалдық сипатына жалпы адамзаттық тұрғыдан қарай келіп, соның астарында қазақы таным негізінде талдау жасаған. Ол адамның ақылдылығын анықтау турасында: «Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің, менің білуімше, бір белгілі парқын көрдім... есті адам орынды іске қызығып, құмарланып, іздейді еken-дағы, күнінде айтса, құлақ, ойласа, көңіл сүйсінгендей болады еken», [6;140]– деген ой айтады. Абай осы өзінің ой өрнегі арқылы ұлт танымының ізгі қасиеттері деп адамның бойындағы қайырымдылық, махаббат және әділдікті таниды.

Қазақ тіл білімінде тілтаным теориясына қатысты мәселелер XXI ғасырда ғылым деңгейінде зерттелді Дегенмен алғашқы тіл мен таным сабактастырындағы ой-пікірлердің бастауы XX ғасырдың I жартысынан бастап ғылыми зерттеулерде қарастырылды. Тіл мен таным сабактастырының жалпы теориялық негізі қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалымдарымыз А.Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов еңбектерінде тілдің танымдық қасиеті жайлы пікірлері мен тұжырымдары негізінде көрсетілген. Тіл болмысының адам баласы үшін тек қарым-қатынас құралы ғана еместігін ғалымдар бірден аңғарып, тілдің адам санасынан, тұрмыс-тіршілігінен,

ұлттық ерекшелігінен, қайталанбас болмыс қасиетінен көрініс беретіндігін өздерінің түйінді пікірлері мен көзқарастары арқылы жеткізген.

Сонымен таным мәселесінің адам өмірімен тығыз байланыстырының бірнеше ғылымдар аясында зерттеліп жүргендігімен дәлелді. Адам болмысының сыртқы әлем туралы түсінігін қалыптастыруға философия, психология ғылымдары қатысса, әлемнің адам санасына қабылданып, пайымдалып, адамзат тілі арқылы жарыққа шығатындығын тіл білімідегі таным мәселесіне қатысты ғылыми тұжырымдар дәйектейді. Адамның ойлауымен тұгастықта қарастырылған таным теориясына философ ғалымдар: «таным деп біз адамның айнала қоршаған ортаны зерттеудегі ерекше рухани іс-әрекетін айтамыз» [7;450]-деген анықтама береді.

Таным мәселесі психология ғылымында «танымдық әрекеттер»[8;89], «танымдық жан-куаттар»[9;128] немесе «адамның танымдық аймағы»[10;105] деген тіркес терминдермен беріліп, оған түйсік, қабылдау, ес, ойлау, қиял, ерік сияқты әрекеттер енеді. Демек,, психология ғылымы таным мәселесін адам санасын айналадағы қоршаған ортамен тығыз байланыстыратын және ақпаратты сақтап, өндеп, сұрыптай алатын кең мағынадағы құрал ретінде түсіндіреді. Ал ақпарат тіл арқылы адам санасына қабылданып, тіл арқылы пайымдалып, тіл арқылы жарыққа шығады.

Таным мәселесінің психологияда, философияда, лингвистикада т.б. ғылым салаларында қатар қарастырылуының Себебі адамның қоршаған ортадағы ақпаратты таным арқылы қабылдап, елестетіп, ұғынуымен сабактастырылыш, оның белгілері тіл арқылы жарыққа шығатындығымен байланысты.

Таным теориясының басқа ғылым теорияларынан айырмашылықтары бар. Ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, оның ақиқаттық жалпы шарттарының, объективтік қатынастарының қалыптасуын қарастырады.

Танымды жалпы түрде адамның әлемге әлеуметтік тарихи түрғыдан дамыған қатынасы деп анықтауға болады. Танымның мәні қоғамның даму сипатына, оның әлеуметтік ерекшеліктеріне, мәдениеті мен өркениетіне, рухани құндылықтардың өсіп-өркендеуіне байланысты. Адам танымы тіл арқылы дамып, кеңейіп отырады. Сондай-ақ, тіл – адамның танымдық деңгейінің көрсеткіші.

Алайда таным теориясының ауқымды мәселелерді қамтитындығына бүгінгі ғылыми-техникалық даму қарқынымен сәйкес қоғамдағы өзгерістер мен ғылыми жаңалықтар да дәлел. Сонымен бірге тіл мен таным сабактастыры таным теориясының тілдік болмысын сипаттайды. Адамның қоршаған ортаны, дүниені қабылдауы, түсінуі және ол туралы өзінше пайымдауы танымдық әрекеттер арқылы жүзеге асады. Адам болмысының аса құнды (санасы, терең білімі, ақылы, мәдениеті, рухани байлығы т.с.с.) қасиеттерінің бәрі оның танымының кеңдігі болып саналады. Философия ілімінде: «Таным – өте күрделі үрдіс, оған адамның бүкіл жан дүниесі: түйсіктері, ақыл-ойы, ырқы, сезім тебіреністері, ішкі көкей козі (интуиция) – бәрі де өзара бір-бірімен байланысты түрде қатысады»[7;494]-деп берілсе,

теория дегенімізді С.Мырзалы: «зерттегін заттар, я болмаса құбылыстардың ішкі мән- мағынасын ашатын, практика арқылы дәлелденген қайшылықсыз бір-бірімен байланысты ұғымдар жүйесі» [7;502]-деп тұжырымдайды. Ал Ж.Әбділдин: «теория – нәрсе жөніндегі білім толық іске асатын логикалық ойлаудың күрделі, дамыған формасы»[11;462] -деп түсіндіреді. Демек,, **тіл біліміндегі таным теориясы** – адамның айналадағы заттар мен құбылыстарды, дүниені тану, түсіну, ол туралы ұғымдарды санада тіл арқылы қалыптастыру әрекеттерін, оның ұстанатын ұғымдарын, ерекшеліктерін, әдістерін зерттейтін ғылым саласы.

Бүгінгі күні таным теориясының басқа ғылым салаларымен байланысы анықталып, жаңа ғылым салалары пайда болды. Сол жаңа ғылым салаларының бірі – когнитивті лингвистика. Когнитив (cognition) сөзі ағылшын тілінен аударылғанда «білім» деген мағынаны береді. 1989 жылы шетелдік зерттеушілердің берген анықтамасы бойынша: ««Когнитивті ғылым» - сананы (intelligence) және сана жүйесін, саналы іс-әрекетті есептеуіш ретінде зерттеуі»[12;1]. Демек,, жалпы когнитивтік тұрғыдан зерттеу бағыты XX ғасырдың сонында орын алғандығын көреміз. Бұл көзқарастың алдыңғы пікірлерден айырмашылығы когницияның «есептеуіш» техникасына қажетті құрал ретінде өрбүі. Бұл термин тұра мағынасындағы есептеуіш емес, компьютермен жүргізілетін есептеуішті білдіреді[13;51]. Мұндай тәртіп кешенділікті қажет етеді. Мысалы оны қатаң ережелермен байланысты емес, біртұтас «құрылым» деп түсіндіруге болады. Бұл «құрылымға» жасанды интеллект («қолданбалы философия»), тіл білімі, психология және неврология кіреді[14;28]. Ал Кегел Г. бұл топты филиология, психолингвистика және математикадан тұрады деп көрсетеді[15;28]. Жасанды интеллекттің мақсатында жалпы тапсырмаларды компьютермен орындауда адам интеллектісіне ұқсату көзделген еді. Алайда, адам танымының күрделілігінен когнитивті лингвистика, когнитивті психология, этнолингвистика, социолингвистика, психолингвистика, т.б. ғылым салалары адам танымын тек «есептеуіш» құрал үшін емес, адамзат болмысын танудың жолы ретінде зерттеулер жүргізді. «Когнитивті лингвистика» – адамның интеллектуалды тапсырмаларды шешу барысында тілдік ақпараттың өндөлу жүйесін зерттейтін танымдық психологиямен тығыз байланысты ғылым.

Тілдің танымдық сипатына соңғы жылдары шет елдік, отандық ғалымдар мен зерттеушілер баса назар аударып отыр. Когнитивтік ғылымның негізгі ерекшелігіне, зерттеу нысанына, оның бағыттары мен ұғымдарына арнайы көңіл бөлген шетелдік ғалымдар болатын. Когнитивті лингвистика тіл жүйесінің зандалықтарына сүйеніп, онтологиялық жағдайдың когнитивтік амалмен мағына беруін, тілдік бірліктерде танымдық белгілердің көрініс табуын, тілдің лексика-фразеологиялық және синтаксистік жүйесінің ішкі бірлігін ұштастыра келіп, сөздің мәнін әлемдік көзқарас пен мәдени факторлар позициясы арқылы анықтауға мүмкіндік беретін бағыт ретінде қалыптасуда.

Алайда, нақты когнитивті лингвистиканың зерттелуін Лангакер, Лакофф есімдерімен байланыстыруға болады: «Когнитивті лингвистиканың қалыптасуы 1980 жылдардың соңында сөйлеу және түсіну тілінің үздіксіздігін басқа психологиялық немесе жалпы «танымдық» қабілеттер арқылы анықтаудан көрінеді. Когнитивтік лингвистиканың негізі Лангакер, Лакофф және «генеративті семантиканы» қолдаушылардан бастау алады» [16;62]-деген П.Х.Маттеус, бұл пікірін Oxford лингвистикалық сөздігінде береді. Осы кезде, «когнитивті ғылымның» дамуы нәтижесінде когнитивті лингвистика жеке ғылым саласы ретінде өзіндік мақсаттары мен міндеттерін айқындалады.

Когнитивтік лингвистика – тіл мен ойлау арасындағы тығыз қатынастың нәтижесінде қалыптасатын адамзаттың танымдық, ғылыми, мәдени тәжірибесінен жинақтайтын ғылым. Нақтырақ айтсақ, когнитивтік лингвистика – тіл туралы ғылымның тілді таным құралы ретінде зерттеп-зарделейтін саласы. Когнитивтік зерттеулердегі басты мәселе сол тілде сөйлеушілердің өмірлік тәжірибесі, рухани, мәдени білімі тұтас түрде әлемдік тілдік бейне ретінде көрініс беретін тілдік бірліктермен айқындалады. Когнитивтік лингвистика адам мен адам танымын бірліктे қарастыратын тілді зерттеуді мақсат етумен қатар лингвистиканың салаларын (этнолингвистика, психолингвистика, социолингвистика) мәдениеттану, философия, математика, психология пәндерімен ұштастырады. Бұл пәндермен бірге когнитивтік лингвистиканың зерттеу әдістері мен ортақ зерттеу нысанына тілдің қызметі жатады.

Қазақ тіл білімінде танымның тілдегі көрінісі жайындағы пікірлер Ә.Қайдар енбектерінен бастау алады. Ғалым тілдегі ұлттық таным мәселесі жайында 1998 жылы жарық көрген «Қазақ тілінің өзекті мәселелері» деген ғылыми жинағында этнолингвистика саласының мақсаты мен мәнін түсіндіру барысындағы пікірінде: «... кейінгі кезде (АҚШ-та) қалыптаса бастаған тағы бір көзқараста «этности» «Адам» деген ұғыммен алмастыру арқылы этнолингвистиканың баламасы ретінде антропология (адам туралы ғылым) терминін қолдану үрдісі де байқалып отыр» [17;9] дейді. Түрлі деңгейде антропоөзектік парадигма элементтерін қамти дамыған зерттеулердің бір-біріне ұласып, саралануы таза теориялық танымдық ұстанымдардың айқындалуына ықпал етті.

Қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистикаға қатысты зерттеулер қазақ тілтаным ғылымының дамуына мол үлес қосты. Академик Ә.Қайдардың этнолингвистика саласына қатысты ойлары қазақ тіл біліміндегі когнитивтік лингвистиканың қалыптасуына негіз болды.

Ғалым Р.Сыздық «Тілтаным» журналына «Эпос тілі және лингвистикалық поэтика мәселелері» атты мақала жариялады, эпос тілінің танымдық ерекшелігін зерттеу арқылы таным теориясына тың пікір-тұжырымдарын қосты [18;25-33]. Тіл табиғатындағы сөз мәдениетін, тілдің қолданысындағы «сөйлеу», «тілді жұмсау» дұрыстығын зерттеген ғалым Н.Уәлидің де зерттеулерінде тілдің халық болмысын, тарихын, ойлау

өзгешелігін танытар сипатын өз тұжырымдарына арқау етті[19;10]. Профессор Ж.Манкеева «Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері» атты ғылыми мақаласында негізгі үш қағиданы көрсетіп:

- «1. Қоғамдық тәжірибеге негізделу, яғни дәстүр жалғастығы, танымның қазыналық сипаты;
 2. Таным модельдерінің символдық түрлері, яғни тілдің қызметі – ақпарат беру емес, бейнелеуге мүмкіншілік жасау. Яғни, тіл арқылы бейнелілік пен дүниедегі объективті шындыкты субъективті түрде, символдар арқылы беру;
 3. Таным модельдерінің жүйелі сипаты, сабактастығы. Яғни, ол таным модельнің құрылымдарының тұтасуынан тұратынын сипаттайты» [20;41].
- Ғалым «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» атты ғылыми еңбегінде когнитивтік лингвистикадағы тілдің бейнелеуіштік қызметінің зор екендігіне ерекше назар аударады.

Таным теориясын тіл қолданысы тұрғысынан жан-жақты қарастырып, тілдің жұмысалуындағы танымдық ерекшеліктерді Қ.Жаманбаева «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері» атты монографиясында арнайы зерттеді [21;6-25]. Бұл еңбекте зерттеуші тілдік сананың құрылымын анықтап, гешталт теориясының негізін жан-жақты талдайды.

Ф. Оразбаева «Тілдік қатынас» атты монографиясында таным теориясын тіл мен ойлау, тілдесімнің психологиялық, танымдық қырлары мен таңбалық сипаты жағынан қарастырады[22;69].

Ғалым Б.Момынова «Қазақ тіліндегі қоғамдық саяси лексика (әлеуметтік бағалауыштық, сөзжасам)» деген еңбегінде танымдық бірліктердің бейнелеу ерекшеліктеріне тоқталып, лексемалардың бағалауыштық сипатының түрлерін зерделеу арқылы таным теориясына өзіндік үлесін қосады[23;132].

«Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда» атты еңбегінде профессор F.Смағұлова қазақ тіліндегі тұрақты тіркестердің танымдық сипаты турасында «варианттылық» пен «инварианттылық» ұғымдарының аражігін ажыратудың мәнін байыптап, лингвомәдениеттанымдық, лингвогносеологиялық деректерді ұсына келін, фразеологизмдерді лингвокогнитивтік тұрғыда талдау мәселелерін зерттейді[24;83].

А. Салқынбай «Ойлау мен таным: сөз мағынасының тарихи тектілігі мен бүтіндігі» атты мақаласында тарихи-лингвомәдениеттанымдық зерттеу жүргізіл, қазақ халқының рухани және дүниелік құндылықтарының тілдік бейнесін ұлттаным аясында зерделейді [25;135].

F. Қосымованаң «Қазақ шешендей өнерінің негіздері және тілдік танымы» атты зерттеуінде шешендер сөздерінің танымдық табиғаты ойлау жүйесіне қатысты талданады. Бұл еңбекте риторикалық сөз саптаудағы шешен болмысын ғалым антропологиялық принцип негізінде қарастырған. Еңбекте тілді философия, логика, әлеуметтік мәселелермен бірлікті қарау мен ұлттық ойлау мазмұнын ұлт мәдениетінің белгісі ретінде зерделеу мәселесі алға қойылады[26;198].

Профессор Б.Қасым «Метафоралы атальмдар: когнитивті-семантикалық сөзжасам» атты ғылыми еңбегінде уәждеме және атальм теорияларының қағидаларына сүйене отырып, тіл бірліктерінің жасалуын когнитивтік аспектіде қарастырып, олардың мағынасын ұлттық танымдық болмысына байланысты сипаттау сөздердің табиғатын жаңа қырынан тануга бағыттайты[27;64]. А. Ислам «Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті» атты ізденісінде тіл табиғаты мен адам болмысын бір арнага тоғыстыра зерттеп, «тілдік тұлға» теориясы негізіндегі лингвомәдениеттану мәселесіне тоқталады. [28;26]. Ал Г. Әзімжанова көркем мәтіндегі доминант сөздердің танымдық негізін анықтаса, С.Жапақов диссертациялық жұмысында эпикалық фразеологизмдердегі ақиқат пен бейакиқат, «болмыс-дүние» категорияларының тілдік бейнесі мен танымдық сипатын сөз етеді [29;15-16]. С.Ақаев «Терминнің тілдік және танымдық сипаты» атты зерттеуінде терминдерді танымдық тұрғыда талдаудың негізгі тәсілдеріне тоқталып, ойлау, топшылау, тілдік қабылдау, қорыту секілді абстракт категорияларды зерттеу әдісі ретінде тереңінен зерттейді[30;22].

С.Жиренов қазақ тіл біліміндегі таным мәселесін жан-жақты зерттеп, қазақ танымындағы «Өмір-өлім» концептісін мәнін айқындайды[31;23] Сонымен бірге, бірқатар зерттеушілер Г.Снасапова, Ш.Елемесова т.б. ғалымдар көркем мәтінге концептуалдық талдау жасаудың ұлгілерін ұсынып, когнитивтік бірліктердің теориялық тұжырымдамасын жасайды.

Ж.Сәткенованың диссертациялық жұмысында Б.Соқпақбаевтың шығармаларындағы кейіпкер тілін танымдық аспектіде қарастыру және таным теориясының бала тіліндегі бейнесін сипаттайтын тірек мағыналарға анализ жасау міндепті қойылған. Ал А.Сыбанбаева мен Н.Зайсанбаева тіл біліміндегі таным теориясын метафора тұрғысынан зерттеп, ғылыми жұмыстарын осы бағытка арнайды. А.Әмірбекова таным мәселесін М.Мақатаев поэзиясы негізінде қарастырып, концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшеліктеріне көніл аударады. Зерттеуші өз жұмысында концептілік құрылымдарға және ақын М.Мақатаевтың танымдық болмысына «Өмір» концептісінің негізінде талдау жасап, «Көркемдік сана», «Когнитивтік модель», «ассоциация», «бейне» т.б. осы тәрізді ұғымдарды ұғымдарға поэтикалық мәтіннен мысалдар келтіре отырып сарапады [32;98].

Сонымен қатар, осы бағыттағы ізденістерге А.Смайлотовтың «Әйел» концептісін қалыптастыратын тұрақты тіркестердің лингвомәдени сипаты» тақырыбындағы зерттеуін, М.Абрахманованың «Көз» концепті: лингвомәдени және танымдық парадигмасы», А.Байғұтованың «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты», Ж.Қошанованың «Қазақ тіліндегі «байлық-кедейлік» концепті: танымдық сипаты мен қызметі», Ж.Жампейісованың «Ақ-қара» концепті: оппозициясы мен қызметі» атты еңбектерін жатқызуға болады. Тілтанымдық құбылыстарды менгеру барысында концептілік ұғымдарды салыстыра қарастырған А.Сейдекенова,

Ж.Уматова, А.Шалабаева, А.Султангубиеваның зерттеулері де таным мәселесін әр қырынан терен түсінуге ықпал етеді.

М.Т. Күштаева тілдегі танымды материалдық таныммен байланыстырып, «Тары» концептісінің семантикалық құрымы мен лингвомәдени мазмұнын өз зерттеу жұмысына арқау еткен. Зерттеуші еңбегі «Тары» сөзіне қатысты тұрақты тіркестер, коннотациялық мағыналарды айқындауға негізделіп, тілді ұлттық психологиялық таныммен сабактастыра қарастыруға бағытталған жұмыс болып саналады[33;114].

Тіл біліміндегі ұлттық таным негізіне ұлес қосқан зерттеушілердің бірі – Э.Айтпаева. Ол бесік жырларының этнолингвистикалық сипатын баяндап: «Бесік жырларындағы бейнелілік жүйесі этномәдени сипатты танытуда үлкен қызмет атқаратын фразеологизмдер, теңеу, метафоралардың орны ерекше»- деп, бесік жырларындағы тілдік құралдарды қарастырып, қазақ, орыс, неміс тілдерінің материалдары бойынша тілдегі ұлттық таным көрінісін зерделеді.[34;15].

Тілтаным теориясының ғылым ретінде қалыптасуын арнайы зерттеген Э.Оразалиева: «қазақ тілтаным ғылымының дүниеге келуі мен теориялық сараптамадан өтуін дәйектейтін фактілер қатарында, біріншіден, жалпы тіл ғылымының даму негіздерін, екіншіден, жеке тілдік ізденістердің жүзеге асу жолдарын атаған орынды. Өйткені ішкі сезім мен білімнің, тану мен қабылдаудың, біліктілік пен әлемдік тәжірибелің тоғызынан құралған бұл тұжырымдар әрі субъективтік, әрі объективтік ұстанымдарға сүйене қалыптасып отырды»[35;161] – деп түсіндіреді. Зерттеуші қазақ тіл біліміндегі таным теориясының қалыптасуын жоғарыда көрсеткендей екі фактімен байланыстырып, «біліктілік» пен «әлемдік» тәжірибелің тоғызынан құралған тұжырымдар деп таниды. Э.Оразалиева «тілтаным» мәселесіне қатысты ғылыми тұжырымдар жасай келе: «Жалпы тілтану мәселелерінің қалыптасып, дамуы лингвистикадағы заңды диалектикалық әрі динамикалық құбылыстардың бірі деп танылғандықтан, лингвистер тіл білімін қарапайымнан күрделіге, жалқыдан жалпыға қарай айқындалатын, үнемі толығу, өзгеру үстінде болатын тұжырымдар тізбегі деп қарастырады»[36;24] –деп сипаттап, қазақ тілтаным ғылымының зерттелуін хронологиялық тұрғыдан мынадай кезеңдерге бөліп, парадигма негізінде ұсынады:

«I-кезең: «тілтану» парадигмасының қалыптасуы – XX ғасырдың 20-45жж.;

II-кезең: тілдік бірліктердің танымдық парадигмасы – XX ғасырдың 45-70жж.; негізгі өкілдері: Н. Сауранбаев, Ф. Мұсабаев, М. Балақаев, И.Кенесбаев және т.б.

III-кезең: тілтанымдық қағидалардың жалпы теориялық парадигмасы – XX ғасырдың 65-85жж.; негізгі өкілдері: К. Аханов, Т. Қордабаев, Ә. Хасенов және т.б.

IV-кезең: тілтанымдық этюдтер парадигмасы – XX ғасырдың 70жылдары мен аяқ шені; негізгі өкілдері: Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Ш. Сарыбаев, Ә.

Болғанбаев, Е. Жанпейісов, Т. Жанұзак, С. Исаев, О. Айтбаев, М. Серғалиев, Ж. Манкеева және т.б.

V-кезең: қазіргі когнитивтік парадигмалар – XX ғасырдың аяғы мен бүгінгі күндер»[36;17]. Сондай-ақ, Э.Оразалиева еңбегінде «тілтану» парадигмасының қалыптасу кезеңіне сай қазақ тіл білімінің көрнекті өкілдері А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың тілтаным жайлар ой-пікірлері, тұжырымдары жүйеленіп, ғалымдардың адамзат танымы мен тіл табиғатын ұштастыруды көздеген пікірлері сараланған.

Сондай-ақ тілші Сұлтан Жайық Исаұлы «Тілтанымдағы антропологиялық парадигманың Қ. Жұбанов мұраларындағы көрінісі» атты ғылыми еңбегінде тілтаным мәселесіне тың пікірлер қосты. Аталмыш еңбекте Қ. Жұбановтың ғылыми мұраларындағы тіл мен этнос, тіл мен қоғам арасындағы байланыс, тіл және таным, тілдесудегі психологиялық процестер мен шарттылықтар, тіл субъектілері арасындағы гендерлік айырымдар, т.б. тіл табиғаты мен адамзат болмысын бір арнаға тоғыстырған зерттеу амалдары мен ой-пікірлері анықтала отырып, теориялық ұстанымдар арасындағы жаңашыл идеялар сабактастырылған[37;7].

Қазақ тіл білімінде тілдің танымдық болмысы жайлызерттеушілер жанжақты қарастырып, тілдегі таным теориясын қалыптастыруды. Сонымен тіл табиғатымен байланысты қарастырылатын **таным теориясы – адамның тіл арқылы дүниені, әлемді, қоршаған ортаны, табиғат пен тылсым құбылыстарды санада бейнелеу нәтижесінде танып-білетін, білімді тіл арқылы тереңінен менгеру және қолдану жолдары мен қагидаларының жиынтық жүйесі.**

1.2. А.Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері бойынша таным теориясының ғылыми негіздері

Адам санасындағы әлем туралы түсінік, пайым тіл болмысы негізінде сыртқа шығып, тілдік бірліктер арқылы бейнеленеді. Тіл адамға таным және қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Тілдегі таным теориясының ғылыми негізін дамытуда А. Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С. Аманжоловтың **әлемнің тілдік бейнесі** сипатындағы көзқарастарының маңызы зор.

XX ғасырдың 60-жылдарында әлем бейнесі тіл мен миф, дін, фольклор, поэзия, кино, сурет, сәулет өнерін модельдеуші жүйелермен бірlestікті семиотиканың шенберінде қарастырыла бастады. Гуманитарлы ғылымдарда «әлем бейнесі» термині ең алғаш 1922 жылы Л.Витгенштейн еңбектерінде пайда болды. Тілдік формада бекітілген әлем туралы білімдердің жиынтығы әртүрлі тұжырымдарда түрліше аталды: «әлемнің тілдік презентациясы», «әлемнің тілдік моделі», «әлемнің тілдік бейнесі», «концептуалды жүйе», «индивидуалды-концептуалды жүйе» т.б. Осылардың ішінде «әлем бейнесі» термині кең тарады.

Әлемнің тілдік бейнесі туралы алғашқы идеялар XIX ғасырда өмір сүрген неміс ойшылы В.фон Гумбольдттің «тілде халықтың рухы бар» деген

пікірімен, А.Байтұрсынұлының: «Іәр жүрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады»[1;1]-деген пайымдауы үндеседі. А.Байтұрсынұлы әр тілде сол тілді қолданушы халықтың қасиеті, ділі, тарихы сақталатындығын көрсетеді. Әр ұлт тілінде, әлем туралы түсініктер, ұғымдар түрлі тілдік деректер арқылы таңбаланып, қоршаған әлемнің тілдік бейнесі, адамдар санасындағы дүниенің логикалық бейнеленуі жағынан ұқсас болып келеді. Құбылыстар арасындағы ұқастықтар ұғым категорияларын жасайтын лексемалардың толығуына әсер етеді. Сол ұғым түрлерінің тұтастай алғандағы атаулары тілдің негізін құраса, әлемнің тілдегі бейнесінен ұлт ерекшеліктерін танып-білуге болады.

Ғалым Э.Д.Сұлейменованаң пікірі бойынша, ғаламның тілдік бейнесі, көбінесе, «түрлі дүниетаным мәселесі ретінде қаралады. Бүгінгі таңда әлемнің тілдік бейнесі ұғымында екі түрлі сипат бар. Оның біріншісінің нақты тілдерге және олардың арасындағы айырмашылықтарға қатысы жоқ болса, екіншісі нақты ұлт тілдерінің қатысуымен қалыптасқан лексикалық аталымдар жүйесі тәрізді тілдер арасындағы айырмашылықтарға бағыт – бағдар жасаушы әлемнің тілдік бейнесімен байланысты»[38;131].

Э.Д.Сұлейменованаң пайымдауынша, ғаламның тілдік бейнесі негізгі екі қызмет арқылы айқындалады: 1) әлемнің бейнесін негізгі элементтер білдіреді; 2) тілдік тәсілдердің көмегімен әлемнің ғылыми бейнесі түсіндіріледі [38;135].

Қазақ тіл біліміндегі таным теориясының қалыптасуы А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов енбектерінен адамның тілтанымдық пайымдаулары негізінде көрініс тапқан. Яғни адам әлемді тани отырып, ол туралы түсінік қалыптастырады, оның санасында белгілі бір «әлем бейнесі», «әлемнің тілдік моделі» туындейдьы. Көбіне әлем бейнесінің пайда болуы тілмен байланыстырылып, ол тіл мен таным сабактастырында анықталатындықтан, оны «әлемнің тілдік бейнесі» деп атайды. Сондықтан А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов мұраларын лингвистиканың жаңа салалары тұрғысынан талдау арқылы таным теориясының бастау арналарын, қоғамдық формациялар барысында тілдің жай-күйі мен дамуын, қалыптасуын, дүниетанымдық көзқарасын аңғаруға болады. «Әлемнің тілдік бейнесі» таным теориясы негізінде анықталып, түсіндіріледі.

«Әлем бейнесі дегеніміз – қоғамдық (сонымен қатар топтық, жеке) санада қалыптасқан шындық туралы білімнің реттелген жиынтығы» [39;51], сондай-ақ, қоғамдық, әлеуметтік әлемнің тілдік бейнесін ашу әлеуметтік лингвистика саласының еншісінде. Әлеуметтік лингвистика ғылымы тіл болмысы мен қоғам мәселесін байланыстыра зерттейді. Тіл арқылы адамның әлеуметтік аспектілерін анықтап, қоғамдық ролін қарастыратын ғылым саласы – әлеуметтік лингвистика. А. Байтұрсынұлы енбектерінің тілдің танымдық болмысын ашатын бір тұсы: ол – тілдегі таным мәселесін әлеуметтік лингвистикамен байланыстыратын пікірлері. Тілдің қоғам алдында қызмет ететіндігін ғалым әр тұжырымында, әр енгізген терминінде, ғылыми пікірлерінде бекітіп отырады. Профессор Б.Хасанұлының пікірімен

айтсақ: «ғалым адамның биологиялық тіршілік иесінен әлеуметтік тіршілік иесіне айналуын тілдің қызметімен байланыстырып отыр» [40;291]. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде тіл әлеуметтің, қоғамның бейнесін көрсету тұрғысынан да сараланады. Ол «Тіл – құрал» немесе тіл-адамның ... жұмсайтын қаруының бірі»[1;1]-деп, тілдің қарым-қатынастық қызметін қоғаммен байланыстырып, «Осы дүниедегі адамдар тілінен айырылып, сөйлеуден қалса, қандай қындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айырылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айырылғаннан жеңіл болмас еді» [1;1]- деп, тілдің қоғамдық сипатының мәнісін түсіндіреді.

Қазақ тіліндегі таным мәселесі бойынша тың зерттеулер жүргізген О.Жұбаева: «А.Байтұрсынұлы еңбектерін талдау арқылы ғалымның тіл жүйесінің негізгі концептуалды қурауыштарын көрсетін, олардан грамматикада көрініс тапқан ұғымдар (және концептілер) құралатының түсінгенін, «когнитивті лингвистика», «морфологиялық концепт» т.с.с. атауларды қолданбаса да, бұл саланың өзіндік ерекшелігін терең зерделегенін байқаймыз. Ғалым зерттеулерінде адам сөйлермен, өзіндік әлемі, өзіндік дүниетанымы бар саналы жан ретінде сипатталады»[41;97],- деп А.Байтұрсынұлының еңбектерін танымдық тұрғыда талдау қажет екендігін айтады.

Ал ХХ ғасырдың басында өмір сүрген А.Байтұрсынұлы сөзімен айтсақ: «адамда екі ғалам болады: ішкі ғалам, тыскы ғалам. Ақыл, көніл, қиял сияқты, адамның рухына қараған жағы ішкі ғалам болады да, онан басқалары – басқа адамдар, макұлықтар, нәрселер, бүтін дүние тыскы ғалам болады»[42;134]. Ғалым адамның жан дүниесін, психологиясын ішкі ғалам, ал қоршаған әлемді, табиғатты, барлық тіршілік иесін, адам өмір сүрген қоғамды тыскары ғалам деп ажыратады. А.Байтұрсынұлы «тыскы ғалам турасындағы сөзді» әуезе деп танып, уақығаға құрылған көркем шығарма жайын түсіндіреді. Ғалымның жоғарыдағы көзқарасынан сөз өнері арқылы «тыскы ғалам бейнесін» көруге болатындығы байқалады. Тіл болмысының мүмкіндіктерін жоғары бағалаған А.Байтұрсынұлы сөз өнерін «өнердің ең алды»[42;2] деп санайды.

Тіл адамзаттың тек қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар дүниені тану құралы екендігін А.Байтұрсынұлы: «тіл – құрал», «тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі»[1;1], - деген дәйекті тұжырымдармен түсіндіреді. Ғалым еңбектерінде адам айналадағы табиғатты бақылап, түйсік арқылы сезініп, қабылдап, ойладап, пайымдап, ойын тіл арқылы жарыққа өзіндік танымы, түсінігі аясында білдіретіндігін айтады.

Әлемнің тілдік бейнесінің бірінші қызметін А.Байтұрсынұлы «тыскы ғалам турасындағы сөз», яғни «тыскы ғалам бейнесінің» тіл арқылы көрінуі деп түсіндіреді. Ал екінші қызметтің орны мен мәнін А.Байтұрсынұлының «ғылым дегеніміз – дүниені, яғни табиғатты дұрыс *тану*, ғылым жоқ болса дүниені *тану* дұрыс болмайды» [42;151]- деген пікірінен анғаруға болады. Ғалым әлемнің ғылыми бейнесі де тілдік тәсілдер арқылы жарыққа

шығатынын мензейді. «Дұниені дұрыс танымаған соң, дүние турасындағы мағлұмат жыысатын сана-санлауы дұрыс болмаған соң, табиғаттың күшін, ісін, қасиетін бұрынғылар теріс танып, теріс әуезе қылған» [42;134]-деп, әлемнің ғылыми бейнесі де тілге тікелей қатысты екендігін айтады.

Таным теориясы арқылы тілдегі халықтың болмыс, тіршілігінің, мәдениетінің, таным-түсінігінің құпия сырлары, ұлттық өмірдің айнасы анықталады. Адамзат өзін қоршаған дұниедегі әлем бейнесін қалай таныса, ұлттың дұниеге деген көзқарасында сол ерекшелік тіл арқылы жарыққа шығады. Сондықтан, А.Байтұрсынұлы емлеге қатысты мәселені халықтың ұлттық қасиетімен, мәдениетімен, тұрмыс-тіршілігімен байланыстыра түсіндірді: «Асыл тіл, тұзу емле қазақтарға боларға тиісті. Неге десек: ата кәсібін тастамай істеп келе жатқан – қазақ. Басқа жүртқа араласпай, өз алдына оңаша, оқшау жүрген – қазақ. Жат жазудың ыңғайына қарап, басқалардан тілін бұзуға, арасына жазу жайылмаған түрік баласы – қазақ.

...Сырттан бірен-сарап жат сөздер келсе, оны жаншып кеміріп, өз тілінің қалпына түсіріп алған – қазақ. Жат жүрттың шалығы тимесе, кәсібі, ғұрпы өзгерілмесе, жалғыз тіл өзгерілді деп айтуға тінті жол жоқ. Қазақтың тілі өзгерген тіл деп айтуға жол жоқ болса, емлесін де қисық деп айтуға жол жоқ: қазақта тілінің табиғатына хилаф келетін емле жоқ. Еділден бастап Ертіске дейін, Оралдан бастап Ауганға шейін қазақта тіл де бір, емле де бір. Қойшы, түйеші, биеші емлесі деген қазақта жоқ нәрсе. Тоқсандығы шалының, тоғызыдағы баласының – бәрінің емлесі біреу-ак»[43;110]. Ғалым өзі өмір сүрген кезеңдегі қазақ тілінің тазалығы мен бірізділігін халықтық таныммен, оның тұрмыс-тіршілігімен, ата кәсібімен, орналасқан географиялық өнірімен тығыз сабактастықта зерделеп, адам санасындағы әлемнің концептуалды бейнесін анықтайды . Осы тұста ғалым емле мәселесіне қатысты пікірлерін, тілдің әмбебаптық қызметіндегі ғылыми ұстанымдардың негізінде түсіндіреді. А.Байтұрсынұлы адамзат тілін генеологиялық, типологиялық фактормен ғана байланыстырып қоймай, оның ареалды факторын да ескереді. Себебі «тілдік универсалий дегеніміз – генеологиялық, типологиялық немесе ареалды фактілермен анықталатын, абсолютті яки статистикалық деңгейде дамитын, болжалды-логикалық не болмаса нақты индуктивті амалдармен айқындалатын барлық тілдерге ортақ зандылықтар мен ұстанымдар жүйесі»[36;249], - екені белгілі қағида.

А.Байтұрсынұлы адам санасында танымдық әркеттер негізінде әлемнің концептуалдық бейнесі қалыптасып, оның ұшқындары тілден көрініс табатындығын айтып өтсе, Қ.Жұбанов адам санасындағы әлем бейнесінің көрінісін тілдің құрылымынан табуға болатындығын дәлелдейді. «Адам баласының табиғатында әуелі сөзді біліп алып, өзін кейіннен *білу қасиеті* бар. Мысалы: адам фотографияны танып-білгеннен кейін ғана өзінің басқа затқа ат қоятыны өзін сол басқаларға ұқсата айтатыны – өз басын кіші дүние деп біліп, оны ана ұлken дұниеге ұқсатуынан болған. Осы таным тілге де әсер еткен. Мысалы: орысша небо-аспан, небо-таңдай; қазақ тіліндегі таң=адам әлемінің аты, яғни жоғары жаққа тән қасиеттің иесі; таңдай=адам денесінің

жоғары жағы. Адам жекелеген бөлшектердің белгілерін түсіну арқылы атрибутивті портрет қалыптастыра отырып, ғаламды таниды»[44;94]-деген Қ.Жұбанов тілдегі грамматиканың қызметін адам санасымен байланыстыра зерттейді.

Адам айналасындағы заттар мен құбылыстарды өзіндік белгілерімен түсініп, қасиетіне қарай есте сақтап, қабылдайды. Қабылданған ақпаратты пайымдал, заттың немесе құбылыстың сыр-сипаты, түріне қарай атау қояды. Ат қою мәселесі заттардың немесе құбылыстардың адам санаында бейнелену, белгілі бір нәрсеге, құбылысқа ұқсату қасиеттеріне байланысты қойылады. Осыған байланысты профессор Қ.Жұбанов: «Таңырқады – таңқалды; таңыр=таң+ыр=тәнір»; Таң =аспан бөлегі; ір=аспан. Бұрын адам өзін кішкене деп есептеген. Бет-ауызды аспанға ұқсатқан: бет-таң атып келе жатыр. «Таң қалу» деген тіркесті кейде қысқартып таңырқау дейміз. Ұятсыз деуді бетсіз деуіміз де осы конкреттік бар. Бұл қолданыстың да ым тіліннен шыққандығы байқалады (бетін сыйзу – ым тілінен қалған қалдық; заттық көрсеткіш)»[2;492]-деп талдай келіп, тілдегі әлемнің концептуалдық бейнесін ашады. Сонымен қатар грамматиканың қызметін ғалым: «Грамматика процесті қарайды. Екінші түрлі айтқанда, морфология –қызметші; ол лексиканың қызметшісі болғандықтан, түбірлер тудырады; синтаксистің қызметшісі болғандықтан жалғау, жалғаулықты қарайды»[44;120]-деп, тілдің құрылымындағы танымдық мәселелерді айқындал береді.

Тіл болмысының танымдық сипатын С.Аманжолов: «Адам баласының өмірінде, тұрмысында болған қайшылықтар, белендер, кедір-бұдыр кезендер, тарихи сатылар, баспалдақтар, түрлі қабаттар да *сөзден* табылады»[45;244]-деп түсіндіріп, адам өміріндегі барлық сыртқы әсерлер тілден көрінетіндігін айтады.

Бүгінгі күні таным теориясын зерделеуде терминология мәселесін қарастырудың маңызы ерекше. Себебі белгілі бір ғылымға қатысты терминдер сол тілдің танымдық деңгейін, әр түрлі салаларға қатысты ұғым-түсініктерді кәсіби жағынан белгілейді. Осы тұрғыдан келгенде, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың *термин жасаудағы танымға* қатысты түйінді пікірлерін атап көрсеткен жөн. Осы орайда, қазақ терминологиясының негізін қалаушы А. Байтұрсынұлы жайлы академик Рабиға Сыздық: «Ахмет Байтұрсынұлының оқу-ағарту ісі мен ғылым білім саласында істеген қызметі тарихымызда тенденсі жоқ феномендік құбылыс болды»[46;250]»-деп, ғалымның қазақ тіл біліміне қосқан үлесін, еңбектерін, енгізген терминдерінің маңыздылығын жоғары бағалайды.

ХХ ғасырдың 30-жылдары қалыптаса бастаған терминология саласы – әлі де шешімін іздестіретін мәселе. Ғылымның барлық салаларының жан – жақты дамуы терминология мәселелерімен тығыз байланысты, себебі қандай да бір жаңалық, жана ұғым терминмен белгіленін, терминологиялық жүйеде өз орнын тауып отырады. Таным теориясы аясында терминдерді зерттеу жаңа бағыттарға жол ашады. Өйткені бұған дейінгі дәстүрлі семантикалық, жүйелі – құрылымдық парадигмалар жоққа шығарылмай, қайта керісінше,

терминологиялық процестерді дамытады. Когнитивтік лингвистика жалпы лингвистиканың аумағынан шыға отырып, философия, психология, логика, әлеуметтану пәндерімен байланысты бола келін, осы саладағы терминологиялық ұғымдардың ауқымын көнектеді.

Терминдер – өзіндік құрлымдық, семантикалық, деривациялық, функционалдық ерекшеліктері бар тілдің өзгеше категориясы. Аталған ерекшеліктерді ескермей термин жасау, басқа тілден терминдер алу, калькалау, ойды дұрыс жеткізу мүмкін емес. Терминдер ғылым мен техниканың, кәсіби және өндірістік салалардың, ғылыми таным мен нақты ұғымдарды көрсетеді. Терминологиялық жүйесіз бірде-бір ғылымның, техникалық, кәсіби, өндірістік саланың дамуы мүмкін емес. Яғни, терминдерде әлем түсінігі жайлы арнайы білім, ұғымдар қамтылған. Сонымен қатар, терминдер адамның ойлау қабілетінің, танымының, ақиқат шындықтың бейнеленуі мен көрінісінің мазмұны мен мәнін сипаттайды.

Қазақ тіл білімінде терминдер, негізінен, семантикалық, құрылымдық тұрғысынан жүйелі түрде зерттелді. Терминге қойылатын үлкен талаптың бірі – ұғымның, түсініктің нақты, дәл берілуі, яғни оны атаушы сөз ұғым табиғатына жат, бөгде түсінік туғызылғық мағыналық белгіден ада болуы және түсінікті жалпылап, тұспалдап емес, басты ұғымдық белгі арқылы көрсетуі. Түсініктің дыбыстық тұлғасы ойды көмексілеуге немесе шашыратып жіберуге емес, анық, нақты, тұра айттар ойға бағытталғанда ғана оны қолдану: ойлау, жазу, оқу, қолдану жемісті болады.

Термин дұрыстығының, ұтымдылығының бірден-бір белгісі – ұғымдар жүйесінің ішкі, сыртқы, алыс, жақын мағыналық байланыстары сөз құрылышынан, тіркесінен мейлінше анық көрінін тұруында. Бұл ретте «*зат есім, сан есім, сын есім, етістік, етіс, есімдік, есімше, бастауыш, баяндауыш, басыңқы, сиысулы, қиысулы, сабактас, салалас, жиылышыңқы, сүйышыңқы, қойышыңқы, қайырыңқы, айырыңқы құрмалас сөйлемдер*» сияқты Ахмет Байтұрсынұлы қаламынан шыққан атаулардың бірде-бірі орынсыз, кездесік жасалып, ұғымдар ұйқасуынан тыс қалмай, түгелдей өзара үндесіп, тіліміздің грамматикалық жүйесін оқып, ойға сактап, лингвистикалық ұғымдарды нақты, айқын білдіріп тұрғанын анғаруға болады.

А.Байтұрсынұлы тіл таразысында тартылып, ой-санасында таңбаланып қалған мол қазынаны халық танымына сәйкес термин жасау арқылы сөздік қорға қайта енгізіп, ғылыми айналымға ұсынып дәйектейді. Ол терминдердің кейбіреулері ғана стильдік өзгеріске түскені болмаса, тілдің дыбыс жүйесі, сөз жүйесі, сөйлем жүйесі және жазу мәселесі салаларының терминдерінің негізін құрап, барлық қазақ тілі оқулықтарында тұрақты орын алғаны белгілі. А.Байтұрсынұлы байыргы сөздерден термин жасауға болатын терминжасамдағы ұстанымын өз үлгісі арқылы көрсеткен, терминдерді ана тіліміздің сөздік қорынан алған. Сонымен қатар, А.Байтұрсынұлы және алаш зиялыштары шетел терминдерін қабылдауға қарсы болмаған. Тілде баламасы жоқ жағдайда шетел терминдерін қабылдауға болатынын ескере келін, шетел

терминдерін қазақ тілінің дыбыстық заңдарына сәйкестендіріп алу керек деп санаған. Алаш оқығандарының жат сөздер және пән сөздері деген атаулары терминдік ұғымдардың ішкі мәнін айқындай түседі.

«Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы 12 тамыздағы санында жарияланған «Қазақстан оқу кемесериетінің орынбасары Жолдыбайұлы Молдағалимен әңгіме» деп берілген «Қазақ тілін байытамыз» атты шағын сұхбатта сол кезеңде термин жасаумен кімдер айналысқандығы және өзге тілдерден термин қабылдауда қандай қағидат басшылыққа алынғандығы, осы істі жүзеге асырудағы А. Байтұрсынұлының рөлі атап көрсетілді. «1922 жылы Қазақстанда жат сөздерді, пән атауларын қазақшыландыратын кемесие құрылған. Кемесиенің құрылғаннан бергі жұмысы аз емес. Мың-мындаған сөздер қазақ тіліне аударылып, иә қазақ тіліне үйлестіріліп, қазақ тілі байытылды. Кемесиеде қазақ тіліне жетік 5-6 қазақ қызметкерлері жұмыс істейді. Оның үстіне кемесиенің жұмысына түрлі білімнің басын ұстаған мамандар қатыстырылады. Кемесиенің ағасы Қазақ елінің әсіресе тіл заңына жетік оқымысты данышпаны Байтұрсынұлы Ақымет. Кемесиенің негізгі мақсаты – қазақ тілін өнер-білімге бейім мәдениетті тіл қылу»[47;50-51].

«Қазақ білімаздарының 1-съезі» бекіткен қағидат негізінде толықтырылып, жүйеленген терминология қағидаттары жөніндегі баяндаманы Бақуде өткен Бірінші бүкілодақтық түркологиялық құрылтайда А.Байтұрсынұлы жасады.

Ол қағидаттар мыналар :

«а) Ең алдымен термин ретінде ұғым мағынасын толық беретін қазақ сөздерін алу. Бұл қазақ тілінің жоғарыдағылар мен төмендегілердің, дәлірек айтқанда сауаттылар мен сауатсыздардың тілі болып жіктелмесі үшін керек. Қай жерде және кім бастырып шығарса да баспа өнімдері, газет-журналдар, кітапшалар пайда әкелуі үшін, тіл қалың көпшілікке түсінікті болуға тиіс. Сонда аз ғана пайызды құрайтын сауаттылар көптеген сауаты жоқтарға қызмет көрсете алады.

ә) Ондай сөздер қазақ тілінде болмаған жағдайда оларды туыстас тілдерден алу. Олай етуіміздің себебі : 1)туыстас тілдердің көптеген сөздерінің тұлғалары бірдей болмаса да олар ортақ түбірден тараған, сол себепті туыстас емес тілдердің сөздеріне қарағанда оларды түсіну жеңіл және естігенде де айтқанда да бөтен болып сезілмейді; 2) түркі халықтары қашанда өзара қарым-қатынаста болған және бола береді, сондықтан да бір тілдің көптеген сөздері ортақ түбірден өрбімese де өзге тілдің тұтынушыларына таныс болуы мүмкін.

б) Жаппай қолданылатын әлемдік терминдер қабылдана алады, бірақ олар қазақ тілінің табиғатына сәйкес өзгертуі керек. Оларды алмастыруға болатын қазақ сөздері болған жағдайда таңдауды қоғамның өзі жасауы үшін, екеуі де қатар алынуы тиіс. Жаппай қолданылатын деп біз араб сөздерін емес, қазіргі кең тараған европа сөздерін айтып отырмыз. Араб сөздеріне қарағанда оларға басымдық беріп отыруымыздың себебі біз қазір араб емес европа мәдениетіне ден қойып отырмыз. Европа мәдениетінің

барлық жетістіктері тұтастай европа тілдерінде атала алады. Алайда кірме терминдер біздің қазақ тілінің айтылуына бағынуға тиіс, яғни оларға тілдің қалыпты артикуляциясынан бастау алатын біздің тіліміздің дыбыстық зандылықтары үстемдік етуі (таратылуы) керек. Шет тілдерінің сөздерін өзіміздікі ету үшін, бұл міндепті түрде солай болуы қажет.

в) Қазақ тілінің табиғатына сәйкеспейтін барлық өзге тілдердің сөздері дәл қазақтың айтуына сәйкес өзгертуі керек. Бұл дегеніміз, біріншіден, құрамында қазақ тіліне жат дыбыстары бар барлық сөздердің тиісті төл дыбыстарымызбен алмастырылады, екіншіден, кірме сөздердің жұрнақтары қазақ жұрнақтарымен қабылданады, төртіншіден, қазақ тіліне жат қосымшалар Оренбург-Орынбор, Самара-Самар, пуховой-бекебай, покров-бокырау, Адамовский-Адамау т.б сияқты тілге қажетті талап шеңберінде өзгертуінде тиіс»[48; 417]-деп тұжырымдаған А.Байтұрсынұлының терминдік қағидаттарының маңыздылығын Ш.Құрманбайұлы: «А.Байтұрсынұлы құрылтайға қатынасушыларға осы қағидаттарды таныстыра отырып, өзге түркілерге де ғылыми терминологияны қалыптастыруда қазақ білімпаздары жасаған осы қағидаттарды басшылыққа алуды ұсынды. Оның ұсыныстары ғалымдар тарапынан қолдау тауып, құрылтай қаарына енді».[49; 51-52]-деп көрсетеді.

А.Байтұрсынұлы жасаған терминдер бүгінгі таңға дейін маңыздылығын жоймай, әр терминге артылған атаулық мағына мәндік қызметін атқарып келеді. Бұл мәселе де ғалымның терминдерді мағыналық, танымдық түрғыда дәл жасауының дәлелі. Зерттеулер бойынша «казақ тілінің дыбыс, сөз және сөйлем жүйесіне арналған «Тіл – құрал» оқулықтарында (1914, 1915, 1925) 310 лингвистикалық термин қолданылған. Оның 118-і (38,5%) қазіргі қазақ тіл білімінде қолданылып жүрсе, 192-сі (61,5%) қазір қолданылмайды. Бұл терминдерді тіл білімінің салаларына қатысты жіктесек: - дыбыс жүйесіне қатысты 108 термин (35,4%); - мағынаға қатысты 11 термин (3,6%); - сөз жүйесіне қатысты 109 термин (34,9%); - сөйлем жүйесіне қатысты 64 термин (21,3%); - жалпы тіл біліміне қатысты 18 термин (4,8%)»[50;14-15].

Термин жасауда тілдің танымдық болмысына аса мән берген А.Байтұрсынұлы дыбыс жүйесінен бастап, сөз жүйесі, сөйлем жүйесі, жазу мәселесі т.б. деп, әр ғылым салаларына байланысты басты ерекшеліктерді танып-біліп, соған назар аударуды қалады. Мысалы: «Бас мүше дейміз – сөйлем ішіндегі сөздер байланатын қазық сөзін, сөйлем иесін. Ол нәрсенің сырын-сипатын, жайын, амалын, болмысын айтып баяндайтын сөз баяншы мүше болады»[51;4]. Демек,, бастауышты «қазық» арқылы түсіндіріп, оның функционалдық қызметінің мәнін аша түседі, - «Женілдік үшін бас мүше – бастауыш деп, баяншы – баяндауыш деп аталады»[51;5]- дей келіп, сөздердің атқаратын қызметіне сай басты ұғымды бөліп көрсетеді.

Ғалымның мұндағы сөйлемнің құраушы «мүшесі» деп танып отырғанын қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінен анықтайтын болсақ: «1) Адам, жан-жануар денесінің бөлігі. Нұрбайдың тым құрыса қол-аяғы бүтін, ал бұл байғұс соғыста бір мүшесін беріп келді емес пе?(Б.Тоғысбаев. Асыл адам).

- 2)биол. Өзіне тән құрылышы болатын және арнағы қызмет атқаратын ағзаның бөлігі. Мүше әртүрлі ұлпалардан құралады(Қазақ тілі терминдері. Биология).
 3)этногр. Сойылған мал етінің қонағына қарай тартар негізгі бөлшегі (жамбас, жілік, сұбе, бұғана, т, б.). Бұл да еті қаттылау болғанмен, қадірлі мүше – құдаға салады. (С.Жұнісов, Ақан сері).
 4) Белгілі бір ұйымның, ұжымның, отбасының құрамына енетін адам. Камесиенің мүшелері қайта сайланды (Х.Досмұхамедұлы).
 5)Алғашқы, табиғи қалпы, уыз күйі. Құлын мүшесі бұзылмаған. 6) мат. Жиынның қандай бір бөлігі»[52;398]

Сөздікте берілген түсіндірмелердің басым бөлігі қазақ халқының тұрмыстіршілігінен айқын көрініс бере отырып, ұлттың тұрмыс-салтына, дәстүржоралғысына байланысты екенін анғару қыын емес.

Бастауыш, баяндауыш терминдерінің өзі іс-әрекетті бастап, аяқтап тұрғандығын көрсетсе, тілшінің бастауышты «қазық» сөзімен байланыстыруы, бұл сөздің мал шаруашылығымен айналысқан халық үшін жақын ұғым екенін көрсетеді.

Бұл – ғалымның термин жасаудағы таным мәселесін ескергендігінің айқын айғағы. А. Байтұрсынұлының термин жасау ұстанымдарын ескере отырып, терминдерді таным теориясы тұрғысынан қарастыру мақсатында төмендегідей ұстанымдарды ұсынамыз:

1. Терминдерді таным теориясы тұрғысынан қарастыру барысында оның тұп мағынасын анықтап, танымдық қырын ашып алу қажет (өзге тілден енін, бейімделген; туыс тілдер тобындағы сөздер, ана тіліндегі сөздер);
2. Терминдердің ұлттық, мәдени, әлеуметтік факторлар негізіндегі танымдық сипаттын айқындалап, негізгі ұғымға қатысты нақты мән-мазмұнын белгілеу керек.
3. Таным теориясына қатысты психологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, терминдердің құрделі синтаксиситік құрылым аясындағы предикативтілік қызметін анықтау қажет (қысқалық, түсініктілік, нақтылық т.б.).

«Галым ғылыми терминдерді жасауда қазақ тілінің болмысына терең үңіліп, сөздердің қолданысынына, мағынасына, сонымен қатар, қазақ тілінің құрылымына, функционалдық қызметіне баса назар аударғандығы байқалады. Оған сол кезеңде жасалған терминдердің бүгінгі күнге дейін маңыздылығын жоғалтпай, керісінше біте қайнасып кеткендігі дәлел»[53;120].

А.Байтұрсынұлы зерттеулерінің маңыздылығын, сонымен қатар Еуропадағы белгілі түркітанушы профессор Хенрук Янковски де атап өтеді. Ол ғалымның өмір сүрген кезеңінде туындаған саяси қайшылықтарға қарамастан, тұтас қазақ тілінің құрылымдық жүйесін шебер қалыптастырғандығына баса назар аударып, қазақ тілінің табиғатына жанаша көзқараспен үніледі. Сондай-ақ, профессор бүгінгі таңға дейін Ахмет Байтұрсынұлы енбектерінің, ғылыми көзқарастарының, тұжырымдарының маңыздылығы зор екендігін айтады. Тіпті, А.Байтұрсынұлы ұсынған кейбір

тұжырымдардың бүгінгі таңда қолданылмайтындығын сынға алып ескерте[54;75].

Сондай-ақ А.Байтұрсынұлы мұраларының танымдық сипаты жалпыадамзаттық құндылықтың көрсеткіші екендігін дәлелдейтіндігін Э.Оразалиева: «А.Байтұрсынұлы – қазақ тілін өз алдына оқшауланып тұрған, бір халықтың игілігіне ғана қызмет ететін қазына ретінде ғана емес, тіл туралы ғылымның іргелі бір тармағы есебінде, жалпыадамзаттық құндылықтың жүйелі көрсеткіші сияқты зерттеу керектігін алғаш дәлелдеген ғалымдардың бірі»[36;38],-деп бағалайды.

Қазіргі тіл білімінде тілдік мағынаның кең тараптап семантикалық ұштігі – шындық зат, оның таңбасы және ой туралы тілдік мағынаның табиғатын шешуге бағытталған. Когнитивтік семантиканда тілді ұғыну және қолдау мәселесі негізге алына отырып, мағына санада кодталған үдеріс, ғаламның тілдік бейнесін құрушы элемент екені көрсетіледі. Соның нәтижесінде үдерістік «әрекет етуші, әрекет, мақсат, нәтиже» катынасы негізінде жүзеге асатыны айқындалады. Әрекет етуші әрекетті белгілі бір мақсат көздел жасайды және ол белгілі бір нәтижеге бағытталады. Нәтиже – объективтік шындықтың тілдік бейнеленген формасының концептуалды жүйесі, ал мағына – санада кодталатын үдеріс. Танымның кодталуы әрекет түрінде сөз, дыбыстық құрылым мен мазмұн бірлігі арқылы ойша және әр түрлі бейвербалды, вербалды түрде жүзеге асады. Осындай вербалды түрде қалыптасқан таным кодталуының бір ерекше түрін терминдер жүйесі айқынрайтылады.

Терминдердің концептуалдық құрылымын анықтауда ұғым мен мазмұн мәселесінің маңызы зор. Себебі терминнің концептуалды құрылымы дегеніміз – белгілі бір ұғымдың сала иелерінің коммуникативтік байланысын қамтамасыз ететін референциялардың инвариантты жүйесі. Концептуалды құрылымды тіл жүйелері мен арнайы ұғымдар арасын байланыстыратын негізгі буын деп қарастыруға болады. Бұл арада тілмен тікелей байланыс мазмұнды аспект арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан концептуалдық құрылымның өзі де белгілі бір семантикалық және ұғымдық категориялармен сипатталады. Осыған орай Қ.Жұбанов пен С.Аманжоловтың термин жасаудағы тілтанымдық мәселелерін айтуға болады. Қ.Жұбанов: «Термин мәселесіндегі үлкен кемшіліктеріміздің бірі – мына тіпті термин емес сөздер де термин қатарына қосақталып, белгілі бір мағынаны білдіретін стандарт сөздер боп қатып қалған»[55;1]-деп түсіндіріп, «Қай тілдің де жай сөздері тек сол елдің ғана қолданатын сөзі болудан озып, ғылыми ұғымдарды білдіретін болса, сонда ғана термин қатарына»[55;2] кіретіндігін көрсетеді. Ал С.Аманжолов жазба әдеби тілдің және жергілікті тіл ерекшеліктерін зерттей келе: «Термин деп танылған, қабылданған сөздің бір-ақ мағынасы болуы керек. Екіұшты мағына беретін сөз термин болып жарытпайды... Бірақ кейбір ғылымның (мысалы, физика, математика, химия, медицина, т.б.) көптеген термині сол ғылымның негізгі клеткасы, жайы келсе, қаңқасы сияқты. Ондай терминдерді білмеген кісі сол ғылымның маңына жолай алмайды. ... Демек,,

термин сөздер – жай сөз емес, мағынасы айқын, әрі терең, әрі асыл сөз» [45;205], - деп термин сөздердің танымдық мәніне баса назар аударады. Яғни, белгілі бір саланың терминдерінің жүйе құрайтындығын, ал жүйенің бір теорияға арқа сүйейтінін ғалым нақты түсіндіріп, термин сөздердің қазақ тіліне енуі, әлеуметтік себептері тарихи оқиғаларымен байланысты, тілде тұракталуы, басты-басты кемшіліктері, т.б. туралы «Қазақ тіліндегі ғылыми терминология мен аударма мәселесі туралы» мақаласында тоқталып өтеді.

Сонымен таным теориясының ғылыми негіздерін айқындауда А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектерінің орны ерекше. Ғалымдар қазақ тілінің құрылымдық сипатын қалыптастырып қоймай, бүгінгі күні жаңа бағытта зерттеліп жүрген тілдің танымдық қызметіне байланысты, тіл арқылы адамды, оның құндылықтарын тану және танытуға арналған құнды ғылыми мұра қалдырған. Көрнекті ғалымның осы танымдық көзқарастары мен пікірлері тілдегі таным теориясының басты ұғымдары мен ұстанымдарын айқындауға жол ашады. Сонымен жоғарыда айтылған пікірлер мен талдаулардың барлығы А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың термин жасауда тілдің танымдық болмысына да аса мән бергендейді.

А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектерінде таным теориясының келесі бір ерекшелігі – тіл мен мәдениет тұтастығын бірліктे қарастыра отырып, адамзат болмысын терең білуге ұмтылуы. Тілтаным *тіл мен мәдениет тұтастығына* ерекше мән бере келін, тіл арқылы ұлттың, халықтың мәдениетін танып зерделеуге мүмкіндік береді.

Тілді қоршаған әлеммен, адамдық факторлармен сабактастыра зерделеу тіл арқылы адам болмысын тануға жетелейді. Тілдің табиғатын адамның мәдени, рухани, әлеуметтік, психологиялық болмысымен ұштастыра отырып талдау, халқымыздың ұлттық ерекшеліктері мен құндылықтарын терең түсінуге жол ашады. Демек,, тіл болмысы арқылы адамдық факторларды, соның ішінде сол тілді қолданушы халықтың мәдениеттің зерттеудің мән-маңызы зор.

Тіл мен мәдениеттің тогыса зерттелуі лингвомәдениеттаным пәні арқылы XX ғасырдың соңғы ширегінде пайда болды деп есептеледі. Лингвомәдениеттанудың негізгі қағидасы «тіл мен мәдениет» сабактастығымен сипатталатындықтан, тіл мен мәдениет екі түрлі семиотикалық жүйеде танылғанымен, олар бір-бірін толықтыратын, өзара тығыз байланысты тұтас жүйе. Бұл үдерісте қоғамдық фактордың мәдени тұғырға көтерілуіне оның әлеуметтік мәнге ие болуының ықпалы зор. Ал оның іске асуында тілдің коммуникативтік қызметінің орны ерекше.

Демек,, кез келген ұлттық тілдің сырын шынайы тану үшін тілдің өзіндік заңдылықтарын білу жеткіліксіз, оның түпкі тамыры сол тілде сөйлеуші этностиң сан ғасырлық жүріп өткен тарихымен, күнделікті өмірде орнықкан мәдениетімен байланысты. Олардың өзара бірлікте, біріктіре қарау лингвомәдениеттаным ғылымиң ілгері дамытады, оның зерттеу нысанасын айқындаиды.

Ресей зерттеушісі В. А. Маслованың «Лингвокультурология» атты оқулығында қазіргі Ресейдегі лингвомәдениеттаным жайлы зерттеулердің бағыттары нұсқалады және аталған ғылым саласының әдіснамалық негізіне қатысты мәліметтер келтіреді. Автор лингвомәдениеттаным: «... мәдениет тіл ішіне енеді, онда дамиды және сол тілдің мәдениетін білдіреді, ол – халық мәдениетін танытушы ғылым саласы» [56;76], -деп баяндайды.

Осымен қатар Ресей ғалымы Н. Ф. Алефиренко лингвомәдениеттаным ғылымының қарастыратын мәселелерін былай түсіндіреді: «Лингвомәдениеттаным – әлемнің тілдік бейнесін, тілдің мәдени-танымдық ерекшеліктерімен байланысты әртүрлі аспектілердегі мәселелерді қарастырады» [57;16]

Қазақ тіл біліміндегі тілдің антропологиялық сипатын алғаш мәдениетпен байланыстыра зерттеген ғалым Ж.Манкеева «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері» атты еңбегінде: «Антропоөзектік бағытта жүргізіліп жатқан зерттеулердің барысы тіл мен мәдениеттің байланысы тіл білімінің қазіргі лингвомәдениеттану саласында ерекше мәнге ие екендігін көрсетіп отыр. Бұл екі фактордың тоғысы нәтижесінде пайда болған тілдік деректер ұлт мәдениетін немесе ұлт тарихын, халықтың қоғамдық өмірін бейнелеп қана қоймай, ана тілінің сөздік қоры байлығының көрсеткіші ретінде де танылады» [58; 19] –дей келе, «кез келген ұлттық мәдениеттің негізі – ортақ тілде сөйлеп, ортақ мұдде мен қағидаларға сай өмір сүріп, әрекет ететін этноұжымда қалыптасқан шындық дүниенің тұластығы, этностың материалдық және рухани кеңістігі»[58;18]-деп, тілдің материалдық және рухани мәдени қырын ашып береді. Демек,, тіл халықтың тек ұлттық сана-сезімін, дүниетанымын, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін ғана емес, сол ұлттың мәдени өмірін және мәдениетінің рухани дамуын да қарастырады.

Қ.Жұбанов өз еңбектерінде мәдени лексемаларды талдау арқылы, қазақтың ұлттық мәдениетінен мол ақпарат береді. Таным ұдерісінде тіл – халықтың тұрмысы мен мәдениетінің асыл қазыналарын сіңірін, рухани байлығын ұрпақтан ұрпаққа сақтап, жеткізуі құрал ретінде сипатталады. Қазақ тіл білімінің негізін салушы Қ.Жұбановтың еңбектеріндегі халық мәдениетін тіл, сөз арқылы зерделеп-білу жайындағы көзқарастар мен пікірлер тіл мен мәдениет тұластығын жаңа қырынан сипаттайды.

Тіл мен мәдениет сабактастығын зерттеген Н.Уәли тіл мен мәдениеттің төмендегідей ортақ белгілерін көрсетеді:

- «мәдениет те тіл сияқты, адамның дүниетанымын бейнелейтін сананың формасы болып табылады;
- мәдениет пен тіл өзара қарым-қатынаста (диалогте) болады; тілсіз мәдениет жоқ, мәдениетсіз тіл жоқ;
- мәдениет пен тілдің субъектісі – индивид, социум, жеке тұлға, қоғам;
- мәдениетке де, тілге де нормалық тән;
- тарихиық – мәдениет пен тілдің мәнді қасиеттерінің бірі» [59;50].

Осы көрсетілген ортақ белгілерді зерттеулеріне арқау еткен А.Байтұрынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов тіл арқылы қазақ мәдениетін көрсетуге тырысады.

Тіл мен мәдениет сабактастығы және оның зерттелуіндегі ғалымдар пікірлерін О.Жұбаева былай топтастырады:

- «1. тіл мен мәдениет – сананың көрінісі, адам дүниетанымын бейнелейді (В. фон Гумбольдт, Е.М.Верещагин, В.Г. Костомаров, Е.Ф.Тарасов, Э.С.Маркарян, А.Байтұрынұлы, Қ.Жұбанов, М.Балақаев, Р.Сыздық, Н.Уәли, Ж.Манкеева т.с.с.);
- 2. тіл де мәдениет те тарихи құбылыс (В. фон Гумбольдт, А.А. Потебня, Г.В. Колшанский, А.Байтұрынұлы, Қ.Жұбанов, Е.Жанпейісов т.б.);
- 3. мәдениеттің де, тілдің де иесі – жеке адам және қоғам, социум(А.А.Потебня, В.З.Панфилов, А.Байтұрынұлы, Қ.Жұбанов, Ә.Қайдар, Н.Уәли, А.Ислам, Қ.Рысберген т.б.)» [60;10]

Қ.Жұбанов тіл мен мәдениет сабактастығын сананың көрінісі деп түсініп, «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жөнінен» атты мақаласында қазақтың музыкалық мәдениетін танытатын «күй», «жыр», «толғау» жайында жан-жақты жаза келіп, «қобыз», «домбыра», «сыбызығы», «сыбыс» сынды күй аспаптарына да этнографиялық, лингвистикалық, философиялық талдау жасайды. Талдау жасай келе, қазақ халқының мәдениетін тілдік бірліктер арқылы меңгеруге, білуге болатындығын айтады.

Халықтың музыкамен байланысты салт-санасын зерттей келе Қ.Жұбанов ең алдымен, музыканың шыққан ортасын анықтауымыз керек деп, ол туралы: «Түрлі халықтың тұрмысы, әдеті-ғұрпы жайынан жиналған деректер, түрлі халықтың халық әдебиетін, түрліше нанымын тексерген материалдар, алғашқы мәдениет тарихын тексерген деректер, оның ішінде тілдің пайда болуын қарастырған материалдар бұл жөнінде бірқатар мәлімет береді»-деп топшылайды [61;7]. Қ.Жұбанов күйдің, онымен байланысты атаулардың шығу тарихы әуел баста «магиемен» байланысты, яғни адам санасының алғашқы түсініктерінен туындаған таныммен сабактас деген тұжырым жасайды. «Магие еңбек жұмысы деп алғашқы әзірде адам қоғамы табиғатпен арпалысқан шағында түрлі табиғат күштерін өздеріне бағындырар болған істерін айтады. Табиғатты езіне бағындырудың алғашқы түрі турадан-тура балталап бұзып өзгерту, турадан-тура өндеу болған болса, магие еңбек ондай туралай өзгерту емес, табиғаттың жасырын күштерімен астарласып барып, соған дегенін жүргізуге, қазақша айтқанда, арбауға тырысады. Ән, өлең, би үшеуі алғашқы рет магия еңбегі болып жарыққа шығады»[61;7]-деп түсіндірген ғалым, адамның табиғат жайында алғашқы таным-түсінігін әуенниң шығу тарихы арқылы анықтап, бүгінгі күні қолданылып жүрген күй, жырға байланысты атаулардың арасындағы ұғымнан ақпарат алуға болатындығын айтады.

Қ.Жұбанов «қобыз» сөзін түркі халықтарының тілімен салыстырып, ортақ ұғымды айқындейды. Профессор: «Татарда, башқұртта «қобыз» деп аталатын құрал бар, олардың қобыз дейтіні – темірден жасалған, атқамыт

сияқты, бір жағын ауызға салып қойып, үнін аузымен ретке келтіріп отыратын бір нәрсені айтады. Қыргызда «қомұс» деп біздің домбыра тәрізді, бұдан айырмашылығы тек пернесі жоқ бір инструментті атайды»-деп, салыстыра келіп, ««Қобыз» сөзінің басқы «қ» дыбысы түсіп қалғанда, «о»-ның орнына «а» дыбысын қолданғанда «абыз» болады. Қазақта ескі кездегі шамандарды абыз деп атаған»[61;7]-деп, тілдік талдау жасайды. «Қобыз» бен «абыз» сөздерінің арасындағы мағыналық, тұлғалық жақындығын оның түпкі танымдық түсінігі арқылы көрсетеді. «Негізі түбір болатын «сыбыз» сөзі ұян дыбысқа аяқталып тұр. Мұндағы ұян «з» дыбысын қатаң «с» дыбысына айналдырысак, «сыбыс» болады. «Сыбыс» қазақша дыбыс дегеннің бір тарауы, сонымен қатар бұл сыйбызың қамыстан, қурайдан жасалатын болғандықтан, қамыс та алғашқы әзірде осы сөзben аталып кеткен»-деген талдаулар жасап, ғалым адамның дүниені қабылдауы, оның мәдениет өнері, әрекеті таным арқылы тілге әсер еткенін айтады. Демек,, белгілі бір халықтың мәдениеті оның ұлттық болмысын да сипаттай алады. Қазақ тілін рухани-танымдық тұрғыдан бір жүйеге түсіріп зерделеген білікті ғалым Ж. Манкеева зерттеулерінде *ұлт-тіл-мәдениет* үштігін ажырамас бірлікте қарастырады. Демек,, тіл болмысынан көрініс табатын ұлттық ерекшелік мәдениетпен сабактастықта зерделенуі қажет. Ұлттық танымның бір ұшы ұлт ерекшелігі болса, екінші ұшы тілге келін тіреледі. Бірақ екі ұлкен құбыльстың арасында ортақ, дәнекер болар дүниelerдің катарында – мәдениеттің орны ерекше. Мәдениет – ұлттың тарихи даму бойында жинақталған материалдық-рухани құндылықтарының жиынтығы. Адамдар қоршаған органды, әлемді сырт көзben бақылап, соған ықпал етуі мәдениетті қалыптастырады. Ал ұлттық мәдениет – халықтың өз ұлттық-этникалық ерекшеліктері арқылы айналаға әсер етін, оны өз ұлттық мінез-құлқы, пайымы, шұғылданатын кәсібі арқылы танып-білуі, алған таным-пайымдаулары. Әрбір ұлттың өзіне тән танымы, қоршаған ортаға қарым-қатынасы, дүниеге көзқарасы тіл арқылы жүзеге асады. Тіл мәдениеттің дамуын, қалыптасуын, деңгейін көрсететін құрал. Сонымен қатар, тіл – материалдық-рухани мәдениетті танып-білудің, ұлт мәдениеті көрінісінің негізі. Сондықтан таным теориясының ғылыми негізін К.Жұбанов тіл арқылы мәдениетті тану, таныту түрінде айқындайды.

С.Аманжолов «Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері» атты еңбегінде диалектілік ерекшеліктерді көрсете отырып, қазақ диалектологиясының сөздігін жасаған. Тілші қазақ халқының диалектілік ерекшеліктерінде лингвомәдениеттанымдық, этнолингвистикалық бояуы мол сақталған этнодиалектизмдерді талдалап көрсетеді. Ғалымның осы құнды мұралары бүгінгі қазақ диалектологиясының ғылыми негізде кеңінен зерттелуіне мол үлесін қосып отыр. Сондықтан С.Аманжоловтың халықтың мәдени игілігіне арналған жүзден астам ғылыми зерттеулерін тілтанымдық тұрғыда қарастырудың маңызы зор.

Белгілі бір ұлттың тілін зерттеу арқылы сол тілді қолданушы халықтың салт-дәстүрінен, тұрмыс-тіршілігінен, рухани-мәдени өмірінен, әдет-ғұрпынан, этностық ерекшеліктерінен мағлұмат алып, оның қайталанбас қасиетін анықтауға болады. С.Аманжолов: «Тілдердің әртүрлілігі, байлығы, кедейлігі, әр халықтың өндіріс күшіне де байланысты. Шаруа кәсібіне де байланысты»[45;54]-деп тіл арқылы сол тілді қолданушы халықтың мәдениетін көруге болатындығын байқатады. Ол тілдің танымдық қызметі арқылы жүзеге асып, ой мен пайымның танымдық қыры арқылы анықталады.

С.Аманжолов диалектология ғылымы ру-тайпа тілінен халықтық тілге, одан ұлттық тілге дамып, жетіле отырып, тіл тарихының ұлттық болмысты сипаттайтынын: «Біртұтас тілдегі диалектілік айырмашылықтарды зерттей келе, біз бір кездегі тайпалық тілдердің ізін оңай табамыз. Бұл сияқты тіл деректерінсіз халық не ұлт тілі тарихын білу мүмкін емес» [62;20]-деп, жергілікті тіл ерекшеліктерін зерттеудің тіл тарихын анықтауда өзіндік үлесі бар екенін айтады.

Сонымен бірге, ру тілінің, тайпа тілінің даму сатысы ұлт тілін қалыптастырғандығын түсіндіреді. Демек,, ұлт тіліне дейінгі ру тілі мен тайпа тілі этнос өмірінің тұрмыс-тіршілігінен, дүниетанымынан көрініс бере алатындығын білдіреді. С.Аманжоловтың диалектологияға қатысты еңбектері тайпа тілі, халық тілі, ұлт тілі негізінде зерттелінгендейдікten этностың және оның тілінің ерекшеліктерін айқындаі отырып, қазақ этнолингвистикасының қалыптастырап дамуына ықпал етті.

Диалектологияны зерттеудің танымдық ерекшелігін Ә.Қайдар: «ол этносқа қатысты деректердің бәрін тіл қорының қойнау-қойнауларын тінте қарап, тірнектеп жинап, түгел камтуды көздейді. Ал диалектология болса, әдеби тілдің «сыртында» жатқан, сонау тайпа тілінен бастау алып, жергілікті тұрғындар қолданысында сақталып келе жатқан көне де байырғы сөздерді, көрші халықтар тілінен әр кезде қабылдаған ауыс-түйістерді, жергілікті кәсіншілікке байланысты ұғым-түсініктерді жинақтап түсіндіру арқылы этнолингвистиканың бастау алар бұлақтары болып саналады» [63;16]-деп түсіндіреді. С.Аманжоловтың диалектологияға қатысты еңбектерінің танымдық қыры тіл мен қоғамның сабактастығын айқындаиды.

Этностың ақыл-ой, дүниетанымының, өмір сүру тәсілінің ерекшеліктері заманнан заманға жалғасып, оның тілінен көрініс табады. Этнос болмысын танытуда тілдің лексикалық қыры, оның ішінде диалектология ғылымының орны ерекше. Диалектілік лексиканың этнолингвистикалық қырын арнайы зерттеген М.С. Атабаеваның «Қазақ тілі диалектілік лексикасының этнолингвистикалық негізі» атты зерттеуінде: «Диалект – белгілі аймақта өмір сүретін қауымның тілі, оның диалект екендігі келесі топтың тіліне қарсы қою арқылы ажыратылады, сондықтан ұлттық тілдерде диалект саны бірнешеу болады, әйтпеген күнде оның диалектілік сипаты болмайды, ұлттық әдеби тіл диалектілердің негізінде пайда болады, сол себепті диалект тарихы халық тарихымен тамырлас, онымен құрдас. Тіл этноспен бірге жаралып, бірге өмір сүреді десек, оның

бастапқы белгісі өсу, даму, қарым-қатынас көріністері осы күнгі диалект ретіндегі айқындалған сөздерінде сакталған» [64;15] – дей келе, диалектілік лексиканың даму жолында тілдің кумулятивтік қызметі арқылы тіл өз болмысына ұлттық ерекшеліктердің сініре түсетіндігін: «диалектілік лексиканың да өзіндік даму жолы, ерекшелігі бар, алайда қазақ этносы тарихының әр кезеңін бейнелейтін, әр алуан қарым-қатынас, көрші елдермен байланыс, материалдық және рухани байлығы бар мән-мазмұны, өзіне тән бояуымен сақтап жеткізуши көздің бірі - этнодиалектизмдер» -деп, түсіндіреді. Этнодиалектизмдер жайындағы зерттеу жұмысына да С.Аманжолов мұралары негізгі бастау арнасы болып табылады. Себебі ғалым қазақ тілінің алғаш диалектология ғылымын зерттей отырып, диалектілік лексиканың тек жергілікті тіл ерекшелігін ғана түсіндіріп қоймай, сонымен қатар диалектілер тілдің байлығы, сан мындаған жылдардың «тарихи айнасы» екендігін былай көрсетеді. Адам санасының айналадағы қоршаған ортаны түсінуі, пайымдауы, дүниедегі болмысқа деген көзқарасы тек тіл арқылы көрінеді, жүзеге асады және ұлттың «рухы» сақталады.

С.Аманжоловтың диалектологиялық сөздігінде кездесетін кейбір этнодиалектизмдердің ұлттық ерекшелігін қарастырған М.С.Атабаева еңбегінде: «Үй тұрмысында қолданылатын заттардың ішінде халықтың көшпелі тұрмысында аса қажеттілерінің бірі сандық, кебеже, оның абдыра /әбдіре, арша, әрже, бөрге, бөргіре лексемалары» [64;239]-деген ұлттық сипатка ие диалектілерді атап көрсетеді. С.Аманжолов бұл этнодиалектизмдерге мынадай анықтама береді. «әрже: кебеже, оюлап жасалынған, ыдыс-аяқ қоятын сандықша» [62;439], «бөрге: шыны-аяқ салатын кішкене сандық»[62;367], «асадалы: ыдыс-аяқ қоятын орын, шкаф тәрізді нәрсе»[62;356]- деген анықтама береді. Мұндағы «асадалы» сөзінің ас және адап түбірлерінің мағыналық, ұғымдық байланысын этнодиалектизмдерді зерттеуші М.Атабаева былай түсіндіреді: «... ас тамақ және адап-таза, тазалық мағыналарынан атаудың уәжі – гигиеналық, моральдық тазалықты сақтау, сонымен қатар бұл зат көшпелі тұрмыста қолайлыш, ыдыс-аяқтың сынбай, шағылмай жетуін қамтамасыз етеді»[59;239].

Қазақ халқы піскен тамақтың бетін ашық қоймайтыны белгілі. Осыған орай, тұрмысына қолайлыш құралдың бірі «асадалы» бүйімі да қазақтың ұлттық дүниетанымынан қалыптасқан мәдени құрал. Сондай-ақ С.Аманжолов диалектологиялық сөздігінде «Адал зат: мАл азық-түлік»[62;353] –деп көрсеткен диалекті де қазақтың тағам өнімдерін адап деп атауына байланысты қойылған атау.

«Бет қарайтын туу»[62;363]-деп ғалым сөздігінде қазақ халқының Атырау облысы аймағында қыз бала тууды айтатындығын көрсетеді. Сөз құдіретін жақсы түсінген қазақ халқына тән қасиеттердің бірі жұмбақтап, табу сөздерді жиі қолданылатындығы белгілі. «Бет қарайтын» деп қыз баланы атауының Себебі қазақ қыздары өте бауырмашыл, мейірімді ата-анасына, ағайын, туысына қамқор болатындығына байланысты қойылған

атау деп түсінеміз. Бұл этнодиалектизм қазақ халқының ұлттық менталиетінен, мінезінен хабар береді.

С.Аманжоловтың қазақ тілі диалектологиясы жайындағы зерттеулерінде ұлттық болмысты, салт-дәстүрді, халық дүниетанымын сипаттайтын тілдік бірліктер этнолингвистика ғылымын терең білуге игі ყыптал етеді.

Қазақтың ұлттық өлшемдері де ежелгі ата-бабамыздан қалыптасқан құнды мұра. Олар ұлттық ой-сананың, адамның қоршаған ортаға деген көзқарасының ұшқынын білдіреді. Себебі атау болып қалыптасқан ұлттық өлшем бірліктер бір өлшемді екінші затқа ұқсатуынан туындаған, тілімізде пайда болған. Солардың диалектілік ерекшеліктерін көрсеткен С.Аманжолов мұраларында ұлттық өлшем атаулары молынан кездеседі. Ғалымның диалектіліктілік сөздігінде кездесетін ұлттық өлшемдерді жер өлшеміне байланысты, көлем өлшеміне байланысты және салмақ өлшеміне байланысты деп жіктең қарастыруға болады. Мысалы жер өлшемдеріне байланысты: «**Бір айдам жер**: бір гектар жер (1га земли). **Бір атыз жер**: гектардың $\frac{1}{4}$ -дей жер. **Бір дем жер**: өте жақын, лезде баратын жер. **Бір кесім жер**: десенің $\frac{1}{4}$ -дей бөлігі. **Бір мойын жер**: ширек гектар жер. **Бір сала жер**: ширек гектардай жер. **Бір топ жер**: бір айдам жер. **Бір тақта жер**: гектардың $\frac{1}{4}$ -дей жер. **Бір қол**: бір топ. **Бір қос жер**: бір гектардай жер» [62;366]-деген анықтамалар мен талдаулар кездеседі. Қазақтың әр жеріндегі тіл ерекшелігі болғанмен жер өлшемдер атауларының өзіндік ұқсастықтары бар екені көрінеді. Демек,, ол қазақ халқының айналадағы қоршаған ортаны, дүниені, күллі әлемді санасына қабылдауының, ой-пікірлерінің өзіндік ерекшелігінің себебінен болуы мүмкін. Сол сияқты қазақ диалектілерінде кездесетін көлем өлшемдерінің атауларын былай көрсетеді: «**Десте**: уыс, бір байлам» [62;370] **Күлте**: бір ұстам, бір уыс, бір десте»[62;387]. Бұл көлем өлшемдері қазақ халқына тән өлшемдердің бірі – алақан, қолға байланысты атаулар. Ал салмақ өлшемдерінен кездесетін этнодиалектизмдерге мысалы: «**Желме**: 3 қадақ (3фунта)» [62;387]. «**Жоқша**: 5 қадақ (5фунтов)»[62;379] -деп көрсетеді. Бұл аталған диалектілер ұлттық болмысқа тән, оның тұрмыс-тіршілігін танытатын өмірінен көрініс беретін этнодиалектизмдер болып саналады. Аталған ұлттық өлшем атаулары біріншіден, этнос ерекшелігін, болмысын танытатын болса, екіншіден ежелгі қазақ халқының тарихынан мәлімет бере отырып, ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы жинаған құндылықтарының мәдени даму сатысынан көрініс береді.

Қазақ тіліндегі өлшем атаулардың этнолингвистикалық сипатын зерттеуші К.Күркебаева өлшемдердің этнолингвисттика ғылымында аса мән беретін ұлттық ерекшелік екенін айтады: «Ата-бабаларымыз басқа халықтар сияқты қоршаған ортадағы заттардың, нәрселердің, құбылыстардың түрін, түсін, көлемін, аумағын, санын, салмағын өзінің ментальдық таным-түсінігінше саралай білген. Ал бұл сан алуан қасиеттер құнделікті тұрмыс-тіршіліктің тәжірибесі негізінде өмірге келгені ақиқат. Осындағ асыл қазыналарымыздың бірі деп – тіліміздегі өлшемдік ұғымды білдіретін

лексикалық бірліктерді атауға болады»[65;4]-деп өлшем бірліктердің этнолингвистикалық табиғатын ашып береді. Осындай ұлттық салт-санамыздан қалыптасқан этнолингвистикалық атаулар С.Аманжолов зерттеулерінде көп кездеседі. Ұлттық өлшем атауларын қолдана отырып ғалым септік жалғауларын түсіндіруде: «Төрт қарыс бір кезге жетеді, бір шана отын екі айға жетеді»[45;229]-деген мысал келтіреді. Мұндағы «қарыс» сөзі – ұлттық өлшем бірлікті білдіреді. Қазақ халқының мәдениет өркениеттілігін ұқтыртатын ұлттық өлшем бірліктердің ұлтты тану үшін маңызы зор.

Қазақ халқының ұлттық болмыс бітімін зерттеуде ұлттық ойындарды атағанымыз да үлкен мәлімет беретін материал. Осы ата-бабамыздың ежелгі мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын жоғарғы дәрежеде екендігін көрсететін ұлттық ойындардың бірі асық құралының диалектілік ерекшелігін ғалым: «**Дей**: кеней, асықтың сақасы»[62;370]. «**Жәутүк**: ескі, кемірілген асық» [62; 381]-деп көрсетеді. Бұл асықтың қазақ өмірінде көпген түрі бар еkenі мәлім. Осы құралдың әр түріне әр түрлі атау қою біздің ата-бабамыздың шеберлігі. Ғалымның диалектілік сөздігінің маңыздылығы осындай ұлттық құндылықтарымызды сақтап, одан әрі жетілдіріп зерттеуге септігін тигізеді.

Қазақ диалектологиясының алғаш зерттелу және қалыптасу тарихын профессор С.Аманжолов қазақ жеріндегі бұрынғы тайпалық одақтармен, жүздермен байланыстырып қарайды. Үш жүздің қалыптасуымен, үш диалект пайда болған деген тұжырыммен ғалым жергілікті тіл ерекшеліктерін халықтың ру, тайпалық одақтарымен байланыстырады. Руладың тайпаларға, тайпалардың тайпа одағына бірігуі, одан келіп жүздер шыққандығын айтады. Ғалым қазақ тіліндегі диалектілерді үшке бөліп жіктеіді: 1) онтүстік диалектісі – Алматы, Жамбыл, Онтүстік Қазақстан, Талдықорған және Қызылорданың онтүстік аудандары. 2) Батыс диалектісі – Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Ақтау, Қазақстанның солтүстік аудандары, Қостанайдың батыс аудандары. 3) Солтүстік шығыс диалектісі – Ақмола, Павлодар, Семей, Шығыс Қазақстан, Көкшетау, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Қостанай, Талдықорған облыстарының кейбір аудандары.

С.Аманжолов солтүстік шығыс диалектісін қазіргі әдеби тілге әлдеқайда жақын екендігін атап көрсетеді. Себебі ол кезде Қазақстанның онтүстік, орталық және шығыс аудандарындағы халық тілінің басқа жерге қарағанда нашар зерттелгеніне байланысты болса керек. Соған қарамастан ғалым қазақ тілінің диалектология ғылымының негізін қалап, алғаш қазақ тілі диалектологиялық сөздігін жасап, қазіргі қазақ тілі диалектология ғылымының дамуына негізгі үлесін қости. Сонымен қатар, жергілікті тіл ерекшеліктеріне, диалектологияға қатысты еңбектерінде тіл арқылы ұлт болмысын зерттейтін этнолингвистика ғылымы үшін де маңызды зерттеулер жасап, танымдық көзқарасын білдірген.

Тілші қазақ тілі диалектологиясын зерттеу арқылы қазақтың әдеби тілінің қалыптасуына зор еңбек сінірді. С.Аманжолов солтүстік шығыс диалектісін

қазақтың әдеби тілінің негізінде жатқан диалект деп есептейді. Қазақ тілінің диалектілері мен қазіргі әдеби тілін фонетикалық, лексикалық және грамматикалық жағынан жан-жақты салыстыра келіп, басқа диалектілерге қарағанда, солтүстік шығыс диалектісінің қазіргі әдеби тілге әлдеқайда жақын екендігін атап көрсетеді. Әдеби тілдің негізіне жатқанына қарамастан, солтүстік шығыс диалектісінде қазір де сакталып қалған, әдеби тілге енбейтін жергілікті тіл ерекшеліктер кездесетінін де ескертеді. Бірақ ғалым оларға кең тоқталып, талдау жасауды көздемеген. Екіншіден, Қазақстанның солтүстік, орталық және шығыс аудандарындағы диалектілік ерекшеліктер басқа жерге қарағанда жан-жақты зерттеле қойған жок. Дегенмен әр саладағы іргелі еңбектері арқылы ғалым қазақ әдеби тілінің қалыптасуына мол еңбек сінірді.

Әдеби тіл туралы, оның басталар тұсы, кезеңдері жөнінде сөз қозғамас бұрын әдеби тіл дегенниң өзі не деген мәселенің басын ашып алу үшін ғалым: «Алдымен әдеби тіл деп нені ұғамыз, соған тоқтала кетейік. Кейбіреу әдебиет тілі деп, тек көркем әдебиет тілін ғана таниды. Кейбіреу баспаға басылған сөздің бәрін әдебиет тілі деп ойлады. Үшінші біреулер пән кітаптарының тілін ғана әдебиет тілі деп біледі. Шынында да, мұның үшеуі де көзқарастың үшқарылығынан туған»[62;157-158] –деген ғалым пікірінің өзінен-ақ әдеби тіл деген ұғымның қазақ топырағында дұрыс қалыптасуына күш салғанын аңғаралық және өзі қандай түсінікті жақтағанын мына пікірінен көруге болады: «Әдеби тілі деп толық тәртіпке, қалыпқа түскен саясат, әдебиет, ғылым (пән) үшеуінде ешбір ақаусыз, кемшіліксіз жазжқа алатын тілді ғана айтамыз. Әдебиет тілі халық тілінен байлығы мен анықтығы, дәлдігі мен грамматикалық өлшеуден сөйлем құруы артып кетпеуімен айырылады. Мұнда жетпеген шала-шарпы ұғым беретін термин сөз қолданылмайды, кара сөзден көркем әдебиеттің тілі бейнелілігі және техникасымен (салыстыру, теңеу) айырылады»[62;158]. Бұл көзқарасын «Қазақтың әдеби тілі» деп аталағын мақаласында терендетіп, ғылыми жағынан негіздендіре түседі: «Әдеби тіл дегеніміз – көктен түскен нәрсе емес, белгілі тарихи жағдайларға байланысты, кезеңдерге байланысты жасалған жасанды нәрсе. Нактылы әдеби тіл дегеніміз – көркем әдебиеттің тілі ғана емес, ол ғылымның барлық саласын қамтитын, халыққа өнер-білім беретін, тәлім-тәрбие үйрететін баспасөздің тілі. Көркем әдебиеттің тілі – сол кең мағынадағы әдеби тілдің саласы ғана. Ал әдеби тілдің негізі, базасы (қоры) болатын нәрсе - халық тілі-фольклор тілі екенінде дау жоқ. Дегенмен де, әдеби тілдің жасалу процесінде халық тілінің барлық тараулары ешбір талғаусыз негіз бола бермейді»[62;174-175].

Сонымен С.Аманжоловтың ғылыми тұжырымдары бүгінгі әдеби тіліміздің қалыптасуына зор ықпал етін қана қоймай, лингвистиканың жаңа салаларын дамытуда әлеуметтік мәнге ие болып отыр.

Жазба әдеби тілдің жетілгендігінің бір көрінісі терминдердің тілдік қолданыска молынан енуінен байқалады. Қазақ тіліндегі термінтану мәселесі аударматанумен тығыз байланысты. Сондықтан да ғалым С.Аманжолов ұлт тілі үшін аса маңызды бұл екі факторды назарынан тыс-

қалдырмаған. Термин туралы ғалым: «Термин деп танылған, қабылданған сөздің бір-ақ мағынасы болуы керек. Екішты мағына беретін сөз термин болып жарытпайды»-деп, «Бірақ кейбір ғылымның (мысалы, физика, математика, химия, медицина, т.б.) көптеген термині сол ғылымның негізгі клеткасы, жайы келсе, қаңқасы сияқты. Ондай терминдерді білмеген кісі сол ғылымның маңына жолай алмайды. ...Демек,, термин сөздер – жай сөз емес, мағынасы айқын, әрі терең, әрі асыл сөз» [62;205], - дейді. Яғни белгілі бір саланың терминдерінің жүйе құрайтындығын, ал жүйенің бір теорияға арқа сүйейтінің ғалым нақты түсіне алған. Термин сөздердің казақ тіліне енуі, әлеуметтік себептері тарихи оқиғаларымен байланысы, тілде тұракталуы, басты-басты кемшіліктері, т.б. туралы «Қазақ тіліндегі ғылыми терминология мен аударма мәселесі туралы» мақаласында тоқталып өтеді.

С.Аманжоловтың аударма мәселелеріне аса мән беріп, оның халықтық, ұлттық сипаттың жоймай аударылуы қажет екендігін жақсы түсінді. Қалдырған ғылыми мұраларының барлығы тіл білімінде маңызды орын алады. Ғұлама ғалымның осыдан жарты ғасырдан астам уақыт бұрын қозғаған мәселелері бүгінгі күні де аса қажетті, өзекті болып отыр. Қазақ тілін қыр-сырын жан-жақты ашып, зерттеуде С.Аманжолов еңбектерін пайдалану аса маңызды. Тілші зерттеулері қазақ тілі ғылыминың өсіп-өркендеуіне зор еңбек сінірін, қазақ лингвистикасында әлеуметтік мәні зор баға жетпес құнды мұра болып табылады.

Зерттеуші тіл ғылымын жан-жақты зерттей келе, қазақ тілінің академиялық сөздігін жасаудың мән-маңыздылығы тек тіл байлығы үшін ғана емес, қазақ халқының баға жетпес құндылығы болатындығын былай түсіндіреді: «Қазақ тілінің толық (академиялық) сөздігін жасау. Бұл тіл байлығын көрсететін ғана документ емес, бұл қазақ халқының салт-санасына, экономикасына, әдет-ғұрпына, өнеріне, ойлануына, т.б. бастарынан кешірген мындаған жыл тапқан табыстарына байланысты заттық және рухани табыстарын көрсететін ұлы мұра болып саналады»[62;95]. Демек,, «тіл болмысының кумулятивтік (сақтау) қызметінің мәнін жақсы түсінген ғалым, қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тарихын, «мындаған жыл тапқан табыстарына байланысты заттық және рухани табыстарын» қазақ тілінің бойынан көруге болатындығын білдіреді. Сонымен қазақ тіл білімінің негізін салушы тілшілердің еңбектерінде қарастырылған мәселелерді жүйелесек, тіл білімінің және оқыту жолдарын, тіл мен таным бірлігін қоғамдық табыс ретінде сипаттайды»[66;1835].

Мысалы, профессор С.Аманжолов көрсеткен батыс өлкеге тән лексикалық ерекшеліктердің ішінде кейбір атауларды академик Ә.Т.Қайдаровтың, профессорлар Ж.Манкееваның, Н.Үәлидің, М.Атабаеваның т.б. зерттеулеріндегі кейбір тұжырымдар негізінде этномәдени аспектіде талдап көрсетуге болады.

Зерттеуші «дезмал: өтек (утюг). Дезмалға шоқ сАл киім өтектейік»[62;370]-деген құралға анықтама береді. «Дезмал» қазақ халқының мәдени тұрмыс-тіршілігінде қолданған құрал. Осы сияқты

этнодиалектизмдер тіл болмысының халықтың мәдени өмірінен, тұрмыс-тіршілігінен, салт-дәстүрінен, әдет-ғұрпынан, ұлттық ерекшеліктерінен деректер беретініне дәлел бола алады. Бұл этнодиалектизмдер тек құралға немесе адамға атау ретінде ғана емес, сонымен қатар адам болмысының айналадағы қоршаған ортамен байланысын білдіреді. Айтылған құралдық мәдениет деректері адам баласының күнделікті өмір тіршілігіндегі кәсібімен байланысты.

Ата-бабамыздың тұрмыс-тіршілігінен, шаруашылығынан, мәдени өмірінен мәлімет беретін атаулардың мән-мағынасы бүгінгі этнолингвистика ғылымы үшін маңызы зор. С.Аманжолов мұраларында ежелгі халқымыздың басқа халықтармен аралас-құралас өмір кешін, сауда-саттықпен айналысқандығын білдіретін ақша атауларына қатысты диалектілер де арнайы сипатталады. Ежелгі ата-бабаларымыз күміс ақшаны «дәлдір» және «қара көз ақша» деп те атағандығы жайында ғалым құнды мәлімет береді. Бұл атаулар бір затты екіншіге ұқсату танымына байланысты және өзінше ерекшелігін танытатындығына байланысты қойылған екендігі көрінеді.

Мәдениет пен тілдің бастау бір-бірімен тұспа-тұс келеді. Яғни, тіл – адамзаттың тіршілігі өтіп жатқан әлем ретінде жасайды. Ал адамзаттың тіршілігі – мәдениеттің әлемі екені белгілі. Осыған орай С.Аманжолов: «Жер жүзіндегі қай тілді алсақ та, оның өзіне лайық сөз байлығы болады. Сөз байлығы, әрине, халықтың экономикасына, мәдениетіне сәйкес болады. Құрал-сайман жасап алу, солар арқылы тұрмысқа керекті заттарды, азық-түлікті, киім-кешекті тауып алу – адам қоғамының таразысы, өлшеуіші»[62;67]-деп түсіндіреді.

Ғалым еңбектеріндегі лингвомәдениеттанымдық қыры басымырақ этнодиалектизмдерден мысал келтірсек: «Айшық (айшүқ): сырға (серғи)»[62;354]-деген анықтама беріп, ғалым халықтың этномәдени құралы сырғаның айға ұқсаган түрін көрсетеді. Әрине, қазақ халқының қыздарына, әйел қауымына арналған бұйымдары өте көп. Бірақ сырғаның түр-түлғасы айға ұқсас болғандықтан және «айшық» сөзі ұлттымыздың мәдениетінен де көрініс бере отырып, халықтың дүниетанымының атау қоюдағы шеберлігін байқатады. Сондықтан да С.Аманжолов көрсеткен бұл этнодиалектизмдердің ерекшелігі ұлттық бояуы бар мәдиеттен хабар беретін құрал атауы болып қалыптасқандығында.

Тіл білімін мәдениеттанымдық тұрғыда зерттеу арқылы С.Аманжолов мол мағлұмат бере отырып, ұлтты тануға ықпал ететін деректерге сүйенеді. Ғалым адамның әлемді тану, қабылдау қасиеттерін тілмен байланыстырып: «ана тілі – мәдениетті көтерудегі күшті құрал адам баласы дүниені ең әуелі өз ана тілімен таниды, басқалармен қатынас жасайды»[45;55] –деп түсіндіреді. Ана тілі халықтың ұлттық, әлеуметтік және мәдени өмірі үшін маңызы зор екендігін көрсетеді.

Материалдық және рухани мәдениетке байланысты атаулардың едәуір бөлігі аумақтық (территориялық) диалектілерге қатысты болып келеді. Ақиқат өмірдің, қоршаған ортандың түрлі заттар мен құбылыстардың, әсіресе

өсімдіктер мен жануарлар әлемінің толып жатқан атаулары диалектілік лексика жүйесінде бейнеленген. Олардың қайсыбірінің әдеби тілде баламасы жоқ деуге болады. Мысалы, диалектілік лексика жүйесіндегі үлек, көрпеш, сұын, ортеке, әндемі, көрпеш – «кенже туған қозы», сұын – «таза арғымақтан туған жылқы», ортеке – «бөкеннің еркегі», әндемі – «үй сылайтын темір қалақша», айлақ – «кеме тоқтайтын жер қойнауы» делінін, сипаттама немесе перефраз түрінде беріледі.

Қай халықтың, қандай да бір үлт болмасын үлттық тағамдардың атаулары оның қоғамдық-әлеуметтік тіршілігінде сөздік қор мен сөз байлығының маңызды факторы болып саналады. Үлт болмысының ерекшелігін танытатын тағам атаулары қазақ өмірінде ерекше орын алатыны белгілі. «Үлттық тағамдардың жасалу технологиясы мен азық-тұліктің саналуан табиғатын білдіретін, оларға қатысты неше түрлі ұғым-түсініктерді сипаттайтын мындаған атаулар мен жүздеген тұрақты тіркестердің баршасы тіл байлығымыздың ең көне, байырғы әрі құнарлы қорына еніп, үлттық ділдің тілдегі бейнелі бір көрінісі болып саналады»[61;38]. Сол тағам атауларының жергілікті тіл ерекшеліктеріне байланысты түрлері өте көп. Бұл этнодиалектизмдердің анықтамасын тілші мына мысалдармен көрсетеді: «**Бұжы**: ішектің ішіне салынған ет пен қан. **Бұжбан**: бүйенге істеген шұжықтың ең жуан түрі»[62;367]. Кейінгі жылдары зерттелген академик Ә.Қайдардың этнолингвистикалық сөздігінде: «Бұжбан <Костанайда бүйенге салып, семіз еттен істелген шұжықтың үлкен түрі> *Бұжы<Атырау облысында және Түркіменстан қазактары тілінде жана сойған қой етін бүйенге тығып әзерлеген шұжық>»[67;366]-деген анықтама береді. «**Жари**: тұп қазы (сальная часть конской колобасы)»[62;370]. **Тұймеш**: еттен жасалатын шұжық. **Жаңса**: жайынның құйрық жағының еті»[62;413]. Галым бұл тағам атаулары арқылы қазақ өмірінің мал шаруашылығымен айналысатының, оның етінен жасалатын тағамды өзінше ерекшелеп, құтты қонағы үшін дайындалатын ас түрлері мол екенін білдіріп, солардың жергілікті ерекшелігін танытады. Тағам, ас атаулары ол этностың ең негізгі мәдениетінен мәлімет беретін деректер. Ол атаулар арқылы жергілікті халықтың географиялық мекенін, айналысатын шаруашылығынан көптеген материалдар аламыз. Сондықтан да С.Аманжолов мұралары бүгінгі этнос болмысын тануда ерекше құнды болып отыр.

Сөз мағынасы арқылы халықтың мәдениетінің даму дәрежесін, оның дүниетанымын, өзіндік ерекшелігін анықтауға болады. Құнделікті тұрмыс-тіршілігінде қолданатын құрал үй жабдық атаулары да адамның әлемді тануға деген көзқарасын білдіреді. Ондай атаулардың диалектикалық ерекшелігін галым: «**Ұлпақ**: шағын көрпе, жұмсақ жүн салып істеген кішкене көрпе»[62;436] -деп көрпенің түріне байланысты және жергілікті тіл ерекшелігіне байланысты анықтама береді. «**Ұлпак**» халық дүниетанымының, сыртқы қоршаған ортаны таным арқылы қабылдап, тіл болмысында көрініс тапқанын аңғарамыз. Жұмсақ сөзін қазақ кейде үлпілдек деп те ауыстырып айтады. Ол көбінде жүн немесе мақтага байланысты

қолданылады. «Ұлпак» атауы да көрпенің, жұннің жұмсақтық қасиетіне байланысты аталғанын байқаймыз. Сол сияқты күнделікті тұрмыста қолданатын бұйымдардың бірі – киіз. Ол киіздің қазақ өмірінде өте көп түрлері мен атаулары кезедеседі. Сонымен қатар киіз бен қоса қазақ өмірінде жерге төсөлетін текемет, кілем деген бұйымдар да бар. С.Аманжолов диалектологиялық сөздігінде осы бұйымдардың бірнеше жергілікті тіл ерекшеліктеріне байланысты атауларын көрсетеді: «**Қауыш**: тұсқиіз, тұсқа ұстайтын, оюланған киіз» [62;429] «**Кесе кілем**: қолдан тоқылған кілем» [62;385]. Жайма: кілем. Бөстек: текемет». Бұл атаулар да басқа этнодиалектиздер сияқты халқымыздың тұрмысынан, кәсібінен мол мәлімет береді.

«Халықтың өмірінен тіл арқылы көрініс беретін тағы бір материалдар тобы ол – киім атаулары. Ата-бабаларымыздың ұлттық ерекшелігін танытатын, мәденитінің өркендеу дәрежесін көрсететін киім-кешек атаулары тілімізде өте көп. Және олар өз ішінен қолданыс түрлеріне, жынысқа, әлеуметтік ортаға және жасқа деген сияқты бірнешеге жіктеледі» [62;102]. Солардың жергілікті тіл ерекшеліктері арқылы зерттеген С.Аманжолов диалектологиялық сөздігінде әйел адамның да киіміне байланысты: «**Бекебей салы**: қой я ешкінің түбітінен тоқылған салы» [62;368]. «**Қыжым**: жібек орамал» [62;431]. «**Тамақ алғыш**: кимешек» [62;408]-деген атауларды келтіреді. Және ер адамның бас киіміне байланысты: «**Жекелі**: құндыз бөрік» [62;378]. **Қатырма бөрік**: жұқа, сырған бөрік, тақия сияқты бөрік [62;429]. «**Сызырмай**: аласа жиекті бөрік» [62;406]. **Топы**: тақия» [62;411] -деп, бірнеше түрлері мен атауларына анықтама берген. Сонымен қатар, қазақтың мәдени өмірінен көрініс беретін киімнің әшекей бұйымына байланысты: «**Тігіршік**: киімнің жағасынан бастап етегін айналдыра ұстаған күміс оқа» [62;411]-деген атауды көрсетеді.

Қазақ тұрмыс-тіршілігінде тек қажеттілігіне ғана емес, сонымен бірге сәнділігіне де аса мән бергендігін көруге болды. Тек киімнің сәнділігіне ғана емес, қыздар мен әйелдердің сәнді бұйымдарына байланысты атаулар өзінше бір топты құрайды. Ол сәндік бұйымдардың жергілікті тілге байланысты және әр түрлі ерекшелігіне байланысты атауларын С.Аманжолов бірнеше деректер келтіре көрсетеді. Мысалы сақина, жүзікке байланысты: «**Бұжыра**: шығыршық; **Доғалак**: шығыршық; **Өткерме**: сақина, жүзік» -деген түрлерін көрсетеді. Бұл саусаққа сәндік үшін тағылатын бұйымның бірнеше атауының болуы қазақ дүниетамының көндігі қазақ тілінің сөздік қорының молдығынан көрінін отыр. Мұндағы «өткерме» бұйының ерекшелігіне байланысы Ж.Манкеева: «**Жүзік** – қымбат металдан құйылып, сыртқы бетіне сіркелеу, лажылау, бағдарлау төсілдерімен өте сәнді өрнектер отырғызылған және әсем күмбезделген, асыл тастандардан бірнеше көз салынған, саусаққа киуге арналған зергерлік бұйым. Өткерме деп те аталады» [58;283] - деген иікіріне сүйенсек, саусаққа тағатын бұйымның өзі құндылығына қарай атауының әр түрлі болуы халқымыздың мәдени болмысынан көрініс береді. Ал құлаққа сәндік үшін тағатын сырға

бұйымының жергілікті тіл ерекшелігіне байланысты С.Аманжолов: «Зере: сырға» [62;381]. «Сыйыршық: сырға» [62;405] -деген сөздерге анықтама береді. Сонымен қатар, мойынға, омырауға тағатын әшекей бұйымы алқаның жергелікті тіл ерекшелігіне байланысты атауын: «**Өнір жиек**: алтын-күмістен соққан алқа» [62;438]-деп көрсете отырып, қазақтың мәдени тұрмыс-тіршілігінен көрініс береді. Бұл «**өніржиек**» бұйымының атауын Ж.Манкеева «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымы негіздері» атты зерттеуінде: «Өніржиек – ұзбелеп салпыншақтап тағып, асыл тастардан көз орнаткан, көйлек сыртынан омырауға тағатын әшекейлі, қымбат бағалы сәнді бұйым» - деген анықтама бере отырып, «өніржиек» мағынасын толықтыра түседі. Бұл пікірлерге назар аударсақ, С.Аманжолов мұралары бүгінгі этнолингвистика ғылымының зерттеушілеріне де өзіндік үлесін қосып жатқаны дәлел болады.

Таным қөкжиегін кеңейтетін, сөздің мәні мен мағынасына әсер ететін күрделі процесс – сана арқылы қабылданатын пайымдау үрдісі. С.Аманжоловтың: «Кай ұлттың болса да, тіл байлығы – сол ұлттың тарихи айнасы. Өйткені сөздің бәрі - *сананың көрінісі*. Сондықтан әрбір сөз тарихтың дерегі болады» [45;69] –деген құнды пікірін еске алсақ, ұлттық дүние-таным, салт-дәстүрге негізделін, халықтың рухани өмірін бейнелейтін қазақтың наным-сенімдеріне қатысты сөздер мен аталымдар – ұлттық таным қөкжиегін кеңейтіп, халқымыздың тарихынан хабар беретін ерекше ұғымдар. Тіл байлығын аңғартатын, санамызда сақталып қалған мұндай ұғымдарды жаңғырта түсудің маңызы зор.

С.Аманжоловтың: «Адам баласының өмірінде, тұрмысында болған қайшылықтар, белендер, кедір-бұдыр кезендер, тарихи сатылар, баспалдақтар, түрлі қабаттар сөзден табылады»[62;67]-дегеніндей, халқымыздың тарихы, ұлттық болмысы, мәдени танымы ежелгі атабабаларымыздың салт, тәрбие саласындағы халықтық қазыналардың бір тармағы наным-сенім ұғымдарынан көрініс табатыны сөзсіз

Этностиң шығу тегіне, салт-дәстүріне, сондай-ақ өмір-тіршілігіне қажетті ұлттық көрініс беретін тілдік тұлғалар тілші ғалым еңбектерінде молынан кездеседі. Ғалым мұралары ұлттық салт-сана, әдет-ғұрып, дәстүрлері арқылы ұлтты тану үшін және этнолингвистика ғылымы үшін маңызы зор.

Профессор зерттеулерінде халықтық ауыз әдебиетінің үлгілерімен қатар, халықтық ұғым-түсініктер, ырым, тыйым, әдет-ғұрыптың ұғымдарымен байланысты деректері қазіргі қуні қазақ наным-сенімдерінің тілдегі көрінісін анықтауға мол септігін тигізуде. Наным-сенім ұғымын білдіретін атаулардың мол екені анық, бірақ олардың ішкі мағынасы, қызметі қалай жұмсалып тұрғандығын анықтау арқылы біз ұлттық салт-сана, әдет-ғұрыптарымыздың тілдегі көрінісін көруімізге болады.

С. Аманжоловтың кейбір археологиялық деректерді, әр қылыштың мәліметтерді, сондай-ақ халық ауыз әдеби мұраларындағы құнарлы материалдарды молынан пайдалануы – бүгінгі қазақ тіл білімінің

өзекті мәселелерін терең жан-жақты қарастырып жүрген ізденушілер, зерттеушілер, жалпы тіл мамандары үшін өз улесін айтарлықтай тигізуде. Профессордың еңбектерінен кездестіріп жүрген қазақтың ырым, тиым, әдет-ғұрып ұғымдарымен байланысты атаулар бүгінгі таңда біздердің тереңінен қарастырып келе жатқан қазақ халқының наным-сенім ұғымдарының тілдегі көрінісіне байланысты зерттеулерге негізгі дерек көздерінің бірі болып отыр. Атап айтқанда, «алтын қабақ арттыру» (күміс тенге арттыру), «ауып тиу» (екінші рет күйеуге шығу), «бара бәйбіше болу» (қыздың әйелі өлген адамға тиуі), «жылау айту», «жайын беру», «сөз тиу» тағы сол сияқты.

Адам тәрбиесіне терең мән беріп, оны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуді мұрат тұтқандардың бірі – қазақ халқы. Сол халықтың ұлттық болмысын, мәдениетін, салт-дәстүрін нақыштайтын сан алуан әдет-ғұрыптары бар. Соның бірі – қазақ халқының наным-сенім ұғымдары. Қазақтың наным-сенімдері – халық қазынасының танымдық, тәрбиелік қасиеті зор саласы.

Қазақ наным-сенім ұғымдарының сан ғасырлар бойы тілдік қолданысымызда сақталып келуі – олардың нақты тіршілікпен байланыстылығының, өмір үшін өзектілігінің және ақыл-ой жұмысының көрінісі екендігінің белгісі.

Бүгінгі күні халқымыздың жоғала бастаған осы бір мұрасының мән-мағынасы тереңірек қарастырылып, оның келер ұрпақты ізгілікке, инабаттылыққа баулитындығы тілге тиек етіліп келеді. Жалпы, кез келген жеке адам өзінің төл мәдениетінің көусар бұлағына терең бойлағысы келсе, еріксіз төл тілінің сыр сандығына үнілмей өтпейді. Себебі төл тіл – халықтың ғасырлар бойғы асыл қазыналарын бойына сінірген ұлы тіл. Ал ол төл тілде қандай да бір тіл мен мәдениеттің мәселелерін шешуде тілдегі лексикалық единицалар, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, тұрақты атаулар мағызды рөлге ие. Өйткені тұрақты атаулар – ұлттық мәдениетті өз бойына мықтап сінірген тілдік тұлғалар. Мәселен, қазақ тіліндегі «шөміш қағу», «қазық майлау», «отқа май тамызу», «тоқым қағу», «жасау беру», «келін тұсіру» деген сияқты тұрақты тіркестер қазақ халқының салт-дәстүрлік мәдениетінен хабар береді.

Адам жанына эстетикалық ләzzat сыйлайтын, жан дүниeде бейнелі өрнек арқылы ерекше әсер ететін көркем сөз әлемінің маңызды бір саласы – тұрақты сөз тіркестері.

Қазақ тіл білімінде фразеологизмдер табиғаты біршама зерттелініп, негізінен олардың жалпы мәселесі мен жеке категориялары, көркем шығарма тіліндегі қолданысы мен лексика-грамматикалық, мағыналық топтары, варианттылығы мен жасалу тәсілдері тағы сол сияқты өзіндік сыр-сипаты сөз болып келеді. Алайда қазақ тіліндегі фразеологизмдердің соншалықты зерттелгендігіне қарамастан, фразеология жүйесінен ұлken орын алыш, арнайы зерттеуді қажет ететін фразеологизмнің арнасы – қазақ ескіліктерінің, нанымдарының бір түрі саналатын қазақ тіліндегі қарғыс мәнді оралымдар.

Біреуге айтылатын жаман тілек мағынасын сақтай отырып, қарғыс мағынасын сақтай отырып, қарғыс сөзі бірқатар түркі тілдерінде кездеседі.

Атап айтқанда қыргыздарда «карғыш», түрікмендерде «гарғыш», хакастарда «харғас», туваларда «карғыш», якут тілінде «карыйс» т.б. түрінде ұшырасады. Тіпті монгол тобындағы тілдерде: монголдарда «хараал», қалмақтарда «харал» дыбыстық құрамдарда айтылып, «қарғыс» сөзінің мағынасын береді.

С. Аманжолов «кедір-бұдыр» кезеңдер сөзден табылады дегеніндей, қазақ наным-сенімінде кездесетін «қарғыс» - әр халықтың балағаттау, қарғап-сілеу, жаман тілек сияқты қара ниеттерінен туған құпиясы терең, сыры мол ғұрып болып табылады.

Адамның адаммен және өзін қоршаған орта мен қарым-қатынасы алуан түрлі қарғыстардың туындауына себепші болған. Қарғыс атаулыны парактап тану үшін, оны мән-мағыналық ерекшеліктері бойынша саралап алу қажет.

Қарғыс түрлері көп және ол жалпы адамдарға, соның ішінде ер-азаматтарға, әйелдерге, балаларға және жан-жануарларға, жансыз заттарға да арналып айтылып жатады, сондай-ақ түрліше мәселелерді қамтиды.

Халқымыздың айшықты тілінің бай сөздік қоры әлі де зерттелуде. Мейлі ол алғыс, мейлі ол қарғыс болсын, мейлі наным-сенім, ырым, тыйым, салт-дәстүр ұғымдары болса да, ол халықтың ұзақ жылдар жасаған ұлттық мұрасы болып саналады.

С.Аманжолов зерттеулеріндегі диалектологиялық сөздікте қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрпына байланысты атауларға да анықтама берілген. Ол атаулардың бүгінгі халық болмысын, этнос ерекшелігін, ұлттық менталитетін, қоршаған ортаға деген ұлттық көзқарас пен ой-пікірлерін тану жолында орны ерекше. Қазақтың ұлттық менталитетінің бірі – ол қонақжайлышы екені баршамызға мәлім. Қонақ десе ішкен асын жерге қоятын халықтың болмысы тілі арқылы, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге байланысты атаулары арқылы көрініс береді. Қазақ халқының қонақжайлышының, кеңдігін ең бірінші той жасауынан, ас беруінен көреміз. Осы ұлттық өзгешелікті С.Аманжолов диалектологиялық сөздігінде жергілікті тіл ерекшеліктеріне байланысты ас беру, той жасауға қатысты атаулар арқылы көрсетеді. Мысалы: «**Жора**: сірне, кезектесін, бірінің үйіне бірі барып қой сойып, оны бірге жеу. Жайын беру: ас беру, той жасау»[62;379] - деп, салттық атаулар арқылы халық өмірінен көрініс береді. Мұндай атауларға анықтама беру арқылы ғалым тіл болмысының халық өмірінен, түрмис-тіршілігінен, әдет-ғұрып, салт-дәстүрінен, ұлттық менталитетінен, мәдени-рухани өмірінен көрініс бергісі келегенін анғарамыз.

Сонымен қатар, әдет-ғұрыпқа байланысты диалектілерді зерттеуші: «**Жылау айту: жоқтау айту**»[62;79] және «**Сыңсылау: сыңсу** (түрмисқа шығып бара жатқан қыздың қоштасу әні)»[62;406] -деген түсініктеме береді. «**Жылау айту**» - ол жақын адамынан айырылған кісінің мұн, зары. Адам қайғырғанда, бір нәрсеге күйінгенде жылайтыны белгілі. Сол күйдегі көріністің бейнеленуіне байланысты халық өзіндік дүниетамымен «жылау айту» немесе «жоқтау айту» деп атап кеткен. Кейін қалыптаса келе бұл, әдет-ғұрыпқа айналған. «**Жылау айту**» мен «**жоқтау айту**» деген атаулар әр түрлі

болғанымен, ішкі мағынасында байланыс бар екені жақынын жоғалту дегенге саяды. Осы мағыналық байланысты жақсы түсінген ғалым қазақ халықының бауырмашыл, ағайын туысқа деген қарам-қатынасы ерекше екендігін көрсеткісі келген. Ә.Қайдар өзінің этнолингвистикалық сөздігінде осыған ұқсас «жоқтап жылау», «жоқтау айтып (салып) жылау» түрлерін мынадай деп сипаттайды: «Жоқтап жылау <жақын адамын жоғалткан көңіл айта келген жандарға сол адамның қадір-қасиетін, мінез-құлқын айтып, сол жандардың сай-сүйегін сырқыратса, енірегендеге етегі тола қайғыра жылауы>»[67;241].

«Жоқтап айтып (салып) жылау <қайтыс болған адамның жақын туысы (қарындасты, әпкесі, анасы, әйелі, жиені т.б.) арнайы жоқтау айтып, көрісуге келгендердің сай-сүйегін сырқыратып, жүректі елжіретер сөз айтып, сол адамның сыр-сипатын, мінез-құлқын жыр қып айтып жылайтын. Қазақта әйелі бетін жыртып, шашын жайып жылайтын дәстүрі бар. жоқтау айтып (салып) жылау көбіне әйелдерге тән>»[67;241].

Ал «сыңсылау» немесе «сыңсу айту» - ол қазақ өмірінде ежелден келе жатқан дәстүрдің бірі. Қазақ қызын бой жеткен соң тұрмыс құруға аттандырады. Сонда қыз туып өскен жерімен, туысқандарымен қоштасқанда көңіл-күйін, қимастық сезімін өлең жолдарымен білдірген. Бұл дәстүрге атау болып тұрған «сыңсу» немесе «сыңсылау» сөзі де қыз баланың жылауын, яғни мұнын білдіреді. С.Аманжолов осы «сыңсу айту» дәстүріне және жергілікті тіл ерекшелігіне байланысты халық дүниетанымының өзіндік менталитетін тіл арқылы көрініс беретіндігін білдірген.

Қазақтың ұлттық ерекшелігін танытатын болмысымыздың бірі – жүзге, руға таратылу. Қазақ халқы ұлken кісінің есімін атамай, кішіпейілділік танытып сыйласып отырған. «Кез-келген қазақ өзінің руын, тайпасын, қай тайпалық одакқа жататынын билетіні белгілі»[45;10]. Осындай этнопсихологиялық түсінік нәтижесінде, қазақ өзін-өзі таныстырғанда шыққан ата тегін айтқан. Бұл ерекшелік тек қазақ халқына ғана тән қасиет. Ұлттық болмыстағы сан түрлі мұндай ерекшеліктер жеке ұлтқа (этносқа), ру, тайпаға, қоғамдағы ұйымдастырылған топтарға беретін «мінездеме» болып қана есептеліп қоймай, сол халықтың танымының деңгейін, дәрежесін көрсетеді. «Қазақ тарихындағы жүздердің шығу тегі және қалыптасу мәселесін анықтау этногенез мәселесінің аса маңызды, одан ажыратуға болмайтын бөлігі болып табылады» [45;119]-дегеніндей, мұндағы таным болмысы жалпы халыққа ортақ болмай, жекелеген ұлт, ру, тайпаларға мүдделі дүние. Осы жұмыста аталатын ұлт, ру, тайпа аттары болып саналатын этнонимдер арқылы біз тілдің түрлі қабаттарының шығу тарихы мен әр дәуірдегі өзгерісін айқындаймыз. Бұл тұрғыда Т.Жанұзақтың мына пікірі орынды: «Этнонимдер әрбір дәуірдегі қоғамның даму барысын, оның идеологиялық жағдаяттарын, тарихи көрінісін, тілдік негізін білдіріп отыратын құнды материал болып табылады» [68;451] –дегеніндей, қазақ этнонимдері әр дәуірден, тарихтан, қазақ қоғамының дамуы кезеңдерінен көрініс береді. Этнонимдердің белгілі бір кезеңдегі қазақ өмірінен көрініс беретінін жақсы түсінген

С.Аманжолов диалектологияға қатысты зерттеулерінде жергілікті тілді тайпаға, руға жіктей отырып, қазақ этнонимдерінің тарихы арқылы қазақ халқы мен тілдің тарихын байланыстырады. Зерттеуші жергілікті тілдің территориясын анықтауда «қоңырат», «найман», «көрей», «арғын», «уақ» сыйнды тайпа, ру аттарын қолдана отырып, ұлт ерекшелігін танытады.

С.Аманжолов сондай-ақ кісі есімдерін де егжей-тегжейлі талдалаң этнолингвистикалық, этнопсихологиялық ерекшеліктерін көрсетеді. Қазақ тұрмысында есім беріп, ат қоюда ұлттық салт-сана, әдет-ғұрып, тарихи дәстүр, әр түрлі тілек-мақсатпен қатар халықтың ұшқыр ойы мен ұлттық мінез-құлқы да кеңінен көрініс тапқан. Осы орайда, тілші назарына іліккен әр мысал адамның қабылдау ерекшелігінен және ұлттық-мәдени тәжірибесі тұрғысынан түсіндірілген, адам санасында туындаған әр ой қалыпты жағдайдан асып, образды пайымдауға сүйене берілген: «Жоғарыда келтірген жер мен су аттарын алсақ та, кісі аттарын алсақ та олардың жасалуында белгілі зандылық барын байқаймыз. Мұндағы кісі атының өзі тоғыз жол яки тоғыз мақсатқа тірелетін көрінеді. Тоғыз жол дегендеріміздің бірі - адамзаттың жақсы өмір сүргісі келуіне байланысты, Бұл мақсатқа жету үшін ата-ана өз баласына ең жақсы, ең белгілі, атақты адамның атын қояды. Солай етсе, оның баласы да атақты болатындей көрінеді. Мысалы, ислам дінін қабылдаған жұрт үшін қадірлі, атақты адам сол діннің бастықтары, я сол дін үшін құрескендер болып көрінеді. Сондықтан мұсылман діндеңілердің аты бірде таза Мұхамед, Ғали, Омар, Оспан, Ахмет, Садық... болып келеді, бірде солардың басқа сөзben қосындысы болып келеді (Мұхамедсадық, Сапарғали, Қожахмет, т.б.)» [45;75]. Когнитивтік лингвистика зерттеушісі Э.Оразалиева С.Аманжоловтың еңбектеріндегі кісі есімдерінің этнолингвистикалық қырын: «Халықтың танымның ең үздік көрсеткішін, шын мәнінде, адамдардың есімдері, олардың қойылу тарихы құрайды. Сәбиге атты сол әuletтегі ұлken не болмаса аса беделді адамдарға қойдырудың себебі де этникалық салт-дәстүрдің, әдет-ғұрыптың айғағы екенін дәл байқаған ғалым қазақ есімдерін түп төркінін, уәжділігін жан-жақты зерттеп, семалық талдауларына арқау еткен» [35;43] -деп бағалай отырып, С.Аманжолов зерттеулерінде қазақтың ономастикалық атаулары халықтық менталитетті, ұлттық болмысты, адамның әлемді танып, түсінуіне негізделе талданғандығын айтады.

Қазақ халқында сәбиге есім қою аса мән берілетін мәселе. Халық өмірінде көбінде сәбидің есімін көпті көрген, ақылды, данышпан қариялар қойған. Қойылған есім міндетті түрде бір мағынаға ие сөздер болып табылады. Олардың мән-мағынасы әр түрлі бірде, ата-ана арманын білдірсе, бірде белгілі бір оқиғаға, құбылыстарға байланысты қойылған. Қазақтың ұлттық менталитетінде қалыптасқан есімдердің бір тобы – ата-анасының арман-мұратын, тілегін білдіретін есімдер. Қазақта ондай есімдер сәбидің болашағына әсер етіп, өмір сүруіне ықпалы бар деген сенім бар. Мұндай есімдерді ата-бабамыз ұрпағының болашақта өз ортасының, қоғамының беделдісі және халқының қамқоры, жанашыры болса екен деген үлкен мән-

мағынасы бар сөздерді атау ретінде қалыптастырған. Халық дүниетанымында қалыптасқан онамастиканы С.Аманжолов тіл тарихы мәселелеріне байланысты зерттеулеріне арқау еткен. Ғалым қазақ есімдерінің табиғатын ашып, талдау жасайды. Тілек, қалау мәндегі есімдерді тілші былай талдайы: «Тоғыз жолдың үшіншісі - баланың міnez-құлқы жақсы болуын тілеуден туатын аттар. Мысалы, жібектей болсын десе, қыздың атын Жібек қояды. Жомарт болсын десе, баласына «Жомарт» я «Мырза» деген атты қояды»[45;75-76]. Қазақ есімдерінің қалау мәндегі тобына талдау жасай отырып, оларды халық дүниетанымының, психологиясының, коршаған органды қабылдауының негізінде қалыптасқандығын көрсете тұжырымдайды.

Ғалым тың мағына ие есімдер халық дүниетанымын, ой-санасының тіл болмысындағы көрінісі екендігін ашып айтпаса да, бұл есімдерде тіл мен таным болмысы сабактасып жатқандығын білдіреді. Кісі есімдерінің лингвоконцептологиялық негіздерін зерттеуші Б.Тілеубердиев қазақ онамастикасында «адам», «кеңістік», «жан-жануарлар» мен «өсімдіктер» концептілері қарастыра отырып, қазақтың адамға ат қоюның өзі философияның биік деңгейі екендігін көрсетеді: «Қазақ антропономиясында жеке есімдердің қоғамдық баға өлшемі бар. Кісі аттарының әлеуметтік ерекшелігі әсіресе тілек, қалау есімдерде айқын көрінеді, мұнда қазақ қоғамындағы есімдердің тұтас бір тобын ұнамды «тілек іспетті есімдер» құрайды» [69;13], - деген пікірі профессор С.Аманжолов көзқарасымен үйлеседі.

Тілші-ғалымның бұл пікір, көзқарастары бүгінгі онамастика ғылымының және таным болмысының зерттелуіне өзіндік ұлесін қосып отыр. Қазақ есімдерінің бүгінгі адамның дүниетанымынан, мәдени өмірінен хабар беретіндігі туралы Ә.Д.Сүлейменованаң: «Тіл бойынша табиғи, климаттық, мәдени және өзге де адам өмірінің шарттарын білдірер өзгешеліктерді сініру арқылы дамитындықтан, ат қою жүйесінің өзі әлемнің шексіз болмысын бейнелеуден туындаиды...» [70;89] деген тұжырымына сүйенер болсақ адамзат тіршілігінің ажырамас бөлігін құрайтын ат қою процесінің негізінде де танымдық әрекеттің негізгі ұстанымдары жүзеге асады. Қазақ есімдері тек ұлттық психологиясын ғана емес, сонымен қатар халықтың тұрмыс-тіршілігін, наным-сенімін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын білдіріп, мәдени-рухани өмірінен көрініс береді.

С.Аманжолов қазақ есімдерін талдауда әлеуметтік ұғымға байланысты мынадай мысалдар келтіреді: «Тоғыз жолдың төртіншісі – бала бай болсын, хан болсын деген үмітпен қойылады » - деп мынадай мысалдар келтіреді: «Омархан, Сейілхан, Жұмахан дегенде «хан» қосымшасы айтылса, Омарбай, Сейілбай, Жұмабай... дегенде «бай» қосымшасы» - болатындығын айтады. Мұндағы «хан», «бай» қосымшалары жайында Т.Жанұзак: «Кісі аттарының сыңарларында кездесетін хан, бек, бай, қожа сияқты сөздер таптық мәні бар тарихи терминдер. Оларды ертеректе үstem таптардың тегін білдіру үшін жеке тұлғаларда қолданса, кейіннен кісі аттарының сыңарында қолданылып,

бастапқы мағыналарынан айырылып қалған»[68;160], - дейді. Дегенмен «хан», «бай» сөздерінің мағынасы кеңейіп, С.Аманжолов айтқандай «бала бай, хан болсын» деген сияқты халықтың арман-мұраты суреттелген. Ғалым қазақ нәрестесінің болашағы өзі өмір сүріп отырған әлеуметтік ортадағы орны жоғары, биік болсын деген үмітпен қойылғандығын түсіндіреді.

С.Аманжолов еңбектерінен этнолингвистикалық сипаттағы тілдік бірліктерді кездестіреміз. Ғалым еңбектері қазақ халқының тұрмыс-тіршілігіндегі салт-дәстүрлерімен, мәдени өмірінен көрініс беретін тілдік тұлғалар арқылы байланыстырыла зерттелінген. Тіліміздегі септік жалғауларын түсіндіруде мынандай мысалдар қолданған: «Жүрдек атқа бір қамшы, шабан атқа мың қамшы»[45;228]. Қазақ халқының көшпелі өмірінен көрініс беретін шешен, дана халықтың мақалын, тілші ұлттық менталитет негізінде түсіндіреді. Бұл мақал-мәтедегі «қамшы» сөзі қазақ өмірінде кездесетін этнолингвистикалық атау ғана емес, қазақтың мәдени өмірін де көрсетеді. С.Аманжолов сондай-ақ тіл білімі мәселелеріне қатысты еңбектерінде ұлттық болмыс арқылы түсіндіреді. Бұл сөйлемдердегі «қамшы» сөзі – қазақтың көшпелі тұрмыс-тіршілігіндегі мал шаруашылығымен, соның ішінде жылқы малын көлік ретінде қолданғанынан көрініс береді. Дегенмен қамшы сөзі қазақ сан алуан қызмет атқарған. Мысалы ат жүргізетін құрал дүре соғатын құрал өлшеу құралы, ауру адамдардың бойынан жын-шайтандарды қуып, науқасты емдейтін құрал есебінде қолданған. Осы қолданыстарға байланысты бұл құрал этностың ұлттық ерекшелігін тануда мол мәлімет береді.

«Біз жазды жайлауда өткіздік»[45;230]. «Жайлауда» сөзі көшпелі қазақ халқының жыл ішіндегі белгілі бір кезеңін сипаттайты. Сонымен қатар, «жайлау» - қыс қаһарының боданынан босанып, жаны жай тапқан адамдардың қуанышының хабаршысы ретінде де танылады. Осы қоныс мал шаруашылығымен айналысатын қазақтың өмірінен ерекше орын алады.

«Сені бөркіңнен, дауысынан таныдық» [45;233]-деген сөйлемдегі «бөрік» сөзі – қазақтың ұлттық бас киімі. Бұл киім атауының мән-мағынасы халқымыздың мәдениетінен ғана емес, сонымен қатар ұлттық ерекшелігінен де көрініс береді. Бөріктің қазақ халқы үшін қасиетті зат болып саналуының себебін Алмауытова Ә.Б. «Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты » атты кандидаттық диссертациясында былай түсіндіреді. «Бөріктің қазақ халқы үшін этникалық құндылығы мынада: сипайылық көрсеткенде не біреудің аяғына жығылып, кешірім өтінгенде, бөрікті шешіп оның аяғының астына тастанап, кешірімін алған. Міне осыдан бөріктің халқымыз үшін қасерлі бас киім екенін көруге болады» [71;57]-деп, бөріктің ұлттық психологиясын, салт-дәстүрін анықтайды. Сонымен қатар, Алмауытова Ә.Б. бөріктің қазақ үшін символдық құрал болғандығын айтады: «Қазақ халқы «бөрікті» символ ретінде бағалаған. Осыған байланысты халқымызда «Бөркінді теріс киме» деген тиым сөз бар. Оның себебі бас киімді теріс қаратып киген жаман істің белгісі деп санаған. Сондай-ақ «бөркін аспанға ату» деген тіркес адамның қатты қуану, шаттану дағдысынан

туған»-деп тұжырымдайды. Демек, бөрік сөзінің қазақ өмірінде ерекше мән-мағына беретіндіктен, ұлттық ерекшелікті танытатындықтан этнолингвистикалық тұлға болып саналады. С.Аманжолов зерттеулерінде осындай этнолингвистикалық атауларды қолдана отырып, халқымыздың, ұлттымыздың өмірінен, тұрмыс –тіршілігінен көрініс береді.

С.Аманжолов қазақ халқының тарихына үңіліп, Радлов еңбегінде қоныраттардың 12 руға бөлінетіндігін, және олардың «алтауы – алты ала көктің ұлы (шесть отцов – кок'a сыновей), алтауы – алты ата коктонгшу болып аталған»[62;63]. Осы пікірге ғалым өзінің көзқарасымен тұжырымын ұсынады: «Радловта алты ала көктің ұлы аударғанда «шесть отцов кок'a сыновей» болып шыққан; шынында бұл фразаны «шесть родов сыновей неба» деп түсіну керек; алты ата көктің құсы (алты ата коктонгшу) дегенді осыған ұқсас шесть родов птиц небесных түсіну қажет. Мұнда ата сөзі әке емес, ру мағынасында қолданылған. Бірақ өз ата-тегін көктің ұлы немесе көктің құстарына дейін көтерген бұл аңызды неғұрлым кейін шыққан құбылыс деуге болмайды» [62;63]- деген ғалымның зерттеулері тілді қазақ халқының танымдық сипатына қарай қарастырылып, бүгінгі күні баға жетпес тарихи мұра болып отыр.

С.Аманжолов тілдің дамуына байланысты еңбектерінде тілдің қоғам үшін, мәдениет үшін маңыздылығын: «Тек ана тілін жақсы білгенде ғана сенің алдыңнан ғылым мен техника, әдебиет пен мәдениеттің есігі кен ашылады»[45;56]-деп түсіндіреді. Тіл болмысы халықтың ұлттық ерекшеліктері мен мәдени дамуынан көрініс бере алатынын жақсы түсінген ғалым өркениет, мәдениет, әдебиет, ғылым мен білім көшінің кілті ана тілі екендігін дәл тұжырымдап көрсетеді. Тілші тілдің қоғамдық қатынастарда әр алуан қырларын зерттей отырып, халықтың ұлттық сипатын, мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын ана тіліндегі тілдік бірліктер арқылы тануымызға болатындығын ашып айтпағанмен, жоғарыда келтірілген пікірі тілдің танымдық болмысын түсіндіреді.

«Қазақ тіл білімінің негізін салушы көрнекті ғалымдардың еңбектерінде тілдің танымдық қыры жайлы көзқарастары бірін бірі толықтырып тұрғандай. Себебі тіл болмысын өте жақсы түсініп, зерттеулеріне арқау еткен ғалымдардың қай-қайсысы да адам және қазақ қоғамының игілігі үшін жазған»[72;496]. Демек,, А.Байтұрсынұлы еңбектері әлемнің тілдік бейнесі және термин жасаудағы таным ұлгілері арқылы таным теориясының негізін құраса, Қ.Жұбанов зерттеулері тіл мен таным бірлігін айқындалап, тіл мен мәдениет тұтастығын көрсетіп, тіл арқылы халықтың мәдениетінен хабар алуға болатынын дәлелдейді. С.Аманжолов еңбектері тіл мен қоғам сабактастығын қарастырып, тіл сананы бейнелей алады деп тұжырымдайды. Тілшілердің тілдің танымдық болмысы жайында жазған пікірлері бүгінгі күні ғылымда таным теориясының қалыптасуына негіз болып отыр.

I.3. Таным теориясының психолингвистикалық негізі (А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері бойынша)

Танымдық лингвистика адамның ойлау категориясымен байланыстырылса, психолингвистика адамның тілі мен психологиясын тұтастықта қарастырады. Тілдегі таным адам санасындағы танымдық әрекеттер арқылы жүзеге асып, дамиды. Адамның танымдық әрекеттерінің, психологиясының тілмен тұтастығы қазак тілінің негізін салушы А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулерінен де көрініс тапқаны айқын.

Адамның қоршаған ортаны тану барысында түсіктен қабылдауға дейінгі айналананы тану, ес, зейін әрекеттерінің қалыптасуын, сонымен бірге ойлау, есте сақтау, қиялдау, тіл, эмоция сынды әрекеттердің дамуын сипаттайтын барлық психологиялық процестердің бүкіл ауқымын когнитивті психология қамтиды.

«Психологияның танымдық бағыты субъектілердің қабылдау, ойлау, тану, пайымдау, түсіну әрекеттерін жан-жақты талдау негізінде адамның ішкі, көзге көрінбейтін әрі нақты механизмдер мен процестер арқылы емес, сана, жады қызметтерінің көмегімен бақыланатын мәселелерді шешуге бағытталды» [36;153]. Ғалым-лингвист Дж. Кесс психолингвистика дамуында төрт негізгі кезеңді атап көрсетеді: қалыптасу кезеңі; лингвистикалық кезең; когнитивтік кезең; когнитивтік ғылымның ағымдық кезеңі. Алғашқы кезең үшін структурализм мен бихевиоризм идеяларының әсері тән болса, екіншісі лингвистика мен психолингвистикадағы трансформациялық туыннатушы грамматиканың басым болуымен байланысты. Когнитивтік кезең Н.Хомский жариялаған грамматиканың негізгі қызметінен бас тартып, оның (грамматиканың) семантикамен, ал тілдің - тілді менгеру мен пайдалану үдерісіне қатысатын басқа да когнитивтік жүйелер сипатталады. Психолингвистика дамуының ағымдық кезеңі когнитивтік әдістің психолингвистикалық білімдер, ділдік репрезентациялар табиғатын орнатумен байланысты зерттеуге әкеп соғады. Сонымен қатар, психолингвистика дамуының бұл кезеңі атап аталаған білімдер мен репрезентациялардың талқылау және шешім қабылдау сияқты ойлау қызметінде пайдалануын анықтайды. Дж. Кесс атап көрсеткен соңғы екі кезеңнің ажыратылуын түсіну үшін «когнитив» элементімен сәйкес келетін бірнеше терминдердің ара-жігін ашып алған жөн, себебі бұл мәселе күрделі болып есептеледі. Когнитивизм бойынша алғашқы кездे сыйға қатты алынған ойлау, шешім, қабылдау сияқты қасиеттер ділдік үдерістерге жатқызылады. Танымдық, яғни когнитивтік үдерістер табиғатын зерттейтін когнитивті психология алғашқы кезден бастап-ақ жасанды интеллект саласындағы зерттеулерді қамтиды. Алайда осыған негізделген теориялар атап аталаған үдерістердің механизмдерін түсіндіріп жеткізуғе жеткіліксіз болды да, мұның өзі философтар, психологтар, лингвистер, нейрофизиологтер, жасанды интеллект саласындағы мамандарды біріктірген когнитивті ғылым

ретінде жүзеге асатын пәнаралық әдістің қажет екенін мойындауға әкелді. Кейінгі жылдары қазақ тіл білімінде когнитивтік психология, когнитивтік антропология, әлеуметтік лингвистика ғылым салалары пайда болды. Соңғы онжылдық ішіндегі психолингвистикалық еңбектерді талдай келе, психолингвистика, когнитивтік психология, когнитивтік лингвистика, жасанды интеллект, сонымен қатар, прагматика саласындағы зерттеулердің ортақ мәселені қарастыратынын байқауға болады. адамның шындық жайлы алған ақпаратты түсіне біліп, оны шешім қабылдау, күрделі мәселелерді шешуде қолдана білуге тырысуы когнитивтік әдіс арқылы іске асады. Когнитивтік психологияның нысанын білімнің құрылымы мен түсінік аппараты немесе адамның ойлау әрекеті құрайды. Когнитивтік психология мен когнитивтік лингвистиканың қарастыратын ортақ мәселелері: жады (есте сақтау), ішкі сөздік қор, сөйлеу әрекетін туғызу мен қабылдау.

Тіл білімінің психологияға негізделген когнитивтік сипат алуы адам миының мүмкіндіктерін жоғары бағалап, оны теренірек зерттеуді алдыңғы орынға шығарды. Ақпаратты қабылдау, өңдеу, қорыту, сақтау тәрізді процестер тілдік зерттеуде де басты мотивацияға айналды. Жаңа дерек алған адамның оны жадында бар бұрынғы дерекпен салыстыратынына, екеуі тенденсе келе, соны ақпараттың пайда болып, оның іске қосылу үдерісіне мән берілді.

Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттарды зерттеген Әмірбекова А.: «психолингвистиканың негізгі мақсат-міндепті біріншіден, жалпы адамзаттың кез келген ақырат дүние туралы алғашқы түсінігін (ассоциациясын) тіл арқылы жеткізу қабілетін зерттеу, тіл тұтынушының белгілі бір ұғым туралы ассоциативті өрісіне шоғырланған тілдік бірліктердің қандай психикалық қабілет арқылы танылғанын (сенсорлы, перцептивті, аффективті, эмоционалды, экспессивті) анықтау, екіншіден, жарыққа шыққан осы ішкі ойдың негізінде адам санасында сенсорлы, перцептивті қабылданған ақпараттардың ұйымдасуын фигура немесе фон аясында құрастырылуын, яғни гешталт-құрылымға салынып, жүйеленуін, жинақталу, реттелу жолдарын зерттеу»[32;60]-деп түсіндіреді. Демек, психолингвистика адамның сенсорлы қабылданған ақпараттардың тілдік көрінісін одан тарайтын ассоциативтік, коннотативтік бейнелеу ерекшеліктерін талдап зерттейтін болса, когнитивтік тіл білімі адамның не ұлттың мындаған бойы жинақтаған ілімі, ақыл-парасаты, ойлау, пайымдау қабілетінен туындаған ұғымдар мен олардың тілдік көрінісі анықталады.

А. Байтұрсынұлы сөз өнерін: «Ақыл ісі – андау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – мензеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату бернелеу, суреттеп ойлау: көніл ісі – түю, талғау» [42; 9] – деп, барлық танымдық әрекеттерге сипаттама береді. Мұндағы «ақыл ісі андау» деп адамның қоршаған ортадағы құбылыстар мен заттарды бакылап, түйсік арқылы қабылдап, сезініп, санасында бейнелеп, елестетін, ол заттар мен құбылыстарды ұғу деп түсіндіреді. Себебі Қ.Жарықбаев зерттеулерінде:

«зейін деп – адам санасының белгілі бір затқа бағытталған тұрақталуын көрсететін құбылысты атайды. Зейін дегеніміз айналадағы объектілердің ішінен керектісін бөліп алғып, соған психикалық әрекетімізді тұрақтата алу»[81;169]-деп түсіндіреді.

А.Байтұрсынұлы зейіннің тілге қатысын «Эдебиет танытқыш» еңбегінде: «Кара сөзден адам тек ұғым алады»[42;132] -деп, ғалым ұғымды сипатына қарай «ес ұғымы» және «іс ұғымы» деп екіге бөледі. «Ес ұғымының арқасында дүниедегі нәрселердің бәрін, затын, занын, сырын, сипатын, мұддесін, мұратын танимыз» «Іс ұғымы арқасында табиғат ісін, күшін, нәрселерін қалай пайдаланатын жолын білеміз»[42;132].-деп, ұғымның қалыптасуы тікелей зейінге байланысты екенін айтады. «Адамның зейіні бүтін ғаламды тануға жұмсалып, дүниедегі бар нәрсенің барлығын, яки бар деп ұйғарылған нәрсенің бар-жоқтығын танып, белгілі бір қарапға келгенде, адамға бір ұлken ұғым пайда болады»[42;133]-деп, зейіннің «бүтін ғаламды тануға» ықпалы зор екендігін көрсетеді. Әрине «бүтін ғаламды тануға» бір зейіннің шоғырлануы аз, адам түйсіктерінің қызметі айналадағы заттар мен құбылыстардың қасиеттерін адамға сезіндіріп, ұғым қалыптастыруына, танымына ендіруге қызмет етеді. «Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының жеке қасиеттерінің, сезім мүшелеріне тікелей әсер етуінен пайда болған мидағы бейнелерді түйсік деп атайды. Түйсік арқылы заттардың түсін, иісін, дәмін, қатты-жұмсақтығын, кедір-бұдырлығын т.б. осы секілді қасиеттерді ажыратылады. Түйсіктер заттар мен нәрселердің тек жеке қасиеттерін ғана мида бейнелейді»[73;183]. Адамның танымдық әрекеттерінің бірі саналатын түйсік әлемдегі заттар мен құбылыстардың қасиеттерін танытады. Өйткені «түйсік – таным негізі. Түйсік - бұл материалдық дүние заттары мен құбылыстарының, сондай-ақ организмінің ішкі күйлерінің жеке қасиеттерін бейнелеуде көрінетін қарапайым психикалық процесс. Бұл процесс материалдық тітіркендіргіштердің сәйкес рецепторларға тікелей әсері нәтижесінде жүзеге асады». [8; 90] Адам заттар мен құбылыстардың сипатын, ерекшеліктерін сезім мүшелері арқылы танып, оны санаға жеткізеді. «Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адамның қажеттеріне сәйкес келуі-келмеүінің нәтижесінде пайда болып отыратын психикалық процестің түрін сезім деп атайды. [73; 293]» Адамның айналадағы құбылыстар мен заттарды тануы, ең бірінші, сезім мүшелері арқылы жүзеге асады. Себебі «Сезім мүшелері –сыртқы дүниені адам санасына жеткізетін каналдар. Сезім мүшелері адамның сыртқы ортада және өз ішкі күйінде бағдарлай алына мүмкіндік береді»[8;91]. Танымның төменгі сатысы болып табылатын сезімдік таным адамның көру, есту, ұстau, иіскеу, дәмін алу сияқты нақты физиологиялық каналдары негізінде жүзеге асады. Олар арқылы адам айналасындағы қоршаған дүниені қабылдайды. Бұл процесс мида белгілі бір нәрсе туралы түйсік тудырады. Заттардың, құбылыстардың сезім мүшелерімізге тікелей әсер еткенде олардың жеке белгілерінің санада бейнеленуі түйсік деп аталады. Түйсіктің нәтижесінде адам шындық болмыстағы заттардың, құбылыстардың жеке қасиеттері,

сапалары туралы мағұлмат алатын болса, қабылдау кезінде заттың, құбылыстың тұтас бейнесін сезінеді, бағамдайды. Және осы түйсіктерді тануға мүмкіндік береді. Яғни, «ес – бір-бірімен байланысты жеке процестерден тұратын күрделі психикалық процесс. Ес адамға қажет, ол жеке өмір тәжірибесінен жинақтап, сақтап, оны пайдалануға мүмкіндік береді»[8;113]. Ес адамның айналасындағы заттар мен құбылыстарды, олардың қасиеттерін, белгілерін сақтап қана қоймай, оны тануына тікелей ықпал етеді. Себебі «ес дегеніміз сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адам миында сақталып, қайтадан жаңғыртылып, танылып, ұмытылуын бейнелейтін процесс» [73;221]. Сондықтан тілдегі таным ес әрекетімен өте тығыз байланысты. Осы байланыстылығын А.Байтұрсынұлы кезінде жарыққа сөз арқылы шығатын ұғыммен байланыстырып: «ес ұғымның арқасында дүниедегі нәрселердің бәрін, затын, заңын, сырын, сипатын, мұддесін, мұратын танимыз»[42;132]-деп, ес процесін толық түсіндіреді.

А.Байтұрсынұлы тілдің міндетін адам ақылымен байланыстырып, «ақыл ісі – ...нәрселердің жайын ұғу, тану» [42;9] – деп, тілдің ақыл, дүниені қабылдау мәселесімен тығыз байланыстылығын көрсетеді. Тілдегі таным адамның заттар мен құбылыстарды тануы арқылы, оларға атау беріп, белгілеріне қарай атаулары да ұқсас келеді. Тануды психологиялық түрғыда Қ.Жарықбаев былай түсіндіреді: «Тану – қайта жаңғырудың қарапайым түрі. Тану – бұрын қабылдаған және қайтадан кезіккенде көрінетін ес процесі. Тану адамдардың қабылдау саласындағы ерекшеліктеріне қарай түрлі дәрежеде көрінеді. Объектіні дұрыс тану үшін адамның көзі төсөліп үйренген, өмір тәжірибесі мол, бақылағыш болуы шарт»[73;230].

Кез келген затты немесе құбылысты қабылдау адамда бұрыннан ұрпақ жалғасып келе жатқан тәжірибе, білім негізінде жүзеге асады. Фалым «ақыл ісі – андау» деп психологияда «қабылдау» деп аталағын танымдық әрекеттің сипатын түсіндіреді. «қабылдау – ми қабығының күрделі анализдік және синтездік қызметінің нәтижесі. заттар мен құбылыстардың мағынасын түсінудің қарапайым түрі –тану. Нәрсені танымайынша оны аңғарып, қабылдау қыын»[73;205]. Заттар мен құбылыстарды қабылдаған кезде оларды түйсініп, қабылдаумен бірге біз ол заттардың қайдан пайда болғанын, олардың қасиеттерінің қандай екендігін елестетіп, түсінігімізді, ұғымымызды кеңейтіп отырамыз. Сондықтан қабылдауға түйсіктермен қатар, ой элементтері де, ес, елестер мен ұғымдар да енін отырады.

А.Байтұрсынұлы танымның жоғары сатысы болып табылатын психикалық процесс «ойлау» әрекетін - «ақылға салып ойлау» деп көрсетеді. «Ойлау дегеніміз – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс-қатынастарының мида жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі. Ойлау сезім мүшелері арқылы алынған мәліметті бейнелейді»[8;127]. Демек,, фалым адамның дүниедегі құбылыстарды, жекелеген фактілерді қабылдай отырып, оларды ойша өндайтіндігін, олардың әрқайсысының мәнісі мен қасиетін, өзара байланысын танып

білетіндігін, сонымен қатар осы әрекеттердің барлығы тіл арқылы жүзеге асатындықтан «сөз өнері» деп түсіндіріп отыр. Танымның кеңейіп, терендеуі адам сөз арқылы ойлағанда жүзеге асады. Ол туралы Қ.Жарықбаев: «Ойлау дегеніміз – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының байланыс-қатынастарының миымызда жалпылай және жанама түрде сөз арқылы бейнеленуі. Нәресте айналасындағы дүниені бірінші сигнал жүйесінің қызметі арқылы танып біледі. Ойлаудың бұл түрі оның танымын онша кеңіте алмайды. Баланың тілі шығып, сөз арқылы ұлкендермен қарым – қатынаска түскенде ғана оның ойлау шенбері кеңейетін болады. ...оидың дамуы адамның нақтылы іс-әрекетімен шарттас болуымен қатар, оның сөйлеу мәдениетін менгере білуімен де, сөз өнеріне жетілуімен де тығыз байланысты»[73;239]- деп түсіндіреді. А.Байтұрсынұлы ойдың дамуына тілдің ықпалын: «Айтушы ойын өзі үшін айтпайды. Өзге үшін айтады. Сондықтан ол ойын өзгелер қиналмай түсінетін қылышп айту керек. Оның үшін айтушы сөйлейтін тілін жасынан естуінше ұлкендерден үйренеді. Соңан соң ол тіл танытқыш кітаптардан таниды. Онаң кейін ұлгілі жазушылардың шығарған сөздерін оқып, өзі іс жүзінде иә ауызша айтып, иә жазып қолданумен біледі. Біз қазақ тіліндегі сөздің бәрін білгеніміз қазақ тілін қолдана білу болып табылмайды» [42;22]-деп түсіндіріп, адамның танымы көрін, естіп, жазып, оқып, іс жүзінде қолдану арқылы қалыптасып ойдың дәлдігін, нақтылығын сөйлеуінде көрстетіндігін айтады. «Тілді қолдана білу деп айтатын ойға сәйкес келетін сөздерді тандап ала білуді айтамыз. Қазақ тілі қазақ ортасындағы бәріне бірдей ортақ мүлік болғанмен, бәрі бірдей пайдаланбайды. Әркім әр сөзді өзінше қолданады, өзінше тұтынады. Бүтін пікірін айтып шығатын әнгіме ішінде түгіл, жалғыз амандашу жүзінде де әркім әр түрлі сөз қолданады. Мәселен, біреу «амансыз ба?» деп, біреу «есенсіз бе?» деп амандасады. Сол сияқты әркім пікірін шығарғанда да ана тіліндегі сөздерді әрқайсысы әр түрлі қолданады. Қысқасын айтқанда, әркім сөзді өз қалауынша алыш, өз оңтайлы көруінше тұтынады. Әркім өз қалауынша алыш, өз оңтайынша алыш тұтынған сөздер сол адамның тілі болады. Сөздің келісті болатын заңдарын, шарттарын біліп тұзу – тіл қисыны деп атайды»[42;22] –деген анықтама берін, ғалым тіл қисыны әрдайым ойлаумен тұтастықта жүзеге асатынын баса айтады.

Ал қиял әрекетін «қиял ісі – мензеу» деп, оны қабылданған ақпараттарды ұқсату, суреттеп ойлаумен байланыстырады. «Қиял – нақты шынайылықты білдіретін және осының негізінде жаңа көріністі түсініктерді қайта жасайтын процесс. Адам миында бұрыннан бар елестерді мәнерлеп жаңа образ жасау процесі қиял деп аталады»[8;141]. Адам ойның ұшқырлығын шеберлікпен жеткізу, қиял әрекетінің жүйрік, терендігі танымға тікелей байланысты. Қ.Жарықбаев: «Қиял дегеніміз – сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының субъективтік образдарын қайтадан жаңартып, өндеп, бейнелеуге көрінетін, тек адамға ғана тән психикалық процесс»[73; 275] -деп түсіндіреді.

А.Байтұрсынұлы «көңіл ісі» деп адамдардың рухани өміріндегі қуаныш,

үрейлену, таң қалу, ұят, т.с.с. түрлі уайымдарды қамтитын адамның эмоциясын, ал «түю» деп адамның мінез-құлқын менгере алу қабілетін мензейді. Адамның мінез-құлқын менгере алу қабілеті танымдық әрекеттің бірі – ерік. «Ерік деп адамның өзінің психикасы мен қылыштарын саналы басқару қабілетінен көрінетін қасиетті атайды» [8;164].

Сонымен ғалым: «Тілдің міндегі – ақылдың андауын андағанынша, қиялдың мензеудің мензегенінше, көнілдің туюйн түйгенінше айтуға жарау» [42;9], - деген тіл мен ойлау, акпаратты қабылдау және пайымдау жайында көзқарасын білдіреді. Демек,, ғалым қабылдау, ойлау, тану, пайымдау, түсіну әрекеттерінің адам санасының тіл болмысымен байланысындағы басты қызмет атқаратындығын көрсетеді.

Когнитивті лингвистика тіл жүйесінің заңдылықтарына сүйеніп, онтологиялық жағдайдың когнитивтік амалмен мағына беруін, тілдік бірліктерде танымдық белгілердің көрініс табуын, тілдің лексика-фразеологиялық және синтаксистік жүйесінің ішкі бірлігін көрсетін, сөздің мәнін әлемдік көзқарас пен мәдени факторлар позициясы арқылы анықтауға мүмкіндік беретін бағыт ретінде қалыптасуда.

Осыған орай, А.Байтұрсынұлы еңбектерінен де тілдік бірліктерді түсіндіруде халықтың түсінігіне жақын етіп, адамның қоршаған ортаны қабылдауда қызмет атқаратын сезім мүшелерін де ескере отырып танымдық түрғыдан жеткізгендігін көреміз. Ғалым адамның сезімдік танымына жеке-жеке тоқталып, оны тілдің құрылымымен сабактастыра түсіндіреді: «көзге көрінетін, құлаққа естілетін, мұрынға иіскелетін, тілге татылатын, денеге сезілетін деректі заттар». Ал «Екіншілері – көзге көрінбейтін, құлаққа естілмейтін, мұрынға иіс келмейтін, тілге татылмайтын, денеге сезілмейтін, адам ақылмен ғана білетін дерексіз заттар»[74;53] - деп, деректі және дерексіз зат есімдердің табиғатын адамның бес сезім мүшелері арқылы түсіндіреді. Галымның бұл пікірін О.Жұбаева: «тарихи даму барысында танымның екі түрі – сезімдік және логикалық таным қалыптасқан. Сезімдік таным адамның сезім мүшелері арқылы қабылдау, түсіну қызметімен байланысты болса, логикалық таным ойлау нәтижесінде қандай да бір құбылыстардың мәнін, өзіндік ерекшеліктерін, заңдылықтарын айқындауға бағытталған»[41;98] - дей келе, ғалымның зат есімдерді түсіндірудегі шеберлігін «адамның сенсорлық қабылдауын» түгел қамти отырып жеткізу арқылы адамның болмысты тану әрекетін нақтылайды деген тұжырым жасайды. А.Байтұрсынұлы тіл мен адамның психофизиологиясы өте тығыз байланыста жүзеге асырылатындығын көрсетеді.

А.Байтұрсынұлы тіл біліміне арналған зерттеулерінде тіл болмысын тереңінен зерттеп, адамзат тілінің ойлауы, пайымдауы, сонымен қатар тілдің танымдық әрекеттермен байланысы, адам санасындағы танымдық ерекшеліктердің сөзден, тілден көрініс табу жолдарын жан-жақты талдай келін, барша адамзат баласының психологиялық құрылышын тілмен сабактастықта түсіндірін, өзіндік ғылыми тұжырымдарын ұсынып, тіл біліміндегі жаңа ғылым салаларының дамуына мол үлес қосқан.

Тіл болмысын адамның психологиясымен сабактастықта зерттеудің ғылыми тұжырымдары А.Байтұрсынұлы еңбектерінен кейін, Қ.Жұбанов зерттеулерінен де көрініс тапқан. Қазақ тіл білімінің негізін салған еңбектерінде Қ.Жұбанов тіл табигатын таныту мақсатында тілді басқа ғылым салаларымен байланыстыра келіп, адамның тілі оның психологиясымен де тығыз байланысты екенін көрсетеді. Адам құндылықтарынан, қасиетінен, ділінен, мінезінен көрініс беретін тілдің психологиялық қырын Қ.Жұбанов сөз берін ой тұстасығы, сөйлеу мен ойлау, танымдық әрекеттердің тілмен байланысы сияқты мәселелерге байланысты еңбектерінен көруге болады.

Қ.Жұбанов еңбектерінде психолингвистиканың ұшқындарын «қабілеттілікті» сапа ретінде сипаттап, ойлаумен байланыстырғанынан көреміз. «Ой деген адамның өзі жайлы, болмаса, төңіректегілер жайлы білгені. Сөз деген – сол білген нәрселердің аты. Соңдықтан адам, заттар мен құбылыстар жайында білген ойын білдіргісі келсе, сол заттар менен құбылыстардың аттарын айтып білдіреді – яғни ойды сөзben білдіреді» [75;8]- деп, ой мен тіл сабактастығын ашып көрсетеді. Сөз берін ой тұстасығын ғалым адамның сыртқы дүниені түйсінуден қабылданған ақпаратты ойлаپ, ойды сөз арқылы жеткізу әрекетін түсіндіреді. Мысалы: «Екі атты кісі келіп түсіп жатыр» дегенде **көріп** білгенімді білдірдім. «Аяғым тоңды» дегенде **тоңып** білгенімді білдірдім. «Баяғыда біздің ауыл көшін жүрген екен» десем, **есітіп** білгенімді білдірем» [75;8]-деп, ғалым көру, сезіну, есту сезім мүшелері арқылы қабылданған ақпараттарды ойлаپ, сөйлеу арқылы сол ойды жарыққа шығарып, әр адам оз ойын сөз арқылы білдіретіндігін түсіндіреді. Сонымен катар, сезім мүшелері арқылы қабылданған ақпараттың адам санасында белгілі бір уақыт бойы пайымдалып, тұжырым жасалатындығын мына мысалмен түсіндіреді: ««Есектен ат жүйрік» десем де, есек пен аттың шабысын талай көрін, сезіп барып білгенімді айттым» [75;8]. Яғни, Қ.Жұбанов адамның психофизиологиялық болмысын сөзben байланыстыру арқылы тіл мен адам психологиясын тұстасықта қарастырады. Танымды ғалым «білгенім» деп адамның заттар мен құбылыстарды танып, білу негізінде қалыптасқан ақпараттық қорды, таным көкжиегін атап өтеді. Тіл болмысының оймен тығыз байланыстылығын «нендей ойымды білдірсем де, бәрі де өзімнің білгенімді білдіру болып шықты» [75;8] –деп қорытындылай келіп, «Адамның ойы мен санасы қаншама күрделі болғанымен, тілсіз ой жүзеге аспайды [8;66]-деген тұжырым жасайды. «Сөйлегендегі мақсат – біреудің екінші біреуге өзінің ойын білдіруі» [2;33]-деп, адам танымында пайымдалған ақпараттардың тілде көрініс табатындығын мензейді.

Психолингвистиканың қарастыратын мәселелері ойлау мен тіл, тіл мен сана, сонымен катар, ойлау мен сөйлеу әрекеті. Себебі сөйлеу де тек тіл, таным арқылы ғана емес, психологияның да ықпалымен жүзеге асады.

Психолог А.Р.Лурия когнитивтік психология тұрғысынан сөйлеуге мынадай анықтама береді: «Сөйлеу – адамдармен қарым-қатынас кезіндегі тілдің нақты жүзеге асуы. Сөйлесудің бірнеше қызметі анықталады:

номинативті, реттеуіштік және коммуникативті. Отандық психология сөйлеудің ішкі (өз ішінен) және сыртқы, айтылымның ауызша және жазбаша түрі бар екенін айтады. Ауызша сөйлеу диалогтік және монологтік болып екіге бөлінеді» [76;28].

Професор Қ.Жұбановтың пікірінше: «сөйлеу – бір оқиғаның жайын хабарлау» [44;118], - дейді. Ғалым «адам бұрын абстрактілі түрде сөйлей алмаған, конкрет түрінде ойлаған. Сондыктан ол кездегі сөздер де конкрет. Кейіннен абстракт түрде ойлай алатын болған соң, әлгі конкрет сөздерін бұған тыққыштаған» [44;118] -дейді. Сондай-ақ, ғалым: «сөйлем – суждение /мысль/, осының сыртқы түрі /керініс/. Әр сөз /представление/» [44;106]-дейді. Демек,, ғалым сөзben ойлаудың өзара байланысына когнитивтік түрғыдан назар аударған.

А.Ә.Қарабалина Қ.Жұбанов зерттеулерін психолингвистикалық түрғыда қарастырады: «Қ.Жұбанов психолингвистиканың міндегін тілді зерттеудің психологиялық бағытында – яғни, сөзді, сөйлеуді, ойды психолингвистикалық талдау деп көрді. Ғылыми психолингвистиканың, қолданбалы этнопсихологияның мазмұнын Қ.Жұбанов байытып, этнопсихология адамдар мен халықтардың тек сөйлеу құбылысының мәселелерін ғана емес, сонымен қатар олардың психологиялық сипатын да зерттеуі керек деп санады» [77;43].

Когнитивтік лингвистика тіл арқылы адамды, адам арқылы тілді тануға бағытталса, Қ.Жұбановта мұның бір жағы субстансияның мифа әсеріне, сыртқы дүниенің танымдық бейне жасауға ықпалына қатысты басым айтылады. Табиғатпен біте қайнасқан алғашқы адам санасында тұтас әлемнің бұзылмай белгілі ғана таңбамен таңбаланып сол күйінде сыртқа шығуынан сақталған элементтер тілде көрініс тауып отырғанын Қ.Жұбанов білдіре отырып, алғашқы дәуірде де адамдар танымы абстракцияланғанын меңзеп кетеді. Тілдің танымдық қасиетін, қиын тауып, қиыстыра зерделеген Қ.Жұбанов еңбектерінен когнитивтік лингвистиканың қай жағы да табылатынына көз жеткізу қиын емес. Ғалым дыбыс ерекшеліктерін түсіндіру барысында табиғаттағы жалпы дыбыстардан тіл дыбыстарының ара жігін ажыратып, терен талдай келе, табиғатпен біте қайнасқан алғашқы адам санасындағы тұтас әлемнің белгілі таңбалар арқылы бүгінге жеткен элементтердің тілдегі көрінісін сипаттайтыны. Қ.Жұбанов зерттеулерінде психолингвистиканың ерекше мән беретін мәселесінің бірі – ым тіліне ғылыми талдау жасағаны көрінеді. Қ.Жұбанов зерттеулері негізінде біз дыбыс тіліне дейінгі қарым-қатынастың осындай балама жолы туралы мағлұмат аламыз. Қ.Жұбанов: «бір замандарда сөз бен ым тілінің қатар жүрген кезі де болған»[44;97]- дейді. Қарым-қатынастың ым-ишара, яғни кинетикалық түрі адамдардың бір-бірімен қимыл арқылы тілдесуін ғалым әдет-ғұрыптан да көруге болатындығын айтады. «Күншығыста әйелдер тұрмысы ерекше жағдайда болғандықтан, әйелдерге арнаулы түрлі әдет-ғұрып өзгешеліктері мұнда жиі ұшырайтыны. Сол әдет-ғұрып өзгешеліктерінің бірі – осы күнге шейін Кавказда армян, грузин, түріктер арасында сақталған

әйелдердің ым тілі»-деп, ол ым тілін армяндар «нашнауар» деп атайдының айтады. Осы мәселеде қимыл арқылы қарым-қатынастың бүгінгі күнге дейін жеткен белгілері ым-ишарапардың қалыптасуын түсіндіреді. «Мұндай әйелдерге арнаулы, жүйелі болмаса да, әйел тілінің өзгешелігі қазақта да жоқ емес. Сол өзгешеліктердің бірі – әйелдерде ғана болатын «ерін шығару» (кеміткенде), «бетін шымшу» (ұятсынғанда), «аузын шылп еткізу» (танданғанда), «аузын быртылдату» (екеткенде)» [44;118] -деп мысал келтіреді. Ғалым тілдің психологиямен сабактастырын көрсете отырып, әйел психологиясына тән ым тілін талдайды. Ғалым ым тілінің коммуникативтік қызметін талдай келе, этнопсихологиялық ерекшеліктеріне баса назар аударып, оның әр халықта әртүрлі сипат беретінін көрсетеді. Қ.Жұбанов танымындағы ым тілі бүгінде теориялық жағынан паралингвистиканың нысанына негізделгенімен қатар, психолингвистикалық мәселелерді кеңінен айқындауға мүмкіндік беріп отыр.

Қ.Жұбанов еңбектеріндегі психолингвистикаға қатысты ой-пікірлері мен көзқарастары таным теориясының ғылыми-теориялық ұғымдарын түсіндіруге жол ашады.

Тіл болмысын зерттеу барысында оның психологиялық қырын біртұтастықта қарастырган ғалымдардың бірі – С.Аманжолов. Профессор С.Аманжолов тілдегі таным болмысын қазақ тілінің тарихын, диалектілік ерекшеліктерін, қазақ тілінің синтаксисін зерттеу барысында әрдайым ескеріп, тіл арқылы халықты, ұлтты, оның мінезін, барша адамзат құндылықтарын танып-білуғе болатындығына мән береді. Ғалым белгілі бір ұлттың тілін зерттеу арқылы сол тілді қолданушы халықтың салт-дәстүрінен, тұрмыс-тіршілігінен, рухани-мәдени өмірінен, әдет-ғұрпынан, этностық ерекшеліктерінен, қайталанбас қасиетінен, сонымен қатар, ділі мен психологиясын кеңінен тануға болатындығын меңзеді.

С.Аманжолов синтаксис саласы мен тілдің теориясына арнаған лингвистикалық зерттеулерінде тіл мен ойдың маңыздылығын: «Тіл – қондырмалық зат. Бірақ ол ойдан құралып, мидың талқысынан шыққан абстракты зат. Мұның анық көрінуі, яғни затқа айналуы тіл арқылы болады. Тіл мен ойлау егіз»[45;64]-деп, тұжырымдайды. «Тіл ойдың жүзеге асуы, абстракт түрден конкрет түрге айналуы деуімізге де болады. Ойдың тілге, яғни сөзге айналуы, сөзben айтылуы конкрет затқа айналғанымен бірдей»[45;45]. Тіл мен ойлаудың өзара байланысын зерттеулеріне арқау еткен ғалым тілдің танымдық болмысын анықтай түседі. Тіл мен ойлаудың байланысы туралы мәселе тіл білімінің ғана емес, сонымен бірге философия мен логиканың және психологияның ең күрделі мәселелері болып саналады. Мәселенің маңыздылығы – ойлау процесі мен тіл табиғатының бір-бірімен өзара күрделі зандылықтар арқылы байланысатындығында. Дыбыстық тіл де, абстракт ойлау да – адамға ғана тән қабілеттер. Бұл екі құбылыс та адамның екі жақты қабілетіне сәйкес әрі әлеуметтік, әрі биологиялық сипаттарымен түсіндіріледі, осы екі факторды бірдей қамтиды. Біріншіден, тіл де, ойлау да – адам миының қызметінен туындауды, сәйкесінше соның өнімі болса,

екіншіден тіл де, ойлау да – әлеуметтік құбылыстар, өйткені оларды өмірге әкелетін адамның өзі – сол қоғамның құраушы бөлігі. Тіл мен ойлау әрі әлеуметтік, әрі индивидуалды-биологиялық түрғыда ұштасып, өзара үндесімде, бірлікті болады. Тіл мен ойлаудың жалпы тұтасымы сол бірліктен көрінеді. Сондықтан ғалым сөйлеу мен ойлау әрдайым сабатастықта жүретіндігін айтады, Демек, ол тілдің әрдайым адам психологиясымен ұштасып тұратындығын білдіреді. С.Аманжолов: «Сөйлегенде, айтатын сөзіміз, терең неше алуан ойымыз, өткір қиялымыз, тереңнен тартып топшылап, алыстан орап, оспақтап, я жоспармен сөйлейтін тәртіпті сөйлемдеріміздің тізбегі толып жатқан ойлардың желісі ... бірден шыға қойған жок. Ойдың да сөйлемнің де даму жолы бар»[45;11]-деп, тілдің адам танымынан көрініс беретіндігін айтады. Сөйлеудің адам психологиясымен байланысы, қарым-қатынас барысында ақпараттың тілдік таңбалар негізінде адам санасына қабылданып, С.Аманжолов айтқандай «абстрактілі» затқа айналуынан көрінеді. Ғалым Б.Қалиұлы қарым-қатынас сөйлем түрінде кездесетін символдық таңбалардың қызметі деп түсіндіреді: «Тілдік таңбалардың ішіндегі ең маңыздысы – символдар. Адамдардың бір-бірімен сөйлесуін, пікір алысуын қамтамасыз ететін – осы символдық таңбалар. Көбінесе сөйлем түрінде көрінетін символдық таңбалардың қызметін – қатынас қуралы қызметі деп атайды»[78;73]. Сонымен қатар, қарым-қатынас адам психологиясының да қатысуымен жүзеге асатындығын Ф.Оразбаева «Тілдік қатынас» атты еңбегінде: «Адамның ойы мен санасы қаншама күрделі болғанымен, тілсіз ой жүзеге аспайды. Сондықтан да тіл – қоғамдық объективті шындықты танудың, оны өмірде пайдаланудың қуралы болып табылады»[22;66]-деп толықтырады. С. Аманжолов сөйлемді ең басты синтаксистік категория ретінде, ойлау сияқты сөйлем де тарихи дамып отыратын категория деп қарайды. Тілдің адам үшін маңыздылығын тілші: «Тіл - амАл құрАл оның арқасында адам бірімен-бірі қарым-қатынасқа енеді, пікір алысады және бірін-бірі түсініседі. Тіл ойлаумен тікелей байланысты болғандықтан, сөзді және сөйлемдегі сөздердің бірлігінде ойлау ісінің жетістіктерін тіркеп отырады. Демек,, адамның дүние танудағы жетістіктері сөзде, сөйлем құрылышында тіркеледі, сөйтіп адам қоғамында пікір алысуға мүмкіндік жасайды» [45;90] дей отырып, сыртқы факторлардың әсері сөз, сөйлем арқылы адамның дүние тануын жетілдіретіндігін көрсетеді.

Дүниедегі құбылыстарды, жекелеген фактілерді қабылдай отырып, адам оларды ойша өндейді, олардың әрқайсысының мәнісі мен қасиетін, өзара байланысын танып біледі. Осылайша дүниедегі заттар мен құбылыстар адам санасында сәулеленеді, зерделенеді, олар туралы ұғым пайда болады. Ұғым шындық өмірдің ең жалпы, ең қажетті жақтарын білдіреді. Демек,, ұғым - заттың немесе құбылыстың жай ғана бейнесі емес, ойда қорытылған, жинақталған, бейнесі. Ұғым - заттардың, құбылыстардың, іс-әрекеттердің жалпы және мәнді белгілері туралы ой. Ұғымның туғаны оны жарыққа

шығаратын атаудың, яғни сөздің пайда болуына әкеледі. Сөйтіп сөз ұғымның материалдық жағы, басқаша айтқанда материализациялануы болады.

С.Аманжолов: «Сөз дегеніміз – белгілі бір мағынаға ие ұғым»[45;244] - деп анықтама бере отырып, сөздің бірден тұлға болып қалыптаспағандығын айтады. Сөз ұғымы «әуелде конкрет бірнеше зат көрінісін, сөүлесін ішіне алуды арқылы жасалған» [45;244], кейін абстрактылы мағынаға да ие болған деп пайымдайды. Сөз адамның дүниедегі болмысты таным арқылы қабылдауы, ғаламның санада бейнеленуін ғалым: «Сөздің өзі – идеяға айналған саналық зат» [45;244] -деп түсіндіріп, тілдің адам санасындағы болмысын түсіндіреді.. Ғалым бұл тұста тіл мен ұғым мәселесін алға қояды. М.Оразов: «Ұғым - логикалық категория да, ал мағына - лингвистикалық категория. Ұғым дүниенің бейнесі ретінде санада өмір сүреді. Ұғым сөзге мағына түрінде бекітілген жағдайда, дүниенің тілдік бейнесі түзіледі. Санадағы ұғымның адамдардың қоғамдық өмір тәжірибесі барысында сөздік қабыққа бекітілген бөлігі ұғымдақ мағына деп аталады. Сөзбен бірге өмір сүретін ұғымдық мағынада материалдық дүниенің белгілі бір дәрежедегі бейнесі көрініс табады» [79;82-88]-деп түсіндіреді. Себебі “ұғымды сөз жинақтайды, аяқтайды. Адамның сезім күйі ұғым мазмұнын қабылдағандай дәрежеге жеткен кезенде, сөз - түйсікті ұғымға айналдыратын форма болады” [80;14]. Демек,, тіл болмысындағы ұғым мен мағына да адам логикасымен сабактасып, тілдің психологиялық қырын көрсетеді. Әрбір сөзде белгілі бір мағына болады. Заттар мен құбылыстар сөз арқылы анықталады да, сөздің білдіретін мағынасы белгілі бір ұғыммен сабактасады. Сөздер мен олардың білдіріп тұрған мағыналары, олардың арғы жағында жатқан ұғымдар саны жағынан бірдей емес. Сөзге қарағанда ұғым-мағыналар одан әлде қайда көп және өте күрделі. Ұғым мен мағынаны жеке сөздер ғана емес, сөз тіркестері бере алады. Әрқайсысы белгілі бір ұғым беретін мағыналық единицалар қатарына жататын жай тіркес, лексикаланған тіркес, тұрақты тіркес, идиомдар, кіші жанрға кіретін жұмбақ, нақыл сөз, мақал-мәтелдердің әрқайсысының беретін ұғымы сөздерге қарағанда әлдекайда күрделі, ауқымды, астарлы, бейнелі.

Адам санасында түйінделген ұғымдар сөзбен белгіленгенімен, әр халықтың тілі әр түрлі болғандықтан жеке тілдердің грамматикасы өзінше қалыптасып, дамиды. Кез келген көне түбірлер – танымдық процестің жемісі болып, адам санасыны, танымның алғашқы көріністері ретінде бағаланады. Адамзат баласы қоршаған ортанды танып, түйсініп, табиғат пен қоғамдық құбылыстар туралы қалыптасқан ұғымды сөзбен таңбалаған. Танылатын зат пен құбылыс, қоғам мен ғалам туралы ұғым да ұлғайып, сол арқылы атау тағу да дамиды. Зат пен құбылыстың әртүрлі ерекше номинативті белгілерінің танылу нәтижесінде сол ерекше белгілер атау туғызуудың негізіне алынады. Атау тағу – қоршаған ортанды танып білудің көрінісі ретінде бағалануға тиісті әрекет. С.Аманжолов сөздің атауыштық қызметін сөз ұғымымен

байланыстырып мынадай анықтама береді: ««атау» дегеніміз – сөз. Сол сөзден жанды нәрсе жоқ. Оның бармайтын жері, баспайтын тауы жоқ. Ол отқа күймейді, суга батпайды. Сөздің бұлай ерекше қасиетті болуы – адамзатқа аса қажеттілігінен, адамзат онсыз толық мәнде адамдық қалыпқа жете алмайды. Оның тіршілігі тілінде, сөзінде. Сондықтан жер жүзінде еш бір өзімен өзі болған тіл жоқ. Барлық тіл олай болса, барлық халық бірімен бірі байланыста, өз табыстарын ауысып алуда» [45;65]-деп, С.Аманжолов тіл болмысының адам баласы үшін маңыздылығын танымдық тұрғыда түсіндіреді. С.Аманжолов: «Сөздің өзі – идеяға айналған саналық зат»-деп тұжырымдай келе, «сөз – асыл қазына. Тіл – сана-сезімнің, ойдың тәжірибеде көрінетін заттық сәулесі»[45;68]-деген салмақты ғылыми тұжырым жасайды. Фалым тіл болмысының адам санасына, оның жетілуіне тікелей қатысты екендігін, тіл білімін зерттеудің жалпы адамзат игілігі үшін маңызы зор екендігін айтады.

А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов қазақ тілінің негізін қалыптастыруға арналған зерттеулерінде тілді психологиямен, адамның ойлауымен сабактастыра қарастырып, таным мәселелесінің психологиялық сипатын жан-жақты менгеруге ықпал етеді. Тіл болмысының табиғатын тереңінен түсінген фалымдардың таным мәселесіне қатысты ой-тұжырымдарының психолингвистикалық қырын талдау бүгінгі қазақ тіл біліміндегі жаңа ғылым салаларының дамуына елеулі үлес болып қосылады. Фалымдар тіл табиғатын түсіндіру барысында сөйлеу мен ойлау, қарым-қатынастың ойлаумен байланысын, қоршаған орта мен адам санасын байланыстыратын танымдық әрекеттердің қызметін, адам танымындағы акпараттардың сөзден, тілден көрініс тауып ойдың жарыққа шығуын қамтып, зерттеулеріне арқау еткенін көреміз.

1.4. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектеріндегі таным теориясын оқытудың философиялық негізі

А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері бойынша таным теориясын менгертудің философиялық негізі білім беру философиясымен тікелей байланысты. С.Ж.Еділбаева білім беру философиясын былай түсіндіреді: «Білім беру философиясы білім берудің онтологиясын, логикасын, аксиологиясын, мәдениетін, әдісін және идеологиясын қарастырады»[81;9]. Осыған сәйкес тіл біліміндегі таным ториясын менгертудің бастапқы ұғымдары, логикалық үйлесімділігі, құндылықтары, әдістері, негізгі идеялары білім философиясының негізін қурайды. Бүгінгі танда құндылық мәселесі әр түрлі мағынада қолданылады. Құндылықтың онтологиялық ерекшелігін білу үшін, алдымен болмыс тұрлерін анықтап алушымыз керек. Ибн Синаның пікірінше болмыстың екі түрі бар: 1) түйсіктен тыс болмыс; 2) түйсікке негізделген болмыс[82;30]. Түйсіктен тыс болмыс сезімдермен түйсінетіндіктен ақиқат болмыс деп танылады. Ал түйсікке негізделген болмыс түйсіктен тыс бір нәрсенің бейнесі секілді, түйсіктен тыс баламасы жоқ ұғым да болуы мүмкін. Осыған орай құндылықтың

онтологиялық ерекшелігін анықтау үшін Оңғаров Е.: «1) Құндылық шын болмыс па, әлде түйсікке негізделген болмыс па? 2) Құндылық іс-әрекетке негізделген болмыс па, әлде қүшке негізделген болмыс па?»[83;132] -деген сұрақтар қоя отырып, құндылықтың мәнін айқындайды. Философ Нұрмұратов С.Е. «құндылық дегеніміз – рухтандыратын шындық»[84;83]-десе, С.Ф.Анисимовтың пайымдауынша: «Егер құндылықтарға маңыздысы қоғамның, таптың, тұлғаның жаратымды, саналы нақты қажеттіліктерін қанағаттандыратын қабілеті болса, онда ол өзінің мағынасы бойынша теріс бола алмайды»[85;41]. О.Ғ.Дробницкий «Адамгершілік» атты еңбегінде адамгершілік сапасы түсінігіне назар аударады: «бұл адам мінезінің ең тұрарлық қасиеттерінің бірі болып табылады»[86;50]-деп құндылық ұғымын кеңейте түседі. Сонымен тіл білімін танымдық тұрғыда оқыту адамды рухтандырады, шәкіртті адамгершілікке тәрбиелейді және ұлттық-мәдени құндылықтарды, оның ішінде салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарды бағалауға жетелейді.

Білім философиясының зерттеу мәні – адам болғандықтан, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың еңбектеріндегі таным теориясын оқыту да білім беру философиясының зерттеу мәнін құрайды. Себебі таным теориясын менгерту тек білім мазмұнын ғана емес, сонымен қатар адамның рухани-мәдени құндылықтарын да қамтиды. Сондықтан тіл арқылы білім алушыға адамгершілік, ұлттық, мәдени, қоғамдық-әлеуметтік құндылықтарды сініру – таным теориясын оқытудың маңыздылығын арттырады.

А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері негізінде таным теориясын оқыту арқылы студентті ұлттық, мәдени, қоғамдық, адамгершілік құндылықтарды бағалау тәрбиелейді. Галымдар тіл біліміне қатысты еңбектерінде таным мәселесіне байланысты жан-жақты ғылыми тұжырымдар мен тілдің табиғатын ашу үшін философиялық пайымдаулар жасайды. Себебі философия табиғаттың да, қоғамның да, ойлаудың да ең жалпы заңдылықтарын зерттейді, сондықтан таным мәселесінің тілдегі көрінісі философиялық пайымдауларды да қажет етеді. Себебі «философия дегеніміз — мәңгі және үнемі өзгерістегі дүниені тану, бар заттар мен құбылыстардың себептері мен принциптерін айқындауға бағытталған ғылым. Ол дүние мен адамның тұтастығы, немесе өмірдің мәні туралы, адамның әлемдегі орны, оның парасаты мен биік қасиеті туралы ілім» [87;12]. Философия – адамның дүниедегі заттар мен құбылыстарды танып, игеріп, оның сырын ашуға жәрдемдесетін ғылым. А.Байтұрсынұлы адамның дүниені, ғаламды танудың биік ұғымы – даналық мәселесін: «Адам зейіні бүтін ғаламды тануға жұмсалып, дүниедегі бар нәрсенің барлығын, яки бар деп үйіралған нәрсенің бар-жоқтығын танып, белгілі бір қарапта келгенде, адамға бір үлкен ұғым пайда болады. Сол ұлы ұғым жүйесі даналық деп аталады. Даналық мақсаты бүтін ғаламды танып, бүтін ғалам аталған дүниенің жұмбағын (дүние мәселесін) шешпек»[42;133]-деп түсіндіреді. Галымның пайымдауынша, адам ғаламды танып, дүниенің сырларын шешіп, ол туралы

үлкен ұғым қалыптастырып, оны сөз арқылы жарыққа шығарады. Себебі «қара сөз нәрсені тиісті жағына сейлейді... Нәрсе турасында тиісінше сөйлеу үшін тиісінше ойлау керек. Тиісінше ойлаған ойымыз, ұғым түрлеріне қарай, бірнеше тарапқа бөлінеді» [42;133]. Сол тараптың бірі - «ғалам тарапы», яғни даналық. А.Байтұрсынұлы ғалам туралы адам пайымының тілге қатысын анық байқап, даналық адамның айналада қоршаған заттар, құбылыстар мен оның сырын, сипатын, зандылықтарын санасына қабылдалап, тіл мен ойлау бірлігі негізінде қайта жарыққа шығаратындығын көрсетеді.

Таным мәселесі адам болмысымен тығыз байланысты болғандықтан, адамның дүние туралы пайымдауымен (яғни философия ғылымымен), санасымен (психология ғылымымен), сөйлейтін тілімен (лингвистика ғылымымен) сабактасып, жаңа ғылыми парадигманың бірнеше ғылымдар тоғысында пайда болуына ықпал етті. Таным мәселесі өте күрделі болғандықтан, жан-жақты анықтап, айқындалап алуды қажет етеді. Танымның философиялық негізі адамның ақылымен, санасымен сабактас. Ақыл-парасат, сана – сезім иесі ретінде адамның ең басты қасиеттерінің бірі — өзін қоршаған ортаны танып – білуге деген ерекше ұмтылыс. Адам айналасындағы әлеуметтік дүниені, табиғи әлемді танып білу барысында олардың ішкі қупиясына үңіледі, қасиеттерін анықтайды, даму зандылықтарын біледі, өзінің орнын, басқа адамдармен қарым – қатынасын белгілейді. Дәлірек айтсақ, таным барысында адам өзін қоршаған ортаны игереді, ол туралы білімі кеңейіп, терендей түседі. Адам айналасын танып, білуге тырысып, ол туралы пайымдап, философиялық дүниетанымын кеңейтеді. Сонымен «философиялық дүниетаным деп әлемге, табиғатқа, қоғамға және олардың арақатынастары туралы қалыптасқан ең жоғарғы ғылыми көзқарастар жиынтығын айтамыз. Философия өзінің мазмұны, түрі және танымдық тәсілдері жағынан әрі дүниетаным, әрі ғылым болып табылады» [87;7]. Демек,, философияда таным философиялық дүниетанымың қалыптасуына зор ықпал етін, адамға ең жоғарғы ғылыми тұжырымдар жасауына әсер етуші әрекет ретінде түсіндіріледі. Қ.Жарықбаевтың пікірінше: «Дүниетаным – адамның табиғат, қоғамдық өмір туралы білімдерінің жүйесі. Нағыз дүниетаным мистика мен идеализмге жат, дәйекті ғылыми-материалистік дүниетаным. Оның басты ерекшелігі – ғылыми негізделетіндігі. Бірден бір ақиқат дүниенің даму зандарын дұрыс түсіндіретін ғылымға негізделген дүниетаным ғана адам психологиясына дұрыс бағыт бере алады»[73;128]. Сондықтан, адам өмірінде маңызды орын алатын, оның рухани байлығын қамтамасыз ететін дүниетанымдық білімі таным арқылы қалыптасады.

Философия зерттеушілері: «таным – жеке тұлғадан оның барлық маңызды күштерін: ақылын, сезімдерін, еркін, түйсігін жұмылдыруды талап ететін аса күрделі үдеріс»[87;296]- деп танып, теориялық тұрғыда танымды екіге бөліп қарастырады. **Біріншісі** – сезімдік таным, ол сезіну, қабылдау, көзге елестету әрекеттері арқылы өзін қоршаған әлемді таниды. **Екіншісі** – логикалық таным, яғни адам әлемді, өзін қоршаған заттар мен құбылыстарды

ойлап, пайымдап, тұжырымдап таниды. Логикалық таным басымдылығымен танымның ең жоғарғы пішімі ғылыми таным қалыптасады. «Ғылыми танымның негізгі мақсаты – шындыққа жету, өйткені сол ғана ғылымның іс жүзінде қолданылуына, пайдаға асуына жол ашады»[88;298].

Қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалымдарымыз сөз еткен таным теориясы – тіл біліміндегі таным. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов танымдық тіл білімінің негізгі ұғымдарын, қағидаларын, ұстанымдарын зерттеулеріне арқау етіп, XX ғасырдың басында-ақ тіл болмысын танытуда философия ілімінің қарарларына дең қойғандарын байқаймыз. Тіл болмысын дүниетану құралы ретінде түсіндірген ғалымдар тілдің танымдық қызметін, тіл мен таным сабактастығын, тіл арқылы халықтық танымды, тіл мен ұлт тұтастығын, тіл мен қоғам бірлігін философиялық пайымдаулары арқылы ұсынып, тілдегі таным теориясының басты ғылыми ұғымдарын қалыптастыруды. Сезімдік таным мен логикалық танымды да тіл біліміне қатысты зерттеулеріне арқау етіп, таным теориясының тіл болмысымен сабактастығын анықтауды көздеді. Сезімдік таным адамның бастапқы сатысы екендігін Қ.Жұбанов «кішкене дүние дәуірі» деп атап: «Адам баласының табиғатында әуелі басқаны біліп алғып, өзін кейіннен білу қасиеті бар... Ежелгі дәуір адамдарының алдымен өзінен басқа заттарға ат қоятыны, өзін сол басқаларға ұқсата атайдыны – өз басын кіші дүние деп біліп, оны ана үлкен дүниеге ұқсатуынан болған. Осы таным тілге әсер еткен»[44;492]-деп, тілдің танымдық қырын дәл көрсетеді.

А.Байтұрсынұлы адам баласында дүние туралы ұғым түрлерін бірнеше тарапқа біліп: «Қара сөз нәрсені тиісті жағына сөйлейді... Нәрсе турасында тиісінше сөйлеу үшіп тиісінше ойлау керек. Тиісінше ойлағанда ойымыз, ұғым түрлеріне қарай, бірнеше тарапқа білінеді: 1) ғалам тарапына, 2) Құдай тарапына, 3) ғылым тарапына, 4) әлеумет тарапына, 5) үгіт-тәрбие тарапына, 6) сын тарапына» [42;133] -деп жіктеп, ғалым адамның дүниені тануы ғылыммен сабактасып, ғылым тілі арқылы адам өмірінде маңызды орын алатындығын түсіндіреді.

А.Байтұрсынұлы: «Ғылым дегеңіміз – дүниені, яғни табиғатты дұрыс тану, ғылым жоқ болса дүниені тану дұрыс болмайды. Дүниені дұрыс танымаған соң, дүние турасындағы мағлұмат жиысатын сана-санлауы дұрыс болмаған соң, табиғаттың күшін, ісін, қасиетін, бұрынғылар теріс танып, теріс әуезе қылған» [42;155]-деп пайымдап, ғылыми таным дұрыс болмаса ол туралы жарыққа шыққан сөз де дұрыс болмайтындығын айтады. Себебі ғалым адамда екі ғалам болады деп түсіндіреді. Оның бірі – *тысқы ғалам, екіншісі – ішкі ғалам*. «*Ақыл, көңіл, қиял сияқты адамның рухына* қараған жағы *ішкі ғалам* болады да, онан басқалар – *басқа адамдар, макұлықтар, нәрселер, бүтін дүние тысқы ғалам* болады. Әуезе тысқы ғалам турасындағы сөз» [42;156] - деп дүниенің философиялық негізін тілмен байланыстырады.

Айнала қоршаған дүниені, оның қасиетін түйсік арқылы адам санасына қабылдап, сезімдік таным қалыптастырады. Сезімдік таным дамып,

қабылданған ақпараттың тек сыр-сипаты ғана емес, оның ішкі мазмұнын ашып, пайымдағ логикалық таным дәрежесіне көтереді. Адамның қоршаған дүние туралы ойлап, пайымдағ, тұжырымдағ, оның сырын ашуға ұмтылатын ой жүйесі, жинақтаған білімі қурделі үдеріс ретінде ғылыми танымға айналады. Қазақ тілінің негізін салушы А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың тіл біліміне қатысты зерттеулерінің басты ерекшелігі – олар тіл болмысын құрылымдық сипатта ғана қарамай, оған философиялық пайымдаулар жасап, тіл табиғатын тұтас танып, және біртұтас үдеріс есебінде зерттеуге тырысқандығында. Мысалы, А.Байтұрсынұлы: «Тіл – құрал. Құрал болғанда толып жатқан есепсіз бөлшектері бар, ол бөлшектері түрлі жағымен қысатын толып жатқан қырлы, тетіктері есепсіз көп бір өте үлкен машина секілді құрал.

Қандай құрал болса да, оны жұмсаушысы екі түрлі болмақ. Біреуі – құралдың ішкі-тыскы бөлшектерінің бәрін біліп, олар қалай бір-біріне үйлесіп, үйлескенінен шығатын тетіктер бір-біріне қалай жалғасып, қалай қызмет ететіндігін біліп отырып жұмсаушы. Екіншісі – олардың бәрін білмей-ақ құралдың жұмсауға керегі бар тыскы бөлшектері мен тетіктерін көрін, жұмсау әдісін үйреніп алып жұмсаушы. Ішкі бөлшектері мен тетіктерін бұл таныс құралды жұмсап жүріп, онымен көп істес болып барып, тәжірибе арқылы таниды.

Солай танығаннан кейін ананың да, мынаның да құрал жұмсауы, оны тануы бірдей сияқты болып шығады. Бірақ асылында олай болмайды. Мәселен: машина бөлшектері жасалынған заттардың қасиеттерін, олар үйлесуінен шығатын тетік зандарының жайын жақсы білетін жұмсаушының машина тануы мен тек өз тәжірибесі арқылы машинамен танысқан адамның машина тануы – екеуі бірдей болмайды. Машина жүрісінде кемшілік біліне бастаса, оның неден екенін анау бірден білгенде, мынау тийті білмеуі мүмкін». [89;1]-деп түсіндіреді. Тіл табиғатын – «құралға» теңеп, адам санасына «женілдетіп» алуы – ғалымның таным теориясының сезімдік және логикалық деңгейлерін қолданғандығын көрсетеді. Тіл білімін көрін, ұстап, сезіне алатын затпен салыстыра түсіндіру арқылы А.Байтұрсынұлы оның ішкі мазмұнын, мағынасын түсініп қолдану мен әдістерін үйреніп қолданудың арасында айырмашылық бар екендігін білдіреді. Осыдан танымның бастапқы деңгейі сезімдік таным адамның тіл табиғатын толық қабылдай алмайтындығын, оның ішкі мазмұнын түсіну үшін логикалық танымның маңыздылығын аңғаруға болады.

Сондай-ақ, Қ.Жұбанов қазақ тілінің грамматикасына арналған еңбегінде сез бөлшектерін құрайтын тілдік бірліктерді тұрмыспен байланыстырып, мәнін бейнелі түрде: «Тігіліп біткен киім, тоқылып шықкан өрмек, иіріліп болған жіп сияқты, сол күйінде адам керегіне жаарарлық болып жасалған затты бұйым дейміз. Ағаш, тас, кірпіш, балшық, шеге, әйнек сияқтылар – үй деген бұйымды жасауда керекті материалдар. Жұн, мақта, жібек, кендір сықылдылар жіп деген бұйымды жасауда керекті материалдар... Сөйтіп өрмекке жіп материал болады. Осы өрмек деген

бұйымның өзінен киім деген екінші бұйым жасалады. Сөйтіп, өрмек киімге материал болады.

Сөз бөлшектерінің бәрі де – шикізат емес, бұйым. Өйткені бәрі де, ірісі де, ұсағы да – сол күйінде-ақ сөздің бір керегіне жааралық болып жасалады. Ең аяғы – жеке дыбыс та бір сөзді екінші сөзден айыруға жарайды» [76;2] – деп түсіндіріп келіп, «Сөйте тұра сөз бұйымдарының бірі-біріне материал болады. Сөз бөлшектерінің әрбір ірісі – өзіне тете ұсағынан жасалған бұйым, әрбір ұсағы – өзіне тете ірісін жасайтын материал» [75;2]-деп түйіндейді. Галым тіл құрылымын, тілдің теориялық ұғымдарын түсіндіру үшін шәкірттің танымына сәйкестендіріп, бастапқы сезімдік таным, кейін логикалық танымда қабылданып, өндөлген ақпаратпен салыстыра баяндайды. Сонымен бірге, ғалым тіл білімінің заңдылықтарын тұрмыспен байланыстырып, білім алушының қабылдауына жеңіл, ұғынықты түсіндіру әдісін шебер қолданады.

Адамның заттар мен құбылыстар туралы ақпараты ішкі мәнге қарай ұмтылып, жүйелі, шынайы білімге айналады. Ендеше, танымды адамның жаңа әрі тың білімді игеріп, рухани баюы деп есептеуге болады. С.Аманжолов адамның дүниетануына тілдің ықпалы зор екенін, тіл арқылы қарым-қатынас жасап, пікір алысу нәтижесінде адам ой-санасының кеңейетіндігін айтады. Және адам қарым-қатынас жасап, бір-бірін түсінісден ой-санасы кеңейіп, тіл арқылы сыртқа шығатынын: «Тіл - амАл құрАл оның арқасында адам бірімен-бірі қарым-қатынасқа енеді, пікір алысады және бірін-бірі түсініседі. Тіл ойлаумен тікелей байланысты болғандықтан, сөзді және сөйлемдегі сөздердің бірлігінде ойлау ісінің жетістіктерін тіркеп отырады. Демек,, адамның дүние танудағы жетістіктері сөзде, сөйлем құрылышында тіркеледі, сөйтіп адам қоғамында пікір алысуға мүмкіндік жасайды» [45;90] – деп білдіреді. Сонымен қатар, тіл білімінің тек қарым-қатынас және дүние тану құралы емес, дүниетанымды кеңейтетін ғылым екендігіне назар аударады: «Мыңдаған жыл өмір сүрген адам баласының дүниетануына үнемі қызмет еткен тіл, тек қарым-қатынастың құралы ғана емес, ол дамудың және күрестің де құралы болумен қатар, грамматика сияқты адам баласына зор қызмет істейтін өте маңызды ғылымды тудырды. Бұл ғылым адам баласының ұзак өміріндегі тұрмыс үшін күрес жолында жасаған тәжірибелерін, ойлауының ұзак уақыт абстракциялануы арқасында топшыланған жетістіктерін қорытқан да ғылым болып отыр» [45;92].

Таным адамның дүниетануын кеңейтетін, рухани байлығын көтеретін, ақыл-парасатының көрсеткіші саналатындықтан, таным теориясы философия ғылымында субъект пен объект арақатынасын, адамның дүние тану жолдарын, тәсілдерін зерттейтін бір саласы ретінде қарастырады. Философия ілімінде: «Таным теориясы немесе гносеология – танымдың қызмет процесіндегі субъект пен объектінің арақатынасын, білімнің шындыққа қатынасын, адамның дүниені танып білу мүмкіндігін, білімнің

ақиқаттығы мен айқындық критерийлерін зерттейтін философия тарауы»[90;411]-деп түсіндіріледі.

Сөйлеу жеке адамның ойлау дәрежесін, рухани деңгейін, фантазиясын көрсететін басты белгі болса, тіл, оның ішінде көркем әдебиет тілі –мындаған адамның сөйлеуінен халық талғамының сұрыпталып әдеби нормага айналады да, ұлттық сипатты көрсетеді. Тіл - әрі объективті, әрі – субъективті құбылыс. Ол адам санасында жоқ әлемді көрсете алмайды, мидың қорытындысы ретінде адамның жан дүниесінен хабар береді. Қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалымдарымыз А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектерінде де сөйлеу және адамның ойлау дәрежесі, тіл арқылы қоғам түсінігін айқындайтын пікірлері кездеседі.

Сөйтіп, танымның субъектісі деп жеке адамдарды, таптар мен әлеуметтік топтарды, кең мағынада алғанда, тұтас тарихпен ұштасқан нақтылы қоғамды айтуға болады. Сонда – ақ, субъект өз болмысын, өзінің ішкі дүниесін таным объектісі ретінде қарай алады. Сонымен қатар, табиғатты, қоғамдық қатынастарды таным объектісі ретінде қарастыру қажет. Олар субъектінің өндірістік, әлеуметтік және ғылыми қызметі арқылы таным объектісіне айналады. Басқаша айтқанда, таным объектісі дегеніміз материалдық және рухани дүниенің қоғаммен практикалық және теориялық тұрғыдан қарым – қатынасқа түсетін, нақты тарихи іс — әрекет барысында субъекті игерген бөлігі.

Таным объектілері адамның тәжірибелік қызметімен тығыз байланысты және әрқашан соған тәуелді болады. Таным әрекетінің негізінде адамның объективті дүниеге тигізетін белсенді әсері жатады. Себебі таным адамның объективті құбылыстарымен байланысына, оларға тигізетін әсеріне және оларды өзгертуіне байланысты дамып отырады. Осы тұрғыдан алғанда, таным дүниенің белсенді әрі нысаналы бейнеленуі деп қарастыруға болады. Қоғамдық тәжірибе таным үдерісінің қозғаушы құші болып табылады. Ол өмір сұру, іс — әрекет жасау барысында адамдардың алдына үнемі шешуін талап ететін мәселелер мен міндеттер қойып отырады. Осыған байланысты, С.Аманжолов қазақ қоғамын, оның этногенезін, ру-тайпа түсінігін тіл арқылы зерттеп, танымның қоғамдық, әлеуметтік сипатын көрсетеді. Ғалымның синтаксиске байланысты зерттеулерінен тіл мен таным мәселесін қоршаған орта өмірімен, әлеуметтік-философиялық шешімдермен сабактастыра қарастырғанын көреміз. Сөйлемнің адам дүниетанымынан көрініс беретінін тілші: «нактылы дұрыс құрылған, ойфа сай айтылған «сөйлем» дегеніміздің өзі де ойдың сөулесі, бейнесі, суреті ғана» [3;9]- деп түсіндірін, тіл білімі мәселелерін зерттеу арқылы адам дүниетанымының көрінісін дәл бейнелеп береді. Адамның қоршаған ортаны қабылдауы, түсінуі, пайымдауы тіл болмысынан көрінетіндігін ғалым тілдің әртүрлі функцияларымен, дүниетаным мәселелерімен байланыстыра зерттеген. Адамның қарым-қатынас жасауы тілдің ең басты қызметі екендігін ғалым: «Тілдің негізгі қызметі – адамдардың қарым-қатынасын жүзеге асыру. Дегенмен оның танымдық функциясы да өте маңызды, басқаша айтқанда, тіл

тек танылған дерек туралы ойды жеткізіп қана қоймайды, сонымен қатар ол ойдың қалыптасуына да тікелей әсер етеді, яғни тану процесінде тіл өзінің қызметін екі жақты атқарады»[3;15]-деп көрсетіледі. Тілдің дискурсивті-логикалық қызметі адамның танымдық әрекетіне, яғни ойлау жүйесіне тәуелді болады, сол себепті тіл әр адамның ойын жүзеге асыратын, оған материалдық сипат беретін вербалды құрал болып табылады.

Тілдегі дүниетаным мәселесінде ғалым адамның қоршаған ортаны қабылдап, түсінуі нәтижесіндегі жетістіктің маңызы зор екенін былай түсіндіреді: «Адамның ой-өрісі кеңіп, тіл қарым-қатынастағы мықты құрал болуымен байланысты сөз көбейіп, сөйлем әуелгідей емес, бірнеше я көп сөзден құралғаны»[3;29] айтып, оның жетістігін сөйлеммен байланыстырады. Демек,, сөйлемнің күрделенуін ғалым адам дүниетанымының кеңейіп, жетістіктерге жетіп, оларды бейнелейтін сөздердің көбейгендігінің жемісі деп түсіндіреді. Тіл болмысының қалыптасуы бойынша алғашқы қауымдық құрылыста ең бірінші, адам заттарды бейнелейтін дыбыстық таңбаларды қолданған, кейін адамның еңбектеніп, қоғамдық ілгерілеуіпің әсерінен ойлау, қабылдау қабілеті дамып затты бірнеше дыбыстың тіркесуі арқылы сөз етіп қалыптастырған, одан келе жай сөйлемдер құрыла бастағандығын және сөздердің бір заттың екінші затқа ұқсатуы немесе, заттың түр-тұлғасына, түсіне, көлеміне байланысты ат қоюы дамыды. Ғалым осыдан қалыптасқан қарапайым сөйлемдер адамның дүниетанымының өсіп, өркендеуіне байланысты қарым-қатынас жасауының нәтижесінде сөздер көбейіп, сөйлемдердің күрделенгендігін айтады.

Адамдардың алғашқы қауымдық өміріндегі тілдің дамуын тұжырымдай отырып, синтаксистің қалыптасуын танымдық және болжамдық тұрғыдан түсіндіреді. Ғалым сөйлемнің адам логикасына, танымына қызмет етуін: «Мен мектепке барамын дегендे (Мен екі рет) басында мен бөлек субъекті ретінде, соңында -мын бірге қосымша есебінде айтылған. Бұл екі рет айтылған мениң соңғысы да алғашқы конкрет ойдың сарқыны. Өйткеп бар етістігі, әуелгі кезде «қол, аяқ» мәнінде, құрал есебінде айтылған сөз. Оның етістік мәніне енүі – соңғы кездегі қарым-қатынастар жемісі»[45;12]-деп мысал келтіре отырып баяндайды.

Қазақ тіл білімінде сөйлем мүшелерінің жіктелуіне, бастауыш пен баяндауыштың ара қатысына сай тілші-ғалымдардың көзқарастары көңіл аударуға тұрарлық. С.Аманжолов анықтауыштың дербес сөйлем мүшесі болмай, оның бір бөлігі болуының негізі туралы: «Анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш басында объект болған. Анықтауыштың заттылығы да, бұл күнде көрінбейтін болып кеткен. Анықтауыштар субъектің болмысын, сынын, санын, түрін көрсетеді. Анықтауыш болатынның негізгісі – сын есім, ол өзі абстрактқа айналып кеткендіктен, оның объект екенін табу өте қын болады... Сөйлем мүшесін айыру жұмысында форма жағынан гөрі логика жағы басым болуы дұрыс... Объектілігі анық көрініп тұрған сөзді толықтауыш дейміз. Объектілік жағы анық көрінін тұрмаса, анықтауыш я пысықтауыш болады»[3;115] –деп тұжырымдайды. С.Аманжолов

анықтауыштардың қалай пайда болғанына мынадай анықтама береді: «Анықтауыштардың барлық түрі де адам баласында талғау қабілеті пайда болғанда, дүниеге космикалық көзқарас қылышп, нағыз логикалық ойлау басталғанда, кәдімгі объектілердің, заттардың қарама-қарсысы есебінде пайда болады» [45;24]. С.Аманжолов адамның космикалық ойлау дәрежесінде қалыптасқан талғау, таңдай білу қабілетін анықтауыштармен байланыстырады.

Сондай-ақ тілші-ғалым анықтауыш пен толықтауыш табиғатын айқындауда олардың ерекшеліктерін көрсете отырып, «анықтауыш абстрак да, толықтауыш объект» екендігін, және «Мұндағы объект неше түрлі құбылысқа айналып кеткен. Бұл құбылыстың барлығы да қоғамдағы қарым-қатынастың сәулесі » [3;119] - деп түсіндіреді.

Тілші атаулы сөйлемдердің ерекшелігін адамның тілдік дүниетанымдық болмысымен байланысты түсіндіреді. Мысалы: «Тұн. Өзен. Жағалай біткен қызыл тал. »- деген сөйлемнің алғашқы екеуінің етістігі болмаса да мезгілдік мағынасы бар екендігін айтады. «Өзен деген сөзді ешбір жағдаймен, ешбір іспен, қоғамдық қатынаспен байланыстырмай алсақ, жабайы ойға мезгілсіз-ақ сияқты. Бірақ оның «өзендігі» уақытқа байланыстылығын көрсетіп, заттың қасиеті – ол езгілсіз (шак, уақыт) болмайды, ол шақ мезгілдің өзі зат тіршілігінің формасы (түрі) » - деген дүниетанымдық қағидасына сүйенеді.

Тіл білімінің әртүрлі мәселелерін профессор С.Аманжолов адамның қоршаған ортаны тану көзқарасымен сабактастыра қарастырған. Ал есімдер мен етістіктердің табиғи болмысы, функционалды ерекшелігі туралы біршама деректер «Жақ пен шақтарға байланысты синтаксистік категориялардың жаратылысы» деген бөлімде кездеседі. Мұнда да тілші есімдік сөздерді тек объект пен субъектіні ажыратушы есебінде ғана емес, сол сияқты 1-2 жақтардың жіктік жалғауларын жасаушы әрі «етістіктің етістік болып тиянақталуына, әсіресе, баяндауыштың қалып алуына... себеп, дәнекерші» ретінде қарастыру қажеттігін атайды. Мысалы: «Күтадғу білігтен» алынған «ескі документтердегі кейбір сейлемдер» негізінде С.Аманжолов етістікке жалғанатын -ды, -ді жалғауларының бастапқы кездे жалғау емес, бүтін сөз болып жұмсалғандығын дәлелдеуді мақсат еткен: күтылды өзүм - өзім күтылдым; менің бу өзүм кашты ... мен қаштым [45;26].

Ғалым осы шақтың қалыптасуына да өзіндік көзқараспен қарай отырып: «осы шақ дегеннің өзі көптен бар, дыбысты тіл шыққаннан кейінгі нақты ойға, ойлау сатысына сәйкес категория екендігін ұғынамыз. Бұл осы шақтың ұғым ертеде шыққанымен, оны білдіретін, көрсеткіш боларлық сөздер, сөздік элементтер өткен шақ пен келер шақтың қарсысы есебінде алдыңғы екеуінен кейін шыққан. Сондақтан да, оның өткен шақ, келер шақтар сияқты кейіннен пайда болған көрсеткіштерінің жоқтығы занды нәрсе. Мұның негізгі көрсеткіші, дәнекері бүтін я қабаттасқан етістіктер болуы да сол кейін пайда болғанына дәлел » [45;31]-деп, яғни осы шақ категориясының өзі ойға негізделген грамматикалық көрсеткіш бола тұра,

өзге шақтың түрлерінен кейін пайда болған болып шығады. Ғалым: «бұкіл адамзаттың тілін алсақ та, жеке халықтың тілін алсақ та, атқаратын қызметі, даму жолы біркелкі. Бұл біркелкілік негізінде халық пен халықтың, ру мен рудың үнемі қарым-қатынаста болуынан туады. Тіпті жер жүзінде бірімен-бірі қарым-қатынаска түспеген бірде-бір тіл жоқ. Бұкіл әлемдегі тіл, барлық халық бір бүтін материя сияқты. Олардың тіршілігіне байланысты бірінің табысы екіншісіне, екіншісінің табысы үшіншісіне ортақ болып отырады» - деп тілдер арасындағы ұқсастықты оның қатысымдық ерекшелігімен айқындаған автор «бұкіл әлемдегі тілді бір бүтін материя» деп қабылдады, ол кез келген материя сияқты тіл де әртүрлі құрылымдық-семантикалық бірліктен құралған, бірақ бір жүйеге түскен, ортақ мақсатқа бағытталған ерекше құрылым болып табылады деген қорытындыға келді.

С.Аманжоловтың: «сөз, сөйлем ойдың көрінісі, суреті болғандықтан, сөздер, сөйлемдер адамның ой-санасының тарихын, ізін, жолын көрсететін деректер» [45;301] деген пікірі негізінде ғалым тілдің дамуын танымның қалыптасуымен сабактастыра отырып, тіл болмысының адам үшін маңыздылығын көрсетеді. Тіл өзінің бойына сол тілді қолданушы қауымның сандаған ғасырлардағы тарихының «ізін» қалдырып, сақтап жеткізе алатындығын көрсетеді. Қазақ тілтанымына зор үлесін қосқан С.Аманжолов зерттеулері терең философиялық ой түйіндерді, адамзат өмірінің негізгі зандылықтарына негізделген деректерді қамтыған. Ғалым тілді адамның мәдени, этникалық, қоғамдық, елтанымдық, әлеуметтік өмірімен ұштастыра зерттеп, дүниетануда тілдің маңызы зор екендігін айқындайды. Сонымен қатар тілші: «Сөйлеу әуелгі адамның адам болған күнінен бар. Ойлау да солай. Бұл екеуі бірімен-бірі егіз нәрсе сияқты. Кімде-кім сөйлей білсе, ойлай да білгені»[45;11] - деп, сөйлеудің сөйлемнен айырмашылығын анықтап, оның дамуын былай түсіндіреді: «Адам баласы сөйлеу мен ойлауды мындаған жыл өмір сүру, табиғат күшіне қарсы тұрмысын жеңілдету үшін құресу жолында тапқан. Бұл бірден-бір олардың өзара қатынас жасауына, ұйымдасуына, еңбекті оңайлатуына, өнімді етуіне керекті құрал есебінде пайда болды»[45;11]. Адам қоғамының өсіп-өнуіне, өркенде дамуына тіл болмысының ықпалы мол екендігін айтЫП, тіл ғылыми үшін баға жетпес құнды мұралар қалдырған.

Таным теориясы – адамзаттық философия тарихын, мәдениет пен ғылым тарихын, техника мен тәжірибе жетістіктерін философиялық жағынан қорытуының нәтижесі. Сонымен бірге ол қазіргі ғылыми-техникалық революция және жаңаша ойлау жетістіктеріне сәйкес одан әрі тез қарқынмен дамуда, осы жетістіктер тіл арқылы жүзеге асатындығы жайында С.Аманжолов: «Тіл – адамның сана-сезімін өсіруші, тәрбиеге, үгіт-насихат ісіне, еңбекті өндіруге, ғылым-білім алуға керекті құрал» [45;55]-деп пайымдайды.

Зерттеушілер тілдің танымдық болмысын тіл біліміне қатысты зерттеулеріне арқау ете отырып, тілдің танымдық сипатындағы білім беруге де аса мән берген. Білім философиясының негізі саналатын білім берудің

жолдары, әдістері, дидактика, педагогиканың дүниетанымдық қырлары А.Байтұрынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектерінен қазақ балаларын сауаттандыруға шақыру ретінде көрініс тапқан. Қазақ қоғамын сауаттандыру мәселесін алға қойған қазақтың көрнекті тұлғалары өз кезеңіндегі білім беру олқылықтарын сынға алып, қазақ баласының өзіндік күштерін ашуға талпынады. Сонымен қатар, ғалымдардың зерттеулерінде білім берудің құндылықтары мемелекеттік құндылық, қоғамдық құндылық, тұлға құндылығы ретінде сипатталып, әдістемелік зерттеулерін осы негізге арнайды.

А.Байтұрынұлы: «Адамға тәрбие беруші әуелі ата-ана, сонаң соң ұстаз, мектеп тұрмысындағы тәнірек. Өмірінде қандай тұрмыс көрсе, нендей адамдармен кездессе, жолдас болса, істес болса, солардан өнеге көріп, үлгі алмақ. Өнер, ғылым жоқ жүртта адам тәрбиесін тәңірегінен алады. Өнер, ғылым бар жүртта адам тәрбиені ата-анадан да, тәңірегінен де, мектептен де, әдебиеттен де алады. Сүйтін адам мінезіне өң беретін үй іші, мектеп, тәнірек болып шығады»[42;256] – деп, тәрбие, білім беруші орта – ол отбасы ғана емес, мектеп, қоғамдық ортасы да екендігін айтады. Сондықтан да ғалым зерттеу жұмыстарын ағарту жолына арнап, білім беруді қоғамдық мәселе ретінде қарап, қазақ мектептерінің жағдайын, олардың білім алуын басты мәселе деп қарайды.

Қорыта айтқанда таным теориясын оқытудың философиялық негізі мынадай мәселелерді қамтиды:

1. Адамның ұлттық болмысын, ұлттық қасиеттерін тіл арқылы сактауга мүмкіндік береді.
2. Мәдени-рухани құндылықтарды тілдік бірліктер арқылы дәлелдеуге жол ашып, студенттер тілдік талдаулар арқылы қазақ халқының өркениетін танытады.
3. Болашақ маман тіл біліміндегі таным теориясын менгеру арқылы білім беру барысында оқушының танымдық қабілеті мен білімін ескеруге дағдыланады.

А.Байтұрынұлы мен Қ.Жұбанов тіл мен ойлаудың тығыз байланыстырығын алға қойылып, зерттеулерінде адамның дүниені тануы, пайымдауы, тұжырымдауы тіл арқылы жүзеге асатындығын тілтанымдық пікірлері арқылы көрсетін, тілдің танымдық қызметін білім беру философиясымен үштастырған. С.Аманжолов алдыңғы ғалымдардың көзқарастарын жалғастырып, тілтанымды тұжырымдай келе, тіл арқылы қоғамның философиялық ойлауын, түсінігін анықтауға тырысқан. Сонымен философия ғылымында таным теориясы тілдің танымдық қызметімен тығыз байланыста зерттелуде. Таным теориясының мазмұнын терең түсінген А.Байтұрынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов қазақ тіл білімінің негізін қалыптастыруда философия ілімінің басты бағыттарын зерттеулеріне арқау етін, тілдің күрылымдық жүйесін, тіл тарихын, тілдің танымдық табиғатын тұтас қарастырады. А.Байтұрынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов тілдің танымдық болмысын оқыту – адамның дүниетанымының кенеюіне,

санасының жетілуіне ықпал етіп, адамгершілік, ұлттық, мәдени-рухани құндылықтарды бағалауға жетелейді деп түсіндіреді.

1.5. А.Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулеріндегі таным теориясының басты ұстанымдары

Тіл мен таным сабактастығы өзіндік ұстанымдарға негізделеді. Осы ұстанымдар А.Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С.Аманжоловтың тілтанымдық көзқарастарын дәйектей түседі. Таным теориясының басты ұстанымдары қазақ тіл білімінде алғаш А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулері арқылы басты ұғымдарды анықтауға көмегін тигізді. Көрнекті ғалымдарымыздың танымдық көзқарастарын, пікірлерін саралау арқылы қазақ тіліндегі таным теориясын жан-жақты айқындауға қол жеткіземіз.

Тілдегі таным мәселесі сыртқы дүниедегі ақпаратты қабылдап, өндеп, пайымдап, өз тұжырымын тіл арқылы жарыққа шығару жолдарын қарастырады. Танымдық тіл білімі – тілдік ақпараттарды жию, менгеру және пайдалану арқылы тілдік бірліктердің дүниетанымдық әрекеттерін зерттейтін ғылым. Таным теориясының басты ұстанымдары адамның психофизиологиялық қабілетімен байланысты екені көптеген тілші-ғалымдардың еңбектерінде айтылған. Мәселен, ф.ғ. докторы, профессор Э.Оразалиева: «Когнитивтік лингвистиканың негізгі ұстанымдары мен зандылықтары оның ұғымдық бірліктерінің өзара қарым-қатынас жасауы арқылы әрі бір-біріне әсер етуі негізінде айқындалатындықтан, тіл мен танымның сабактасқан бірлігі, ең алдымен, адамның психофизиологиялық қабілетіне және одан туындаитын әрекетіне қатысты сұрыпталады» [91;81] – деп түсіндіреді. Қазақ тіл білімінің негізін салушы А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектерінде де тіл мен таным бірлігі адамның дүниені тану жолдарымен түсіндіріле келіп, таным теориясының басты ұстанымдарын айқындауды.

Тілдегі таным теориясының басты ұстанымының бірі – *дүниені қабылдау ұстанымы*. Адам санасы сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстарды сезім мүшелері, яғни түйсіну арқылы қабылдап, ол туралы санада ұғым қалыптастырады. Тілдегі таным теориясы ең алдымен адамның дүниені қабылдап, түсініп, өзінше пайымдап тіл арқылы жарыққа шығуымен түсіндіріледі. Осыған сәйкес, адамдардың қоршаған ортасына, қоғамына, ұлтына, менталитетіне, мәдениетіне қатысты белгілер сол халықтың тілінде көрініс табады. Когнитивтік лингвистика тіл мен ойлаудың байланысын анықтап, тіл арқылы адамды зерттеуге бағытталған.

Адам сезім мүшелері (көру, есту, иіскеу, сипап сезу, дәм сезу) арқылы әлемді қабылдап, танып, пайымдай түседі. Ол туралы тұжырымдар жасайды. Бұл жердегі «қабылдау терминінің астарында «затты, құбылысты ой (сана) арқылы, сезім мүшелері арқылы көру, тану; одан алғынған ақпараттарды қайта өндеу, яғни әлгі объектінің басты белгілері мен қасиеттерін ажырату; ол белгілердің негізгілерін бөліп алғып, солар арқылы әлгі заттың шынайы бейнесін жасау; затты, құбылысты бейнелеу, кескіндеу, кейіптеу» [92;195] –

деген, таным теориясындағы дүниені қабылдау ұстанымының ұғымдары айқындалады. ал категоризациялау терминінің астарында «заттың құбылыстың басты, мәнді белгілері мен қасиеттеріне сүйене отырып, оларды топтастыру, жүйеге түсіру, сөйтіп дүниетанымды тілге, тілдік таңбаға айналдыру (вербалдау)»[92;195] мәселесі қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалымдарымыздың еңбектерінде пікірлері арқылы көрініс тапқан. Дүниені қабылдау адамның сезім мүшелері арқылы түйсіну әрекетімен тығыз байланысты. Түйсіктің қызметі адамға сыртқы ортадағы әрекеттер мен құбылыстардың ерекшеліктерін, қасиетін, сыр-сипатын ұғындырып қана қоймай, адам санасында ол туралы ұғым қалыптастыруына ықпал етеді. Демек,, адам тілді қолдану барысында дүнені қабылдау ұстанымы негізінде қалыптасқан танымға жүгініп, әрдайым тығыз сабактастықта жүзеге асып отырады. Осы үдерістің тілдегі көрінісін байқаған А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулерін тек тілдің құрылымдық ерекшеліктерін ашуға ғана арнамай, тіл болмысының әмбебаптық сипатын да қарастырып, оның адам танымында орын алу жолдарын да көрсетеді. А.Байтұрсынұлы деректі және дерексіз зат есімдерді түсіндіру барысында «Біреулері – көзге көрінетін, құлаққа естілетін, мұрынға ііскелетін, тілге татылатын, денеге сезілетін деректі заттар. Екіншілері – көзге көрінбейтін, құлаққа естілмейтін, мұрынға иіс келмейтін, тілге татылмайтын, денеге сезілмейтін, адам ақылмен ғана білетін дерексіз заттар» [74;53]-деп, ғалым адам баласының әр сезім мүшесіне жеке-жеке тоқталып, оны тілдің құрылымдық сипатымен байланыстыра түсіндіруінің басты себебі – тілдегі таным қызметінің қатысуын, оның теориялық ұстанымдарын айқындауы. Мұнда А.Байтұрсынұлы адамның сезім мүшелерінің тілге ықпалын терең түсінгенін аңғарамыз. Сондай-ақ, таным теориясы адамның дүниені қабылдау арқылы, ол туралы ұғым қалыптастырып, «ақылмен» біліп, пайымдайтын тұстарын да айтып өтеді.

Қ.Жұбанов таным теориясындағы дүниені қабылдау ұстанымын адамның сезім мүшелері мен ойлау, сөйлеу байланысын түсіндіруде айқынрайды. «Сөйлеген адам өзіне сөйлемейді, басқа біреуге сөйлейді... Жазып жатқан қағазымызды бітіріп болып, үндеңей отырсақ, жазып болғанымызды өзіміз ғана білеміз. Ал «Мен жазып болдым» деп сөйлесек, сол өзіміз ғана білгенді енді басқаларға да білдірген боламыз. Аяғым тоңғанды ешкімге айтпасам, өзім ғана білем. Ал «Аяғым тоңды» десем, осы сөзімді есіткен жүрттың бәріне де білдірген болам. Ертең демалыс күн. Сонда менің сырғанақ тепкім келеді. Бірақ менің ойымда, ішімде не барын басқалар білмейді. Басқалар білсін десем, «Ертең менің сырғанақ тепкім келеді» деп айтуым керек. Қысқасы, мен не деп сөйлесем де, басқа біреуге өзімнің ойымнан хабар үшін сөйлеген болам»[75;8]. Сонымен қазақ тілінің негізін қалыптастырған ғалымдарымыз танымдағы дүниені қабылдау ұстанымын тілді зерттеуге арналған еңбектеріне арқау етіп, қазақ тілі табиғатының құрылымдық ерекшеліктерін ғана анықтап қоймай, жалпы тіл болмысының табиғатын айқындауда құнды пікірлер қалдырғанын аңғарамыз.

Таным теориясындағы дүниені қабылдау ұстанымын Қ.Жұбанов тілдің атауыштық қызметімен байланыстырады. Тіл мен таным қандай байланыста болса, тіл мен ой-сана, ойлау да сондай деңгейде тығыз байланысты. Осыдан барып адамның тіл арқылы дүниеге деген көзқарасы, қоршаған ортаны қабылдауы шығады. Қандай да болмасын заттың атавы оны тек атап қана қоймай, сонымен бірге оны танытады. Ал тану я анықтау белгілі бір халықтың даму жағдайы аясында іске асатындықтан, ол тілдік ұжым өмір сүретін нақты жағдайларға байланысты әр түрлі болады. әр түрлі ұжым бір затты күнделікті қолданылатын жағынан танып, оны өзіне таныс құбылыстармен байланыстыратыны белгі. Яғни, ат қоюда өмір шындығы мен тұрмыс болмысы тіл фактілеріне айналып, халықтың тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, наным-сенімі әр түрлі заттар түрінде белгілі бір тілде сөзбен аталып, бейнеленеді. Осының негізінде ол затты танып, біліп, оны басқалардан ажыратқаннан кейін барып, сол белгі ат болып тағылады. Мұндай ажыратқыш белгілер әр түрлі болуы мүмкін. Мысалы, тұр-тұсі, қызметі, көлемі, орналасқан орны, дыбысы, бейнесі, басқа затқа қатысы т.б. әр түрлі ішкі және сыртқы қасиеттер. Қ.Жұбанов: «сөз деген – зат біткеннің бәрінің аты емес»[75;7] – деген. Сөзді адам санасының сыртқы дүниемен сабактастықта жүретіндігін дәлелдейтін басты белгілердің бірі ретінде көрсетеді. «Ел-елдің білмеген заты да, білмеген құбылысы да толып жатыр. Танымаған кісінің атын білмегеніміз сияқты, білмеген нәрсенің аты да тілімізде болмайды»[75;7]-деп, Қ.Жұбанов сөздің сыртқы дүниені қабылдауға, тануға қатысын айқындаі келін, сөздегі таным мәселесін, ондағы дүниені қабылдау ұстанымын былай түсіндіреді. «Адам өзінің тіршілік тартысында кездесін, пайдасын иә зиянын көрген нәрселерді ғана елеген, соларды ғана білген. Шөптердің ішінде мал жейтіндерін, отын болатын, бояу болатын, ем болатын, у болатындарын ғана білген де, соларға ғана ат қойған» [75;5]. Тіл болмысындағы танымдық құбылысты түсіндіру жолында ғалымдар дүниені қабылдау ұстанымын негізге алып, адамның әлемді қабылдауы арқылы сыртқы дүниеге деген көзқарасы тілінен көрініс табатындығын көрсетеді.

Таным теориясының маңызды ұстанымының бірі – **категоризациялау (категориялау) ұстанымы**. Категоризациялау ұстанымы қабылданған ақпаратты топтау, жіктеу, талдау сияқты адам санасында пайымдау арқылы тұжырымдар жасаудың ықпал етеді. Тіл болмысындағы таным мәселесі логикалық таным, дүниетаным, ойлау, пайымдау деген мәселелерді қамтитындықтан, адамның психикалық әрекеттері (қабылдау, топтастыру, ойлау, тұжырымдау) арқылы қалыптасқан ұғымды топтастыру, жіктеу, талдау сияқты жүйеге салу әрекеттері де тілдің танымдық қызметі арқылы жүзеге асады. Танымның категоризациялау ұстанымы адамның қабылданған ақпаратты өндеуіне, талдаудына, топтастырудына, жіктеудіне зор ықпал етін, адам санасында қажеттілігіне қарай жұмсау үшін сакталып тұрады. Осы мәселеге байланысты Б.Қалиев: ««Категоризациялау» дегенді айтқанда бірінші кезекте тілдік бірліктер, олардың тұлғалары мен мағыналары,

қолданылатын орындары еске түседі. Осы тұрғыдан алғанда категорияны, категоризациялау дегенді – адамның миында болатын, санасында сакталған концептуалды түсінік, когнитивті іс-әрекет деп ұққан жөн. Көп қырлылығына, көп мағыналылығына қарай бір сөз бірнеше категорияның құрамына кіре алады» [92;199]-деп, тілші танымдағы категоризациялау ұстанымының мәнін ашады.

О.Жұбаеваның грамматикалық концепт теориясына арналған зерттеулерінде А.Байтұрсынұлының сөз таптарын (зат есім, сын есім, сан есім, т.б.) лексикалық бірліктер арқылы топтастырып, грамматикалық категория ретінде қарастыруына танымдық тіл біліміндегі категоризациялау ұстанымы негіз болғандығын дәлелдейді. О.Жұбаева: «Сөз таптары – адамның таным әрекеті арқылы айналасын категориялау негізінде қалыптасады. Сондай-ақ сөз таптарын табиғи категория ретінде қарастыруды адамның сан ғасырлық тәжірибесін түйсіну, оны тілдік құралдармен объективтендіруге негізделген когнитивті қабілеті көрініс табады»[60;54] - деп түйіндейді. Өйткені «Түрлі сөз таптары (зат есім, сын есім, етістік, т.б.) қолданыс барысында сананың түрлі құрылымдарын белсенді етіп, түрлі бейне, әсер береді, яғни түрліше сипатталып, әртүрлі ұғым тудырады. Когнитивтік құбылыс ретінде сөз таптары адамның әлемді тану, қабылдау, түсіну ерекшеліктерін көрсетеді»[60;54].

Тіл білімін зерттеу барысында тіл болмысының танымдық сипатын қарастыра келіп, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов таным теориясының *кескіндеу, кейіптеу ұстанымына* да қатысты нікірлер ұсынады. Б.Қалиев таным теориясындағы кескіндеу, кейіптеу ұстанымын былай түсіндіреді: «Кескіндеу, кейіптеу дегеніміз – ой әрекеті нәтижесінде алынған концептуалды бірлік. Кескіндеу, кейіптеу арқылы адам бір нәрсені бір нәрсеге ұқсатады; есік танымның негізінде жаңа танымды қалыптастырады» [92;199]. Бұгінгі күні тіліміздегі семантикалық тәсіл арқылы жасалған сөздер мен терминдердің басым қөвшілігі - осы ұстаным негізінде өмірге келген тілдік бірліктер.

Таным теориясындағы кескіндеу, кейіптеу ұстанымының жаңа сөз жасауына ықпалы жайында Қ.Жұбанов «жұықтық-аулақтық тенденциясы» деген тұжырым жасайды. «Тіл тенденциясы екі сөздің бір-бірімен байланысы жоқ сияқты көрсетін, сол арқылы аулақтату тенденциясын байқатып отыр. Ол бір сөзден екінші сөздің сыртқы көрінісінің басқалығы. Бұл тенденция күш алса, бір сөз екінші сөзге ұксамас еді, түбір дыбыстарына да өзгелік кіргізер еді, қосымшалар арқылы ғана бір-бірінен айырылmas еді. Бірақ мұны жұықтық тенденциясы тұсаулайды» [44;503]-деп ғалым тілдің сөзжасамдық сипатында өзіндік зандылықтардың ерекшелігін түсіндіреді. «Дүниеге көзқарас арқылы да нәрсеге ат қойылады»[44;494]-деп, Қ.Жұбанов сөздің жасалуында алғашқы ұғымы кескіндеу, кейіптеу ұстанымы негізінде жасалатындығын түсіндіреді: «Құбылыс көп және олар әртүрлі; бір халық оның бір сипатын біліп, екінші жағын білмейді; мұның ұстіне біреуін көп, екіншісін аз біледі. Содан келін, атауда түрлілік, көптік туады... Киіз үйдің

тұндігінен жарық түседі, терезе де жарық түсіреді. Сондықтан Алтай елінде терезені тұндік дейді» [44;494].

Ж.Зинкен өз зерттеуінде тіл болмысында әлемнің тілдік бейнесі, метафоралар мен стереотиптер қалыптасуының бірнеше (гипероним (Hyperonym), жинақтық (Collections), қарама-қарсылық мән (Oppositions), шығу тегі (Origin), сыртқы бейнесі (Appearance), мінездері (Characteristics), іс-шаралар, күй, үдеріс (Activities, states, processes) әрекеттер (Actions), тәжірибе (Experiences), уақыт пен кеңістік (Space & Time), танба (Symbols) т.б.) түрлерін көрсетеді [93;3-5]. Осыған сәйкес тілдік бірліктердің жасалуын танымдық тұрғыда талдаған С.Аманжолов сөздің мағыналық ерекшеліктеріне байланысты жолдарын былай топтайды: «Алғашқы аз сөздер кейін бірнеше жолмен көбейіп өскен. Қазақ тілі материалына сүйене отырып көрсетсек:

1. Бұтіннің (сөздің) жарылуы арқылы. Бұған бір сөздің әлденеше мағынаға ие болуы жатады.

«Жас» (көздің), «жас» (кәрінің қарсысы). Сол сияқты «той» (оыйн-сауық) және «той» (тамақты тойғанша же) бар. Бұл сөздердің де тұлғасы бір, мағынасы басқа болу кездесе олар да емес. «Көздің жасы» дегендегі «жас» соңғы аз өмір сүргендіктің ишарасы болған «жас» -пен іс, қымыл жағынан байланысады. Көзі жасты болатындар негізінде «бала» екенін еске алатын болсақ, барлық «жас» деген сөз бір түбірден шыққаны анық көрінеді» [45;71] – деп, сөздердің адамның санасындағы бейнесіне байланыстылығын нақтылады. Зерттеуші сөздердің тууына санадағы ұғымның ықпалы әсер ететіндігін айта келіп, жиналған танымдық ақпараттардың қайта жаңғырып, олардың бастапқы мағыналары жана сөз жасауға әсерін тигізеді деген пікірді алға қояды.

2. «Қарсылық заңы арқылы. Бұған көбінесе сын есімдер жатады. «Биік» пен «төмен» біріне-бірі қарсы. Бірақ бұл екеуі бірінсіз-бірі пайда болмайды. Екеуінің тұп мағынасы бір сөз. «Төмен» деген де, «жоғары» деген де тегінде биіктікті, қол жетпейтіндікті білдіреді. Бұған сендіру үшін «төмен» дегенді анализдеп көрейік. «Төменді» татарлар «төбен»/ «түбән» дейді. Бұған бұл сөздің түбірінде «төбе» дегеннің барын байқауға болады. Алғашқы адам әрбір биік нәрсені төбеге, тауға теңеген. Сол ізben адам өзінің басындағы ең биік жерді де «төбе» деген. Сондықтан арғы заманғы биік те тау, төбе мағынасында болуы ықтимал» [45;71] -деп өзіндік пікірін білдіреді. Сол сияқты ғалым үшінші мәселені түсіндіреді:

3. «Ұқастығына қарай жаңа сөздің жасалуы. Тау – биік нәрсе. Якуттар тауды «дабан» дейді. Бұл біздің «табан» дегенімізбен бір. әуелде бас, аяқ, төмен, жоғары ұғымын беретін сөз жоқ болған. Сондықтан «дабан» мен «түмен» бір, «бас» пен «аяқ» бір» [45;71]-деген пікірін білдіре отырып, ғалым тіл болмысындағы танымдық көзқарасын түсіндіруге тырысты. Бұгінгі таңда бұл дәйектің дәлелділігінен гөрі, ғалымның ұсынған идеясы маңызды. Себебі ғалым тілтанымдық тұжырымдар негізіне сүйеніп, тілдің танымдық болмысын тәжірибе жүзінде жан-жақты түсіндірді.

4. «Атқаратын қызметі жағынан да жаңа сөздер пайда болады. Мысалы, «қол»- ең алғашқы құрал. Ал сол «қолдың» қызметін атқаратын «балта», «тоқпақ», «шоқпар», «құрық», «пышақ», «машина» сияқты сөздердің түбі қолға тіреледі. Дұрысында «құрық» қолға ұстайтын, қолды ұзататын нәрсе. «Балта» да сол сияқты. Мұның біздегі балдақпен дыбыстас болуы кездейсөк емес. Әуелде «аяқ» пен «қол» бір сөзben айтылатынын ескерсек, балдақтың әрі қол, әрі аяққа тіреу болатынын ескерсек, бұлардың түбінің бір екеніне көзіміз жетеді» [45;71]-деген пікірін білдіру арқылы ғалым, адам танымына жиналған ақпараттың жана ұғымдар, жаңа атаулар қалыптастыруына себепші болатындығын дәлелдейді. Демек, әлемнің тілдік бейнесін терең зерттеген Ж.Зинкен пікірі мен С.Аманжолов зерттеуі үндесетіндігін көруге болады.

Адам танымының сатылы дамуын түсіндіре отырып, ғалым оның ойлау жүйесіндегі, тілдегі көрінісін лингвистикалық факторлармен сабактастыра баяндады. Сондықтан затқа, кісіге яки жер-суға қойылатын аттардың себеп-салдарын анықтау кезінде немесе сөз мағынасы мен мазмұнын сипаттау барысында адамдардың бойындағы танымдық функциялардың іске қосылатынын тілші дәл сұрыптады: «жаңа заттың аты семантиканың үш заңы бойынша аталады: функциясына қарай, ұқсастығына қарай, бүтіннің бөлшегі есебінде» [45;53] деген тұжырымнан кейін С.Аманжолов "Семасиологияның мәселелерін" сана арқылы қабылдау, ойлау жүйесі негізінде тану, алуан түрлі ассоциативті белгілерге сүйене отырып қолдану ұстанымдарына сәйкес талдап көрсетті. Айталақ, қабылдау - бұл философияда да, физиологияда да әрі нейроғылымдарда да кеңінен қарастырылатын, психология мен когнитивті ғылымның басты ұғымдарын құрайтын, барша информацияларды (хабарларды), әртүрлі объектілерді, процестерді адамдардың сезім мүшелерінен өткізетінін көрсетеді.

С.Аманжолов сөздердің этимологиясын анықтай отырып, заттарға атау болған сөздердің шығу тегінде мағыналық байланыс бар екенін түсіндіреді. Ғалым қазақ тіліндегі көптеген сын есімдердің зат есімнен жасалғандығын айта отырып, дәлелді мысалдар келтіреді. Мысалы: «Алғашқы адам әрбір заттың атын өзара ұқсастығына қарай топтастыра атайдын болған. Жылтырлығы, дөңгелектігі ұқсаған «күн», «көл», «көз», «көк» сияқты сөздердің атаулары да ұқсас», [45;69] - деп, ғалым бұлардың «қызметі, рөлі, қасиетіде ұқсас» келетіндігін айтады. «Көзге көріну» дегеннің орнына «көзге тусу» деу көзді «көлге» ұқсатудан шыққан» екендігін дүниетанымдық көзқараспен тұжырымдайды. С.Аманжоловтың бұл этимологиялық талдаулары бүгінгі күні де өз маңызын жойған жоқ. Күннің көзге ұқсауының дәлелі ретінде Ф.Оңғарсынованың «Жау» атты өлеңінен:

«Жер – ару серпігенде тұн көрпесін,

Маужырап қарап тұрды Күн елжіреп [93;44] », - деген жолдардан көруге болады. Немесе, М.Жұмабаевтың «Пайғамбар» өлеңінде:

«Қайғыланба, соқыр сорлы шекпе зар,

Мен – Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар [94;20]», - деп, көзді күн нұрына теңеуі бұл сөздердің астарында мағыналық байланыс бар екенін дәлелдейді.

Сонымен қатар, «көк» сөзінің түркі тілдеріндегі мағыналық ерекшеліктерін: « «көк» түрікше «аспан» және «көк» мағынасын білдірсе, монғолдарда ол «көке» түрінде айтылып аспан мағынасын білдірмейді. Ұйғыр тайпаларының ішінде де «аспанның ұлы» деп аталағын тайпа бар екені олардың өзіндік қасиетін білдіреді. Жалпы «көк» сөзінің әпитет ретінде қолданылуы ежелгі түркілерге тән. Шыңғыс хан мен Санан Сенен уақытында монғолдарға бағынған қоңыраттардың т.б. жалпытуркілік әпитет «көк»-ті сактай отырып, «көк монғолдар» деп аталауы мүмкін»[62;63]-деп көрсетеді. Тілдегі танымның кескіндеу, кейіпек ұстанымына сәйкес Қ.Жұбанов пен С.Аманжоловтың пікірлері ұштастып, бірін-бірі толықтырып отырады.

Танымдық тіл біліміндегі концептуализациялау ұстанымы – адам санасында қалыптасқан ұғымдардың жиынтығын құрайды. Бұл ұстаным – таным теориясының басты ұғымдарының бірі. Концептуализация ұстанымын толық түсіну үшін концепт пен ұғымның ара-жігін айқындалу қажет. Концепт терминінің құрылымы өте күрделі болып келеді. Бір жағынан алғанда, оған ұғым құрылымына қатыстының барлығы, екінші жағынан – концепт құрылымына оны мәдениет фактісі етіп отырған – бастапқы мағынасы да кіреді.

Адам болмысты қабылдау арқылы санасында болмыс жайында ұғым қалыптастырады. Ұғымның туғаны оны жарыққа шығаратын атаудың, яғни сөздің пайда болуына әкеледі. Е.Абақан: «Концепт (ұғым) сөздің мағынасы ретінде түсініледі. Бірақ ол жалпылаудың (абстракцияның) ең жоғарғы деңгейін білдіретін ұғым – концепт емес – «оқиға процесс «дерек» туралы ұғым. Сондықтан «концептуальды талдауда» сөздің немесе сөйлемнің контекске, яғни нақтылы мағынаға қатысты анықталуы тиіс»[96;46]-деп, лингвистикадағы «концепт» пен логикадағы «ұғым» терминдерінің ара жігін ажыратып береді. Танымдық тіл біліміндегі концептуализациялау ұстанымына байланысты С.Аманжоловтың пікірі тұрақты сөз тіркестерінің танымдық табиғатын түсіндіруде айқын көрінеті. Тілімізде ерекше бір қасиетке ие, әуел баста қалыптасқан өзіндік болмысын жоғалтпай әлі күнге сакталып келе жатқан тілдік бірліктер – тұрақты сөз тіркестер. Тұрақты тіркестердің өте ерте заманда қалыптасып бүгінгі күні мағынасы ауысып, белгілі мағынаның әсірелеу нұсқасы қызметін атқарып жур. Ғалымдардың пікірінше, тұрақты тіркестер әуел баста тұра мағынасында жұмсалған деген тұжырым бар. Сондай-ақ тұра мағынасында жұмсалған бұл тілдік бірліктер өз дәүіріндегі осы тілді қолданушы адамдардың тұрмыс-тіршілігінен, өмірінен, дүниетанымынан хабар беретіндігін көруге болады.

Қазақ фразеологиясын зерттеудегі жаңа бағыт - фразеологиялық бірліктерді когнитивтік аспектіде қарастыру бағыты. Бұл бағыт фразеологизмдерді ұлттың дүниетанымдық, мәдени, тарихи, материалдық құндылықтарымен сабактастыра зерттеуге айрықша мән береді. Академик Ә.Т.Қайдар, Ж.Манкеева, С.Сәтенова, Б.Ақбердиева, Қ.Ғабитханұлы, Ш.Сейітова, С.Жапақов сияқты тілші мамандардың зерттеулері белгілі бір этногенетикалық қауымдастықтың ақиқат турасындағы таным-түсінігін,

ментальді әлемін, ғасырлар бойы үзіліссіз жалғасқан ұжымдық тәжірибесін, рухани және материалдық мәдениетін тіл арқылы танып білуде аса маңызды.

Қазақ фразеологизмдерін когнитивтік, лингвомәдениеттанымдық, этнолингвистикалық, этнопсихолингвистикалық аспектіде зерттеуге бағытталған бұл бағыт - XXI ғасыр ғылыминың басты парадигмасы - антропоцентризмнің жемісі, жаңа ғасыр талап етіп отырған ғылыми интеграцияның нәтижесі.

Фразеологизмнің фондық негізінде тіл иесі халықтың дүниені тұтастай немесе мүшелей тануы мен қабылдауының концептуальді (лат. *concentus* - ой, түсінік) өрісіне енетін дәстүрлі халықтық білім жүйесінің сан алуан салаларынан алынған жекелеген эпизодтар жатады. Дәстүрлі халықтық білім жүйесі - этностың (халықтың, ұлттың) бағзы заманнан қоршаған ортаны игеруінің нәтижесіндегі қалыптасқан қорытынды тәжірибелері, содан туындастырылған этномәдени болмысы, сан қырлы идеологиялық, әлеуметтік қатынастары мен дүниетанымы. Сондықтан да фразеологизмнің ішкі қат-қаттауларында сақталып қалған қандай да бір белгінің, оқиғаның, нәрсенің, әрекеттің “іздері” зерттеушіні күн-көріс, тіршіліктері қалыпты көріністерге, сондай-ақ көне нанымдар мен салттар, әлеуметтік-тариhi құбылыстар әлемін зерделеуге жетелейді.

Бірнеше сөздердің бірігіп біртұтас қолданылып, бір ғана мағына беретін фразеологиялық тіркестер алғашқы мағынасынан айырылып, бір мағынаның реңкті немесе бейнелеуіштік ұғымына ұласқан. Ондағы сөздердің кезінде өзінше жеке-жеке қызмет атқарғандығын түсінуге болады. Бірақ фразеологиялық немесе идиомалық тіркестердің әр сөзінің өз дәуіріндегі мағынасын ашу ең күрделі істердің бірі. Сонымен бірге сол дәуірдегі адамдардың қоршаған ортаны қабылдау танымынан, санасынан, түсінігінен мәлімет алуымызға мүмкіндік береді. Сол фразалық және идиомалық тіркестердің мәнін ашып, тілдің танымдық қырын танытқан С.Аманжолов еңбектеріне назар аударуға болады.

Тілші фразалық және идиомалық тіркестердің де шығу тарихын логикалық пайымдаулар арқылы «мифологиялық» және «космикалық ойлау» негізінде тілдің танымдық болмысын көрсетеді. «Космикалық ойлау екінші жағынан конкретті келеді. Мұның мәнісі: ол кездегі адам барлық істі, құбылысты белгілі бір затқа байланыстырмайынша, болады деп ойламайды да, болдырмайды. Сонда істің бәрі белгілі бір тотемнің атымен байланысты жүреді»[45;51]. Демек,, өмірдің «балан» кезінде адам баласы қоршаған ортадағы табиғи құбылыстардың мәнін терең түсінбей, мифтік болмыс арқылы қабылдаған деген тұжырым жасайды. «Мифологиялық ойлаудың мәнісі – конкрет көз алдындағының аржақ-бержагына терең ой жібермей, әр нәрсенің жаны бар, әр нәрсе тірі зат, әр нәрсе бірдеме істей алады... деген пікірге келуден шыққан. Бұл ойлаудың әсерімен құрылған сөйлемді казіргі сөзімізден де көп табуға болады»[45;11] –деп, идиомалық және фразалық тіркестердің тілімізде қалыптасуына мынадай мысал келтіреді: «Мысалға қарним ашты фраза-идиоманы алайық (сөзбе-сөз «менің қарнымды (ішімді

ашты, ал мағынасы бойынша «мен ашықтым» деген мағынаны білдіреді). Алғашқы қауымдағы адамның ең сезімтал ішін-жеу орны, қарны (іші) болғаны түсінікті. Тамақ керек болған кезде, ол бүкіл сезімтал дененің бір бөлігі ретінде аузын ашқан. Кішкентай баланың кез-келген затты аузына апаруы тегін емес. Дыбыстың тіл даму процесінде бұл нақты әрекет ойлаудың белгілі бір кезеңі ретінде нақты сөздер арқылы берілген» [45;279] – деп дүниедегі болмысты адамның тұрмыс-тіршілігімен байланыстырады.

А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов тіл білімін қарым-қатынас құралы ретінде қарастыра келін, оның әлеуметтік сипатын танымдық көзқарастары арқылы көрсеткен. Тілді қоғамдық құбылыс ретінде зерттеген ғалымдар таным теориясының **қатысымдық-әлеуметтік ұстанымына** сүйенін, адамның тіл қолданысында да танымдық әрекерттері басты қызмет атқаратынын көрсетеді. Тілдің танымдық қыры айналадағы қоршаған дүниені, ақпараттарды адам санасына қабылдап, өндеп, білім жиынтығын құрайды. Сондықтан адам қарым-қатынас барысында өзінің таным көкжиегін, сөздік қорын, мәдениетін, білімін қолданып, тілі арқылы жарыққа шығарып отырады. Осыған байланысты, С.Аманжолов: «Сөйлеменде, айтатын сөзіміз, терең неше алуан ойымыз, өткір қиялымыз, тереңнен тартып топшыладап, алыстан орап, оспақтап, я жоспармен сөйлейтін тәртіпті сөйлемдеріміздің тізбегі толып жатқан ойлардың желісі»[45;11]-деп, тілдік қатынас барысында адам санаын, жадын, сөздік қорын, ойын, өмірден алған тәжірибесін, танымын, т.б. барлық мүмкіндіктерін іске асыратындығын айтады.

Таным тіл арқылы адам санаын үнемі толықтырып, жетілдірін, дамытып отырады. Адам алған білімі және өмірлік тәжірибесі арқылы таным көкжиегін кеңейтін, Абай айтқан «толық адам» бейнесін қалыптастыруға тырысады. Сондықтан А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов тіл болмысын зерттеу – барша адамзат қасиеттерін, мәдениетін, салт-дәстүрін, мінез-құлқын, ақылын, білімін анықтауға жол аштындығын көрсетті. Сондай-ақ, ғалымдар танымдық зерттеулері арқылы «**Толық адам**» бейнесін қалыптастыру ұстанымын басты назарға алады.

Тіл – адам санаының көрсеткіші. Себебі тіл - адамды барлық жанды ағзадан, басқа жаратылыс иелерінен биік етін көрсетуші және іс-әрекетке итермелеуші құрал болып саналады. Адамның ойлау үдерісін, оның шығармашылық әрекетін дамытатын да – тілдің танымдық қызметі. Себебі таным үздіксіз даму, жетілу, ақпараттарды жинау, өндеу үдерісі арқылы жүзеге асып отырады. Тілді зерттеу барысында А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов тіл адамды, өмірді зерттеп танудың көрсеткіші екендігін айтады. Сонымен қатар, тіл адамды шығармашылыққа, мәдениетке итермелейтіндігін көрсетін, тілдің танымдық болмысын **креативті ойлау үдерісін дамыту ұстанымымен** байланыстырады. А.Байтұрсынұлы: «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры» [1;1]-деп, тіл - «адамдық белгісі», яғни адамгершілік қасиеттердің «зоры» екендігін айтады. Латын тілінен аударғанда «creatio»-жарату, жасау деген мағынаны білдіреді. Ағылшын

тілінде «creative» - шығармашылық, шығармашыл деген мағынаны білдіреді. Демек,, адамның шығармашылық мүмкіндіктерін арттыру, креативті ойлау үдерісін дамыту үшін тілдің маңызы зор.

Таным теориясының А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері негізінде айқындалған ұстанымдарының бірі – **ғылымилық ұстанымы**. Қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалымдар зерттеулерінде таным мәселесін атап айтпағанымен, тілдің метатілдік қызметін зерделеу барысында танымдық тұрғыда түсіндіріп, таным теориясының ғылымилық ұстанымымен сабактастырады. А.Байтұрсынұлы тіл табиғатын зерттеу арқылы адамды тануға тырысады. Адамда екі ғалам болады «ішкі ғалам» және «тыскы ғалам» деп санамалауының өзі таным болмысын ғылыми тұрғыда сипаттайды. «Әуезе тыскы ғаламды бейнелейтін сөз» [42;133]-деп, тіл арқылы әлемді бейнелеуге болатындығын меңзейді. Ал «ішкі ғалам» деп адамның ішкі көңіл-күйінің, ішкі толғанысын санайды. Тіл арқылы «ішкі ғаламды» да бейнелеуге болатындығын тұжырымдайды. Қ.Жұбанов тіл болмысын сөздің атауыштық қызметімен байланыстырып, таным мәселесінің адам санасына әсер етуі арқылы, адам сыртқы дүниедегі заттар мен құбылыстардың сипатын қабылдап, олардың қасиеттерінің ұқсастығына қарай сөз туындастырып, түрде дәлелдейді: «Адам баласының табиғатында әуелі сөзді біліп алғып, өзін кейіннен білу қасиеті бар. Мысалы: адам фотографияны танып-білгеннен кейін ғана өзінің басқа затқа ат қоятыны өзін сол басқаларға ұқсата айтатыны – өз басын кіші дүние деп біліп, оны ана үлкен дүниеге ұқсатуынан болған. Осы таным тілге де әсер еткен»[44;119]-деп, адам болмысын, адамның заттың қасиетін, сипатын тануы тілге әсер етіп, тіл арқылы көрінетіндігін ғылыми тұрғыда түсіндіреді.

А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері негізінде таным теориясының **жүйелілік ұстанымы** айқындалды. А. Байтұрсынұлы сөз өнерін: «Ақыл ісі – андау, яғни нәрселердің жайын ұғу, тану, ақылға салып ойлау, қиял ісі – мензеу, яғни ойдағы нәрселерді белгілі нәрселердің тұрпатына, бернесіне ұқсату бернелеу, суреттеп ойлау: көңіл ісі – түю, талғау» [42;9] – деп, адамның айналадағы заттар мен құбылыстарды аңғарып, қабылдап, танып, суреттеп, ойлайтындығын жүйелеп түсіндіріп береді. Таным теориясы жүйелілікті қажет етеді, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулеріндегі таным болмысы жүйелілік ұстанымы бойынша сипатталады.



Таным теориясы *теория мен практика бірлігі ұстанымын* кажет етеді. Себебі таным теориясы тек практикалық тәжірибеге, тілдің шығу тарихына, сөздің этимологиясына, тұпкі мағынаға негізделіп, әрдайым дәлелді талап етеді. Осы орайда А.Байтұрсынұлының, К.Жұбановтың, С.Аманжоловтың енбектерінің бір ерекшелігі – теория мен практиканың бірлігі негізінде қарастырылуы. Галымдар тіл білімінің қай саласы бойынша зерттеу жүргізсе де, біржакты теорияға немесе практикаға ғана сүйенбей, әрдайым теория мен практика бірін-бірі толықтырып отырады. Сол сияқты тілдегі таным теориясы да теория мен практика бірлігі ұстанымын ұстанады. Теория мәселенің фылыми мәнін ашып түсіндірсе, практика оны қолданудың, жүзеге асырудың жолын көрсетеді.

2. ҚАЗАҚ ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ТАНЫМ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ (А.Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері бойынша)

2.1. Таным теориясының педагогикалық негізі

Әрбір халықтың рухани азығының қайнар бұлағы оның халықтық педагогикасы мен ұлттық салт-дәстүрлері болып табылдады. Тән азығы мен жан азығының тәп-тендігін сақтап, өсіреле жан азығына баса көніл бөлген халқымыз өміртануды діттеп, оның заңдылықтарын терең ұғынған. Жан азығынан макұрым қалған адамның адамдық қасиеті жойылып, оның мәнгүртке айналатынын ертеден ұғынған халқымыз жан азығын, ең әуелі, нәрестеге бесік жыры арқылы әуезді әуенмен беруді бастайды, одан соң жас балдырган жеке сөздерді ұғына бастағанда-ақ, оған жақсы мен жаманды ажыратып түсіндіреді. Қазақ халқы үшін ұрпағының болашағы, өсіп-өнуі, дамып-жетілуі қашан да басты назарда болған.

Ұрпағының жастайынан жан-дүниесінің тазалығын, дүниетанымының кеңдігін, ойының ұшқырлығын, тілінің шешендігін қалыптастырып, дамыту үшін халық ауыз әдебиетін, яғни тілдік құндылықтарды пайдаланған. Әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік, қонақжайлыштық құндылықтары қалыптасқан халқымыздың осы асыл да абыройлы қасиеттерін жас ұрпақтың ақыл-парасатына азық ете білу үшін әрбір тәрбиеші, ұстаз халық педагогикасында сан ғасырларда қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жан-жақты терең білumen қатар, өзінің бойына адамдық құндылықтарды терең сінірген, рухани жаны таза адам болуы шарт. Ол рухани-адамгершілік тағылымдарды өркениетті өмірмен байланыстыра отырып, білім берудің барлық кезендерінде негізге алғаны жөн. Сонда ғана өзінің міндетін айқын сезіне білетін, мінез-құлқы жетілген саналы адам қалыптасады. Білім өзінің шынайы міндетіне жауап беруі үшін балаларда жас кезінен бастап, ең маңызды адамдық саналарды – адамгершілікті: сүюді, аяушылықты, төзімділікті, имандылықты, әдептілікті, мейірбандықты, шыншылдықты және басқа асыл қасиеттерді дамыту керек. Адамгершілік тәрбиесі – белгілі бір мақсатқа негізделген көзқарасты, сенімді, парасатты, мінез-құлқы дағдылары мен әдеттерді қалыптастырудары адамгершілік сезімді, ұлттық сананы, қарым-қатынасты дамытуда, адамзаттық құндылықтарды тиімді пайдалануға бағытталған жалпы адамзаттық тәрбиенің құрамдас бір бөлігі.

Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында маңызды орын алады, сондай-ақ оны әрі қарай айқындағы түседі. Ал білімнің қалыптасып, дүниені танудың жалпы алғышарттарын қамтып, оны тіл арқылы қабылданап, рухтың материяға, сананың болмысқа қатынасты тұрғысынан зерттейтін ілім – таным теориясы деп аталады.

Тіл біліміндегі таным теориясының басқа ғылыми теориялардан түбірлі айырмашылығы – ол білімнің қалыптасуы мен негізделуінің жалпы ұстанымдарын, объективтік қатынастарды қамтып, тіл арқылы ұлтты, тіл арқылы мәдениетті, тіл арқылы сол тілді қолданушы халықтың ділін тануға

мүмкіндік береді. Таным теориясы танымдық әрекеттер арқылы түсіндіріледі. Танымдық әрекет дегеніміз – шәкірттің білімге дүниесін тануға, әлемді сезіпуге деген белсенді ақыл – ой әрекеті. Ол танымдық қажеттіліктен, мақсаттан, таным қисындарынан және әрекеттің негізінде білім алушылардың танымдық белсенділіктерінен ізденіпаздықпен қалыптасады. Танымдық ізденіпаздық ұғымы және оны қалыптастыру мәселелері – көптеген педагогтар, психологтар мен әдіскерлер зерттеп, пікір айтқан мәселе. Бұл мәселенің түп тамыры сонау көне замандардан бастау алады. Алайда, тіл біліміндегі таным мәселесі шәкірттің білімге деген белсенділік әрекетін, қызығушылығын, ізденіпаздығын артырумен қатар, ұлттық болмысты, ұлттық мәдениетті, адамгершілікті, руханиятты, тұтас адамзат құндылықтарын тіл арқылы білім алушының бойына сініру мәселелерін де қамтиды. Осы мәселеде қызмет етіп, қазақ халқының игілі үшін еңбек еткен А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулері тіл болмысы, сөз, макал-мәтелдер арқылы шәкіртке ұлттық тәрбие берін, адамгершілік қасиеттерді, ұлттық құндылықтарды бағалауды үйретеді.

ІХ-Х ғасырларда өмір сүрген түркі дүниесінің ғұламасы атанған Әбұ-Насыр әл-Фарабидің «Риторика», «Поэзия өнері жөнінде», «Мемлекет қызметкерінің афоризмдері» атты еңбектерінде дидактика, тәрбие, үйренушінің талабы мен белсенділігі мәселелеріне көніл бөлген. Ол: «Логиканың мықты болуы көп адамның ойынша, тек ой өнері, бұл дұрыс емес, ойды дұрыс қарау, дұрыс жеткізу грамматиканың арқасында, яғни грамматика өнері. Грамматика ғылымы бізге сөздер туралы барлық зандарды ұсынса, логика ғылымы ақылмен танылатын нысаналар туралы дәл сондай үлгіні, яғни зандылықтарды ұсынады» [97;20]- деп, ойдың нақтылығы мен ұшқырлығы, терендігі тілге байланысты екендігін айтады.

Таным әрекеттері сезімдік және ақыл-ой сатылары арқылы жүзеге асады және халықтың сөз өнерінде көрініс табады. Осы орайда, қазақ ойшылдарының педагогикаға қатысты пікірлері ақын-жыраулардың жырларында, би-шешендердің сөздерінде айқын көрінеді. XV-XVII ғасырларда педагогикалық бағытымен ерекше көзге түсken Асан қайғы, Шалқиіз, Жиembet болды. Бұл жыраулар адам өз ой-өрісін өзі көтеріп, жетістіктерге жету үшін ұмтылуы керек деп есептеді. Сөздің құдіретті қүшін аса жоғары бағалап, ойын, дүниетанымын жеткізе білу тілге байланысты екеніп білдірді. Асан Қайғының:

Таза, міңсіз, асыл тас,
Су түбінде жатады.
Таза, міңсіз, асыл сөз,
Ой түбінде жатады.
Су түбінде жатқан тас,
Жел толқытса шығады.
Ой түбінде жатқан сөз,

Шер толқытса шығады, [98;6] –деген жолдардан мұны айқын аңғаруға болады. Жырау бұл тәсілді тек көркемдік үшін ғана қолданбаған, сол арқылы

терең ой түйіндеген, сөз өнерінің қадірін білдірген, сөз жалаң дүние емес, адам жанының ішкі толғанысының, жан сырнының көрінісі екенін тамаша өрнектеген. Осындағы сөз өрнектері арқылы қазақ халқы ұрпақтарын сөз қадірін ұғуға, сөз қадірі арқылы адамгершіліктік құндылықтарды менгеруге тәрбиелеген.

Педагогикалық ойлар XVII ғасырдағы қазақ ойшылдарының ішінен Ақамберді, Бұқар, Шал есімдерімен тығыз байланысты. «Атақты Бұқар жырау өз шығармаларында Ұлы Дағына қалыптастыру идеясын көтерді. Ол адамның болашақтағы бейнесін көре білді» [98;6].

Асқар таудың өлгені-

Басын мұнар шалғаны.

Көктегі бұлттың өлгені –

Аса алмай таудан қалғаны.

Ай мен күннің өлгені –

Еңкейіп барып батқаны.

Қара жердің өлгені –

Қар астында қалғаны.

Өлмегенде не өлмейді?

Жақсының аты өлмейді.

Фалымның хаты өлмейді [98;99]. Мұнда жырау адамның жақсы қасиеті мен ғылымның басты артықшылығына баса назар аударғанын көреміз.

Сонымен қатар, қазақ ағартушылары мен ойшылдары Ш.Уәлиханов, Й.Алтынсарин, А.Құнанбаев, Ш.Құдайберді, т.б. шығармашылықтарында қазақ баласын оқыту, тәрбиелеу, үйрету мәселелері көтерілді.

Шоқан Уәлиханов қазақтар арасында орыс білімін, оның ғылымы мен өнерін таратудың тиімді шаралары үшін күресті. Ол Қазақстанда «нағыз шынайы білімдер» ұясы болатында мектеп түрлерін ұйымдастыруды талап етті. «Тек ақиқат білім ғана құдіктерден құтылуға жәрдем етін, өмірмен материалдық әл-ауқатты бағалауға үйретеді»[4;126] - деп, тәрбиленіп отырған шәкірттерінің танымдық ой-өрісін әлемдік тәжірибелің үздік жетістіктеріне ұмтылдырығысы келді. Халықтық тәрбиенің жаңа жүйесін ойластыра отырып, Шоқан ең алдымен жас өспірімдерді ғылым мен техниканың табыстарымен, дүние жүзі мәдениетінің бай қазынасымен таныстыра алатында дүниежүзілік білімдерді енгізуі жақтады. Қазақ жас өспірімдерін білімге шақыра отырып, қазақтың ұлттық салт-дәстүрінде қалыптасқан ауыз әдебиетінің үлгілері адам баласының танымын көнегейтіп, танымдық қабілеттерінің дамуына үлес қосатындығын айтты.

Шоқаннан кейін қазақ қоғамын ағартушылыққа шақырған Үбырай Алтынсарин болды. Ол 1979 жылы қазақ тілінде алғаш жарыққа шықкан «Қазақ хрестоматиясы» атты еңбегінде ұлттық сөз өнерінің мұрасын жас ұрпақты тәрбиелеп, танымын көнегейту мақсатына бағындырған. Ол үшін ауыз әдебиеті шығармаларын ретімен, жүйесімен берген. Үбырай Алтынсарин сөз өнерінің тәрбиелік яғни ғибраттық, халықтық мәнін тұнғыш қолдана білген педагог. Фалым өз шығармаларымен қатар қазақ халық әдебиеті үлгілерін,

еуропа классикалық әдебиетінің аудармаларын таңдал, топтастырған. Бұл шығармалардың сөз арқылы беретін басты ойы: әдептілік пен адамгершілік, еңбек сүйгіштік пен зеректілік, ата-ана мен елге, атамекен – Отанына деген сүйіспеншілік.

Ағартушы оқушыларға жан-жақты адамгершілік тәрбие беру мақсатында лайық туындыларды арнайы таңдаған. Атақты Марабай жыраудан жазып алған «Қобыланды» жыры осы кітапта тұнғыш рет жарияланып, «Қобыланды батыр мен Тайбурыл» деп аталған үзінді жырдың ең көркем, әсерлі бөлімін қамтиды. Осында елін, жерін қорғайтын батырдың ер тұлғасы және оның жанына серік аты қазактың ұлттық танымындағы ұғымдар сіңірлген жырды оқушыларға ұсынып, оларды отансүйгіштікке, ізгілікке, эстетикалық тәрбие беретін ұлттық сөз өнеріне қызығушылығын арттырады.

Ыбырай Алтынсарин хрестоматиясындағы аңыздар мазмұны, идеясы (Қарабатыр, Сәтермір хан, т.б.) еңбек сүйгіштікке тәрбиелеп, еңбек арқылы адамның жетпейтін, жеңбейтін кедергісі жоқ деген мақсатты қөздейді. Ал хрестоматияға енген шешендердің де жөні ерекше. Жиренше әңгімелері арқылы алдымен тапқырлық, өткірлік, әділдік қасиеттерін насиҳаттай отырып, ағартушы тәрбиелік мәні зор мақал-мәтелдерді де ұсынады.

Ы.Алтынсарин: «Бұл кітапты құрастырағанда мен, біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұнғыш рет шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс-қазақ және қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын, сонымен қатар, жалпы халықтың окуына жарайтын кітап бола алу жағын қөздедім; екіншіден, бұл кітапта келтірген әңгімелердің қазақтар үшін ұнамды болуы жағын қөздедім; сондықтан бұл кітапқа енгізілетін әңгімелерді тергенде көп қыншылықтарға кездестім, әрбір мақаланы әр жағынан ойлап барып қосу керек болды»[99;6-7]- дей отырып, оқу материалын құрастыру барысында таным қағидаларын ескергенін байқатады. Сонымен қатар, ұлт ұстазы хрестоматияның ішкі мазмұнын оқушылардың жас ерекшеліктерін, танымдық өрісін ескеріп, деңгейлі түрде сатылап төрт тарауға бөліп береді:

- 1) «балалар өмірінен алынған әңгімелер, бұлар түрлі орыс хрестоматияларынан, көбінесе Паульсонның хрестоматиясынан алынды; мысалдар мен халық әдебиеті; балалардың туғандарына жазған хаттары;
- 2) әр түрлі жастағы адамдардың өмірінен алынған әңгімелер;
- 3) ең жақсы қазақ ақындарының өлең-жырларынан үзінді;
- 4) қазақтың мақал-мәтелдері»[99;7]

«Өрмекші, құмырсқа, қырлығаш», «Сәтемір хан», «Абылайхан», «Талаптың пайдасы», «Әке мен бала», «Асыл шөп», «Бір уыс мақта», «Алтын шеттеуік», «Шеше мен бала», «Аурудан аяған күштірек», «Мейірімді бала», «Полкан деген ит», «Тышқанның өсиеті», «Ізбасты», «Тұлкі мен ешкі», «Бай ұлы» атты ұсак әңгімелер-ертегілерді балаларға деп бірінші бөлімінде

ұсынады. Қысқа ғана әңгімелерде Ы.Алтынсарин оқушыларға ең қажетті деген рухани ғибратты тәрбиелік мәсі бар ойларды жинақтаған. Накты, қысқа сөйлемдер арқылы танымдық, жалықтармайтын білім беруді көздейді. Бастысы балалардың өмірінен алынған деп, шәкірттің танымына жақын жолын тапқан.

«Қазақ хрестоматиясын» жарықта шығарған Ұбырай Алтынсариннен кейін барша қазақты ілім-білімге, өнерге шақырған қазақтың бас ақыны – Абай Құнанбаев болды. Әр кезеңдегі ойшылдар адам атының сақталып қалуы үшін толыққанды адам болудың жолдарын іздестірген және өздерінше әр қылыш пікірлер білдірген. Абайда да адам жаратылысының жан сыры туралы жүйелі де, жемісті таным бар. Ол өзіне дейінгі Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұт Қашқари, Қ.Яссави және Ж.Румидің кемел адам жайлыш ой-пікірлерін әділет пен ақылдың сын таразысына салып, тұжырымдар жасады. VIII-IX ғасырда түрік халықтарының мінез-құлықтары, ой-танымын жолға салу әрекеті Әл-Фараби ұстанған моральдық-этикалық ілімінде парасатты адам (инани фазыл) туралы танымын тіл арқылы жүзеге асырды. Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала түрғындарының көзқарастары» атты философиялық трактатында «Қайрат», «Ақыл» және «Жүрек» сияқты ұғымдарға түсінік береді. Әл-Фараби түрік әлемінде өз танымының негізі ретінде жүрекке шешуші мән беруі – Абай негізін қалаған «толық адам» ілімінің түп төркіні. Абай қазақ баласының «толық адам» болуы үшін тілдегі таным мәселесі арқылы адамзат құндылықтарын, ұлттық тәрбие, ұлттық сана, ұлттық мәдениет, ұлттық мінез-қасиеттерді сөз өнеріне сіндіріп жас өспірімнің бойынан көруге тырысты. Осыған байланысты Абайдың тұжырымдары «Он жетінші» кара сөзінде өзінің логикалық жалғасын тапқан.

Абайдың «толық адам» туралы танымы Қытайлардың дао іліміндегі «әбден жетілген адам» (совершенно мудрый человек), Шығыс ойшылдары мен суфизмдегі «пенделіктің кәмалаттығына ұмтылған адам», атап айттар болсақ, Әл-Фарабидегі «Кемел адам», Ж.Баласағұнның дастанында көрініс тапқан «Жауанмәрттілік» ілімі және А. Ясауи дүниетанымындағы «дерпті адам», «топырақ адам», «ғарип адам» секілді тұлғаларымен сабактасып жатыр.

Абай адамдықтың биік деңгейін иманмен өлшеген. Өзінің қара сөздерінде «Толық мұсылман болмай – толық адам болмайды» деп, кесін айтқан. Абайдағы толық адам туралы ойдың о бастағы төркіні «Ғылым таппай мақтанба» (1986ж.) өлеңінен бастау алып, ақынның «Адам болам десеніз» деген тезисі негізінде ары қарай желілеп таратылып, жыл өткен сайын күрделене түсуде. Толық адамның тұла бойын толтырар ізгі қасиеттер «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде айқын көрсетілген.

Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеніз.
Тілеуің, өмірің алдында,
Оған қайғы жесеніз.

Өсек, өтірік, мақтаншак,
Еріншек, бекер малшашпак –
Бес дұшпаның білсеңіз.
Талап, еңбек, терең ой,
Қанағат, рақым, ойлап қой –
Бес асыл іс, көнсеңіз [5;44].

Адам болу туралы ой-танымын «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде көп нәрсенің төркінінен хабар береді. Осылайша Абай жас өркеннің бағдар түзегендегі танымның биік шыңы ретінде талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақымды атайды. Абай атаған бес қасиет негізінен толықтықты танытатын үш қасиетті құрайды: талап пен еңбек – қайратты танытса, терең ойыңыз – ақыл, ал қанағат пен рахым – жүректен туатын қасиеттер. Адам бойындағы осы үш қасиетті ерекше танып білуге тұратын таным екенін ақын «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» өлеңінде: Үш-ақ нәрсе - адамның қасиеті: Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек [6;42], - деп нақтылай түседі. «Ыстық қайрат» - бұл үнемі ізденіс үстінде болу, тек қана алға ұмтылу, жасампаз болу. «Нұрлы ақыл» - елге сәулө түсіріп, ізгілікті іс істеу, алла берген ақылды тек жақсылыққа жұмсау. Ал «жылы жүрек» - иманды, иман жүзді болу, адамдарға құрметпен қарau, олардың мұн-мұқтажын, көніл-күйін ұға білу. Міне, осы үш қасиет ізгілікті мақсатта пайдаланылған жағдайда ғана толымды адам деген мәртебеге ие болуға болады. Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, Сонда толық боласың елден бөлек [6;42], - дейді. Олай болса, Абай үшін дүниенің басты құндылығы – адам, жәй ғана адам емес, рухани тұрғыда кемелденген толымды адам. Адамзат өркениетіндегі барлық игі қасиеттер: дін, иман, ғылым, білім, тәрбие, әдеп, өнер, құқық, іскерлік, тапқырлық, қайраткерлік, азаматтық, жомарттық, әділеттік, т.б. бойында жетілдіре білген, дамытқан адам – Абай ұсынған «толық адам» концепциясы.

Педагогикалық негізі теренден тартатын қазақ ойшылдары аз емес, алайда, қазақ тіл білімінің негізін салуға ат салысқан А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов және С.Аманжоловтың педагогикалық еңбектерінің адам танымын қалыптастырудың маңызы зор.

Ғалымдар «Руханият» - «Құндылық» - «Тәрбие» үштігін «толық адамды» тәрбиелеу мақсатында қолданып, басты қару ретінде тілдің танымдық қызметін пайдаланған. Ойшылдардың «толық адам» концепциясы «Рухания» - «Құндылық» - «Тәрбие» үштігімен тілтанымға негізделеді.

Ахмет Байтұрсынұлы ағартушылық қызметі жағынан Ұбырай Алтынсариннің тікелей мұрагері, Абайдың концептуалды ойларын жүзеге асыруши шәкірті болды. Сөз құдіретін таныған қазақ ойшылдары мен ғұламаларының тұжырымдарын жетілдіре келіп, тіл табиғатының танымдық қызметі арқылы шәкіртке жан-жақты білім беруге, адамгершілікке тәрбиелеуге, ұлттық қасиетті бағалауға үйрету жолдарын А.Байтұрсынұлы қазақ қоғамының мәселерін көтеру мақсатында жарияланған мақалалары мен еңбектерінде ұсынған.

А.Байтұрсынұлының ағартушылық ой-пікірлері 1911-1915 жылдары шыққан «Айқап» журналы мен 1913-1917 жылдары Орынборда шыққан «Қазақ» газетінде жарияланған мақалаларынан айқын көріне бастады. Ол өзінің 1913 жылы жарияланған «Оқу жайы» атты мақаласында мәдениетті елдер мен мәдениеті төмен, оқу-білімсіз елдерді салыстыра келіп: «Оқусыз халық қанша бай болса да, біраз жылдардан кейін оның байлығы өнерлі халықтардың қолына көшпекші. Мұның себебі – ойлап қараса біздің қазақта мағлұмсыз емес. Бұл заманда не нәрсе машинаға айналды. Адам баласын көкке құстай ұшырган, суда балықтай жүздірген – ғылым. Дүнияның бір шетінен бір шетіне шапшаң хабар алғызып тұрган – ғылым, от арба, от кемелерді жүргізген – ғылым»[100;1] -деп, өнер мен ғылымның жасампаздық күшін паш етеді. Қазақтың басқа жүртқа жем болуының, теңдіктен құр алақан қалуының басты себебін Ахмет Байтұрсынұлы оқусыз надан қалуынан, танымының таяздығынан деп санайды. Сондықтан А.Байтұрсынұлы туған халқының ғылым-білімге ұмтылуын, әр қазақтың ең болмаса бастауыш білім алуын аңсады. «Адамға тіл, құлақ қандай керек болса, бастауыш мектепте үйренетін білім де сондай керек»[101;1] -деп жазды. **Бірақ** осындай білім беретін ауыл мектебінің сол кездегі хал-қүйі оның қабырғасына қатты батып, адамның тілі мен құлағы арқылы білімнің соншалықты қажеттілігін түсіндірді. Бұл жөнінде: «Осы күнгі ауыл мектептерін мектеп деп айтарлықтай емес. Окуға керек құрал жоқ, оқыта білетін мұғалім аз. Сонда да хат білетін қазақтардың проценті мұжықтардан жоғары... Бұл мектептің халыққа жақындығы, балалардың білімді ана тілінен үйренетіндігі...»[101;1] деп ауылдық қазақ мектептерінің жайын сөз ете келеді де, «орыс мектептерінде тәртіп те бар, құрал да сай, мөлшер, жоспар бәрі де бар. Сонының қарай пайдасы аз. Олардың пайдасын кемітіп отырған бір-ақ нәрсе: қазақты орысқа аударамыз деген пікірі бұлдіріп отыр»[101;1] – деп қазақ даласында патшалық Ресейдің отарлау саясатының қалай іске асырылып жатқанын айта келе, ұлттық тілді сақтап қалудың жолдарын іздейді. Ол патша әкімдерінің оку-ағарту ісіндегі үлттық мақсатын одан әрі айқындағы түсіп, «Үкіметке керегі мемлекеттегі жүргіттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болуы, әр халыққа керегі – өз дінін, тілін, жазуын сақтау. Солай болған соң бастауыш мектеп әуелі миссионерлік пікірден, политикадан алыс боларға керек... Қазақты басқа дінге аударамын деу – құр әурешілік. Қазақты дінінен аударуға болмаса, жазуынан да аударуға болмайтын жұмыс» [100;1] деп, қазақ халқының игілігі үшін өз пікірін батыл білдірді.

А. Байтұрсынұлы үлтты сақтайтын бірден-бір құрал – тіл екендігін дәл айтып, окулықтарында үлттық ойлау, үлттық дүниетаным, үлттық психология, үлттық діл негізінде ұрпақты үлттық таным арқылы тәрбиелеуді ұстанғанын байқаймыз. А.Байтұрсынұлы ұрпаққа тілі мен танымы арқылы үлттық тәрбие берін, білім беруді көзделеп, этнопедагогика ғылымының алғашқы ұшқындарын көрсетті. Қ.Жарықбаев зерттеулерінде «этнопедагогика», «этнопсихология», «халықтық педагогика», «халықтық

психология» ұғымдарының бір-біріне ұқсастығын, айырмашылықтарын және олардың классикалық педагогика категорияларымен сабактастығын көрсете келін: «Этнопедагогика – халықтық тәлім-тәрбиені, оның тәжірибесін қорытындылап, жүйелейтін теориялық сипаттағы ғылым саласы. Ол халықтық педагогиканы ғылыми педагогикамен байланыстырып отыратын өткел іспеттес ғылым» [102;7]-деп түсіндіреді. А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі таным теориясының педагогикалық негізі, ең бірінші, ұлттық болмысты басшылыққа алып, халықты оқу-білімге шақыру болды. Бұл оқытудағы ұлттық ерекшеліктерді ескеру бүгінгі танда этнопедагогика саласы ретінде дамыды. К.Ж.Қожахметова: «Этнопедагогика дегеніміз – этникалық қауым педагогикасының дамуын зерттейтін педагогикалық білімдердің жаңа саласы, белгілі бір халықтың, тайпаның өзіне тән ерекшелігі бар дүниетанымдық, тәрбиелік мәдени мұрасы. Ол халықтың ұрпақ тәрбиелеудегі озат тәжірибесінің мазмұны мен әдіс-тәсілдерін зерттейтін ғылыми педагогиканың құрамдас бөлігі ретінде қарастырылады»[103;129]. А.Байтұрсынұлы оку қуралдарында білімді шәкірттің ұлттық болмысына тән салт-дәстүріне, әдет-ғұрыптына, тұрмыс-тіршілігіне, мәдениетіне, тарихына байланысты түсіндіргенін байқаймыз.

А.Байтұрсынұлы мысалдар жинағын «Маса» деп атаяның да Себебі ұйықтап жатқан халықты ояту үшін, яғни ойына ой салып, білімін арттыру, танымын ұштау мақсатында еді. «Маса» сөзі арқылы халықтың танымына әсер ету үшін халықтың ұғымына жақын, алайда едәуір терең ой, салмақты жүк артқан атая таңдал алады.

Ізындан ұшқан мынау біздің маса,
Сап-сары, аяқтары ұзын маса,
Озіңе біткен түсі өзгерілмес,
Дегенмен қара яки қызыл маса.
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша.
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе еken,
Қоймастан құлағына ызындаса? [104;3]

Бұл кітапқа енген өлеңдерінде ақын қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, кәсінке марғаулық сияқты кемшіліктерді сынады. Қөптеген өлеңдері сол кездегі ағартушылық бағытпен үндес болды. Ол Шоқан, Абай, Ібырай қалыптастырған дәстүрлерді, адамгершілік, демократиялық бағыттағы өрісті ойларды өзінше жалғастырушу ретінде көрінді.

Адамға жан-дүниесінің тілдегі көрінісі, яғни ой шындығының сөз арқылы көрінуі де мақал-мәтелдерде кеңінен бейнеленген.

Ақыл ой немесе танымдық әрекет ең алдымен, іс әрекеттерді жоспарлайды, екіншіден оны жүзеге асыруды, үшіншіден орындаған іс-әрекеттердің жемісін алға қойған мақсат-мұдделермен салыстырады. Осындағы ақыл-ой нәтижесінде әр адамның мінез-құлқындағы даралық ерекшеліктері қалыптасады. Және әрбір адамның тәжірибесі, оның іс-әрекет түрлері өзгелердің ісі қоғамдық тәжірибелер арқылы байып, жаңа сипаттарға

ие болып отырады. Адам өзінің іс-әрекеттерін жоспарлайды, ойлау арқылы оларды тиңсті міндеттерді шешуге қолданудың жолдарын іздестіреді, жүзеге асыру тәсілдерін қарастырады. Мұның барлығы да тіл, сөйлеу арқылы дамиды. Макалдар сөзді салмақтап, ойлана айтуға үйретеді. Макалмәтелдерде ой сананың қалыптасу кезеңдерінен көптеген соны мәліметтер береді. Адам ақыл-оыйның дамуында оқу, білім мен тәрбиенің атқаратын рөлі зор.

Макал-мәтелдердің таным теориясында алар орны ерекше. Мұндағы тәрбие мәселесіне қатысты макалдар оқушының танымын көнектін, ізгілікке, адамгершілікке тәрбиелейді. А. Байтұрсынұлы оқушылардың танымын қалыптастыру мақсатында «Тіл – құрал» атты окулығында қолданған макал-мәтелдердің тәриелік мәні терең. Баланың еліне, туған жеріне деген сүйіспеншілігін ояту, ерлікке, адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында мынадай қазақтың макал-мәтелдерін қолданады: «Жомарт ер жоқтығын білмейді, жүйрік ат тоқтығын білмейді. Атадан бала туса игі, ата жолын қуса игі, бетіне келер ұятын өзі біліп жуса игі Ұлың өссе ұлықтымен ауыл бол, қызың өссе қылықтымен ауыл бол. Ата көрген оқ жонар, ана көрген тон пішер. Халқы жаманның биі азады, қатыны жаманның үйі азады. Қызым, саған айтамын, келінім, сен тында. Ит тойған жерін іздейді, ер туған жерін іздейді. Бітімі жаман қамысты су ішінен өрт шалар, туысы жаман жігітті түйе үстінен ит қабар. Жалғыз ағаш үй болmas, жалғыз жігіт би болmas. Жүк ауырын нар көтереді, қаза ауырын ер көтереді. Еменнің иілгені – сынғаны, ердің ұялғаны – өлгені». Сонымен қатар, сөз құлдіретін тануға, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруға, сөз қадірін ұғындыра отырып, баланың танымын көнектуге бағытталып қолданылған қазақтың макал-мәтелдері: «Жақсы сөз сүйіндіреді, жаман сөз күйіндіреді. Тауды, тасты жел бұзар, адамзатты сөз бұзар. Бір тәуекел бұзады мың қайғының қаласын, бір жақсы сөз бітірер мың көнілдің жарасын. Тыңдамаса сөйлеген есіл сөзім, жыламасқа жылаған екі көзім. Аталы сөзді арсыз қайырап, жүйелі сөзді жөнсіз қайырап. Аузы жаман елді былғар, аяғы жаман төрді былғар. Білген кісі тауып айтады, білмеген кісі қауып айтады». Білім, өнерді дәріптеу арқылы таным қалыптастыруға арналған А.Байтұрсынұлы еңбегіндегі қазақтың макал-мәтелдері: «Оқу түбі – тоқу. Өнер алды – қызыл тіл. Оқу – білім азығы, білім – ырыс қазығы. Білегі толық бірді жығар, білімі толық мыңды жығар» Жалпы адамгершілік құндылықтарды ескере отырып таным қалыптастыру: «Ұлken бастар, кіші қостар. Жақсы жүрген жеріне кент салады, жаман жүрген жеріне өрт салады. Мал – жаным садағасы, жан – арым садағасы. Сабыр түбі сары алтын. Сарғайған жетер мұратқа, асықкан қалар ұятқа. Орақшының жаманы орақ тандайды. Берген алар, еккен орар. Қайтып кірер есікті қатты серіппе. Көп баланың ішіндегі қарт – бала болар, көп қарттың ішіндегі бала – дана болар. Тентектің ақылы түстен кейін енеді. Ақсақ қой түстен кейін маңырайды. Денсаулық – зор байлық. Өзі тойса да көзі тоймайды. Атты қамшымен айдама, жеммен айда. Қойшы көп болса, қой арам өлер. Жыртық үйге тамшы үйір, арық атқа қамшы үйір. Жеті рет

піш, бір рет кес. Көз қорқақ, қол батыр. Сақтықта қорлық жоқ. Аспанға қарай оқ атпа, өзінің түсер басына. Ұяда не көрсөн, ұшқанда соны аларсын. Қатты жерге су тәксен, сұықта тайғақ болар, жаманға сырынды айтсаң таршылықта айғақ болар. Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын, жаманың жамандығын айт, құты қашсын. Шортаның өзі өлсе де, тісі өлмес, адамның өзі өлсе де, ісі өлмес. Білімсізбен алыспа, текке өмір тауыспа. Төртеу түгел болса, төбедегі келер, алтау ала болса, ауыздағы кетер. Бас екеу болмай, мал екеу болмас. Үйдің жылы-сұығы қыс келгенде білінер, кімнің алыс-жұығы іс келгенде білінер. Асың барда ел таны, атың барда жер таны. Тау тауға қосылмайды, адам адамға қосылады» -деген мақал-мәтелдерді оқулығында жаттығу мәтіні ретінде қолдану арқылы ғалым тілдің танымдық қызметін алға қойып, шәкіртті барша адамгершілік қасиеттеріне бағыттап тәрбиелеу жолдарын көздейді. Мақал-мәтелдерді білім беру барысында қолданудың маңыздылығын Ж.Дәuletбекова: «Мақал-мәтелдердегі ой жүйесін талдау барысында студенттер халық қазынасы ретінде мақалдардың рөлі мен маңызын түйсінеді. Атадан балаға жалғасып жатқан ізгі дәстүрлердің бір арнасы мақал-мәтелдермен екенін пайымдайды, сөйтіп, өзінің парасат әлемінде оған орын беру қажеттігін шынайы сезінетін болады»[105;16]-деп пайымдайды. Осы мақал-мәтелдердің халықтық қазына, сөз мәйегі екендігін түсінген ғалым, оны жас үрпақты тәрбиелеуде, білім беруде танымдық жолдар арқылы ұтымды пайдаланған.

Бала тәрбиесі – тілші-ғалымдардың назар аударған ең өзекті мәселесі болды. А.Байтұрсынұлы бала тәрбиесінің бесіктегі кезінен талапты болуына мән берсе, Қ.Жұбанов білім беру ісіне көп көңіл бөлді. Сондай-ақ, Қ.Жұбанов педагогикалық қызметінде оқулықтың ғылыми-танымдық терендігіне аса мән берді. Тіл білімін тереңінен жан-жақты зерттей келе, қазақ ұлтының мәдениетін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын қарастырып, білім алушыға рухани тәрбие беруді көздейді. Қ.Жұбанов зерттеулері тек тіл біліміне ғана емес, сонымен қатар музыка өнеріне арналып, дыбыс мәселесінің сан-қырын көрсете білген. Және қазақтың ұлттық әуені күй жанрын талдап, шәкіртке ұлттық мәдени-рухани тәлім-тәрбие береді. Музықадағы күй жанрының қасиетін, адамның ішкі сезіміне, көңіл-күйіне әсерін танымдық түрғыда сипаттап көрсетеді.

Қазақ тіл біліміндегі танымдық көзқарастарының педагогикалық сипаты Қ.Жұбанов зерттеулерімен қоса, С.Аманжолов еңбектерінен де кездеседі. Профессор С.Аманжолов тіл білімінің теориялық мәселелерін жан-жақты зерттеп, ғылыми тұжырымдар жасап, сонымен қатар оқыту мәселесі де көтерілді.

ХХ ғасырдың басында тіл білімінің негізін қалыптастыруға зор еңбек еткен көрнекті ғалым, түркітанушы, ұстаз - педагог, филология ғылымдарының докторы, профессор Сәрсен Аманжоловтың жазған еңбектері қазақ халқының мәдени және ғылыми қазынасына қосылған мол үлес болып табылады. С.Аманжоловтың 100 жылдық мерейтойына

байланысты жарияланған ғалым F.Қалиевтің «Ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз» атты мақаласында: «Профессор С.Аманжолов – ғылымда құлашын кең сермеген, шығармашылығы жан-жақты адам. Оның негізгі ғылыми-педагогикалық мұрасына көз салсақ, оның бір-бірімен сабактасып жатқан негізгі екі саладан тұратынын көреміз: бірінші, мектеп оқушылары мен жоғары оку орындарының студенттері үшін жазған оқулық, оку құралдары; екінші, қазақ тіл білімінің ғылыми-практикалық мәселелеріне арналған еңбектері»[106;24] -деп көрсетілгендей, тілші-ғалым С.Аманжолов еңбектері тіл білімі мәселелері мен оның оқыту жолдарын қамтыған. Ол еңбектер алфавит, орфография, лексика мен лексикография, сөздіктер, тіл тарихы мен диалектология, оқулықтар, бағдарламалар, аударма және синтаксис мәселері жайында жазылған. Сонымен қатар, тіл білімі тарихында сөйлемге берілген әр бағыттағы анықтамалар, сөйлем мүшелерінің жаратылышы, сөйлеудің синтаксиске қарым-қатынасы, сейлеу мен ойлаудың арасындағы қарым-қатынасты анықтаған.

С.Аманжоловтың ғылыми мұрасы уақыт өткен сайын әр қырынан зерттелуде. Сонау өткен ғасырдың 30-50 жылдар арасында қазақ тіл білімі қалыптасып, даму кезінде жарық көрген ғылыми еңбектерінде ғалым бүгінгі күні әлем тілдерінің зерттеулеріне айналған жаңа ғылым саласы үшін тың ойлары мен пікірлерін, тұжырымдарын қалдырыды. Ғалымның: «Тіл ғылымы (лингвистика) негізінде адам баласының тілінің жазылуын, өсу-өнуін, оның құрылышын, бұрынғы, қазіргі күйін, оның бірімен-бірі өзара қарым-қатынасын, олардың даму жолдарын, ондағы зандарды тексереді. Сонымен қабат, тіл ғылымы тіл-тілдің келешегін де, қалай дамитынын да, болашақ тілдің жасалу жолдарын да әнгіме қылады...» [3;44] деген пікірі жалпы тіл білімінің мәселелері мен бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді. С.Аманжолов өз зерттеулерінде дәстүрлі бағытты жалғастыра отырып, тіл ғылымының зерттеу нысанын, өзге ғылым жүйелері қатарында алар орнын, атқарар қызметін нақтылауды мақсат еткен, бұған: «бұл ғылым - бүтіндей адам баласының тіршілігіне байланысты ғылым» [3;44] деген тұжырымы нақты дәлел бола алады.

Таным теориясы адамның рухани өсуін қамтамасыз ететіндіктен, ол педагогика ғылымымен тығыз байланысты. Білім мазмұнындағы ақпараттың мәнін айқындауда да, шәкіртті адамгершілікке тәрбиелеп, отан сүйгіштікке баулуға да, сонымен қатар білімді әртүрлі әдіс-тәсілдер арқылы менгертуде де педагогикалық-әдістемелік әрекеттер әрдайым таным теориясына жүк артады. Сондықтан бүгінгі ғылымдар тоғысында таным теориясының білім алушыға адамгершілік құндылықтарды сініруде, ұлттық құндылықтарды бағалауда, білім мазмұнын менгерту жолдарының тиімділігінде маңыздылығы артты.

2.2. Қазақ тіл білімінде таным теориясын оқыту әдістері

Қазақ тіл білімінің негізін қалыптастырған ғалымдарымыз таным мәселесін әрдайым білім берудегі маңызды компоненттің бірі ретінде санап, білім беру мәселесінде әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолданған. Адамның білімі мен ойының ұшқырлығы оның таныммен байланысты. Сол танымдық білімді тіл арқылы көнегіту, ұлттық-мәдени құндылықтарды сіңірін, бағалау, адамгершілік қасиеттерді ұғыну, Абай айтқандай адам баласының «толық адам» дәрежесіне жету мақсатында А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектерінің орны ерекше. Ғалымдардың оку құралдарындағы шәкіртке танымдық білімді тіл арқылы тиімді игертудің ұлгілерін ұсынған әдістемелер бүгінгі күнге дейін маңызды.

Ахмет Байтұрсынұлы 1928 жылы жарияланған «Қай әдіс жақсы?» деп аталатын мақаласында: «Әдіс – керекшіліктен шығатын нәрсе. Әдістің жақсы, жаман болмағы жұмысалатын орнының керек қылуына қарай»[107;3], - деп білім беру әдісінің жұмысалатын орнымен байланысын баса айтқан. Осыдан бір ғасырға жуық уақыт бұрын оқушыға білімді менгерту жолында қандай әдісті қалай қолдану керектігі туралы сөз қозғаған ғұламаның еңбегі бүгінгі таңда жаңа ғылым салаларымен астасып, таным мәселесін оқыту жүйесінде жаңа қырынан танылуда. Өйткені қазіргі білім беру саласында сабак берудің әртүрлі ұлгілері мен жаңа технологияларға негізделген әдістәсілдер, ойын түрлері көптеп кездеседі. Ал бұлардың тиімділігі қалай, бала білімін жетілдіруде пәнге деген сәйкестігі қаншалықты деген сұраптардың шешімін әрбір ұстаз өзі табуы қажет. Қазақ тілін оқыту барысында ойын түрлерін қолдансын, озық әдістерді қолдансын, басты бағыт–шәкірттің тілін дамытып, аялық білімін арттыруға бағытталуы тиіс. Яғни, белгілі бір тақырыпты оқытумен байланысты шәкірттің сөздік қорын дамыту, жаңа сөздерді үйрету, сөздерді үйрете отырып, жаңа сөз жасайтын түрлерін менгерту, сөз бен сөздің байланысын, тіркесін үйрету, сөйлем құрап үйрету, ойын жазбаша сауатты дұрыс жаза білуге дағдыландыру, ауызша ойларын жүйелі айтып беруге, сөйлей білуге, әсіресе, тілдің дыбысталу жүйесін менгертуге басты назар аударылады. Осы мәселеде А.Байтұрсынұлының оқытуда көңіл бөлетін шеберлігі – білім беру барысында шәкірттің сұранысын үнемі ескере келін, оның танымына сәйкес, оку құралдарын дұрыс пайдалану. Ал оларды менгерту жолдарын А.Байтұрсынұлы жоғарыда аталған еңбегінде егжей-тегжейлі талдап көрсетіп, әр сөздің окуы мен жазуын білдіруде «Жалқылаулы - жалпылау» әдісі деп көрсете келе, оның «Шағын сөзді» түрі, «Жазу-оку» түрі, «Дыбысты әдіс» деген түрлерін бөліп береді. А.Байтұрсынұлы оқушылар танымына, қабылдауына тиімді әдістерді атап көрсетеді.

Ғалым еңбектерінде көрсетілген шәкірттің танымдық қабілетін дамыту әдістерінің бірі – *жалқылау (айырынқы)* әдісі. Жалқылау әдісінің артықшылығын ғалым жалпылау әдісімен салыстырады: «Жалқылау әдістің» жалпылау әдістен артықтығын қуаттайтын пікір XVIII ғасырдың аяғында

туды. Бастап туған жері – Франция» [108;45]-дейді. Бұл әдістің мәнін түсіндіре келіп, оны жақтаушылар «Мағынасыз әріптерді, ежіктерді жаттаудан мағыналы сөздерді жаттау балаларға женіл де болады, көнілді де болады дейді» [108;45]-деген пікір келтіреді. А.Байтұрсынұлы осы әдісті талдап, түсіндіре келе, сонында «Мұның тәсілі жеке балаларды оқытуға жараса да мектепте көп баланы оқытуға жарамсыз болып шыққан» [108;46]-деп қорыта келіп: «Жалқылау әдіс – жалпылау әдіске қарсы жөндегі әдіс. Жалпылаудың әдісі ұсақтан ірілету болса, жалқылаудың асылы – іріден ұсақтату» [108;45]-деп түсіндіреді. Бұл әдісте бірізділік ұстанымын ұстанғанын анық байқауға болады.

А.Байтұрсынұлы 1927 жылы жарық көрген «Жалқылау (айырыңқы) әдіс» атты мақаласында тілді оқытуда жалқылау және жалпылау әдістерінің тиімділігі мен әлсіз тұстарын айта келіп, бұл мәселені 1928 жылы ары қарай өрбітіп, «Жалқылаулы-жалпылау әдісін» ұсынады. «Бір жерде жалпылау, бір жерде жалқылау болып жүрген әдіс ақырында екеуі *жалқылаулы-жалпылау әдісі* болып, бірігеді» [109;31]. Бұл әдістің сауат ашу үшін қолданылуына қарай үш түрін көрсетеді.

1. «Шағын сөзді» деген түрі. Мұның асылы балаларға шағындалп алған әр сөздің оқуы мен жазуын білдіру [1;338]. Бұл әдісте балаларға тақырып әңгімелесу арқылы менгертіледі. Әдістің тиімділігі тапсырманы шағындалп беріп, баланың қызығушылығын ояту. А.Байтұрсынұлы оқытуда оқушының білімді менгеру дәрежесін ескеруді алға қояды. Оқушыға оның әлі жетпейтіп шамадан қын материал беруге ғалым қарсы болған, сондықтан да сабакты женіл мәселеден бастауды қатты ұстанған. Бұл қафіда тіл дамыту ісінде де ескерілуі кажет, яғни тіл дамытуға қатысты жұмыстар да бірте-бірте күрделендірілп А.Байтұрсынұлы ұстанған қафидалар тіл дамыту мәселесінде де құнды.
2. «Жазу-оқу» әдісі. Бұл әдісті қолданушылар оқу үйретуді оқудан бастаған дұрыс емес, жазудан бастаған дұрыс дейді. Себебі жазу жоқ жерде оқу жоқ. Оқудан жазу дүниеге бұрын келген. Оқуды жазу тудырған» [109;3]. дей келе, «оқу-жазу» әдісі деп екеуін қатар қолдануды ұсынады. Оқығанды жаздыру, жазғанды оқыту тәсілдерін қолдану арқылы түрлендіріп отырған.
3. «Дыбысты әдіс». Ғалым дыбысты әдістің бес түрін көрсетеді:
 - 1) Балалармен әңгімелесу;
 - 2) Оқу үйретуге де даярлайтын жұмыстар;
 - 3) Сөзбен дыбыстарды айырып шығару;
 - 4) Әріптермен таныстыру;
 - 5) Білген әріптерінен сөз құрау, соны оқу» [109;4].

А.Байтұрсынұлы сауат ашуға бағытталған әдістердің алғы түрлерін ұсына келе, шәкірттің танымдық білімін арттыра тұсу үшін әңгімелесу әдісін ұсынады. Әңгімелесу әдісі – «бұл балалардың бойын үйрету үшін істеледі» [109;4]. Ғалым: «Әңгіме балаларды қозғайды. Әңгімелесе-әңгімелесе барып, сол нәрсе турасында жұмбақтар, өлеңдер сияқты нәрселерді

айтқызады немесе өзі айтады. Бұл әңгіменің пайдасы – алынған нәрсені балаларға анық танытып, білім береді, сөйлесуге бойын да, тілін де үйретеді» [109;4]. -деп түсіндіреді. Бұл әдістің ерекшелігі білім алушының тілін дамытады, сөйлеу мәдениетін қалыптастырады, танымын көнегейтеді. Сонымен қатар, әңгімелесу әдісінің пайдасы «әңгімелескеннен кейін балалар оқытушыға үйір» болатындығын айттып, бала мен оқытушы арасындағы қарым – қатынасқа да баса назар аударады [109;4]. «Әңгіме арқылы балалар мектептегі нәрселердің аттарымен, жүру-тұру жүзіндегі тәртіптерімен танысады» [109;4] – деп, шәкірттердің танымын көнегейтуді де көздейді.

Әңгімелесу әдісі шәкіртті жаңа білімді алуға белсене қатыстырып, оны білім алу әдістеріне, мұғалім қойған сұрақтарға өз бетімен жауап беруге үйретеді. Әңгімелесу барысында оқытушы шәкірттердің білімі мен тәжірибесіне сүйеніп, олардың жаңа білімді түсінуін, қорытынды жасауын женілдетеді. Бірлескен іс-әрекет арқылы білім алушы өздері енбектеніп, ойланып жаңа білім алады. Білімді жинақтайды, бекітетін әңгіме теориялық білімдерін, оны қолдану тәсілдерін жүйелеуге бағытталған. Шәкірт өз білімін жаңа оқу және ғылыми мәселелерді шешуге қолданады. Әңгімелесу – оқытудың диалогтық әдісі, мұғалім білім алушыға мұқият ойластырылған сұрақтарды жүйелі қою арқылы олардың жаңа оқу материалын менгеруіне жағдай жасап, бұрын оқылған материалдарды қалай менгергенін тексереді. Әңгімелесу барысында оқытушы сұрақты бір білім алушыға (жеке әңгімелесу) немесе барлық топ ішіндегі білім алушыларға (жаппай) қояды. Әңгімелесу әдісінің артықшылықтары тіл арқылы білім алушының танымдық білімін арттырып, сөйлеу мәдениетін дамытады. Әңгімелесу әдісінің артықшылықтары:

- ес пен тілді дамытуы;
- білім алушының оқу-танымдық қызметін белсенділігін арттыруы;
- шәкірттің білім деңгейінің анықталуы;
- үлкен тәрбиелік мәні бар.

Қазақ тіл білімінің құрылымын жүйелеген А.Байтұрсынұлы сөз таптарын оқыту барысында салыстыру әдісін шебер қолданған. Сөз таптарының ерекшеліктерін айқындалап, әр сөз табын айыра білу үшін салыстыра келіп түсіндіреді. Мысалы: «Төмендегі сөздерді айырту, «қайсысы зат есім, қайсысы сын есім?»[1;26], «қайсысы зат есім, қайсысы етістік?»[1;30]. Салыстыру әдісі тіл білімінің танымдық сипатын оқытуда тіл табиғатының ішкі құрылымын түсіндіріп, оның ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтауда орны ерекше. Тілді оқытуда салыстыру әдісінің қолданылуы білімді терең менгеруге, білім алушының ғылыми-теориялық ойлауын шындауға мүмкіндік береді.

Демек,, А.Байтұрсынұлы ұсынған оқу құралында сауат ашу, оқу-жазу мәселелерін ғана көтеріп қоймай, сонымен қатар тіл білімінің негізгі ұғымдарын зерттеп, қазақ тілінің құрылымын оқытуды алға қойған. Қазақ тілінің құрылымдық сипатын оқыту барысында тіл арқылы ұлт болмысын, оның ділін танытуды да алға қойған. Осы мәселелерді оқытуда ғалым

түсіндіру әдісін қолданған. Түсіндіру әдісінің теориялық ұғымдарын ашып көрсетпегенмен, оны әр тақырыпты түсіндіру үшін баяндау түрінде көрсеткен.

Ғалым балаларға сөз таптарын түсіндіруде мазмұны түсінікті, оқу-жазуға жеңіл болуын, есте сақтауын қамтамасыз ету үшін *сұрақ-жауап* әдісін қолданып, балалардың алған білімін пысықтап отырған. Мысалы: «Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада. Кімнің көңілі балада? – «ананың». Кімнің көңілі далада? – «баланың». Ананың көңілі кімде? – «балада». «Баланың көңілі неде? – «далада»»[1;37] – деп, мәтіндегі зат есімге сұрактар қою арқылы зат есімнің сипатын әрі түсіндіру үшін, әрі пысықтау үшін сұрақ-жауап әдісін қолданады. Сұрақ-жауап әдісі білім мазмұнының игерілуіне, білімнің есте сақталуына, теориялық білімді терең түсінуге жол ашады.

Аталған әдістердің барлығы тілді оқытудағы окуға, жазуға үйретудің, машиқтандырудың тиімділігі, адамның танымдық қабілеттерінің мүмкіндіктерін жетілдіру үшін берілген. Алайда, ғалым халықтың ұлттық болмысын басты назарға алып, тіпті оқыту барысында қолданған мысалдардың өзі «сөз мәйегі - мақалдардан» тұрады. Сондықтан А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің құрылымдық жүйесін қалыптастырып, оку құралын ғана жазып қоймай, оқытуда тілдің танымдық қызметі арқылы *танымдық әдісті* қолданғанын байқаймыз. Бұғінде мақал-мәтелдер арқылы ұлтты, мәдениетті, сол халықтың өмір сурген ортасын, қоғамын тану мүмкіндігі туып отыр. Сол тілдің танымдық қызметін жоғары бағалаған А.Байтұрсынұлы оқыту әдістеріне арқау етіп, оку құралдарында пайдаланған. Ғалым қай мәселені оқытса да, сол тақырыпқа берілген тапсырмасында қазақтың мақал-мәтелдері, қазақтың ұлттық болмысын танытатын шағын мәтіндер берген. Мысалы: «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын, жаманың жамандығын айт, құты қашсын», Шортанның өзі өлсе де, тісі өлмес, адамның өзі өлсе де, ісі өлмес», «Білімсізбен алыспа, текке өмір тауыспа», «Төртеу түгел болса, төбедегі келер, алтау ала болса, ауыздағы кетер», «Бас екеу болмай, мал екеу болмас», «Үйдің жылы-суығы қыс келгенде білінер, кімнің алыс-жұығы іс келгенде білінер», «Асың барда ел таны, атың барда жер таны», «Тау тауға қосылмайды, адам адамға қосылады».

Н.Оралбаева А.Байтұрсынұлын қазақ тілін оқыту әдістемесінің негізін қалаған ғылым ретінде бағалай келіп, «А.Байтұрсынұлы әлінпесінің, оқулықтарының қазіргі кездегі оқулықтарды жазуда қолданылу орнын көрсету, пайдалы жақтарын анықтау, дәлелдеу, келешекте оқулықтардың сапасын арттыруға әсер етеді»[110;80]. Шындығында, А.Байтұрсынұлы оқулықтары, әдістемелік құралдары сол кезеңдегі оқыту үшін ғана емес, күні бұғінге дейін құндылығын жойған жок.

Қатысымдық-қатысымдық тұрғыдан оқытудың әдістемесін зерттеген С.Рахметова ағартушы әдіскердің оқулықтарын талдай келіп, «А.Байтұрсынұлы қалыптастырған жаттығу ұлгілері мен оқыту әдістері

кейінгі оқулықтар мен әдістемелік еңбектерде одан әрі тереңдетіліп, күні бүгінге дейін қолданылып келеді» [111;15], - деп ағартушы ғалымның өмір сүрген кездегі әдістеме ілімінің дамуын, әдіскердің әдістемелік ізденістерін тарихи-ғылыми тұрғыдан байыптап, оның қазақ тілін оқыту әдістемесінің іргетасын қалаған тұңғыш әдіскер ғалым екендігін дәлелдей келін, ағартушы ғалымның әлінпелеріндегі, тіл құралындағы тәсілдердің қазіргі оқулықтарда да кездесетіндігін, әсіресе, жаттығу түрлеріндегі ұқсастық жиі ұшырасатындығын, оның ішінде тіл дамыту мен қатар, окушының танымын көнегейтуге, ойының ұшқырлығына арналған жаттығуларды көрсеткен. А.Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектерін зерттеген А.Қыдыршаев ағартушы еңбектерін әдістемелік тұрғыдан былай саралайды:

1. «Тіл дамыту жұмысы А.Байтұрсынұлы әлінпелерінде барлық жұмыстарды өтуде, оған жаттығуда, өзгерген білімді бекітуде жүйелі де үздіксіз жүргізілген. Әдіскер әлінпелеріне енген материалдардың қызығылдықты болуы арқылы да бала тілін дамытуды есте ұстаған.
2. А.Байтұрсынұлы әлінпе, тіл құралдарында ауыз әдебиетінің ерекше бір түрлері мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштарды шоғырымен жолықтырамыз. Әдіскер әлінпелеріне енген материалдардың қызығылдықты болуы арқылы да бала тілін дамытуды есте ұстаған.
3. ... жұмбақ баланың ақыл-ойын дамытады, қиялын шарықтатады, тапқырлыққа баулиды. Ақырында бұның өзі бастауыш клас окушыларының ауызшы тілін дамытуға бағытталады.
4. А.Байтұрсынұлы жаңылтпаштарды шәкірт тілін дамытудың таптырмас, баға жетпес құралы деп есептеді» [112;13]. Бұдан А.Байтұрсынұлы өз оқулықтарында тіл арқылы танымды дамытудың тамаша үлгілерін жасағаны анық байқалады.

Қазақ тіл білімін оқытуда Ахмет Байтұрсынұлы еңбектерімен қатар Қ.Жұбановтың танымдық зерттеулері маңызды болып табылады. Қ.Жұбанов сабак барысында менгерілетін теориялық білім мен оны іс жүзінде қолдана білу білігін қалыптастыру мақсатында берілетін сөйлем талдау, құрастыру, баяндау жұмыстарын жүзеге асыруда қазақ халқының еңбек құралдары, қоршаған орта құбылыстары, қолөнер бұйымдары сияқты өмірден алынған нақты мысалдармен түсіндіру әдісін шебер пайдаланған. Бұл, әрине, шәкірттің танымдық шенберін көнегейтуге жағдай жасайды. Бұл мәселелер оку үдерісіне ұлттық санаға тән элементтерді енгізуіндегі тәлім-тәрбие беруде маңыздылығын, қажеттілігін дәлелдейді. Ғалымның оқулығында мысал келтірейік: «Тігілін біткен киім, тоқылып шыққан өрмек, иіріліп болған жін сияқты, сол күйінде адам керегіне жааралық болып жасалған затты бұйым дейміз. Бұйым жасауға керекті затты материал дейміз» [75;2]. Тілші оқыту барысында ұлттық танымды басты жолға қойып, женіл әрі нақты түсіндіргенін аңғарамыз.

Қ.Жұбановтың 1934 жылы «Ауыл мұғалімі» журналының №3 санына жарық көрген «Әдіс бірлестіктері мен әдіс үйірмелелерінде оку жылышының 2-ші жартысында әдіс пырағырам мәселелері» атты мақаласында мұғалімдерге

әдістемелік кеңестер мен білім берудің ұтымды жолдары жайында ұсыныстар айтылады. Ғалым: «Мектептің әр жақсы бөлімінде сабактардың пырағымына қарап бір жетілік, он-он бес күндік тақырып немесе жұмыстың бір түйдегін (бөлімін) талдап, көніспект жазуға сабактың жоспарын, желісін құруға дайындық» [113;25] қажет екенін айтады. Сондай-ақ «сол сабактың мазмұны бойынша оку құралы мәтериалына қатты сүйеніп көрнекті әдіс мәтериалдары мен құралдар әзірлеп алу» [113;25] керектігі маңызды. Білім беру барысында әдіс пен тәсілдердің маңыздылығына аса назар аударған ғалым: «Мектептердің күнделік іс-тәжірибесінен алып, жақсы немесе нашар жүрген сабак түрлерін талдап (деректі түрде) пікір алысу; жақсы үлгі болардайларын басқаларға түсіндіріп үлгі-өнеге қылу» [111;25] жолдарын ұсынады. Мұндай іс-әрекеттер мұғалімнің әдіскерлігін қалыптастырып, білім беру сапасын арттыруға септігін тигізетіні анық. Ол жөнінде ғалым: «Бұл қалыпты мәселелер бір жағынан оқытушылар көпшілігіне алдағы оку жұмыстарының дұрыстап түсіндіре отыру мақсаты көзделсе, екіншіден мектептердің оқытып кеткен сабактарынан үлгі болардай мәтериалдарды сынап отыру» [113;25] –деп тұжырымдайды.

Сонымен қатар, «Бұл мәселелерді еш уақытта кесек күйінше ірілеп алмай, әр бөлімнің жеке сабактарының бір-бір бөлігі алынады. Сабактың сол бөлігінің мазмұн желісі анықталып, пырағырам мен оку құралынан және оку кітаптарынан қалай пайдаланатыны көрнекті аспаптардан қай-қайсыларын көрсетіп оқылатыны шешіледі. Онан соң балаларға жаттығу мысалдарының түрі, жүйесі, балалардың өз беттерімен жұмыс істеу жүйесі қалай қойылатыны шешіледі. ... оқытушы сол оқылатын мазмұнды қалай түсіндіріп ұқыратыны белгіленеді» [113;26] –деп, ғалым әдістемелік бірлестіктің жұмыс істеу әрекетін, ол жұмыстардың тиімділігін артыру – білім беру сапасын арттыруға бағытталатынын көрсетеді.

Қ.Жұбанов өзі өмір сүрген кезеңдегі оқулық олқылықтарын да ашық айтады: «Біздің кітаптарымыз шынында да мүгедек туған. Өйткені бұлар «женілдетілген». Женілдеткенде, сөз табы 9 екен, оны ауыр көріп, алтауын кесіп түсіріп, үшеуін қалдырған. Етістіктің жікеулері, райлары, етістері көп екен, «женілдетіп» санын кеміткен.

Мұндай «женілдетуге» алғыстан бөтен еш нәрсе айтпас едік-ау, егерде қазақы түскірдің аузына қақпақ қойып, сол артық сөз таптарын, артық рай, шырайларды, жүрнектарды айтпайтын қылып, бұлар қазақ тілінен біржола аластап қуылса. Бірақ не пайда? Кітап бетінде тұжырып, кесіп тастағанмен, тіл өмірінде ол «артықтар» баршылығын қоймайды екен» [2;8] –деп, оку құралдардың қазақ тілінің табиғатын толық қамтымайтындығын, оны қамтымағанмен оқулық женілдемей, керісінше мәселелер көбейіп, сұрақтар туындастынғын білдіреді. Сол сияқты ғалым қазақ тіліндегі буын жігін ажыратудың онай жолдарын түсіндіріп, олардың тек білім алушы емес, оқытушыларға да арналғандығын баса айтады. «Мұндағының қай-қайсысын да біз бала үшін емес, мұғалім үшін жазып отырмыз» [2;8]-дей келе, әдістің тиімділігін табу оқытушыға байланысты екенін түсіндіреді: «Мұғалім өзі

жақсы ұғынса, балаға ұғындырудың есебін таба жатар деп сенеміз. Мұнан көргенін түгел балаға көрсетсе, бала бір нәрсе де ұқпайды. Буынды жіктеу оның формулаларын беру – бастауды мектепке ауыр келетін жұмыс. Буынды жүйелі түрде топтастырып айыру V жылда ғана мүмкін. Соның үшін әзірге мұғалімнің міндеті – программадағы мөлшерден озбай, буын жайын қате ұқтырмай, дұрыс түсіндіре, барды бақылата отырып, бірте-бірте жүйелі түрде әкелін салу болу керек» [2;8]. Оқыту мәселесін жан-жақты қарастырған ғалым мұғалімге бағыт-бағдар бере отырып, әдіс-тәсілдердің ұтымды қолданылуы мұғалімге де байланысты екенін Жанғазыға арналған хатында: «Оңай болу мен қын болу кітаптан болмай, мұғалімнен де болып қалады» [44;152] –деп ескерtedі.

Олай болса, Қ.Жұбанов өзі өмір сүрген кезеңінде бөгде халық ділінен туған үлгілер мен әдіс-тәсілдерді талғаусыз, елең-екшелемей көшіре салудың зиянды екенін көрсетіп, өзі мұндай амал-тәсілдерге үзілді кесілді карсы болған. Профессор Қ.Жұбанов тілді танымдық түрғыдан оқыту мәселесін халықтың даналық ойлары (өсиет-өнегелері, мақал-мәтелдері, шешендік сөздері, т.б.) арқылы жүзеге асыруға дең қояды. Ғалым гуманитарлық ғылым саласын дамыту арқылы қоғамдық ой мен мәдениетті, тарих пен өнерді терең түсінуге болатынын атап көрсетеді.

«Қ.Жұбановтың ғылыми мұраларының тағы бір ерекшелігі – ғалымның теориялық ұғымдарды түсіндіру мақсатында халықтың танымын ескеріп, тақырыпты ұлттық болмысқа сәйкес сипаттауы дәлел» [114;216]. Ғалым еңбектерінен мұны дәлелдейтін фактілердің көптеп кездестіруге болады: «Адамдар бұрын табиғат сырының құштерін білмеген. Сондықтан олар табиғатқа адамша (жанды затша) тіл қатқан. Желді ыскырып шақырған, құйынды қуалаған, ауруды көшірген түрлі жақсылық-жаманаттың иесі бар деп түсініп, оларды бірде шомылдырып, бірде тамақ берін ырза қылып отырған» [44;134]. «Сөз деген не?» деген сұраққа жауап бере отырып, ғалым адам баласының өзі таныған, өзі түсінген нәрселердің бәріне де белгілі бір ат бергенін атап кетеді де, зат-ұғым-атау деген тізбекті былайша таратады: «Адам өзінің тіршілік тартысында кездесіп, пайдасын, я зиянын көрген нәрселерді ғана елеген, соларды ғана білген. Шөптердің ішінде мал жейтіндерін, отын болатын, бояу болатын, ем болатын, у болатындарын ғана білген, соларға ғана ат қойған» [44;150]. Мұнда Қ. Жұбанов оқушыларға тілді жеке құбылыс емес, адам санасынан туындаитын, адам ойымен тығыз байланысты құбылыс екенін танытуға тырысқанын анық көруге болады. Сөйтіп, тілді үйретуде белгілі бір ұғымдарды тек жаттатқызып қоймай, ойлап, түсініп оқуына, ең алдымен, ұлттық болмысқа сай түсінік алуына мүмкіндік береді. Ғалым қаламынан туған оқулық боланың ойына ой қосып, көңіл көкжиегін кеңейтетін тартымды, терең мазмұнды мысалдарға толы.

Ұлттық білімнің, оқытудың негізін қалаған ғалымның қазақ тілін, тілдегі таным мәселесін оқытуға арналған әдістемелік зерттеулерінің орны ерекше. Ол білім беру жүйесінде оқыту әдістерінің маңызын терең түсінген ғалым өз пәнін жетік менгерген мұғалім ғана оны үйрететін тиімді әдісті

таңдай алады деп түйіндеген. Бұл ғалымның пәннің негізгі мазмұнын білмеген мұғалім жақсы нәтижелерге қол жеткізе алмайды деген қағиданы басшылыққа алғанын байқатады. Оқытуда маңызды орын алатын басты ұстанымдарды ғалым өз еңбектерінде ұтымды басшылыққа алған. М.Қ.Жазықова ғалымның қолданған әдістерін тәмендегідей: «жалпылау, жүйелеу, айыру, жаттау, талдау, жинақтау, салыстыру, баяндау, сұрақ-жауап, сұхбат және т.б.» [115;100]-деп жіктеп көрсетсе, ал М.Жұбанова ғалымның 1936 жылы оқулығында кездесетін оқытудың әдістерін былай атап өтеді: «... баяндау әдісі, түйінді мәселеге көңіл аудара түсіндіру әдісі, өмірге үнілдіру, еңбек процесімен байланыстыру әдісі, пәнаралық байланыс, окушы алдына проблема қоя оқыту, жүйелі ойға төсөлдіру, миға гимнастика жасату және т.б.»[116;75]

Қ.Жұбанов қолдаған танымдық әдістердің ерекшелігін Ф.Ш.Оразбаева: «ғалым ұсынған тиімді әдістердің қатарында түйінді мәселеге көңіл аудару, сөзбен суреттеу, көрнекілік, өмірге үнілдіру, еңбек процесімен байланыс, жүйелі ойға төсөлдіру, окушының алдына проблема қоя оқыту, бір пәнді игерту үшін оған екінші пәнді құрал ету және т.б. – бүгінгі күннің өзекті мәселелерімен ұштасып қана қоймай, қазіргі кезде басымдылық берін отырған іздендіре, дамыта оқытудың ғылыми-теориялық, ғылыми-әдістемелік негізін қалаған ой-пікірлер болғанын аңғару қын емес. Мәселен, қазіргі оқыту мәселелеріне байланысты қарастырып жүрген таным процесі – өмірге үнілдіру; проблемалы оқыту – окушы алдында проблема қоя оқыту; пәнаралық байланыс – бір пәнді игерту үшін оған екінші пәнді құрал ету; дамыта оқыту – жүйелі ойға төсөлдіру; тіл дамыту – сөзбен суреттеп көрсетудің негізгі бағыт-бағдарымен сәйкес келеді»[112;26]-деп тұжырымдайды.

Қ.Жұбановтың әдістемелік мұраларында тілдің таным қызметі негізінде оқытуға байланысты бірнеше әдістері айқындалған. Тақырыпты қазақ баласының танымына, түсінігіне жақын етін ұғындыру үшін ғалым түсіндіру әдісін қолданған. «Сөз бүйымдары бірі біріне материал болады. Сөз бөлшектерінің әрбір ірі – өзіне тете ұсағынан жасалған бүйым, әрбір ұсағы – өзіне тете ірісін жасайтын материал»[76;2]-деп, сөз ұғымын материал мен бүйым арқылы женіл ғана түсіндірін отыр. Бірнеше материалдан бүйым жасалады деп, сол сияқты сөз де бөлшектерден тұратындығын білім алушыға түсінікті тілмен, тез қабылдап, өз оймен пайымдауы үшін танымына жақын қылып жеткізеді. Шәкірт бұл ақпаратты түсінін қана қоймайды, сонымен қатар есіне де тез сақтап қалады.

Қ.Жұбанов тіл занылықтарына талдау жасай отырып, окушыларға тақырыпты терең түсіндірудің жолын *талдау-жинақтау* (индукция-дедукция) әдістері арқылы қарастырады. Ғалым тілдің табиғи болмысын, сөзді талдау арқылы түсіндіруден бастайды: «Сөз ауызекі де сейленеді, қағазға да жазылады. Жазылған сөз түгел бір кітап болуы да, шағын бір хат болуы да, тек бір кісінің аты болуы да, тінті бір ғана әрін болуы да мүмкін. Осылардың бәрі де сөз бөлшектері болады. Сөз бөлшектерінің кітап, әнгіме

сияқты ірілері бол, әрін, дыбыс сияқты ұсақтары бол, - қай-қайсы да бітулі киімдей, айналасы көмкерілген бір бүтін нэрсе» [76;1] –деп, сөздің табиғатын «кітап, әңгіме» немесе «әріп, дыбыс» көлеміне балап, сөз «бітулі киімдей көмкерілген бір бүтін» нэрсеге ұқсатып, халықтық таным, ұлттық мәдениет нақыштарын қолдана келе талдайды. Сонымен ғалым сөз деген бүтінді талдау-жинақтау (индукция-дедукция) әдістері арқылы түсіндіреді. Сонымен қатар, ғалым «сөз бұйымы», «сөз материалы» деген тіркестер жайында түсінік қалыптастырмас бұрын, «бұйым», «материал» деген ұғымдардың танымдық мәнін жекеден-жалпыға әдісі негізінде ашып көрсеткен: «... сол күйінде адам керегіне жааралық болып жасалған затты бұйым дейміз. Бұйым жасауда керекті затты материал дейміз», «сөз бөлшектерінің бәрі де – шикізат емес, бұйым. Өйткені бәрі де – ірісі де, ұсағы да – сол күйінде-ақ сөздің бір керегіне жааралық болып жасалады. Сөйте тұра сөз бұйымдарының бір-біріне материал болады» [76;2]-деп, Қ.Жұбанов грамматикада талдау мен жинақтауды сатылы түрде шебер ұштастыра білген.

Ғалым әдістемелік еңбектерінде *пәнаралық байланыс әдісінің* тиімділігін көрсетеді. Мысалы, қазақ тілінің математикамен байланысын танытатын мына тұжырымнан аңгарамыз: «Дыбыстың саны да, сапасы да бар. Дыбыстың сапасы бірдей бола тұрып, саны әлденешеу бола береді... Бір тілде жұмсалатын дыбыстардың жалпы санының ұшы-қыры жоқ, бірақ олардың бәрінің сапасы әр түрлі бола бермейді... Илиястың не бары 12 жол, «Койшы ойы» деген кішкене өлеңінде 488 дыбыс бар. Бірақ бұл 488 дыбыс 488 түрлі емес, мұнда не бары 28-ақ түрлі дыбыс бар. Осы 28 түрлі дыбыстың бірі 10, бірі 50 рет қайталанып барып 488 болған»[44;132] - дегенді келтіреді. Бұдан түйетініміз, сабакты түсіндіруде басқа пәнді пайдалану арқылы жаңа сабакты түсіндіруге болатынын, пәнаралық байланыстың да тиімділігін көреміз. Бұл лингвистикада математикалық әдістер арқылы зерттеу жаңадан қалыптасқан ғылыми лингвостатистикалық әдіс болып табылады. Пәнаралық байланыс білім алушының әр пәннің зерттеу аясында ғана қалмай, бір-бірімен байланыстырып, білім мазмұнын құрделендіре түседі. Бұл әдіс шәкірттің алған білімді өмірмен ұштастыра алуына, менгерген ақпараттары арқылы өмірге үнілуіне, тіл арқылы адамзат болмысын тануға септігін тигізеді. Сонымен қатар, оқытуда пәнаралық байланыс әдісі шәкірттің білімін терендетіп қана қоймай, танымдық ой шеберін кеңейтеді.

Бұғынгі таңда тілді оқытуда білім алушының терең ойлап, ақпаратты түсініп, өзіндік пікірімен саралай білуі үшін *проблема қоя оқыту әдісі* кең тараған. Қ.Жұбанов осы әдістің тілді оқытудағы тиімділігін бағалап, білім беруде қолдануды ұсынған. Ғалым: «қарны ашып, қазанның қақпағын аша берген баласына анасы: «Ақылды бала қазанның астына қарайды, ақылсыз бала қазанның үстіне қарайды»-деген мақал айтып, баланың алдына проблема қояды. Бұл – түйін. Түйінді дұрыс түсінген бала қазанның астына от жағады, дұрыс түсінбеген бала – қақпағын аша береді. Ал анасының баласына өз ақылын тұра айтпай, жанамалап айту себебі – проблеманы баланың өзіне шешкізу»[44;154]. Олай болса қазақ тілі сабактарында

халқымыздың көп жылдық тәжірибесі мен дүниетанымынан туған мақал-мәтелдер негізінде оқушыларды тауып сөйлеуге баулу, бала алдына проблема қоя білу – Қ.Жұбанов оқулығының ерекшелігі.

Сондай-ақ, Қ.Жұбановтың тақырыпты білім алушыға танымдық түрғыда оқытуға бағытталған тиімді әдістерінің бірі – *салыстыру әдісі*. «Бір сөзді сөйлем – басы, қол-аяғы жоқ тас-томалақ дene секілді. Мұның бөлек-бөлек мүшелері болмайды. Көп сөзді сөйлем – басы, қеудесі, аяғы бар дene сияқты. Мұның әр сөзі тұтас бір дененің мүшелері сияқтанып, әрқайсысы түгел бір бөлшегін көрсетеді»[44;67] - деп, адамның дene мүшелерін сөйлем мүшелерін түсіндіруде салыстыра қолданады. Салыстыру әдісі шәкірттің алған білімін түйіндей, жан-жақты талдап, білім мазмұнының әртүрлі қырларын анықтап, ерекшеліктерін тануға бейімдейді.

Қ.Жұбанов еңбектерінде шәкірттің танымдық қабілеттерін басты назарға ұстап, оқыту мәселесінде біліммен қоса тіл арқылы ұлттық, адамгершілік құндылықтарды сабактастықта менгертудің әдіс-тәсілдерін ұсынғандығын көреміз. Ж.Т.Дәuletбекова Қ.Жұбановтың әдіснамалық тұжырымдарын жаңашыл технологиялар арқылы оқытудың маңыздылығын бағалап: «Ұлттымыздың ұлы перзенті, қазақ тіл білімінің негізін қалаушылардың бірі һәм бірегейі, тұнғыш профессор Құдайберген Жұбановтың сан салалы ғылыми зерттеулеріндегі ой-тұжырымдарды жоғары және жоғарыдан кейінгі білім беру сатыларында менгертудің маңызы зор. Сондықтан әр сатының маман даярлау мақсатына қарай ғалымның мазмұны терен, мәні ерек, бітімі бөлек еңбектерін талдап, танытуға назар аударылып отырады. Жоғары білім жүйесіндегі қазақ тіл білімінің фонетика, лексикология, сөзжасам, морфология, синтаксис, стилистикаларын оқыту, ұдерісінде зерттеушінің ой-пікірлері студенттердің өздік ізденіс жұмыстарының, диплом жұмыстарының нысанына алынса, жоғарыдан кейінгі білім беру жүйесінде бұл үрдіс одан әрі жалғасын тауып отырады»[118;324-325]-деп, ғалымның әдіснамалық зерттеулерін жоғарыдан кейінгі білім беру жүйесінде оқытудың ұлгісін ұсынады. Қ.Жұбановтың әдіснамалық зерттеулерінде баланың сөйлеу тілін жетілдіретін, қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыратын шешендік сөз ұлгілері, көркем әдебиет туындылары іріктеліп, шәкіртке білім беруде теориялық білім танымдық жолмен түсіндірілген. Сондықтан қазақ баласының танымдық-тағылымдық білімін терендетуге зор еңбегін сінірген Қ.Жұбановтың әдіснамалық зерттеулері оқытудың жаңашыл технологиялары ұлгісінде кейінгі ұрпак үшін баға жетпес мұра.

Қазақ тілінің негізін қалыптастыру жолында тілдің танымдық қызметін қоса зерттеген А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов таным мәселесін тіл білімінің әртүрлі салаларында көтеріп, сөз етті. А.Байтұрсынұлы танымды адамзат құндылығын таныту, оқыту жолдарын ұсынса, Қ.Жұбанов ұлттық-мәдени ерекшеліктің тілде көрініс табуын, таным теориясының ғылыми ұғымдарын қарастыра келіп, тілді оқытуда қолдануды көрсетеді. Ал С.Аманжолов таным мәселесін тіл білімі мәселелері мен оның оқыту

жолдарын қамтыған еңбектеріне арқау етін, қазақ диалектологиясының танымдық мәнін ашып, әр өнірдің тілдік ерекшелігіне, тұрмыс-тіршілігіне, кәсібіне баса назар аударды. Ол еңбектер алфавит, орфография, лексика мен лексикография, сөздіктер, тіл тарихы мен диалектология, окулықтар, бағдарламалар, аударма және синтаксис мәселері жайында жазылған. Сонымен қатар, тіл білімі тарихында сөйлемге берілген әр бағыттағы анықтамалар, сөйлем мүшелерінің жаратылышы, сөйлеудің синтаксиске қарым-қатынасы, сөйлеу мен ойлаудың арасындағы қарым-қатынасты анықтаған.

С.Аманжолов құнды зерттеулерінің бір бөлігі қазақ тілінің синтаксис мәселелеріне байланысты еңбектері болып табылады. Ғалымның синтаксиске байланысты ғылыми зерттеулері 1931жылдан басталады. Алғашқы көлемді еңбегі Ташкент қаласынан «Шала сауатты мен үлкендерге арналған әліппе» және «Үшінші класқа арналған оқу кітабы» деген атпен басылып шықты. Бұдан кейін 1932жылы Қазақстан баспасынан «Төрт жылдық тіл кітабы», «Қазақ тілінің грамматикасы» (I-II бөлімдер), «Сөйлем мүшелерін топтастыру мәселелері», «Септік жалғауларының қызметі» (1936жыл) атты еңбектері жарық көрді.

Сондай-ақ ғалымның тіл мәселелерін қамтитын орта мектепке арналған бағдарламалары 1932, 1933, 1938, 1939 жылдары жарыққа шығып, өз құндылығымен бағаланып отырған. Ал жоғарғы оқу орнына арналған алғашқы «Қазақ тілінің бағдарламасы» 1938 жылы шығып, 1950-1951 жылдары өндөліп қайта басылған. Бұл бағдарламада тілтанымға қатысты көптеген өзекті мәселелер қамтылған. Олардың қатарында тіл және ұлт мәселесі, қазақ тілінің тарихи дамуы, қазақ тілінің фонетикасы мен орфографиясы, қазіргі грамматика мен лексика, қазақ тіліндегі сөз құрамы, есім сөздердің өзгеруі, етістік, қазақ тілінің синтаксисі мен семантикасы сияқты салалар бойынша зерттеулер жазған. Мұндағы ерекше назар аударатын мәселе өзекті мәселелерді оқытудың әдістемесін ұсынып, талдау жасаған. Сондай-ақ бұл бағдарламада синтаксиске байланысты сұрақтарға ерекше мән берін, талдау жұмыстарын жүргізген.

С.Аманжоловтың 1940 жылы негізгі ізденістерінің бірі – «Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы» атты зерттеуі жоғарғы оқу орнына арналған тұнғыш еңбегі жарық көрген. Бұл еңбек синтаксис саласын жан-жақты зерттеп, ғылыми жүйеге түсірудің негізі болды. Еңбегінде ғалым сөз тіркесі, жай сөйлем және құрмалас сейлем синтаксистеріне байланысты көптеген өзіндік тың ойлары мен ой түйіндерін берді. Қазақ тіл білімінің синтаксис саласына қатысты ең алғашқылардың бірі болып жазылған бұл ғылыми мұраның да бүгінгі күнде басқаша тұрғыдан қарауды талап ететін тұстары бар, сонымен қатар әлі өзектілігі жойылмаған пікірлері де жеткілікті.

Қазақ тілінің диалектологиясына қатысты еңбектерінде С.Аманжолов *жинақтау, топтау, жіктеу, салыстыру әдістерін* ұтымды пайдаланып, қазақ диалектілері туралы ақпаратты жан-жақты талдаулармен байытады. Оны ғалымның қазақ жерінде өнірлерді аралап, жергілікті тіл

ерекшеліктеріне зерттеу жүргізіп, тілдік бірліктерді жинақтап, жіктеу арқылы топтастырғанан көреміз.

С.Аманжолов зерттеулеріндегі таным мәселелерін оқыту тіл тарихына да, диалектологиясына да, грамматикасына да, синтаксисінде де және жазу мәселелерінде де қатысты. Және оны әдістердің әр түрі арқылы игертуді ұсынады. Ғалым диалектлерді түсіндіру барысында қазақ халқының тарихына үніліп, ру-тайпамен байланыстырып *пәнаралық* байланыс әдісін қолданады. Тіл білімін тарих, этнография, география ғылымдарымен сабактастықта зерттеп, тілдің танымдық ерекшелігі негізінде түсіндіреді. Тілтаным мәселе сінде бүгінгі күні географиялық атаулар (ел, жер аттары) ерекше нысанға алынған. Жер, су, ел аттары тек тарихи құбылыс емес, сонымен қатар тілдік, оның ішінде танымдық құбылыс екеін хак. Тарихта болған жойқын соғыстарға, географиялық деректерге, табиғи ерекшеліктерге, сол аймақтан шыққан ұлағатты адамдарға т.б. байланысты қойылған халық атауларын тіл арқылы танып жататынымыз бекер емес. Осы айтылған елді, жерді, өлкені тіл арқылы тану ғалым С.Аманжолов еңбектерінде де көрініс тапқан.

С.Аманжоловтың диалектологиялық және тіл тарихына қатысты еңбектерінен жергілікті тілге байланысты ел, өлке ерекшеліктерін көруге болады. Мысалы: «Алыстағы Алтай мен Тарбағатай шындарынан Оралдың онтүстік-шығыс бурайларына, Ертіс, Есілдің екі жағалауы мен Тобылдың бас жағына дейін, Торғай мен Сарысу өзендері бойынан Қазалы мен Қызылордаға және арыс өзенінің сағасына дейін қазактың бес негізгі тайпасы: керей, найман, арғын, қоңырат және қыпшақ қоныстанған. Шегаралары ортақ тайпалар XIII-XV ғасырлардан бастап өзара одактасып, бірыңғай орталыққа бағынған. Бұл біріккен туыс тайпалардың ортақ жергілікті диалектісінің қалыптасуына жағдай туғызды»[45;190] –деген ғылыми тұжырымында елтану, өлкетану арқылы сол жердегі тілдің тарихын, табиғатын, ерекшелігін анықтап менгеруге, оқытуға болатындығын көрсетеді. Ғалым қазақ тілі тарихын зерттеу арқылы жерді, елді мекенді, тайпалық одактарды қоса зерттеп, оны тіл ерекшеліктерімен байланыстырады. Қазақ жеріндегі барлық тайпалар туралы мәлімет беріп, олардың орналасу территориясын анықтап, тілдеріндегі ерекшеліктерін салыстырады. Қазақтың бес тайпасының географиялық мекенін анықтап, сол өнірдегі тайпалардың тілі ортақ диалекті екенін түсіндіреді.

Ғалым қытай және монғол дереккөздеріне сүйене отырып: «наймандар (ежелгі түркі тайпаларының бірі) Хангай таулы өлкесінде, Алтайдың екі жақ баурайында, Қара Ертіс пен Зайсан-нор көлінің жағаларында тұрған, сөйтіп шығысында керейттермен, солтүстігінде – қырғыз хақастармен, батысында – қаңлылармен, онтүстігінде – ұйғырлармен, яғни түркілік тайпалармен шектес болған»[45;27]-деп, тіл тарихымен байланыстыра келе қазақтың мекен еткен жерінен, көшпелі тұрмысы болған өлкесінен де мәлімет береді.

С.Аманжолов халықтың, ру, тайпалардың жерін анықтаудың себебін былай түсіндіреді: «Әрбір ру, тайпаның табиғи өсіп-өнуі жайылым, көші-қон

аудандарын кеңейту қажеттігін тудырды. Көшпелілердің өмірі мен тағдыры толығымен малдың күйіне, Демек,, жайылым шеберінің қорына байланысты болды» [45;19]. Көшпелі қазақ өміріндегі тайпа аралық ара-қатынасты ғалым: «Тіршілік үшін құресте әлді тайпалар әлсіз тайпаларды қашанда ығыстырып немесе өзіне бағындырып отырды. Әлді тайпалар мен халықтардың әлсіздерге қауіп төндіруі немесе әлсін-әлі шабуыл жасауы тайпалық одактарға бірігүе мәжбүр етті » [45;19]-деп, түсіндіреді. Сондықтан әрбір ру, тайпаның тілі де араласып кеткен. Осыған орай, бүгінгі күні тіл арқылы халықтың, этностың ежелгі кезеңдердегі ізін анықтауға мүмкіндік береді.

Тілші дулат атты тайпалық одактың ежелгі мекенін былай көрсетеді: «көне замандардан дулаттар мен қырғыздардың Жетісуга, Алтайдың онтүстігі мен Жонғарияда көрші тұратындығы, тілдерінің бір-біріне едәуір жақындығы түсінікті болып шығады» [45;37]. Демек,, қазақ ішіндегі қырғыз халқына жақынырақ орналасқан дулаттардың диалектілік ерекшелігі арқылы ғалым мәлімет алуға болатындығын көрсетеді.

Ғалым: «орта жүзде ойраттық текten тыс, таза қазақы арғын-аға сөзімен байланысты. Бұл сөз арқылы арғындардың тіпті моңғол үстемдігі заманында-ақ дербес қазақ хандығын құрудағы рөліне көніл аударылған. Бірақ Темір жорықтары туралы материалдардан белгілі болғандай, арғындардың бір тарауы оған дейін, яғни XIV ғ.-да, Алакөл мен Қаратал өзені аралығында, осы күнгі Талдықорған облысында тұрған» [45;39]-деп, енді арғын елі туралы тіл арқылы мәлімет береді. Олардың мекенін: «Арғындар осы күні негізінен Семей, Павлодар, Қарағанды, Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Қекшетау облыстарын мекендейді» [45;39]-деп көрсетеді.

Сонымен қатар, С.Аманжолов жер-судың топонимдік ерекшеліктеріне де байланысты: «Арал теңізі Кердери теңізі деп аталған, Амударияның оң жағындағы Хорезмнің бір бөлігі де Кердери деп аталған. Кердери деп аталағын екі қала болған: біреуі, Амударияның оң жағында, екіншісі - сол жағында» [45;44] орналасқандығын айтады. Бұл мәлімет арқылы қазақтың ежелгі мәдениетіне де үнілуге болады.

Этнонимдердің тұрмыс-тіршілігінен, мәдениетінен анықтама бере отырып ғалым: «Диалектілерді зерттеу процесінде байұлының (кіші жүз) Арал теңізі алқабында тұратын шекті тармағы өздерін жаманақпыш деп атайдынын байқадық. Осыған байланысты қазақ пен қырғыздың неғұрлым жақын туыстығы туралы мәселе туады. Меніңше, «манақ» баставында тайпа атауы болмаған. Ол белгілі бір жердегі тұрғындарға, олардың кәсібіне байланысты берілген туынды ат. Чуманақ сөзін «чуй бақташылары», «күзетшілер» (егер монғолдың «манақ» сөзін (бағу, күзету, сақтану) негізге алсақ) және «чуй жеміс өсірушілері» (егер түркінің «манау» жеміс өсірушілер (бағбан) сөзін негізге алсақ) деп түсіндіруге болады» [119;46-47]-деп, тіл ерекшеліктеріне талдау жасайды.

Тарбагатай тауларын мекен еткен кеерій тайпасы жайында тілші: «Қазақтың керей тайпасының негізгі бөлімі бұрынғы заманда да, қазір де

жартылай Алтайдың оңтүстігінде, Тарбагатай тауларының айналасында, наймандармен көршілес тұрады» [119;51]-деп, өмір сурген мекенін көрсете келе, керей тайпасының тіліне ықпал еткен тайпаларды көрсетеді: «Қазақстанның солтүстік-шығыс облыстарында мекендейтін қазіргі керей тайпасы тіл жағынан өзінің тайпаластары найман, арғын, қоңырат және қыпшақтардан өзгеше емес» [119;97].

Географиялық территориялардың тіл болмысынан көрініс табуының ең негізгі жолы – ол географиялық атаулардың этимологиясы. Мысалы: «Тұгіскен (шығыс Қазақстан облысы, Ұлан ауданындағы жер атауы) сөзін алайық. Ол – жабыгу, соғылысу, кездесу мағынасын білдіреді. Оның қазіргі нұсқасы – Түйіскен. Шын мәніде, Тұгіскен сөзі Ұлан, жыланды, Байсерке деген кішкене өзендерден қосылған, кездескен, біріккен жерін білдіреді» [45;97]-деп көрсеткендей, атаудың мәнін анықтай отырып, ғалым территориялық ерекшелікті де ашып береді.

Диахрониялық және синхрониялық анализ жасай отырып, тілші-ғалым былай салыстырады: «Дулаттардың қазіргі тілінде (диалектісінде) Орхон жазбалары кезіндегі көптеген сөздер мен тұлғалардың қалдығы сақталып қалған. Мысал үшін ескі бітік (жазба) сөзін алайық, ол ұйғыр тілінде пүтік, алтайда бічік, ал қазіргі дулаттардың тілінде бітік немесе бітпе болып аталады. Ол азербайжан тілінде сақталған. Ал қазақ көршілерінің көбінде (қазіргі өзбек, қыргыз, қарақалпақ, башқұрттар мен татарларда) ондай сөз жок» [45;100]. Сол сияқты бүгінгі тіл ерекшеліктерін былай салыстырады: «Жалпы қазіргі оңтүстік диалектісінде, оның негізгі сактаушыларының бірі – дулаттарда көне түркі тілдеріне тән сөздер мен грамматикалық тұлғалар аз емес. Сондай грамматикалық тұлғаларға біз бір жағынан: 1) жекеше 2- жақ бұйрық рай етістіктің: а) –ың // -ің (қалың, келің), ә) –қыл // -ғыл, -кіл // -гіл (айтқыл, алғыл, келгіл, кеткіл) қосымшаларын; 2) –дай орнына –лай (маңлай, таңлай – маңдай, таңдай орнына) айтылуын т.б. жатқызамыз» [119;100-101]. Демек, тілдердің диалектілік ерекшеліктерін анықтай отырып, тек халықтың бір-бірімен қарым-қатынасын ғана емес, тілдің дамуындағы жолын көруге болатындығын дәлелдеді.

Бүгінгі тілдің даму тарихы халықтың тарихынан көптеген мәліметтер беретінін дәлелдеген ғалым тайпалардың жергілікті тіл ерекшеліктерін салыстыра келе: «Керейлер мен наймандар монгол шапқыншылығына дейін (XIII ғасыр) Байкал көлінің оңтүстігінен Ертіс өзенінің аралығына дейін тұрған. Тайпалардың немесе олардың жеке бөліктерінің жаңа, осы күнгі территорияға ауысадың алдымен гундардың, монғолдардың, одан соң Темірдің, ал кейінірек жонғар қалмақтарының (XVII-XVIII ғасырлар) жорықтарымен байланысты. Мұның өзінде, әрине, тайпалар, Демек, диалектілері араласып отырған. Дулат, Арғын, Керей-Найман және басқа тайпалардың диалектілері олардың осы күнгі диалектілерімен сәйкеспеу себебі осында жатыр» [119;127]-деп тұжырымдайды. Және жергілікті тіл ерекшеліктерін пәнаралық байланыс әдісін қолдану арқылы тіл білімі мен тарихты ұштастыра оқытады.

А.Байтұрсынұлы

Қ.Жұбанов

С.Аманжолов

Оқыту әдістері

- жалғылаулы-жалпылау әдісі
- әңгімелесу әдісі
- салыстыру әдісі
- сұрақ-жаяул әдісі
- түсіндіру әдісі
- танымдық әдіс

Жаңашыл технологиялары

- танымдық-тағылымдық технология
- дамыта оқыту технологиясы
- модульдік оқыту технологиясы

Оқыту әдістері

- түсіндіру әдісі
- талдау-жинақтау әдісі
- пәнаралық байланыс әдісі
- проблема қоя оқыту әдісі
- салыстыру әдісі

Жаңашыл технологиялары

- дамыта оқыту технологиясы
- қашықтан (аулақтан) оқыту технологиясы
- сын түрғысынан ойлау технологиясы

Оқыту әдістері

- жинақтау әдісі
- топтай әдісі
- жіктеу әдісі
- салыстыру әдісі
- пәнаралық байланыс әдісі

Жаңашыл технологиялары

- тіл дамыт оқыту технологиясы
- дамыта оқыту технологиясы

А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері қазақ тілін оқыту әдістемесінен айрықша орын алады. Ғалымдардың қай-қайсысы болсада, оқыту мәселесіне өзіндік үлестерін қосқан. Педагогика тарихын қарастырган Әбиев Ж.: «Ахмет Байтұрсынұлының ағартушылық, ғалымдық, қайраткерлік, ақындық қасиеттерін сараласаңыз – өзінен бұрынғы үш ғұламаның Абайдың ақындығын, Үбірайдың ағартушылығын, Шоқанның ғалымдығын, оның барлығын өзі таңдал алғандай. Байтұрсынұлының бойынан осы үш қасиет бірдей табылған»[120;399]-деп көрсеткендей, Абай, Үбірай, Шоқан сынды қазақ ағартушыларының жалғасы А.Байтұрсынұлынан бастап, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері арқылы жалғасты. Осы тұлғалардың зерттеу-еңбектері – бүгінгі қазақ өркениетінің, өнерінің, ғылыминың бастауы болып саналады.

2.3. Таным теориясын оқытуда қолданылатын жаңашыл технологиялар

XXI ғасыр жан-жақты дамыған, білімді, өз ісі және өзгенің ісіне әділ баға бере алатын, мәдениетті, Отанының әлеуметтік-экономикалық жағынан дамуына зор үлес қоса алатын азамат тәрбиелеуді талап етеді. «Бүгінгі таңда Қазақстанның білім беру саясатында елеулі өзгерістер орын алды. Бұл ретте жаңа әдістердің білім беру үдерісіне енгізу арқылы еліміздің бәсекеге қабілеттілігін дамыту көзделген. Бәсекеге қабілетті ел болу үшін бәсекеге қабілетті маман даярлау қажет. Ол үшін мемлекеттік білім беру жүйесімен қатар халықаралық білім беру жүйесінің даму қарқыны да ескерілуі керек»[121;33] Сондықтан елімізде ұлттық ерекшелігімізді, ұлттық құндылықтарымызды, мәдениетімізді сақтап қалу үшін жас ұрпақты ұлттық болмысты бағалауға жетелейтін оқытуудың жаңа жолдарын қарастыру қажетtelігі туды. Осы мәселеде А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов және

С.Аманжолов ұстанған оқытудың үлгілерінің маңызы уақыт өткен сайын артып келеді.

Еліміздегі білім саласында білім берудің ескі мазмұнының орнына жаңасы келуде. Ол баланың оку қызметінің субъектісі ретінде, өзін-өзі өзектілендіру, өзін танытуға және өз ойларын асыруға ұмтылатын дамушы тұлға ретінде бағытталған. Бұл педагогикалық үдерістің маңызды құрамы оку ісіндегі субъектілер – оқытушы мен білім алушының тұлғалық-бағытталған өзара әрекеті болып табылады. Оқытушы жаңа педагогикалық технологияларды оку тәрбие үдерісінде жүйелі пайдалану арқылы шәкірттің білім сапасын арттыруы қажет. Оқу-тәрбие үдерісінде жаңа педагогикалық технологияларды ендірудің алғашқы шарты мұғалімнің инновациялық іс-әрекетін қалыптастыру болып табылады. Жаңа технологияны менгерген әрбір ұстаз өз сабағын он нәтижеде көре алады. Өйткені оқытушы жаңа педагогикалық технологиялады оқып үйренеді, менгертеді, жаңа технологияларды тәжірибеде қолданады, оны дамытады, нәтижесін тексереді. Мұғалім ұйымдастырушылық, сараптылық, бейімділік қабілеттерімен қатар өз бойындағы педагогикалық жағдаяттарды, дәйектерді, құбылыстарды талдай білуі және солардың пайда болуының себеп-салдарын анықтай түсуге бейім болуы шарт.

Бүгінгі танда білім беру жүйесінде таным теориясын оқыту үшін қолданылатын технологиялардың әр алуандығы мен жаңашыл шеберлігінің қажеттілігі артып отыр. Студенттерге білім беру барысында қазақ тіл біліміндегі таным мәселесін оқыту түрлері, әдіс-тәсілдері, жаңа заман талабына сай құзыреттіліктерін қалыптастыру, пәннің мақсаты мен нәтижеге жетудің басты жолы – оқыту технологиялары болып табылады.

Технология – білімдік ақпараттарды әр түрлі әдіс-тәсілдер арқылы студенттерге ұсынып, шеберлікпен менгертудің жолдарын қамтитын ғылым.

«Технология» сөзі грекше «techne» – өнер, шеберлік, кәсін және «logos» - ғылым деген сөздерінен алынған. «Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» «технология » сөзіне тәмендегідей түсінік берілген: «Ғылыми-практикалық негізде шикізатты дайын өнімге айналдырудың әдіс-тәсілдерінің жүйесі; ғылымның өндіріс құралдары арқылы материалға, шикізатқа немесе жартылай өнімге әсер ету жолдары мен әдістері туралы саласы»[122;170]. Орыс ғалымы В.П.Беспалько педагогикалық технологияның басты сипаттары нәтижелікке кепілдік беру және оку үдерісінің жобалау екенін атап көрсете отырып, бұл терминге тәмендегідей анықтама береді: « Педагогикалық технология – мұлтікіз орындау арқылы жоспарланған нәтижеге жеткізетін іс-шаралардың реттелген жүйесі. Бұл ретте жоспарланған нәтиже деп мемлекеттік білім беру стандарты айтылып отыр» [123;192].

Оқыту процесін жаңаша ұйымдастырудың немесе инновациялық үрдістерді пайдаланудың түпкі мақсаты шеберлікті қалыптастыру. Шеберлікті М.М.Дьяченко және Л.А.Кандыбович: «...педагогикалық міндеттерді шешуге көмектесетін білімдер, икемділіктер, дағды,

психологиялық процестер мен қасиеттер жүйесі» [124;169-170]-деп түсіндіреді.

Тіл білімінде таным теориясын оқыту жүйелілік пен алдын ала дайындықты қажет етеді. Таным теориясы барша адамзат ғылымында аса маңызды орын алғындықтан, оны тіл білімінің зерттеу салаларымен айқындала түсіндіру үшін, оның ішкі компоненттерін, категорияларын оқыту үшін жаңа оқыту технологияларының маңызы зор. Қазақ тіл білімінің негізін салушы көрнекті қайраткерлер А.Байтұрсынұлының, Қ. Жұбанов, С.Аманжоловтың лингвистикалық еңбектерінде тілді танымдық тұрғыдан оқыту мәселесінде тілші-ғалымдардың пікірлері бүгінгі білім берудегі жаңа технологиялар туралы ұғымдармен ұштасып жатады.

А.Байтұрсынұлы оқыту мәселесінде әдісті жаңарту қажеттілігін «Әлін-би» еңбегінде: «Бұл әліб-бай кітабы жаңа әдіске көшу жүзіндегі көңіл тілегі мен қол қысқалығын бір-біріне жанастырып жақыннату шарасын табу түрде шығарылып тұр. Үйрету жағынан «дыбыс әдісі» мен «тұтас оқу» әдісінің екеуіне бірдей жараплығы көзделді. Мазмұн жағынан қазақ жағдайына жанастырылып, жаңа проғрамма (гуус проғраммынша) болуы көзделді»[125;1]-деп көрсетеді.

А.Байтұрсынұлының әдістемелік еңбектерін саралай келіп, зерттеуші Р.Рахметова танымдық және тағылымдық тұрғыда оқыту шеберлігін ерекше бағалай келіп, бұл оқыту технологиясын – «**А.Байтұрсынұлының танымдық-тағылымдық технологиясы**» деп атады. [126;17] Ғалымның әдістемелік шеберлігінің «танымдық-тағылымдық технологиясы» деп аталуы өте орынды деп санаймыз. Бұл оқыту шеберлігінің ерекшелігін В.Кұлмағанбетова: «тұлғаның танымдық қабілеттерін және танымдық үрдістерді: яғни, жадының алуан тұрлерін ойлауды, ынтаны арнайы жасалған оқу және танымдық жағдайлар арқылы қабылдау қабілетін дамытуға, сондай-ақ қауінсіздігін, өзін-өзі бекіту, қарым-қатынас, танымдық және шығармашылық қажеттіліктерін қанағаттандыруға, белсенді сөздік қорын (ауызша және жазба тілінде) дамытуға бағытталуы»[125;31] –деп көрсеткен.

Сонымен бірге **танымдық-тағылымдық технологиясында** А.Байтұрсынұлы біліммен сузындала қана қоймай, барынша қазақтың ұлттық ділін сактап, мәдениетін ескерін, ұлттық қасиетін бағалай келе, білім алушыны ұлттық тәрбиеге жетелеп, ұйытып отырған. Ғалымның оқу күралдарындағы тапсырма беру үлгісі, біріншіден, қазақтың мақал-мәтелдерін менгеруден тұратынын анғарамыз. Мысалы: «Жақсы сөз сүйіндіреді, жаман сөз күйіндіреді», «Тауды, тасты жел бұзар, адамзатты сөз бұзар», «Бір тәуекел бұзады мың қайғының қаласын, бір жақсы сөз бітірер мың көнілдің жарасын», «Тындараса сөйлеген есіл сөзім, жыламасқа жылаған екі көзім», «Аталы сөзді арсыз қайырар, жүйелі сөзді жөнсіз қайырар», «Аузы жаман елді былғар, аяғы жаман төрді былғар», «Білген кісі тауып айтады, білмеген кісі қауып айтады»-деген мақал-мәтелдерді тапсырма беруде қолдану арқылы ғалым білім мазмұнын терендетін қана қоймай, таным-тағылымдық дағды қалыптастырады. Тілші қазақ баласының жанына

жақын мақал-мәтедердің ұлттық құндылықтарды бағалауда, адамгершілікке тәрбиелеуде, сөз құдіретін түсінуде маңызы зор екеніне айрықша назар аударады.

Өнер-білімді дәріптейтін қазақтың мақал-мәтелдерінің ішінен А.Байтұрсынұлы шәкірттің санасына сініріп, оның білімге де құштарлығын арттыру үшін мынадай мақал-мәтелдерді ұсынады: «*Оқу түбі – току*», «*Онер алды – қызыл тіл*», «*Оқу – білім азығы, білім – ырыс қазығы*», «*Білегі толық бірді жыгар, білімі толық мыңды жыгар*». Ғалым тек сөз өнеріне, өнер-білімге қатысты мақал-мәтелдер ғана емес, сонымен қатар, жалпы адамгершілік құндылықтарды бағалауға жетелейтін үлкенді сыйлауға, сабырлыққа шақыруға, еңбекке баулуға, барлық өмірде қажет болатын мақал-мәтелдерді пайдалану арқылы шәкіртке танымдық-тағылымдық білім берудің үлгісін ұсынады. Мысалы: Үлкен бастар, кіші қостар. Жақсы жүрген жеріне кент салады, жаман жүрген жеріне өрт салады. Сарғайған жетер мұратқа, асыққан қалар үятқа. Орақшының жаманы орақ тандайды. Берген алар, еккен орап. Қайтып кірер есікті қатты серіппе. Көп баланың ішіндегі қарт – бала болар, көп қарттың ішіндегі бала – дана болар. Тентектің ақылы түстен кейін енеді. Ақсақ қой түстен кейін маңырайды. Денсаулық – зор байлық. Өзі тойса да көзі тоймайды. Атты қамшымен айдама, жеммен айда. Қойшы көп болса, қой арам өлер. Жыртық үйге тамшы үйір, арық атқа қамшы үйір. Жеті рет піш, бір рет кес. Көз қорқақ, қол батыр. Сақтықта қорлық жоқ. Аспанға қарай оқ атпа, өзінің түсер басына. Ұяда не көрсөн, ұшқанда соны аларсың. Қатты жерге су төксен, сұықта тайғақ болар, жаманға сырыңды айтсаң таршылықта айғақ болар. Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын, жаманның жамандығын айт, құты қашсын. Шортанның өзі өлсе де, тісі өлмес, адамның өзі өлсе де, ісі өлмес. Білімсізben алыспа, текке өмір тауыспа. Төртеу түгел болса, төбедегі келер, алтау ала болса, ауыздағы кетер. Бас екеу болмай, мал екеу болмас. Үйдің жылы-сұығы қыс келгенде білінер, кімнің алыс-жұығы іс келгенде білінер. Асың барда ел таны, атың барда жер таны. Тау тауға қосылмайды, адам адамға қосылады. Бүгінгі таңда зерттеліп жатқан ежелден қазақы мәдениет, әдет-ғұрып, салт-сана қасиеттерін сінірген мақал-мәтелдерді оқытуда қолданудың танымдық маңыздылығын ғалым сол кезенде аңғарған. Және шәкірттің қабілетін арттыру, қызығушылығын ояту, тілін дамыту сөз, тіл арқылы жүзеге асқанын байқаймыз. Демек,, тілдің танымдық қызметін толық түсінген ғалым, білім беруде таным мәселесін **танымдық-тағылымдық технологиясы** арқылы оқытуға жетелейді. А.Байтұрсынұлы білім беруде сапалы оқытудың кілті – іздену, тиімді әдістерді орнымен қолдана білу, түрлендіріп отыру, тәрбиемен ұштастыру, оқытушы мен білім алушының қарым-қатынасына назар аудаған пікір-көзқарастары кез келген әдіскер үшін қажет. Тілдегі таным теориясын оқытуда танымдық-тағылымдық технологиясы арқылы шәкіртке барлық адамгершілік құндылықтар тіл арқылы ұғындырылады. А.Байтұрсынұлы ұсынған бұл технология негізінде оқушының, студенттің коммуникативтік, лингвистикалық, тілдік және мәдениет танушылық

күзыреттіліктері айқындалады. Ғалым танымдық-тағылымдық оқыту шеберлігінде сұрап-жауап әдісін, әңгіме әдісін, берілетін білім көзі деңгейіне сәйкес түсіндіру әдісін, салыстыру әдісін, оқулықпен жұмыс істеу әдісін, ойын әдістерін қолданғандығын көреміз.

Қазақ тілінің негізін қалыптастырып, оны оқытуға арналған А.Байтұрсынұлы еңбектерінде бүгінгі күні маңызды деп танылып жүрген *дамыта оқыту технологиясының* ұшқындары байкалады. Ғалым: «Пікірінді сөйлегенде алдыңғы сөзінен артқы сөзінің қуаты асып отыrsa, дамыту болады. Эншейін сөйлегенде дамыту мынау болады:

- 1) Бар! Жүгір! Ұш!
- 2) Мен саған он рет, жұз рет, мың рет айттым. «Бар» дегеннен «жүгір» деген күштірек, «жүгір» дегеннен «ұш» деген күштірек. Екінші мысалда «он рет айттым» дегеннен «жұз рет айттым» деген күштірек, «жұз рет айттым» дегеннен «мың рет айттым» деген күштірек. Дамыту негізгі сөздің осы табиғи заңына тіреледі»[42;179]-деп дамыту занұлдығын түсіндіреді. Сонымен қатар, тілді оқытуға арналған еңбектерінің жүйесі бірін-бірі күштірін отырған. Эр бөліміндегі білім мазмұны бірін-бірі толықтырып, тақырып мазмұнын «өсу» бағытымен қарапайымнан күрделіге қарай, тапсырмалар беру арқылы бірнеше мәрте қайта оралып отыру әр оқушыға оқу материалымен жұмыс істей отырып, өз қабілеттерін, жадын, ынтастын, ойлауын, ауызша және жазбаша тілін дамытуға мүмкіндік береді. А.Байтұрсынұлы тақырыпты берін, сонына тапсырмалар беру арқылы білім алушының тілін дамыту мақсатын көздейді. Шекірттің тілін дамытуға көзделген А.Байтұрсынұлы берген тапсырмалар мынадай қағидаларға негізделген:
 - «өсу» бағытымен оқып үйрену қағидасы басында шағын түрде, сонында мазмұнын біртіндеп аша отырып, көлемін арттырып, қосымша толықтырулар мен деректер енгізген.
 - сөйлесу бөлімінің әр сабағында жаңа тақырып қызығушылықты оятатындей ерекшеленін отырған. Оқу материалын бірсарынды формада емес, білім алушыны тез жалықтырмайтындей түрлендірін, күрделендіре түскен.

Бүгінгі таңда оқытудың жаңаша түрі саналатын *дамыта оқыту технологиясы* жайында Тұрғанбаева Б.А.: «Оқу – адамның психикалық дамуының формасы, элементі. Кез келген оқыту бір мөлшерде адамды дамытады. Бірақ оқыту дамытудың алдында жүрін, оқушының дамуына шешуші рөл атқарады»[127;5]-дейді. А.Байтұрсынұлы дамыту занұлдығын алға қойып, оқытуға арналған еңбектерінде де *дамыта оқыту* шеберлігінің маңыздылығын ескерген.

А.Байтұрсынұлы оқу құралдарында, еңбектерінде әдістемелік шеберліктердің сан алуан түрі кездеседі. Бүгінгі таңда білім беруде *модульдік оқыту технологиясының* тиімділігі зерттелін, оқытуда ерекшеліктері ұсынылды. А.Байтұрсынұлы ұсынған оқу құралдарының өзі модульден тұратындығы айқын. Ғалым тілдегі таным теориясын ескере отырып, тіл табиғатын модульге бөліп оқытуды тиімді пайдаланған.

Ғалымның ұсынған әр оқулығы бір-бір бөлімнен «Тіл – құрал. (Дыбыс жүйесі мен түрлері, I-нші тіл танытқыш кітап)», «Тіл – құрал. (Сөз жүйесі мен түрлері, II-нші тіл танытқыш кітап)», «Тіл – құрал. (Сөйлем жүйесі мен түрлері, III-нші тіл танытқыш кітап)» атты 3 кітаптан тұратын оқу құралдарын жазды. Бұл оқушының оқу материалын бөлек-бөлек емес кешенді түрде, тұтас тарау (тақырып) бойынша пысықтаудың білдіреді.

А.Байтұрсынұлы әдістемелік еңбектерін ұсына отырып, бүгінгі таңда **модульдік оқыту** деп аталатын технологияның улгісін жасағанын аңғарамыз. Ғалым тіл табиғатының құрылымдық ерекшелігін жүйелеп, бөлім-бөлім арқылы қарапайымнан құрделіге қарай оқытып, білім алушыны жалықтырмай, қызығушылығын қалыптастырып, ынтасын арттырып, алған білімін қайта жаңғырту арқылы сапалы білім беру жолын көздейді. Білім алушының **тілін дамыту арналған тапсырмалар** беру арқылы танымын кеңейтіп, білім-білік дағдыларын қалыптастыруға «сынау» және «дағылдандыру» деп аталатын тапсырмалар түрлерін ұсынады. Білім алушы санаусына білімді жүйелі түрде менгеруіне және қабілет деңгейлерін жетілдіруге ықпал етеді.

Таным мәселесін оқыту барысында да модульдік оқыту технологиясын қолданып, А.Байтұрсынұлы ұсынған әдістемелік ерекшеліктері мен оқыту қағидаларын пайдалану тиімді деп санаймыз. Аталмыш технология әдістері білім алушыларды өз бетімен жұмыс істеуге, қорытындылар жасауға, жүйелі білім алуға жетелейді, өзін-өзі, өзгені де бағалай білуге үйретеді. Білім алушының оқу және танымдық әрекеттерінің белсенділігін арттыру – ең негізгі әдістемелік мәселе. Сондықтан А.Байтұрсынұлы **еңбектерінде қолданған модульдік оқыту** білім алушының оқу және танымдық белсенділігін арттыруға бағытталған. Бүгінгі таңда модульдік оқыту технологиясының тиімділігін көрсетіп, әдіснамалық қағидалаларын жетілдірген М.Жанпейісова болып табылады. Модульдік оқыту технологиясының құрылымын М.Жанпейісова кіріспе бөлімі, сөйлесу бөлімі, қорытынды бөлімге жіктейді. Кіріспе бөлімінде білім алушыны тақырыпқа енгізу әрекетін жүргізуді ұсынады. Сөйлесу бөлімі шәкірттің танымдық қызметін өзара сөйлесу негізінде ұйымдастыруға бағытталған. Ал қорытынды бөлімі алған білімін қорытып, бақылауға арналған. [128;10] Модульдік оқыту технологиясы оқытушы алдында тұрған бірнеше мәселелерді шешуге көмектеседі:

- жалпы білім сапасын жоғарылату;
- сабактың тиімділігін арттыру;
- білім алушылардың мақсаттарына жету жолындағы жетістіктерін есепке алу жүйесін жасау;
- жеке тұлғаның өзін-өзі реттеуі, өзін-өзі тәрбиелеуі, өзін-өзі дамытуы.

Ұлт үшін айрықша маңызы бар салаларды зерттеген, болашаққа өшпес педагогикалық мұра қалдырған қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі – Құдайберген Қуанұлы Жұбановтың орны айрықша. Оның тіл білімі саласындағы әмбебап ғалым екендігіне фонетика, орфография,

терминология, этимология, сөзжасам, синтаксис жайындағы құнды пікірлері дәлел болмақ. Ғалым бұл мәселелерді сөз ету барысында аталмыш салаларға қатысты кемелді ой-пікірлер айтумен қатар, жаңа ғылыми бағыттардың негізін қалады. Қ. Жұбанов өз заманындағы педагогикалық ой – пікірден 40-50 жылдай алға кетіп, мұғалімнің оқушыға білім беріп қана қоймай, оны тұлғалық жағына қалыптатыруши екенін де атап көрсетті. Ал оқушыны тұлғалық жағына қалыптастыру мен дамыту қазіргі оқыту технологияларының басты мақсаты екендігі белгілі. Оқыту шеберлігінің әдіскер үшін маңыздылығын жақсы түсінген ғалым газетке мақала ретінде жарияладап, «оқытушылар көпшілігіне» ұсынып отырған: «Бүгінде біз біліп, көріп жүрген тілдердің жетіскең, өте игерілген тілдер болушылығы – бүгіндегі еңбек техникасының өркендерегенін әр нәрсеге технология көзімен қарауышылығымыз» [44;44]-дей келін, ғалым технологияны дүниенітану жетістігі деп бағалайды: «Бүгіндегі біздің жазу технологеміз де осы технологияшыл дүниетану жемісінің бірі. Жазу үйренгенде біз бірден сөздерді, сөйлемдерді жазып үйренбейміз, әрбір дыбысқа өз алдына таңба (әрін) белгілеп, сол таңбаларды жазуға, олардың дыбыстық мәндерін айыруға үйретіп аламыз да, соナン кейін барып қана сол жеке дыбыс белгілерін қостирып, жалғатып, сөз, сөйлем құрастырамыз» [44;44]-дей түсіндіреді.

Қ. Жұбанов 1936 жылы «Қазақ тілінің грамматикасы» оқулығының алғашқы беттерінен-ақ оқушыға ізденіс жолын нұскайды. Материалды сатылай бере отырып, ғалым балаларды жүйелі ойлауға төсөлдіреді. Енбектен қазіргі жаңашыл әдіскерлеріміз кең қолданып жүрген деңгейлік тапсырмалар арқылы *дамыта оқыту технологиясының* элементтерін байқауға болады. Оқулық құрылымы әр оқушының белгілі бір деңгейдегі тапсырмаларды орындау қажеттілігіне көңіл бөлген. Егер оқушы аз уақыттың ішінде көп тапсырма орындалап үлгеретін болса, ол оқушының қабілетін, белсенділігін, іскерлігін, ал ұстаздың шеберлігін көрсетеді. Тілдік занылыштарды неғұрлым жақсы білсе, оку технологиясының талаптарын да соғұрлым жақсы орындарады. Сөйтіп, деңгейлік тапсырмаларды орындау барысында жақсы оқитын бала зерікпейді, оргаша оқушы бос отырмайды, ал нашар оқитын оқушы бос көшіре бермейді. Бұл әдіс қазақ тілі сабактарында өз дәрежесінде жүргізілсе, жақсы нәтиже беретінін кезінде Қ.Жұбановтың өзі жақсы аңғарған.

Ғалым қазақ тілінің грамматикасын оқыту барысында «Сөз деген не?» деген мәселеге бармас бұрын, «сөз бөлшектерін» талдап: «Сөз ауызекі де сөйленеді, қағазға да жазылады. Жазылған сөз түгел бір кітап болуы да, шағын бір хат болуы да, тек бір кісінің аты болуы да, тінті бір ғана әріп болуы да мүмкін. Осы сияқты ауызекі сөйленген сөз де ұзақ бір әңгіме, тұтас бір баяндама болуы да немесе бір-ақ ауыз сөз болып, не бір нәрсенің ғана аты, бір ғана дыбыс болуы да мүмкін. Осылардың бәрі де сөз бөлшектері болады» [75;2]-деген анықтама береді. Сөз бөлшектерін «бұйым» болатын «материал» деп білім алушының танымына жеңілдетіп түсіндіріп, одан әрі «сөз бұйымының жасалу жолдары», «сөз деген не?», «сөз бен ой», «сөйлем»

деген тақырыптарды оқыту арқылы дамыта түседі[75;1-5]. Қ.Жұбанов әдістемелік еңбектерінде қолданған дамыта оқыту шәкірттің тек психикалық даму формасын ғана қамтымай, оның білімін, тәжірибесін, шығармашылық қабілетін, ізденімпаздығын дамытып, бір дәрежеден екінші бір деңгейге сапалық артуын көздеген. Сонымен қатар, тілдің танымдық болмысын оқыту барысында *Қ.Жұбанов дамыта оқыту арқылы* білім алушының білім, білік, дағдысын қалыптастырып қана қоймай, байқампаздығын, ойлаудын, тәжірибелік өркениетін дамытуды мақсат еткен. Себебі *дамыта оқыту технологиясының ерекшелігі* шәкірттің ізденушілік-ойлау әрекетін басты назарда ұстайды. Ол үшін білім алушы өзінің бұған дейінгі амалдарының, тәсілдерінің жаңа мәселені шешуге жеткіліксіз екенін сезетіндей жағдайға түсуі керек. Содан барып оның білім алуға деген ынтасы артады. Қ.Жұбанов тіл білімін танымдық тұрғыда оқыту барысында қолданған дамыта оқыту технологиясында проблема қоя оқыту, баяндау, ізденушілік, зерттеушілік әдістерін қолданған.

Қ.Жұбановтың тілдегі таным мәселесін оқытуда қолданған дамыта оқыту технологиясы шәкірттің ойларын жетілдіруде маңызы зор. Ол мынадай нәтижелерге қол жеткізеді:

Біріншіден – дамыта оқытуда білім даяр күйінде берілмейді, оған шәкірт өз оқу әрекеті арқылы қол жеткізеді. Тақырыптың алгашқы ізденіс кезеңінде жаңа ақпарат жайлы не білетіндіктерін ортаға салып, мәселені өз беттерінше шешуге талпынады. Сөйтіп олар осы мәселе туралы өз білімдерінің жеткіліксіз, таяз екенін сезіну арқылы сабакқа деген қызығушылықтары оянады, ішкі тұртқілері пайда болады.

Екіншіден – дамыта оқытуда оқушы жоғары қындықтағы мәселелерді шеше отырып өзінің санасының саңылауларын ашады. Әр білім алушы өзінің деңгейіне дейін дамуга қол жеткізе алады. "Жақсы оқитын", "Жаман оқитын" шәкірт ұғымының болмауы, оларды танымдық әрекеттерге ұмтылдырады, құштарлығын арттырады.

Үшіншіден – білім алушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің әрекеті. Сол себепті дамыта оқытудагы оқыту әдістері шәкіртті белсенді жұмыс жагдайына қоя отырып, мәселелерді, қайшылықтарды шешу мақсатын қояды.

Төртіншіден – дамыта оқыту жүйесінің нәтижелі болуы шәкірт пен оқытушының арасындағы жаңаша қарым-қатынасы арқасында ғана өз жемісін береді. Сол себепті дәстүрлі жүйедегі әміршілдік стиль бұл жерде тиімсіз, оқушы – "орындаушы", "мұғалімнің тасасындағы" обьект емес. Ол өз пікірін ашық айта, ойын дәлелдей, дәйектей алатын, сонымен қатар басқаның да ойын тыңдал, көзқарасын құрметтей білуге үйренген жаңа сападагы тұлға болып қалыптасады.

Қ.Жұбановтың әдістемелік еңбектеріндегі әдістемелік идеяларының бүгінгі жаңашыл технологиялармен ұштасуын М.Жазықова да зерттеулерінде: «Ғалымның белгілі бір грамматикалық тақырыпты баяндамас бұрын сұрақ-жауап әдісі арқылы оқушыны ойлануга, пайымдауга шакыруды,

оларды іздендіре отырып, санасына тұрткі жасауы дамыта оқыту идеясынан туған» [115;21]-деп көрсетеді.

ХХ ғасырдың басында қазақ тіл білімінің қалыптасып келе жатқан кезеңінде К.Жұбановтың білім берудің «*қашықтан оқыту*» үлгісін ұсынғандығы белгілі. Бұл нақты білім көлемін игеру үшін өз бетінше білім алушының оқытушының бақылауымен қашықтықта өзара әрекетте жүргізілетін оқытудың әдіс-тәсіл, құралдары мен формаларының жиынтығы болып табылады. Сол заманың өзінде ғалым бүгінгі заманауи технология дамымай тұрып, «*аулақтан*» *оқытудың* үлгілерін ұсынған.

Қазіргі уақытта оқытудың жаңа түрлерінің бірі – *сын тұрғысынан ойлау* технологиясының элементтері К.Жұбановтың әдістемелік пікірлерінен көрінеді. Ғалым келелі мәселелерге байланысты қойылған сұрақтарды Жанғазыға арналған хатында қоя отырып, қолданған әдістердің тиімді, тиімсіздігін анықтайды. «Неден бастап, нені үлгіге алып, нені іздел, нешік жаттықтырып, немен аяқтады?»[44;144]-деген сұрақтарды қояды. Сөйтіп мұғалімнің сабак барысында кездескен қындықтарды талдауға тырысып, әдістемелік ізденістер жасайды. Білім алушыны ойлауға, сынни талдау жасауға, мәселені талқылауға, білім мазмұнын ой елегінен өткізуге бағыттайды.

Таным мәселесін менгеруде бүгінгі жаңашыл технологиялармен сәйкес келетін оқыту үлгілерін ұсынған С.Аманжолов еңбектірінің де маңызы зор. Сөйлем туралы ғалым: «нақтылы дұрыс құрылған, ойға сай айтылған «сөйлем» дегеніміздің өзі де ойдың сәулесі, бейнесі, суреті ғана» [3;14]-деп, білім беруде тілді дамытуға аса мән береді. Оның маңызын ғалым: «Сөйлегенде, айтатын сөзіміз, терен неше алуан ойымыз, өткір қиялымыз, тереннең тартып топшылап, алыстан орап, оспақтап, я жоспармен сөйлейтін тәртіпті сөйлемдеріміздің тізбегі толып жатқан ойлардың желісі ... бірден шыға қойған жоқ. Ойдың да сөйлемнің де даму жолы бар»[45;11]-деп түсіндіреді. Тіл дамыту шеберлігі білім алушының сөздік қорын молайтып, шәкірттің өз ойын еркін жеткізіп, шешен сөйлеуге итермелейді. С.Аманжолов әдістемелік еңбектеріндегі тіл дамыту тек аталған мәселелерді ғана емес, сонымен қоса шәкірттің танымын кеңейтіп, «ойлардың желісін», «ойдың да сөйлемнің де даму жолын» қалыптастыруды көздейді. Себебі С.Аманжоловтың пікірі бойынша ойдың дамуы тілден көрініс табады. Тілді менгеру сөз мағынасын білумен шектелмейді, қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды қатесіз тану үшін адам санасында белгілі бір ұғымдардың пайда болуы талап етіледі. Ұғымдарды ұғынуда бүтін логикалық ойлау операциялар жүйесі түзілген, адам соның жәрдемімен белгілі бір ұғымға қатысты зат не құбылысты және олардың арасындағы айырмашылықтары мен ұқсас қасиеттерін дұрыс айырады. Сондықтан С.Аманжолов тілді дамыту үшін ойды да дамыту жолдарын қарастыру керектігін ғылыми зерттеулерінде білдірді.

Тіл дамыту шеберлігі С.Аманжоловтың қазақ әдеби тілінің тілдік нормасын қалыптастыруға байланысты зерттеулерінен де көрінеді. Қазақ

тілінің әдеби тілдің ерекшеліктерін жүйеге келтірін, тілдің қолданыс аясын нормаландыру ісі тілді дамытуға негізделген.

С.Аманжолов тіл білімін оқытуда *дамыта оқыту технологиясын* ұсынып, білім алушылардың біліміне, танымына сәйкестендіріп отырған. Ғалым білім мазмұнының күрделігі арқылы шәкірт білімін терендетін дамытуды көздең, жас ерекшелігіне сәйкес женілдетін те беру керектігін айтады: «Орта мектепке арналған оқулықта жалғаулықсыз салаларды 3-5 мағыналық жіктен ары бөлудің өзі мүмкін де, қажет те емес. Оқушы жастардың ой-санасы одан терең айтуды көтермейді. Ал педучилишеге, жоғарғы мектептерге арналған оқулықтарда бұл бөліс (жіктеліс) аз» [3;196]. Жоғары оқу орнына арналған білім мазмұнын күрделендірудің қажеттілігін түсіндіреді: «Мұнда қазақ тілінің сөйлемдік структурасы (жүйесі) мүмкіндігінше толық беруді керек етеді, қазақтың қазіргі әдеби тіліндегі бар формаларды, ондағы зандылықтарды білдіруді керек етеді. Сонда ғана қазіргі қазақ тілінің нормасын біліп, соны дұрыс сактауға, соны бұзушылармен күресуге болады. Осындай теориялық, тәжірибелік қажеттерге сәйкес, біз алдымен жалғаулықсыз салалардың түр-түрлеріне тоқтаймыз. Мектеп грамматикаларындағы жіктеудің жалғаулықсыз қарсылықты, себеп-салдарлы салалас дегендеріне ешбір дау-талас жоқ. Бірақ оларды толықтырып, жасалу жолдарының бәрін көрсетуіміз керек. Ал басқа (ыңғайлас, іліктес, мезгілдес, іргелес, анықтамалы, шарттас, амалдас) түрлері туралы да, басқа формалар туралы да ерекше бас-басына тоқталмаса болмайды» [3;196].

С.Аманжолов оқыту мәселесінде дамыта оқыту арқылы шәкірттің білім мазмұнын терендетін, күрделендіре отырып, тіл білімінің қыр-сырын түсіндіруге тырысқан. Ғалым тіл болмысының танымдық қызметінің даму жолын нұсқап көрсетеді: «1)әуелі тіл ғылыми хат тану, оқу, жаза білудің басқышы; 2) хат тани білу арқылы жаңа адамның басқа білімдерге қолы жетеді; 3) басқа білімдердің тарихын білу арқасында адамның өз ой-өрісі кеңейеді; 4) тіл ғылыми арқылы бір халық бір халықпен дұрыс қатынас жасайды; бірінің тілін бірі тез үйренуге де тіл ғылыми себепкер; 5) қысқасы, тілсіз, тіл ғылыминың әуелде еш бір мәдениет болған емес»[45; 35].

Сонымен қатар, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың зерттеулерінде таным теориясын оқытуға қолданылатын модульдік оқыту технологиясы білім алушының танымдық әрекеттерін (зейін, қабылдау, жады, ойлау, елестету) дамытуға, танымдық қабілетін жетілдіруге (білу, түсіну, қолдану, талдау, топтау, білімді бағалау (Б.Блум таксономиясы)), белсенді сөздік қорын дамытуға (жазбаша және ауызекі сөйлеу тілі), оқуға жағымды қызығушылық қалыптастыруға (М.М.Жанпейісова), қажеттілікті қанағаттандыруға (қындыққа дайын болу және оны жену, қарым-қатынас, ойын, таным, сыйластық, қауіпсіздік, шығармашылық, өзін-өзі өзектілендіру, өзін-өзі бекіту (М.М. Жанпейісова)) бағытталады.

Тілдегі таным теориясын оқытуда А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың жаңашыл әдістемелік шеберліктерін қолданудың

студенттердің білім, білік дағдыларын қалыптастыруды, кәсіби шеберліктерін жетілдіруде, ой терендіғін дамытуда маңызы зор.

2.4. Таным теориясын оқыту арқылы қалыптасатын құзыреттіліктер

Қазақстандағы жоғары білім елдің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» стратегиясында анықтап бергендей, басты ұлттық басымдықтардың бірі ретінде жауапты міндет атқарады. Жоғары білім ғана мәдениет түзуші, интеграциялаушы міндет арқылы, білімнің сапасы, аумақтығы мен ғумандығы арқылы Қазақстанның өмір сүруін, ұлттық қауінсіздігі мен ғұлденуін қамтамасыз етуі тиіс.

Қазақстандағы жоғары білімді дамыту стратегиясы оны орнықты дамыту, білімді аумақтандыру, үздіксіз білім беру, реформалар процесіндегі үздіксіздігі, әлеуметтік даму барысын болжау мүмкіндіктері, мәдениетті, тұрмыс салтынының өзгешеліктері мен құндылықтарды сактау, бейбітшілік ісіне, адамның бостандығы, құқығына үлес қосу, әлеуметтік және этикалық ынтымақтастық концепциялары негізінде құрылады. Мұнда тенденция, әділдікке негізделген бейбітшілікті нығайтуға, басты назар аударылады. Психологиялық-педагогикалық зерттеулерге қарағанда кәсіби шеберліктің қалыптасуы мен дамуы үдерісінде «құзыреттілік» және «құзырет» (компетенция) ұғымдары қолданылып келеді. Мұндағы құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» (ББД) сияқты ұғымдарды қамтиды. Бірақ бұл ББД-ның жаңаша жай ғана жиынтығы емес. Құзыреттілік оқыту нәтижесін (білім және білік) ғана емес, сонымен бірге ол шәкірттің шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуғе қолдана алу қабілеттілігі. Ол, ең әуелі мектептегі оқыту үрдісінде қалыптасады. Сонымен оқытудағы құзіреттілік тәсіл білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ал ол өз кезеңінде кешенді әдістәрдің жүзеге асыруды, мектептегі оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді. Демек, «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын мектептегі педагогикалық тәрибеге енгізу білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді, іс-әрекет түрлерін нақтылауды талап етеді.

Құзыреттілік тәсіл бірінші орынға студенттің хабардарлығын емес, нақты құбылыстарды танып білу мен түсіндіруде; қазіргі заманғы техника мен технологияны илеруде; практикалық өмірде; мамандығына байланысты кәсіби білім алуға дайындығын бағалауда; енбек нарығын бағдарлау қажет болғанда; өмірден өз орнын анықтауға; өмір салтын, кикілжіндерді шешу тәсілдерін тандауға байланысты мәселелерді шешу қажет болғанда туындастын өмірлік мәні бар мәселелерді шешу біліктілігін шығарады.

Студенттің құзыреттілігін қалыптастыру үшін оның психологиялық ерекшеліктерін де ескеру қажет. Тіл біліміндегі таным мәселесі жоғары оқу орнында «Коғнитивтік лингвистика» пәнінің негізінде оқытылатындықтан,

танным теориясын оқытудың психологиялық негізі студенттің психологиялық қасиеттерін, қабылдау, ойлау, пайымдау қабілеттерін, жас ерекшеліктеріне қарай мінез-құлқын ескеруді қажет етеді. Оқытуда студенттің психологиялық ерекшеліктерін ескеру арқылы оның тұлғалық қалыптастасына мән беріледі.

Осыған байланысты бүгінгі таңда тұлға – психологиядағы ең өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Өйткені қоғамымыздың қарқынды әлеуметтік дамуы белсенді, жасампаз тұлғаны қалыптастыруға жоғары талап қояды. Қоғамның қазіргі жағдайында, елдің саяси, мәдени, әлеуметтік-экономикалық жақтарын жаңарту кезінде – жас ұрпақтың болашақта ізгі ниетті азамат болып дамуына олардың тұлғасының дұрыс қалыптасу үрдісі үлкен ықпалын тигізетіні сөзсіз. Сондықтан студент сөзіне мән берсек, «студент» термині латын тілінен шыққан, аударғанда ынталы жұмыс істеуші, оқумен айналысушы деген мағынаны білдіреді. Студент белгілі жастағы адам ретінде және жеке тұлға ретінде сипатталады. Студенттік кез – бұл ерекше әлеуметтік-психологиялық мәні бар кезең. Себебі «даму психологиясы әр адамның жасына байланысты психикалық занылыштарын, ерекшеліктерін, тұлғаның психологиялық қасиеттерін және әртүрлі психикалық үрдістердің онтогенезін зерттейді. Бұл сала келесі реттегі тармақтардан құралады: балалар психологиясы, жеткіншектер психологиясы, жасөспірім психологиясы, ересек адам психоологиясы және геронтопсихология» [129;23]. Сондықтан да Ж.Аймауытов тіл занылышы мен адам жанының арасындағы байланысты: «Тіл – ішкі сырды сыртқа шығаратын құрал. Әр заманда тіл ішкі сырды әртүрлі шығаратын болған. Алғашқы кездегі адамның қызметі, көбінесе жабайы қозғалыс, қозғалыс болғанда соқыр сезім билеген еріксіз қозғалыс болса керек»-[130;192]-деп, тілді адам дамуымен ұштастырады.

Студентті белгілі бір жас кезеңіндегі тұлға ретінде қарастырсақ, үш сипаттың анықтауға болады:

1. студенттің психологиялық қасиеттері (мінезі, темпераменті, қабілеттері), жеке тұлғаның қүйлері, психологиялық әрекеттері. Оларға психикалық үдерістердің өтуі, психикалық қүйлердің пайда болуы, психикалық түзілімдері.
2. студент әлеуметтік, қоғамдық индивид ретінде оның белгілі әлеуметтік топқа, ұлтқа және т.б. жататындығымен тудырылатын қасиеттер.
3. студенттің биологиялық ерекшелігі. Жүйке қызметінің типі, талдағыштардың құрылышы, шартсыз рефлекстер, ырықсыз сезімдер, физикалық күш, дене бітімі, т.б. жатады.

Сонымен оқытуда тұлға қалыптастыру мақсатында студенттің барлық сипаттарын ескеру қажеттілігі туады.

Тіл біліміндегі таным теориясын менгертудің психологиялық негізі педагогика категорияларымен ұштасып отырады. Олар: білім беру, тәрбие және оқыту.

Білім беру дегеніміз – білім алушыға ғылыми мағлұмат беріп, адамның танымын, білімін, дағдысын, дүниеге деген көзқарасын жетілдіру үдерісі. Ал «оқыту – білімдерді, іскерліктерді, дағыларды менгертуге, дүниетанымын

қалыптастыруға, ақыл-ойын және потенциалдық мүмкіндіктерін дамытуға бағытталған мұғалім мен оқушылардың арнары үйымдастырылған, мақсатты және басқарылатын өзара әрекет ету процесі»[131;16] -дегенді білдіреді.

1. «Тәрбие – педагогикалық процесс жағдайында жеке адамның қоғамдық тәжірибелі игеру үшін бағытталған белсенді іс-әрекетін қолдау және үйымдастыру»[131;16]. Студенттерге таным теориясын менгерту барысында олардың психологиялық даярлық сатыларын да анықтап алу қажет. Себебі «Бүгінгі студент – өзі өмір сүріп отырған мемлекеттің азаматы, өзі өкілі болып табылатын халықтың перзенті, белгілі бір ұлттың мүшесі, жолын жалғар мұрагері»[132;80]

Студенттің психологиялық даярлық сатыларын А.Ерментаева былай жіктейді: Психологиялық сауат; психологиялық құзірет; психологиялық мәдениет. Яғни, студенттің «психологиялық сауат менгеру, психологиялық құзіретті дамыту мен психологиялық мәдениетті игеру деңгейлері» [133;103] жоғарылаған сайын студенттердің дербестігін, жауапкершілігін, бастамашылығын, белсенділігін бейнелейтін қасиеттері арта түседі. Студент – басқа әлеуметтік топтармен салыстырғанда, білімі неғұрлым жоғары, ізденімдік-шығармашық қабілеті дамыған тұлға ретінде сипатталады. Сондықтан Д.А.Жансерикова студент тұлғаның өзін-өзі өзектендірудің психологиялық былай сипаттамасын жіктейді:

- «шындықты белсенді қабылдау, оған өзін-өзі бағыттау белсенділігі;
- шығармашылық қабілетінің дамуы;
- шындық тереңінен өмірді түсінуге қабілеттілігі;
- барлық кезеңдерде әділетті мінез-құлышық көрсету;
- өзіне жауапкершілік ала білу қажілеттілігі;
- қойған мақсаттарына жету үшін күш жұмсай білуі;
- басқа адамның қарсылықтарын дер кезінде байқау іскерлігі, оны жеңе білуге үмтүлу қабілеттілігі;
- өмірге ашық көзқараспен қарауға қабілетті болуы, оны объективтік көзқараспен бағалай білуі т.б.» [134;102]

И.А.Зимняя студенттік кезеңді «студенттік кез – адамның, жалпы тұлғаның қалыптасуының, сан алуан қызығушылықтардың көрінулерінің орталық кезеңі»[135;207]- деп сипаттап, студенттің жаңа құндылық бағдарларының, мотивтерін және даралық қасиеттерін дамытуға баса назар аударады. В.Т.Лисовскийдің пікірінше студенттерді төмендегідей сапалық топтарға бағыттау қажет:

1. оқуға, ғылымға, мамандыққа;
2. қоғамдық-саяси іс-әрекетке;
3. мәдениетке;
4. ұжымға бағытталуға тиіс. [136]

Б.Ә.Әмірова студенттерді оқытуда олардың психологиялық ерекшелігін дүниетанымымен байланыстыруға баса назар аударады. Өйткені студент білім мазмұнын түйсіктері мен зейінін аудару арқылы қабылдан, ой елегінен өткізіп, пайымдап, есте сактап, қайта жаңғыртып, өзінше

тұжырымдау, талдау, өңдеу әрекеттері арқылы санасында аялық білімін қалыптастырады. Себебі «адам дүниені тануында, өз қажеттілігін өтеу мақсатымен қабылдайды, оны ой елегінен өткізіп ойланады. Бұл процесс қабылдаудың, ойлаудың немесе түсінудің жемісі ғана емес, адамның орта мен санасының арасындағы процестердің жүзеге асыруға бағытталған іс-әрекет нәтижесі. Ендеше, барлық таным процестері (түйсіну, қабылдау, ойлау, ес) танымдық іс-әрекеттер құрамындағы әрекет, әдіс-тәсілдер арқылы жүзеге асырылып отырады» [131;9]- деп түсіндіреді.

Сондыктан да Әмірова Б.Ә.: «Студенттерді оқыту – бұл олардың психикасына әсер ету және білімдерді, іскерліктерді, дағдыларды қалыптастыруға бағытталатын мақсатты қызмет. Алайда соңғысы оқытудың нәтижесін білдірмейді. Оқыту барысында студенттердің дуниетанымдары кеңейеді, болашақ маманың тұлғасы дамып, қалыптаса түседі»[131;22]-деп, студентке маман ретінде қажетті сапаларды көрсетеді. Студентке білім беру барысында болашақ маман ретінде мынадай мәселелерді қамту қажеттілігі туады:

- бірыңғай оқыту мен тәрбиелеу қабілеттілігі;
- нақты дәрістік-педагогикалық білімі;
- жоғары мәдениет пен құндылықты сезіну;
- еркіндік пен жауапкершілік;
- парасатты элитаға қатынасы.

Студенттік кезең адам баласының шығармашылық ізденісінің үздіксіз жетілуімен, ғылыми-ізденімдік қабілеттінің қалыптасуымен, өмірге деген құлышынысының артуымен интеллектуалды және физикалық құштерінің қарқынды дамуымен ерекшеленеді. Жоғары оқу орнында оку жасөспірімдік кезеңнің екінші сатысы немесе ересек кезеңнің бірінші сатысында жүзеге асады. «Шығармашылық ойлауға он әсер ететін тұлға белгілерінің ішінде келесі белгілерді атап көрсетуге болады: өз күшіне сенімділік, қуаныш сезімінің ұstemдігі, тіпті ашудың нақты бір бөлігі, тәуекелге бейімділік, бір түрлі және қызық болып көрінуге деген қорқыныштың болмауы, қалжындан білу сезімінің жақсы жетілгені, ойлау қабілеттінің байлығы жоғары сезімталдыққа ие, синтезези феноменін өткереді»[131;37]. Сондыктан студенттердің жалпы физиологиялық дамуы, өмірге деген қызығушылығы білім алу үдерісіне әсер етпей қоймайды. Оның алдын алу үшін студенттерге білім мазмұны бойынша бағыт-бағдар, әртүрлі ғылыми ізденістеріне кеңес беріп отыру қажет. Сонда бағыт беру арқылы студенттің өзіндік ізденісіне жол ашылады.

Студенттің тілін дамыту психологиямен тікелей байланысты. Себебі студенттердің тілін дамытудың психологиялық компоненттері:

- коммуникативтік белсенділік;
- коммуникативтік сенімділік;
- коммуникативті көлем;
- қарым-қатынастағы эмоционалды реактивтілік;
- эмоционалды баяу .

Профессор Ф.Ш.Оразбаева: «... Тілдің тіл болуы үшін ең қажетті шарт – ойлау, пайымдау. Адамның ми қабатында жинақталған ой тіл арқылы сыртқа шығады; сөйлем арқылы бейнеленеді, көрініс табады» [22;43]-деп тіл мен ойлау сабактастығын көрсетеді. Тіл – адамның санасын, ойын, қабілетін жетілдіретін, қиялын ұштайтын құрал болғандықтан, тіл арқылы студенттің аялық білімі, таным-түсінігі, сөздік қоры, тәжірибесі дамиды. Студент дүниені терең таныған сайын, оның сөздік қоры, тілдік бейнесі арта түседі. Галымдардың айтуынша: «Студент интеллектуалды ойлайтын және дербес, өз бетімен әрекет етуші субъект болғандықтан, оның тілдік қызметі үнемі дамудағы тілдік тәжірибелің ықпалында болады»[132;99].

Әрбір студенттің бейімделу үдерісі өзінше болады. Барлық ЖОО-да әдетте бірінші курс студенттерінің ЖОО жағдайларына бейімделуіне мүмкіндік туғызатын шаралар жүйесі арнайы жоспарланады. Студенттердің әр түрлі курстарда дамуының қандай да бір ерекшеліктері бар.

Бірінші курс жақындағы талапкерді ұжымдық өмірдің студенттік нысандарына қатыстыру міндеттерін шешеді. Бейімделу кезеңінен өту үшін шаралар ұйымдастырылады. Екінші курс – студенттердің ең қарқынды оқу қызметінің кезеңі. Екінші студенттерінің өміріне оқыту мен тәрбиелеудің барлық түрлері енгізілғен. Студенттер жалпы дайындықтан өтеді, олардың кең мәдени сұраныстары мен қажеттіліктері қалыптасады. Негізінде берілғен ортаға бейімделу үдерісі аяқталған.

Үшінші курс – мамандырудың басы, студенттердің кәсіби мұдделерін әрі қарай дамыту және тереңдегу көрінісі ретінде ғылыми жұмысқа қызығушылықтың нығаюы. Мамандандырудағы табанды қажеттілік көбінесе жеке тұлғаның жан-жақты мұдделері саласының тарылуына әкеледі. Сондықтан да «А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері – таным теориясының негізі» тақырыбындағы оқыту бағдарламасы үшінші курс кезеңіндегі студенттерге ұсынылды.

Жалпы алғанда жоғары білімді болашақ маман ретінде студенттің жеке тұлғасы бірқатар бағыттарда дамиды. Әмірова Б.А. оларды билай жіктейді:

- «идеялық сенушілік, кәсіби бағытталғандық нығаяды, қажетті қабілеттер дамиды;
- психикалық процестер, күйлер, тәжірибе жетіледі, «кәсібілендіріледі»;
- кәсіби қызмет сәттілігі үшін парыз, жауапкершілік сезімі артады, студенттің даралығы бедерлі көрінеді;
- студенттің жеке тұлғасының өзінің болашақ мамандығы саласында өзіне тартуы артады;
- әлеуметтік және кәсіби тәжірибелі қарқынды беру және керекті қасиеттерді қалыптастыру негізінде студенттің жалпы жетілғендігі және табандылығы өседі;
- болашақ маман ретінде оған қажетті қасиеттерді, тәжірибелі қалыптастыруда студенттің өзін-өзі тәрбиелеуінің меншікті үлесі артады;

- кәсіби дербестілік және болашақ практикалық жұмысқа өзірлік нығаяды.

Студенттің жеке тұлғасының психологиялық дамуы – қарама-қайшылықтардың пайда болуы мен шешілуінің, сыртқының ішкіге өтуінің, өздігінен қозгалуының, өзімен белсенді жұмыс істеуінің диалектикалық процесі»[131;54].

Сонымен таным теориясын оқытуда студенттің психологиялық ерекшеліктерін ескеру арқылы мынадай дағдыларды қалыптастыруға болады:

- білім мазмұнына терең үнілу дағдысы;
- алған білімді талдап, сараптау дағдысы;
- ойын қорытып, тұжырымдау дағдысы;
- ойын дәл, анық жеткізе алу дағдысы;
- менгерген білім мазмұнын өмірде қолдана алу дағдысы;
- өз бетінше іздену дағдысы;
- ғылыми көзқарасын білдіру дағдысы.

Қазақ тіл білімінің негізін салушы А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектеріндегі таным теориясын менгерту арқылы студенттердің:

- Тілдік-танымдық;
- Ғылыми-танымдық;
- Қәсіби-танымдық;
- Мәдени-танымдық;
- Шығармашылық-танымдық құзыреттіліктерін қалыптастыруға болады.

Студент тіл арқылы өзін тану – өзгені тану – өзін таныту субъектілік құрылымдарын ен бойына сіңіріп, интелектуалдық-танымдық құзыреттілігін дамытады.

Қорыта айтқанда, жоғары мектепте қазақ тіл біліміндегі таным теориясының қалыптасуын А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулері негізінде менгерту арқылы студенттердің білім мазмұнын түсіну, ұғу, қабылдау, пайымдау, талдау, тұжырымдау әрекеттерін жүйелі түрде жетілдіру үдерісінің сапасын арттыруға болады.

2.5. Таным теориясын оқыту бойынша жүргізілетін эксперимент

Қазақ тіл білімінің қалыптасуына зор үлес қосқан А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектерінің адамды, ұлтты, мәдениетті, салт-дәстүрді тіл арқылы зерттеуге жол ашатын ой-пікірлері мен көзқарастары жаңа зерттеліп жатқан тілдің танымдық болмысын төл зерттеулеріміз арқылы анықтауға мүмкіндік береді. Осыған орай когнитивтік лингвистика пәнін оқытын студенттерге «Тілдік танымның бастау көздері» курсы ұсынылып, эксперимент жүргізілді.

Курстың мақсаты – қазақ тіл біліміндегі таным теориясының қалыптасуын А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулері

негізінде тиімді менгерту арқылы, студенттердің тілтанымдық білімін арттырып, олардың танымдық-тағылымдық құзыреттілігін дамыту.

Эксперименттік база ретінде Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті Филология және көп тілді білім беру институтындағы 5B011700-қазақ тілі мен әдебиеті; 5B020500-филология мамандықтарындағы 3-курс студенттері алынды.

Тәжірибе барысында бірнеше жұмыс түрлері іске асады. Олар:

- 1) экспериментке белгілі уақыт бөлінеді, яғни басталуы, аяқталуы;
- 2) алдын ала алынған болжамдарға сүйенеді;
- 3) нәтижеге жету мақсатында жоспар жасалып, оны үйымдастырылудың құрылымы бектіледі;
- 4) зерттелініп отырған бастапқы және соңғы нәтижелері салыстырыла отырып, сұрыпталады. Студенттердің білімі, білігі, шеберлігі, дағдылануы, қойылған мақсатқа жетудегі әрекеті, жауапкершілігі, қызығушылығы, іздеміпаздығы, теорияны ғылыми түрде қабылдай отырып, практикада қолдана алуы т.б. мәселелер таразыланады.

Бұл курсты студенттерге жүргізуде мынадай міндеттер айқындалды:

- студенттердің таным теориясына қатысты білімдерін қалыптастыру;
- А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулеріндегі таным теориясының қалыптасуын менгерту;
- студенттердің тілін дамытып, сөйлеу мәдениетін жетілдіру;
- студенттерді болашақ маман ретінде танымдық біліктіліктерін арттыру;

Тәжірибе эксперимент үш кезеңнен тұрды:

Бірінші кезең – анықтау эксперименті;

Екінші кезең – қалыптастыруыш эксперименті;

Үшінші кезең – қорытынды эксперименті.

Бірінші анықтау эксперименті кезеңінде жүргізілген жұмыс түрлері:

- 1) Филологиясы институтындағы қазақ бөлімдерінің студенттеріне «Когнитивті лингвистика» пәнінің оқытылу тәжірибесімен танысу;
- 2) Қазақ бөлімі студенттеріне «Тілдік танымның бастау көздері» атты курсы оқытуда бақылау және тәжірибелік топтарын белгілеу;
- 3) Жоғарғы оқу орны филология институты студенттеріне «Когнитивті лингвистика» пәнін А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың тілтанымдық зерттеулері арқылы оқытуда жүргізілетін жұмыс түрлерін анықтай отырып, тәжірибеде іске асыру;
- 4) Жоғарғы оқу орны филология институтындағы студенттерге «Когнитивті лингвистика» пәнін А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың тілтанымдық зерттеулері арқылы оқытуда қажет болатын материалдарды іріктеу.

Қалыптастыруыш эксперимент кезеңінде іске асырылған жұмыс түрлері:

- 1) Студенттердің «Когнитивті лингвистика» пәнін оқығанға дейінгі жалпы тіл білімінен алған білімдері айқындалды;
- 2) Оқыту тәжірибесінің мақсаты, міндеттері мен мазмұны анықталды;
- 3) Тәжірибелік оқыту жүргізілді;

4) Тәжірибелік оқытудың нәтижесіне талдау жасалды.

Қорытынды эксперимент мақсаты – жүргізілген тәжірибелік нәтижелеріне қорытынды жасау болды. Осыған сәйкес:

1) Анықтау, оқыту тәжірибелерінен кейін студенттердің білім деңгейлері тексерілді.

2) Тәжірибеге дейінгі, тәжірибеден кейінгі білімдері салыстырылды.

3) «Когнитивті лингвистика» пәнін А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов,

С.Аманжоловтың тілтанымдық зерттеулері арқылы оқытудың тиімділігі анықталды.

Анықтау нәтижесіне қарай қазақ тілі мен әдебиеті мамандарын дайындайтын жоғарғы оқу орындарында жүргізілетін «Когнитивтік лингвистика» пәнінің сабактарына қатысып, тәжірибе алмасу жүргізіле отырып, пәнге арналған үлгілік бағдарламаларға, окулықтарға, оқу құралдарына талдау, шолу жасалды. Анықтау экспериментін жүргізудегі басты мақсат – А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері арқылы таным теориясын оқытудың бастау көздерін анықтау, білім беру саласындағы жаңа парадигмаларға сай таным теориясын оқытудың жайын және зерттеу жұмысындағы жетекші идеяларды өмірge енгізу дің мүмкіндіктерін қарастыру, студенттің танымдық қабілеттерін көтеруге қатысты жұмыстардың тиімділігін тексеру.

Анықтау экспериментін жүзеге асыру барысында студенттерден сауалнама алынды. Сауалнамаға барлығы 183 студент (3-курс) қатысты. Когнитивті лингвистика ғылымын түсіну үшін, алдымен тілдің танымдық болмысын, қызметін, танымдық әрекеттері арқылы жүзеге асуын жетік менгеруі керек. Осыған байланысты сауалнама сұрақтарында көбіне таным, әлемнің тілдік бейнесі сияқты когнитивтік лингвистиканың негізгі тірек ұғымдары басшылыққа алынды. Сауалнамаға қатысқан студенттердің жауабы талданып, кестеде жауптардың пайыздық көрсеткіші берілді.

	Сұрақ	Жауап	Пайыздық көрсеткіші
1	Таным дегеніміз не?	Дүниетаным	61,8% (113 студент)
		Адамның өмірлік тәжірибесі	19,8% (36 студент)
		Адамның аялық білімі	18,8% (34 студент)
2	Тілдің қандай қызметтері бар?	Қарым-қатынас құралы, атауыштық (номинативті) қызметі, эмоционалды-экспрессивті қызметі	53,7% (98 студент)
		Қарым-қатынас	26,3%

		құралы, атауыштық (номинативті) қызметі	(48 студент)
		Қарым-қатынас құралы, атауыштық (номинативті) қызметі, эмоционалды- экспрессивті қызметі, танымдық қызметі	20 % (37 студент)
3	Әлемнің тілдік бейнесі деғенді қалай түсінесіз?	Әлемді, табиғатты сөзбен суреттеп бейнелеу	47,8% (88 студент)
		Ғалам туралы лексикон	29,5 % (54 студент)
		Әлем бейнесінің тілден көрініс табуы	22,5 % (41 студент)
4	Тіл біліміндегі антропоцентристік бағыттың зерттеу нысанын көрсетіңіз?	Адамның ұлттық ерекшелігін зерттеу	50% (92 студент)
		Соматикалық атаулар (адамның дене мүшелерінің атаулары)	30,1 % (55 студент)
		Тіл. Адам болмысын ортаға қойып, оны тілі арқылы зерттеу	19,9% (36 студент)
5	Тілдік бірліктердің лингвомәдениеттанымдық сипатын қалай түсінеміз?	Тілдік бірліктерді орынды қолданып, сөз мәдениетін сақтау, тіл тазалығы, сөз дұрыстығы	67,7% (124 студент)
		Әдеби тілдік норманы сақтау	23,1 % (42 студент)
		Халық мәдениетінің тілден көрініс табуы	9,2 % (17 студент)

Сауалнама нәтижесінен байқағанымыздай, студенттердің басым көпшілігі «Таным деғеніміз не?» деғен сауалға басым көпшілігі «адам дүниетанымы» деп жалпы түсініктің негізінде ғана жауап берғен. Бұл студенттердің «таным теориясы» турасында мағлұматының аздығын байқатады. Тілдің қызметіне байланысты құрылымдық лингвистика түрғысынан жауап берсе, әлемнің тілдік бейнесі ұғымын мұлдем шалыс үққандықтарын көреміз. «Антропоцентризмді» өзінше топшалаған

студенттер «лингвомәдениеттанным» ұғымын «тіл тазалығы», «сөз мәдениеті» дег түсінгендерін аңғардық.

Осы орайда студенттерге таным теориясын менгеру үшін төмендегідей кедергілер туындағаны анықталды:

- Тілдің танымдық қызметін жете түсінбеуі;
- Студенттердің өз бетімен тұжырым жасай алмауы;
- Студенттердің тіл білімін қалыптастыруши ғалымдардың көзқарастары мен пікірлерін ескермеуі;
- Құрылымдық лингвистика мен антропоцентристік бағыттардың зерттелу нысанын ажыратса алмауы.

Эксперименттің кіріспе кезеңінде анықталған нәтижелерге сәйкес:

- студенттердің танымдық білімін қалыптастыру жолы қарастырылды;
- оқулықтар мен әдістемелік кешендерге, нормативтік-базалық құжаттарға талдау жасалып, жетістіктері мен кемшіліктері анықталды;
- қалыптастыруши эксперименттің жоспары жасалды;
- «Тілдің танымның бастау көздері» курсын жетілдіру жолдары ұсынылды.


Саулнама нәтижесі оқытуда төменде келтірілген мәселелерге баса назар аудару қажет екенін көрсетті:

- Тілді оқытуда студенттердің танымдық-тағылымдық дағдысын қалыптастыру;
- А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері негізінде таным теориясын менгерту арқылы студенттердің болашақ маман ретінде біліктілігін арттыру;
- Оқулықтарды, әдістемелік кешендерді әзірлеу барысында тілдің танымдық қырын ескеру.

Студенттерден саулнама арқылы таным теориясы жайында жалпы түсініктері мен мағлұматтары анықталған соң, тапсырма беру арқылы тілтанымдық білімі анықталды.

№1 ТАПСЫРМА.

Таным мәселесінің философия, психология ғылымындағы және тіл біліміндегі орнын көрсетіп, сыйбаны толтырыңыз.



Таным мәселесіне қатысты ұсынылған сыйбаны толтырту арқылы, студенттердің таным жайындағы білім деңгейі анықталды.

№2 ТАПСЫРМА. Төмендегі мақал-мәтедердің танымдық мәнін анықтап, түсіндіріңіз.

Қызыым, саған айтамын, келінім, сен тыңда! Ат арыды, тон тозды. Тау тауга қосылмайды, адам адамға қосылады. Жомарт ер жоқтығын білмейді, жүйрік ат тоқтығын білмейді. Улken бастар, кіші қостар. Біреу екеу болмас, екеу үшеу болмас. Жақсы сөз сүйіндіреді, жаман сөз күйіндіреді. Ақымақты үйрету – олгенді тірілтү. Жұздің көркі – сақАл сөздің көркі мақал. Өкү түбі – тоқу. Өнер алды – қызыл тіл. Тіл қылыштан өткір. Тауды, тасты жел бұзар, адамзатты сөз бұзар. Аузы жаман елді былгар, аяғы жаман төрді былгар. Ит тойған жерін іздейді, ер туған жерін іздейді. Жук ауырын нар көтереді, қаза ауырын ер көтереді. Жаңбырмен жер көгереді, батамен ел көгереді. Бітімі жаман қамысты су ішінен өрт шалар, туысы жаман жігітті түйе үстінен ит қабар. Халқы жаманың біi азады, қатыны жаманың үйі азады. Жақсы жүрген жеріне кент салады, жаман жүрген жеріне өрт салады. Жорға жүрісінен пұл болады, жаман жүрісінен құл болады.

Бұл тапсырманы орындау барысында студенттер өздерінің ой үшқырлықтарын дәлелдеп, берілген мақал-мәтедерді мағыналық-танымдық түрғыда талдап шықты. Мысалдарды талдау арқылы студенттердің танымдық білімін анықтау жүзеге асты. А.Байтұрсынұлы оқу құралына арқау еткен, қазактың тұрмыс-тіршілігінен, өмір сүру салтынан, әдет-ғұрпынан, ұлттық қасиеттерінен хабар беретін мақал-мәтедердің танымдық сипатын ашу арқылы студенттердің ой жүйріктігі, танымдық білімі, сөз мәдениеті анықталды.

№3 ТАПСЫРМА.

- Берілген А.Байтұрсынұлы еңбегіндегі тілдің танымдық болмысын сипаттайтын көзқарасын талдаңыз.
- Ғалым «тіл – құрал» деп нені, қалай тану керектігін сөз етеді?
- Тілші тіл тануды түсіндіру арқылы танымның қай түрлерін салыстырған?

«Тіл – құрал. Құрал болғанда толып жатқан есепсіз бөлшектері бар, ол бөлшектері түрлі жасағымен қыысатын толып жатқан қырлы, тетіктері есепсіз көп бір өткін машина секілді құрал.

Қандай құрал болса да, оны жүмсаушысы екі түрлі болмақ. Біреуі – құралдың ішкі-тысқы бөлшектерінің бәрін біліп, олар қалай бір-біріне үйлесіп, үйлескенінен шығатын тетіктер бір-біріне қалай жалғасып, қалай қызмет ететіндігін біліп отырып жүмсаушы. Екіншісі – олардың бәрін білмей-ақ құралдың жүмсауға керегі бар тысқы бөлшектері мен тетіктерін көріп, жүмсау әдісін үйреніп алғып жүмсаушы. Екіншісі – олардың бәрін білмей-ақ құралдың жүмсауға керегі бар тысқы бөлшектері мен тетіктерін көріп, жүмсау әдісін үйреніп алғып жүмсаушы. Ішкі бөлшектері мен

тетіктерін бұл таныс құралды жүмсағ жүріп, онымен көп істес болып барып, тәжірибе арқылы таниды.

Солай танығаннан кейін ананың да, мынаның да құрал жүмсауы, оны тануы бірдей сияқты болып шығады. Бірақ асылында олай болмайды. Мәселен: машина бөлшектері жасалынған заттардың қасиеттерін, олар үйлесуінен шығатын тетік заңдарының жайын жақсы білетін жүмсаушының машина тануы мен тек өз тәжірибесі арқылы машинамен танысқан адамның машина тануы – екеудің бірдей болмайды. Машина жүрісінде кемшілік біліне бастаса, оның неден екенін анау бірден білгенде, мынау тіпті білмеуі мүмкін».

А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал» атты еңбегінен үзінді беріліп, оның танымдық көзқарасын талдау ұсынылды. Ғалым бұл мәтінде сезімдік таным мен логикалық танымның ерекшеліктерін түсіндірін, тіл болмысын тек түйсік сезімдері (көру, есту, сипап сезіну, иіскеу, дәм сезу) арқылы ғана емес, тілдің табиғатын ойлап, пайымдал, талдал, тұжырымдал логикалық дәрежеде түсінудің маңыздылығын көрсетті. Тіл табиғатының теориялық мәнін түсінін барып тәжірибеде қолдануға шақырған. Тіл құрылымын терең таныған адам ғана, оның ішкі мазмұнын біліп бағамдай алғатындығын осы мысалы арқылы дәлелдеғен. Бұл тапсырманы беру арқылы студенттердің қабылдау қабілеті, мәліметті талдау, саралау, салыстыра алу әрекеттері анықталды.

Берілген тапсырма бойынша студенттердің бірі – «Тіл-құрал» деп А.Байтұрсынұлы тілдің құрылымдық жүйесін затпен салыстырып баяндады десе, екіншісі ғалымның теориялық білім мазмұнын өмірдеғі жағдаятпен сабактастыра түсіндіргендегін айтты. Сонымен катар, ғалым тілдік құралдарды жалпылаудан-жалқылауда қарай зат бөлшектері ретінде ұғындыруға тырысты деғен сияқты талдаулар кездесті. Алайда, таным теориясының ұғымдарына сүйенғен ғалым пікірі толықтай сараланбады.

№4 ТАПСЫРМА. Ғалымдардың тілтанымдық көзқарастарының мәнін түсіндірін, өзіңіз ой-тұжырым жасаңыз.

1. *A. Байтұрсынұлы: «Халық өмірі бір жылдан, он жылдан, қатта жуз жылдан та емес, мың жылдан саналады. Сондай ұзак өмірінің ішінде һәр халықтың дәгдышы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің бірінебірі жалғасып тізілетін дәгдышы жолы, жүйесі, қисыны болады»* - деген пікірі арқылы тілтанымдық тұжырым жасаңыз. Және халықтың тұрмыс тіршілігінен көрініс беретін мақал-мәтілдерді мысалға келтіріп, оның танымдық сипатын түсіндіріңіз.

2. *Қ. Жұбановтың: «...біздің ісек, тұсақ, құнан, құнажын, дөнен, дөнежін деген сөздеріміз басқаларда жоқ. Демек,, қолданылмаган затқа ат жоқ. Халықтардың тұрмыс-қалпы түрлі-түрлі болған соң, олардың әр затқа қоятын аттары да түрлі-түрлі. Тіл ұзак заман жасалады, бірден өзгермейді, оның өзгерісі тұрмысқа байланысты»* - деген пікірін өз көзқарасызызben түсіндіріп, тұжырым жасаңыз.

Төрт түлік малдың бірі – жылқы жануарының атаулары: құлын,

жабағы, тай, құнан, дөнен, бесті, ат, бие, байтал т.с.с. сөздерге байланысты мақал-мәтедерді мысалға келтіріп, олардың мазыналық және танымдық сипатын анықтаңыз.

3. С.Аманжоловтың: «Адам баласының өмірінде, түрмисында болған қайшылықтар, белеңдер, кедір-бұдыр кезеңдер, тарихи сатылар, баспалдақтар, түрлі қабаттар сөзден табылады»-деген пікірінің танымдық сипатын айқындаңыз.

Салт-дәстүр, әдет-әүріпқа байланысты мақал-мәтедер мен тұрақты сөз тіркестерін мысалға келтіріп, олардың мазыналық және танымдық мәнін анықтаңыз.

Анықтау эксперименті бойынша берілген тапсырма нәтижесін бағалау критерий:

№1 тапсырма бойынша – 20 балл


№2 тапсырма бойынша – 20 балл

№3 тапсырма бойынша – 30 балл

№4 тапсырма бойынша – 30 балл

Анықтау бөлімінің нәтижесінде студенттердің таным теориясы бойынша білім деңгейі анықталды.

Анықтау экспериментінің нәтижесі



Эксперименттің анықтау бөлімінде студенттердің таным теориясы жайындағы мәліметтері анықталып, бағалау жүйесі пайыздық өлшеммен көрсетілді.

Қалыптастыруышты эксперимент. Қалыптастыруышты экспериментте студенттер бақылаушы және қалыптастыруыш топ болып 2-ге бөлінін, «Тілдік танымның бастау көздері» курсы бағдарлама бойынша оқытылды.

Студенттер А.Байтұрынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері бойынша таным теориясын меңгеру арқылы Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген: «адами капиталды дамыту, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру» жолдарын қамтыды.

Таным теориясын А.Байтұрынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулері негізінде оқытудың мақсаты – студенттердің тілтанымдық

білімін тереңдетін, болашақ ұстаз ретінде танымдық оқыту біліктілігін қалыптастыру.

Студенттер А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың танымдық зерттеулерін саралау негізінде таным теориясын оқу арқылы:

- қазақ тіл біліміндегі таным теориясының бастапқы ұғымдарын анықтайды;
- тіл біліміндегі таным теориясының ұстанымдарын айқындайды;
- тіл біліміндегі таным теориясының психологиялық табиғатын ашады;
- болашақ маман ретінде танымдық оқыту біліктілігін қалыптастырады;
- ұлттық, мәдени, адамгершілік, т.б. құндылықтарды бағалауға тәрбиеленеді;
- шығармашылық-ізденіс жұмыстары арқылы танымдық тіл білімінің зерттелуіне өзіндік үлесін қосады.

Сонымен қатар А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері негізінде таным теориясын оқыту арқылы студенттердің мынадай интеллектуды-танымдық құзіреттіліктері:

- тілдік-дүниетанымдық құзыреттілік;
- ғылыми-танымдық құзыреттілік;
- кәсіби-танымдық құзыреттілік;
- мәдени-танымдық құзыреттілік;
- ақпараттық-танымдық құзыреттілік.

Жоғары оқу орнында білім беру үдерісінің негізгі түрі – дәріс. Дәріс (латын тілінен «lektio» - оқу) жоғары мектепте дәстүрлі және басқаратын оқытудың түрін білдіреді. «Дәріс – монолог ретінде жүзеге асатын жауапты публикалық қойылым. Дәріс беруші аудитория (студенттер) алдында түзетусіз «таза» сөйлеуі қажет»[137;98]. Дәріс студенттерді ғылымилыққа, күрделілікке, туындаған сұрақтардың жауабын шешуге бағыттап, танымдық іс-әрекетін және шығармашылық ойлау қабілетін ашады. Жоғары оқу орнында дәрістің құрылымы:

1. Кіріспе: тақырып, жоспар, әдебиеттер тізімі.
2. Негізгі бөлім (мәтін): тақырыптың ғылыми мазмұны.
3. Бекіту: дәрісші өтілген тақырып бойынша қорытынды жасайды.

Тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді, білім мазмұнын қорытындылайды.

Жоғары мектепте дәрістің бірнеше түрі болады. Танирбергенова С.К. дәрістің мынадай түрлерін көрсетеді:

- Визуалды дәріс;
- Бірге жүргізілетін дәріс;
- Алдын-ала жоспарланған қателері бар дәріс;
- Дәріс пресс-конференция;
- Дәріс-әңгіме;
- Дәріс-пікірталас;
- Нақты жағдаяттарды талдау дәрісі;
- «Дөңгелек үстел». [138;9]

Сол сияқты *интербелсенді дәріс* түрін де қолдануға болады. Интербелсенді дәрістің ерекшелігі дәріс студенттерге алдын ала ұсынылып, дәріс сабағы пікірталас түрінде талқыланады. Студенттер өзіндік ойларын білдірін, тақырып бойынша сұрақтарын қояды, талқылайды.

1.Дәріс сабағы. Тақырыбы: Таным – адамның бейнелеу әрекетінің ерекше түрі.

Мақсаты: Студенттердің тілтанымдық түсініктерін қалыптастыру. Тілдің танымдық болмысын тереңінен түсіндіру. Қазақ тіл біліміндегі танымға байланысты көтерілген мәселелерді анықтау, түсіндіру, талдау, ойбөліске шақыру, тұжырым жасау. Таным теориясының зерттелуіне шолу жасау.

Оқытушы дәрісте негізгі үш мәселені көтеріп, сол бойынша түсіндірін, студенттерге сұрақ қою, мысал келтіру, пікірін білдіру арқылы ойбөліске шақырып, тақырыптың тәнірекінде талдаулар жасап отырады. Ол дәрістегі әр мәселеден кейін студенттерді сын тұрғысынан ойлауға бағыттау арқылы жүзеге асады.

Дәрістің түрі: интербелсенді дәріс.

Дәріс мазмұндық жүйесі: Таным – бұл адамның бейнелеу әрекетінің ерекше түрі. Адам айналадағы білімді санасына таным әрекеттері арқылы қабылдаپ, ұғады, таниды. Адамның нақты мақсатына бағытталған және шығармашылық іс-әрекетінің нәтижесінде сыртқы әлемнің идеалды образдары қалыптастып, олар туралы білім пайда болады. Сонымен таным деғениміз – білім алу үшін шығармашылық ізденіс.

Алғаш таным мәселесін философия ғылымы қарастырып, зерттеушілер мынадай анықтама береді: «Таным теориясы немесе гносеология – танымдық қызмет процесіндегі субъект пен объектінің арақатынасын, білімнің шындыққа қатынасын, адамның дүниені танып білу мүмкіндігін, білімнің ақиқаттығы мен айқындық критерийлерін зерттейтін философия тарауы (Философиялық сөздік).

Таным мәселесі психология ғылымында «танымдық әрекеттер» (С.М.Жақыпов), «танымдық жан-куаттар» (Жұмасова К.С) немесе «адамның танымдық аймағы» (Бап-Баба С.Б.) деғен тіркес терминдермен беріліп, оған зейін, түйсік, қабылдау, ес, ойлау, киял, ерік әрекеттерін енгізеді. Демек,, психология ғылымында таным мәселесін адам санасын айналадағы қоршаған ортамен тығыз байланыстыратын және ақпаратты сақтап, өндеп, сұрыптай алатын өте кең мағынадағы құрал ретінде түсіндіреді. Ал ақпарат тіл арқылы адам санасына қабылданып, тіл арқылы пайымдалып, тіл арқылы жарыққа шығады.

Таным мәселесінің психологияда, философияда, лингвистикада т.б. ғылым салаларында қатар қарастырылуының Себебі адамның қоршаған ортадағы ақпаратты таным арқылы қабылдаپ, елестетін, ұғынуымен және оны тіл арқылы таңбалап, сыртқа шығарумен байланысты.

Алайда таным теориясы одан да ауқымдырақ мәселелерді қамтитындығына бүгінгі ғылымның техникалық даму қарқынымен сәйкес күннен күнге ашылып жатқан ғылыми жаңалықтар дәлел. Сонымен бірге тіл

мен таным сабақтастығы таным теориясының тілдік болмысын сипаттайтыды. Адамның қоршаган ортаны, дүниені қабылдауы, тұсінуі және ол туралы өзінше пайымдауы танымдық әрекеттер арқылы жүзеге асады. Адам болмысының аса құнды (санасы, терең білімі, ақылы, мәдениеті, рухани байлығы т.с.с.) қасиеттерінің бәрі танымының кеңдігі болып саналады. «Таным – өте күрделі үрдіс, оған адамның бүкіл жан дүниесі: түйсіктері, ақыл-ойы, ырқы, сезім тебіреністері, ішкі көкей көзі (интуиция) – бәрі де өзара бір-бірімен байланысты түрде қатысады» (Мырзалы С.). Ал теория дегеніміз – «зерттелетін заттар, я болмаса құбылыстардың ішкі мән-магынасын ашатын, практика арқылы дәлелденген қайшылықсыз бір-бірімен байланысты ұғымдар жүйесі» (Мырзалы С.). Сонымен тіл біліміндегі таным теориясы – адамның дүниені тіл арқылы танып-біліп, білімді тіл арқылы тереңінен менгеру жолдары мен қагидалары жиынтығының жүйесі.

Қай халықтың болмасын танымының, дүниеге деген көзқарасының кеңдігі сол халықтың даналығын көрсетеді. Себебі дүниетаным дегеніміз - айнала қоршаган орта, бүкіл әлем, тұтас дүние туралы, ондагы адамның орны, тіршіліктің мән магынасы туралы көзқарастардың пікірлер мен түсініктердің жүйеленген жиынтығы. Дүниетаным әлемді таным әрекеттері арқылы зейінін аударып, қабылдап, пайымдап, ұғу арқылы жүзеге асады. Сонымен қатар, дүниетаным унемі дамып, өрбін адамның тұрмыс-тіршілігінен, әдет-гұрыптынан, салт-дәстүрінен, наным-сенімінен, рухани құндылықтарынан көрініс тауып отырады.

Сол сияқты, қазақ халқының ұрпақтан ұрпаққа беріліп, бүгінгі күнге жеткен танымы сан мындалған жылдар бойы жинақталып, өндөліп, сұрыпталып, тіл арқылы әрдайым аясы кеңейіп, тереңдеп отырган. Оны біз ертедегі қазақ танымынан тікелей хабар беретін тіліміздегі мақал-мәтелдерден, тұрақты сөз тіркестерінен, өлшемдік атаулардан, кісі есімдерінен, т.б. ұлттық сипатты көрсететін тілдік бірліктерден көре аламыз. Халықтың танымы тіл арқылы тек ұлттық қана емес, сонымен қатар сол тілді қолданушы халықтың тұрмыс-тіршілігінен, мәдениетінен, мінез-құлқынан да хабар береді. Қазақ дүниетанымы көшпелі өмір салтымен тығыз байланысты. Шындығында, көшпелі өмір салтының ерекшеліктері, мәдени-шыгармашылық мүмкіндігі жогары екендігін және оның қазақ дүниетанымының басты ұғымдарының қалыптасуына негіз болғандығын тіл арқылы анықтауга болады.

Дәріс тақырыбы бойынша бағыттар:

1. Таным мәселесі.
2. Дүниетаным, таным, тілтаным.
3. Қазақ тіліндегі ұлттық танымды көрсететін тарихы терең тілдік бірліктер: мақал-мәтелдер, тұрақты сөз тіркестері т.б.

(Дәріс мазмұны)

Өмір сұру салты, тұрмыс-тіршілігі, ырымдар, материалдық және рухани мұра – бұл халық өмірінің айнасы. Қазақтың дүниетанымдық ерекшелігі тілінен көрініс тауып, бүгінде тіл-таным-болмыс үштігі арқылы мәнін ашуга

мүмкіндік берін отыр. Ата-бабадан қалыптасқан қазақ дүниетанымы қазақтың би-шешендерінің, халық даналарының, ақын-жырауларының ой ұшқырлығы мен сөз дәлдігі арқылы кеңейіп, дами түсті. Оған Майқы би, Аяз би, Асан қайғы, Шалқиіз, Жиембет, Жиренше шешен, Төле би, Қазыбек би, Эйтеке би, т.б. қазақ ойшылдарының тапқырлығы мен шығармашылығын айтуға болады. Шешендікте «таным-ой-тіл» ерекше үйлесілімдік тауып, шешендік ойлау жүйелі танымның, озық ойдың, тартымды тілдің, мәнді сөздің жиынтығын білдіреді. Шешеннің ойы дәл, әрі нақты болуы үшін тек сөз шеберлігі ғана емес, танымның да орны ерекше. Шешендікті қалыптастырып, реттейтін сөйлеушінің дүниетанымдық принциптері, оның танымдық талпынысы және жүзеге асырмақ идеяларының өзіндік орны ерекше.

Дәріс бағыттары:

1. Ата-бабадан қалыптасқан қазақ дүниетанымы.
2. XIX ғасырда өмір сүрген қазақ ғұламалары Шоқан, Ұбырай, Абай шығармашылығындағы.

(Дәріс мазмұны)

Қазақ тіл білімінде тілтаным теориясына қатысты мәселелер XXI ғасырда ғылым деңгейінде зерттелді Дегенмен алғашқы тіл мен таным сабактастырындағы ой-пікірлердің бастауы XX ғасырдың I жартысынан бастап ғылыми зерттеулерде қарастырылды. Тіл мен таным сабактастырының жалпы теориялық негізі қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалымдарымыз А.Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов, С. Аманжоловтың лингвистикалық еңбектерінде тілдің танымдық қасиеті жайлы алғашқы пікірлері мен тұжырымдары көрсетілген. Тіл болмысының адам баласы үшін тек қарым-қатынас құралы ғана еместігін ғалымдар бірден анғарып, тілдің адам санасынан, тұрмыс-тіршілігінен, ұлттық ерекшелігінен, қайталанбас болмыс қасиетінен көрініс бере алатындығын пікірлері мен көзқарастары арқылы жеткізген.

Тілтаным теориясының ғылым ретінде қалыптасуын арнайы зерттеген Э.Оразалиева былай түсіндіреді: «қазақ тілтаным ғылымының дүниеге келуі мен теориялық сараптамадан өтуін дәйектейтін фактілер қатарында, біріншіден, жалпы тіл ғылымының даму негіздерін, екіншіден, жеке тілдік ізденістердің жүзеге асу жолдарын атаған орынды. Әйткені ішкі сезім мен білімнің, тану мен қабылдаудың, біліктілік пен әлемдік тәжірибелің тоғысынан құралған бұл тұжырымдар әрі субъективтік, әрі объективтік ұстанымдарға сүйене қалыптасып отырды»[6;161]. –дей келе, қазақ тілтаным ғылымының зерттелуін хронологиялық сипатпен мынадай кезеңдерге бөліп, парадигма негізінде ұсынады:

«1-кезең: «тілтану» парадигмасының қалыптасуы – XX ғасырдың 20-45жж.;

II-кезең: тілдік бірліктердің танымдық парадигмасы – XX ғасырдың 45-70жж.; негізгі өкілдері: Н. Сауранбаев, Ф. Мұсабаев, М. Балақаев, И.Кенесбаев және т.б.

III-кезең: тілтанымдық қағидалардың жалпы теориялық парадигмасы – XX ғасырдың 65-85жж.; негізгі өкілдері: К. Аханов, Т. Қордабаев, Ә. Хасенов және т.б.

IV-кезең: тілтанымдық этюдтер парадигмасы – XX ғасырдың 70жылдары мен аяқ шені; негізгі өкілдері: Ә. Қайдар, Р. Сыздық, Ш. Сарыбаев, Ә. Болғанбаев, Е. Жанпейісов, Т. Жанұзак, С. Исаев, Ә. Айтбаев, М. Серғалиев, Ж. Манкеева және т.б.

V-кезең: қазіргі коғнитивтік парадигмалар – XX ғасырдың аяғы мен бүгінгі күндер» (Ә.Оразалиева) -дейді. Сондай-ақ, Ә.Оразалиева еңбегінде «тілтану» парадигмасының қалыптасу кезеңіне сай қазақ тіл білімінің алыптары А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың тілтаным жайлы ой-пікірлері, тұжырымдары жүйеленін, адамзат танымы мен тіл табиғатын үштастыруды көздеғен пікірлері сараланған.

А.Байтұрсынұлы еңбектерінде тіл білімін «әлемнің тілдік бейнесі» тұрғысынан қарастырған көзқарастары кездеседі. Тіл адамзаттың тек қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар дүниені тану құралы екендігін ғалым: «тіл – құрал «тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі»(А.Байтұрсынұлы), - деғен дәйекті тұжырымдарымен түсіндіреді. Тілдің табиғатын ғалым тек тілдің құрылымдық қырына ғана емес, оның танымдық мәніне де баса назар аударады. «Іәр жүрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады»(А.Байтұрсынұлы)-деп, әр тілде сол тілді қолданушы халықтың қасиеті сакталатындығын көрсетеді. Тілдің кумулятивтік қызметін, яғни ақпараттарды сақтау ерекшелігін дәл көрсетеді.

Қ.Жұбанов: «сөз – зат біткеннің бәрінің аты емес, әр елдің өзінің білғен затының, білғен құбылысының ғана аты» - деп, сөз арқылы адамның айналасындағы заттар мен құбылыстар туралы ақпарат алуға болатындығын айтады. Себебі таным адамның айналасындағы кездестірғен, игерғен, тұрмысына қажет болған, пайым-түсінігіне жақын заттар мен құбылыстар туралы ғана ақпаратты қамтып, оны тіл арқылы жарыққа шығарады.

Сонымен қатар, С.Аманжолов: «Сөздің өзі – идеяға айналған саналық зат»-дей келе, «Тіл – сана-сезімнің, ойдың тәжірибеде көрінетін заттың сәулесі»(С.Аманжолов)-деғен тұжырым жасайды. Осы пікірі арқылы ғалым тіл – адамның дүниені тану тәжірибесінен қалыптасқан ойдың бейнесі екендігін көрсетеді. Адамның дүние туралы ойы психологиялық таным әрекеті, философиялық пайымдауы арқылы тілде көрініс тауып отырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Редакция алқасы: Р.Н.Нұрғалиев ж.б. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. 525 б.
2. Жалпы психологияға кіріспе: Оқу құралы/ Жауапты ред. С.М.Жақыпов. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 230 бет.
3. Жұмасова К.С. Психология: Оқулық. –Астана: Фолиант, 2006. – 292 бет.

4. Бап-Баба С.Б. Жалпы психология (жантану негіздері). Жоғары оқу орнындары студенттеріне арналған дәрісбаяндар жинағы. А.М.Кұдиярова басшылығымен. – Алматы, Даын. – 2003. -275 бет.
5. Мырзалы С. Философия. Алматы: Бастау.2014-648б.
6. Э. Оразалиева. Танымдық қазақ тілі. Алматы: Мұрағер, 2005. 176 б.
7. Э.Оразалиева. Концептивті лингвистиканың қалыптасуы мен дамуы. Алматы: Аң-Арыс, 2007.
8. А.Байтұрсынұлы. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы: «Абзат-Ай» 2013ж. -640 б.
9. Қ.Жұбанов. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы: «Абзат-Ай» 2013ж. - 640 б.
- 10.Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. Алматы: Санат, 1994.

Дәріс мазмұны бойынша:

1. Қазақ тіл біліміндегі танымдық зерттеудердің қалыптасуы.
2. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың тілтанымдық тұжырымдары.

Студенттер өз ойларын ортаға салып, пікірлерін білдіргеннен кейін, ойбөліс ғалымдардың тұжырымдарын талдау арқылы қорытындыланады.

Дәріс тапсырмалары:

1. Таным туралы түсінік.
2. Философия, психология ғылымдарындағы таным мен тіл біліміндегі танымның ерекшеліктері. Ұқастықтары мен айырмашылықтары.
3. Қазақ тіл біліміндегі таным теориясының зерттелуі.
4. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектерінің танымдық сипаты.

Білім мазмұны семинар сабағында жалғасты. Семинар латын тілінен енген *seminarium* «білім қалыптастыруышы», «ойды неғіздеуші» деғен мағынаны білдіреді. Семинарды өткізу дегендегі мақсаты – студенттердің алған теориялық білімі бойынша білімдерін одан әрі терендету. Семинарды өткізу дегендегі міндепті: дәрісте алған білімді бекіту, өзіндік жұмыстардың тиімділігі мен нәтиже беруін тексеру, алдағы мәселелерді шешуде студенттердің өзіндік мүмкіндіктерді машиқтандыру, оқытушының көрсеткен бағыты арқылы білімін терендету. Семинар сабағының дәрістен айырмашылығы дәрісте оқытушы белсенділік танытса, семинар сабакта оқытушыға ұйымдастыру кезеңіне 5 минут қана сөйлеуіне болады. Қалған уақыт студенттердің белсенділік танытуына беріледі. Оқытушы тек тақырып бойынша бағыт берін, сабактың мақсатына жетуді көздейді.

Семинар сабағының мақсаты: Тілдің табиғатын теренінен түсіну арқылы, танымдық қырын ашу. Қазақ тіл біліміндегі танымға байланысты көтерілғен мәселелерді анықтау, түсіндіру, талдау, ойбөліске шақыру, тұжырым жасау. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектеріндегі танымдық пікірлерін топқа бөлу арқылы талдау.

Семинар сабакта Блум таксономиясы басшылыққа алынып, білу, тану → түсіну → қолдану → талдау → топтау → білімді бағалау жүйесі бойынша іске асырылады.

1. «*Қар кошкіні*» әдісі арқылы студенттермен танысу. Бұл әдіс студенттердің назарын аудартып, сабакты ұйымдастыру барысында жүзеге асырылады. Әр студент өзінің атын айттар алдында есімі қай әрітен басталса, сол әрітен сын есімді қосып айтып шығуы тиіс. Ол студенттердің өздерін еркін сезінін, ойларын толық, ашық жеткізуге жетелейді. Сондықтан оқытушының өзінен де бастауға болады: «Мен момын Меруерт, ашық Алтынай, ...»

2. *Дәріс тапсырмалары бойынша жұмыс.*

3. *Сын тұргысынан ойлауга жетелейтін «Ой тұрткі» әдісі негізінде мәтінмен жұмыс. Мәтінді оқып шығыңыздар:*

А.Байтұрсынұлы. Тіл - құрал

Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниядығы адамдар тілінен айрылып, сөйлеуден қалса, қандай қындық күйге түсер еді, осы күнгі адамдар жазудан айрылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айырылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз – жазу заманы: жазумен сөйлесу ауызben сөйлесуден артық даражага жеткен заман. Алыстан ауызben сөйлесуге болмайды. Жазумен дүниенің бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен сөйлеседі. Сондықтан сөйлей білу қандай керек болса, жаза білудің керектігі онан да артық. Қай сөз қай орында қалай өзгеріліп, қалайша біріне-біріне қындастып сөйлегендे сөздің жүйесін, қисынын келтірін сөйлеу қандай керек болса, жазғанда сөздің кестесін келтірін жазу сондай керек. Сөздің жүйесін, қисынын келтірін жаза білуге қай сөз қандай орында қалай өзгеріліп, қалайша біріне-бірі қындастып жалғасатын жүйесін білу керек. Халық өмірі бір жылдап, он жылдап, қатта жүз жылдап та емес, мың жылдап саналады. Сондай ұзақ өмірінің ішінде һәр халықтың дағдылы тұтынып келе жатқан сөздері, ол сөздерінің біріне-бірі жалғасып тізілетін дағдылы жолы, жүйесі, қисыны болады, һәр жүрттың түрінде, тұтынған жолында, міnezінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады.

1. Ахмет Байтұрсынұлы мәтініндегі негізгі ой мен қосымша ойларды ажыратыңыздар.
2. Ахмет Байтұрсынұлы пікірінің тілтаным теориясына қатысын дәлелденіздер.
3. Фалым пайымдауларынан ой-тұжырым жасаңыз.

Қ.Жұбанов. Зат пен құбылысқа тағылатын аттардың қалай пайда болуы мен олардың мағыналарының өршүі

... Құбылыс – көп, сөз – аз.

Орыста қой сөзінің баламасы жоқ. Олардың овна дегені саулық, баран дегені қошқар. Орысша корова – сауын сиыр; рогатый скот – мұйізді мАл толстый дегені бірде – жуан, бірде – қалың; лошадь – жылқы; бірақ ат, байтал айғыр емес.

Ал біздің ісек, тұсақ, құнан, құнажын, дөнен, дөнежін деғен сөздеріміз басқаларда жоқ. Қазақ синий, ғолубой, зеленый деғен түстердің бәрін көк дейді. Адайларда, арабтарда түйе тұлғінің аттары көп; Еділ, Каспий (Атырау) бойының қазақтары балық түрлерінің аттары н көп біледі. Демек,, қолданылмаған затқа ат жоқ.

Халықтардың тұрмыс-қалпы түрлі-түрлі болған соң, олардың әр затқа қоятын аттары да түрлі-түрлі. Тіл ұзақ заман жасалады, бірден өзгермейді, оның өзгерісі тұрмысқа байланысты.

1. Құдайберген Жұбановтың танымға негізделген зат атаулары қайсысы?
2. Галым танымына өзек болған ұғымдарды талдаңыздар.
3. Зерттеуші пайымдауларынан ой-тұжырым жасаңыз.

С.Аманжолов. Тіл ғылымы және оның мақсаты

Тіл ғылымы (лингвистика) негізінде адам баласы тілінің жазылуын, өсу-өнуін, оның құрылышын, бұрынғы, қазіргі күйін, оның бірімен-бірі өзара қарым-қатынасын, олардың даму жолдарын, ондағы зандарды тексереді. Сонымен қабат, тіл ғылымы тіл-тілдің келешегін де, қалай дамитынын да, болашақ тілдің жасалу жолдарын да әңгіме қылады. Алайда, әңгіме мұнымен бітпейді. Тіл мен ойлау және жазу мәселелері бір нәрсе сияқты. Бұларды да тіл ғылымы ішіне алады. Олай болса, бұл ғылым – бүтіндей адам баласының тіршілігіне байланысты ғылым. Тіл арқылы да, жазу арқылы да адам ойын іске асырады.

... Жоғарыда тіл ғылымы қоғамдық қатынас құралы және ол тап құралы деумен оның маңызын берін бітіре қойғанымыз жоқ. Мұның ең басты маңызды жағы оның дүние тану құралы да екеппімен шешіледі. Тіл дүние тану құралының бірі... Мұны қалай түсіну керек? Бұл сөз түрлі мәнге байланысты айтылған: 1)әуелі тіл ғылымы хат тану, оқу, жаза білудің басқышы; 2) хат тани білу арқылы жаңа адамның басқа білімдерге қолы жетеді; 3) басқа білімдердің тарихын білу арқасында адамның өз ой-өрісі кеңейеді; 4) тіл ғылымы арқылы бір халық бір халықпен дұрыс қатынас жасайды; бірінің тілін бірі тез үйренуға де тіл ғылымы себепкер; 5) қысқасы, тілсіз, тіл ғылымының әуелде еш бір мәдениет болған емес.

Қарастартын мәселелер:

1. Сәрсен Аманжолов пен А.Байтұрсынұлы ішкірлерінің ортақтығы
2. Галымның мәтініндегі тілтанымға қатысты ой-тұжырымдары
3. Сәрсен Аманжоловтың ішкіріндегі тілдің танымдық қызметі

Тапсырманың мақсаты:

- таным теориясы жайында білімдерін шындау;
- ойлау, пайымдай, ақпаратты өндеп тұжырымдау қабілеттерін дамыту;
- тіл мәдениетін қалыптастыру;
- өзіндік тұжырым жасау арқылы ғылыми көзқарастарын қалыптастыру;

Тапсырма орындау нәтижесінде студент:

- білім-білік дағдысы;
- ғылыми-зерттеушілік дағдысы;
- өзіндік жұмыс істеу дағдысы;

- іскерлік дағдысы;
- сөйлеу мәдениеті дағдысын қалыптастырады.

Осы тапсырмаларды беру арқылы тілдің танымдық болмысын, әлемнің тілдік бейнесін және коғнитивті лингвистика ғылымының ұлттық танымды құрайтын этнолингвистика ғылымымен, тіл арқылы әлеуметтік ақпарат беретін социолингвистика ғылымымен байланысын студенттермен пікірталас үйымдастырамыз. Пікірталас барысында студенттердің сыни ойлауға қатысу үшін өздеріне деғен сенімдерін және өз пікірлері мен идеяларының құндылықтарын түсінуін арттыруға, оқыту үрдісіне белсенді қатысуға, басқалардың пікірлерін сыйлауға, пікірді қолдауға және құрастыруға дайындығын қалыптастырамыз.

4. Сын тұрғысынан ойлау технологиясы бойынша ойды қозғау, ояту, ойлануына әсер ету жүзеге асырылды. Осы кезеңде «Топтау», «Тұртіп алу», «Ойлану», «Жұпта талқылау», «Болжау», «Өлемді шарлау» тағы да басқа әдістері (стратегиялар) жинақталған. Сондай әдістердің бірі «*оіз шабуыл*» әдісі арқылы ғалымдардың тақырыпқа қатысты тұжырымдары бар концептуалды карталар ұсынылды:

Тіл туралы ғалымның берген тұжырымдарын оқып, өзініздің пікіріңізben «Көс күнделікті» толтырыңыз.

Галымның пікірі	менің көзқарасым
А.Байтұрсынұлы: «тіл – құрал «тіл – қор» , «тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі», «Іәр жүргіттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде де сондай басқалық болады»	
Галымның пікірі	менің көзқарасым
Қ.Жұбановтың: «сөз – зат біткеннің бәрінің аты емес, әр елдің өзінің білғен затының, білғен құбылысының ғана аты. Ел-елдің білмеген заты да, білмеген құбылысы да толып жатыр. Танымаған кісінің атын білмегеніміз сияқты, білмеген нәрсенің аты да тілімізде болмайды. Мәселен, шөптер мен жәндіктердің көбінің тілімізде аты жоқ. Өйткені олармен көп аса кездеспеғенбіз, кездессек те елемегенбіз». «Адам өзінің тіршілік тартысына кездесін, пайдасын я зиянын көрғен нәрселерді ғана елеғен. Соларды ғана білғен шөптердің ішінде де мал жейтіндерін, отын болатын, бояу болатын, ел болатын, у болатынын ғана білғенде, соларға ат қойған»- дейді. Бұдан әрі ғалым: сөз – деп «білінғен нәрселерге қойылған» ат деп түйеді.	
Галымның пікірі	менің көзқарасым

С.Аманжолов: «Сөз дегеніміз – белгілі бір мағынаға ие ұфым», «әуелде конкрет бірнеше зат көрінісін, сәулесін ішіне алуы арқылы жасалған». ...«Сөздің өзі – идеяға айналған саналық зат». ««...атау» дегеніміз – сөз. Сол сөзден жанды нәрсе жоқ. Оның бармайтын жері, баспайтын тауы жоқ. Ол отқа күймейді, суға батпайды. Сөздің бұлай ерекше қасиетті болуы – адамзатқа аса қажеттілігінен, адамзат онсыз толық мәнде адамдық қалыпқа жете алмайды. Оның тіршілігі тілінде, сөзінде. Сондықтан жер жүзінде еш бір өзімен өзі болған тіл жоқ».

Тапсырманың мақсаты:

- таным теориясы жайында білімдерін шындау;
- пайымдай, ақпаратты өндеу, талдау, тұжырымдау қабілеттерін дамыту;
- сөз мәдениетін дамыту;
- өзіндік тұжырым жасау арқылы ғылыми көзқарастарын қалыптастыру;

Тапсырма орындау нәтижесінде студент:

- ақпаратты тұжырымдай білу дағдысы;
- ғылыми-зерттеушілік дағдысы;
- өзіндік жұмыс істеу дағдысы;
- іскерлік дағдысы;
- сөйлеу мәдениеті дағдысын қалыптастырады.


5. Интербелсенді оқыту технологиясының негізінде ғалымдардың тіл болмысина қатысты пікірлерін студенттер ортаға салып, мәнін талдайды. Өзіндік тұжырымдарын қалыптастырады. *Тіл* тақырыбында «Пирамида құрастыру» тәсілі арқылы қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалымдардың пікірлеріне тоқталып, әр студент тіл табиғатына өзіндік ойы бойынша анықтама берді. Ең жоғарғы бөлігінде барлық айтылған пікірлерді талдай келе, «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры» деген А.Байтұрсынұлының сөзімен тұжырымдады. Бұл тапсырма тілдің танымдық қызметі адамның өзін тану үшін, өзгені тану үшін және өзін басқаларға таныту үшін аса маңызды екендігімен қорытындыланды.

Тапсырманың мақсаты:

- тіл қызметтері жайында білімдерін шындау;
- ақпаратты өндеу, сұрыптау, тұжырымдау қабілеттерін дамыту;
- тілдік тұлғасын қалыптастыру;
- ғылыми пікірлерді сараптай алып, өзіндік ғылыми көзқарасын қалыптастыру;

Тапсырма орындау нәтижесінде студент:

- ақпаратты сараптап, тұжырымдай білу дағдысы;
- ғылыми-зерттеушілік дағдысы;
- қатысымдық құзыреттілігін;
- іскерлік дағдысы;
- сөйлеу мәдениеті дағдысын қалыптастырады.




6. А.Байтұрсынұлының «Тіл – құрал. Дыбыс заны һәм жүйесі» (1923ж), Қ.Жұбановтың «Қазақ тілінің гылыми курсы жөнен лекциялар» (1933ж), С.Аманжоловтың «Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қыскаша курсы» атты зерттеулеріндегі тілтанымдық ой-тұжырымдарын талдап, еңбектеріне андатпа (аннотация) жазыңыз.

Бұл тапсырмада А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың танымдық шікірлері арқылы студенттерге таным теориясы ұғымынан ой салып, өздеріне тілтанымдық тұжырым жасату көзделді. Сонымен қатар, студенттер тілтанымдық тұжырым жасай келе, берілген багыт бойынша мақал-мәтелдер келтіріп, оның танымдық мәнін талдады. Бұл тапсырма арқылы студенттердің тұжырым жасау қабілеті, ой ұшқырлығы, танымдық білімі анықталды.

Қорытынды эксперимент. Қалыптастыруыш кезенде эксперименттік топқа 2 кредит көлемінде курс оқытылып, студенттердің білім және дагды нәтижелері анықталды. Таным теориясын менгерту нәтижесі бақылау топтарының көрсеткішіне қараганда тәжірибелік топтардың көрсеткіші жақсы нәтиже берді. Тіл біліміндегі таным теориясын оқыту эксперименті барысында білім мазмұнын жан-жақты менгерген тәжірибелік топтар таным мәселесін менгерудің қажеттілігі мен ұсынылған оқыту шеберліктерінің тиімділігін дәлелдеді.

Қорытынды эксперимент нәтижесі




Ұсынылған курс бойынша студенттердің мынадай құзыреттіліктері қалыптасты:

- Тілдік-дүниетанымдық;
- Ғылыми-танымдық;
- Кәсіби-танымдық;
- Мәдени-танымдық;
- Шыгармашылық-танымдық.


Курс бойынша берілген тапсырмаларды орындау нәтижесінде студенттердің қалыптасқан интеллектуалды-танымдық құзыреттіліктерінің қорытындысы пайыздық көрсеткішпен ұсынылды.

Интеллектуалды-танымдық құзыреттіліктері	Эксперименттік топ	Бақылауны топ
Тілдік-дүниетанымдық құзыреттілігі	89%	45%
Ғылыми-танымдық құзыреттілігі	75%	38%
Кәсіби-танымдық құзыреттілігі	83%	52%
Мәдени-танымдық құзыреттілігі	80%	71%
Шыгармашылық-танымдық құзыреттілігі	87%	40%


Интеллектуалды-танымдық құзыреттіліктерінің нәтижесі




А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ, Қ.ЖҰБАНОВ, С.АМАНЖОЛОВ
ЕҢБЕКТЕРІНДЕҢ ТАНЫМ ТЕОРИЯСЫ АРҚЫЛЫ ТҮЛГА
ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МОДЕЛІ



А.БАЙТҰРСЫНУЛЫ, Қ.ЖҰБАНОВ, С.АМАНЖОЛОВ ЕҢБЕКТЕРІ БОЙЫНША ТАНЫМ ТЕОРИЯСЫН МЕНГЕРТУ



ТАНЫМ ТЕОРИЯСЫН ОҚЫТУ МОДЕЛІ



Қорытынды

Қазақстандағы жоғары білім елдің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2030» стратегиясында анықтап бергендей, басты ұлттық басымдықтардың бірі ретінде жауапты міндет атқарады. Жоғары білім ғана мәдениет түзуші, интеграциялаушы міндет арқылы, білімнің сапасы, аумақтығы мен гумандығы арқылы Қазақстанның өмір сүруін, ұлттық қауінсіздігі мен ғұлденуін қамтамасыз етуі тиіс.

Қазақстандағы жоғары білімді дамыту стратегиясы оны орнықты дамыту, білімді аумактандыру, үздіксіз білім беру, реформалар үдерісіндегі үздіксіздігі, әлеуметтік даму барысын болжай мүмкіндіктері, мәдениетті, тұрмыс салтынының өзгешеліктері мен құндылықтарды сақтау, бейбітшілік ісіне, адамның бостандығы, құқынына үлес қосу, әлеуметтік және этикалық ынтымақтастық концепциялары негізінде құрылады. Олай болса еліміздегі үздіксіз білім беру жүйесінде А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектеріндегі тілдік таным мәселелсін оқытудың маңыздылығы артып, таным теориясының басты ұғымдары жүйеге келтіріліп, жаңашыл технологиялар арқылы менгертуді қажет етеді.

Бүгінгі еліміздегі үздіксіз білім беру жүйесінде А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектеріндегі тілдің танымдық болмысын оқыту үшін таным теориясының басты ұғымдары жүйеге келтіріліп, жаңашыл технологиялар арқылы менгерту жүзеге асты. Тіл біліміндегі антропоцентристік бағыт дүниежүзінде XX ғасырдың екінші жартысынан бастап зерттелгенімен, қазақ тіл білімінің негізін салушы А.Байтұрсынұлы еңбектерінде көрініс тауып, тілдің танымдық қыры жайындағы ғылыми тұжырымдары Қ.Жұбанов, С.Аманжолов зерттеулерінде жалғасын тапты. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде тілдің табигатын, сырын ашуға негізделген таным теориясының бастапқы ұғымдары кездеседі. Тіл болмысын қарым-қатынас құралы, қоғамдық құбылыс деп қана қоймай, тіл адам баласы үшін бүтіндей әлемді тануына, сыртқы қоршаған органы қабылдан, ол туралы пайымдал, тұжырымдауына ықпал ететін аса маңызды құбылыс ретінде түсіндіреді. Сонымен қатар, адамның айналада қоршаған заттар мен құбылыстарды сезім мүшелері арқылы танып, қабылдан, түсінін алыш, танымның жоғарғы сатысы «ақылға» салып, ойлап, пайымдал, тұжырымдайтындығын дәл айтады.

Қазақ тіл біліміндегі таным теориясының бастапқы ұғымдарын қалыптастырушылардың бірі – Қ.Жұбанов. Профессор Қ.Жұбанов қазақ тілінің табигатына терең бойлай отырып, жалпы тіл болмысының әмбебаптық қызметіне де баса назар аударады. Тілдік бірліктер арқылы адамның дүниені тану, қабылдау, түсіну ерекшеліктерін сипаттайтыды. Қазақ тілін басқа тілдермен салыстыра отырып, тек қазақ тіліне ғана тән ерекшеліктерді таным арқылы талдан көрсетеді. Фалым тілді талдау арқылы ұлттық, мәдени ерекшеліктердің тілден көрініс табатындығын тұжырымдайды.

Қ.Жұбановтың әдіснамалық зерттеулерінен де тілдің танымдық теориясына қатысты тілді оқытуда танымдық қызметін ескеру, білім алушының танымдық қабілеттерін баса назарда ұсташа, шәкірттің танымын алға қоя білім беру үлғілері кездеседі. Ал С.Аманжолов зерттеулерінде тіл болмысынан «халықтың жүрін өткен жолын», яғни тарихын, тұрмысын, тіршілігін көруғе болатындығы айтылады. Тілдің танымдық қырын халықтың өмірімен, тарихымен, салт-санасымен ұштастыра зерттеген С.Аманжолов тілдік таным арқылы ұлттық, мәдени-рухани құндылыктарды көруғе болатындығын дәлелдейді.

Сондыктан таным теориясын А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері негізінде қарастыру барысында, *біріншіден*, ғалымдардың тілтанымдық көзқарастары сараланып, ғылымдар тоғысында зерделенін, тілдің танымдық қызметі оның табиғи болмысы ретінде сипатталады. *Екіншіден*, ғалымдардың танымдық тұжырымдары арқылы таным теориясының негізгі ұстанымдары айқындалды. Адам физиологиясының айналада қоршаған заттар мен құбылыстарды қабылдауда тілдің атау қою теориясы қатысып, тіл мен ұғым тығыз байланысып отыратындықтан, адамның дүниені қабылдау ұстанымы анықталды. Таным теориясының кескіндеу, кейіптеу ұстанымы қазақ тілінің негізін салушы ғалымдардың еңбектерінде тілдік тұрғыда сипат алыш, тілдік бірліктер арқылы түсіндірілді. Сонымен қатар, таным теориясының концептуализациялау, ғылымилық, жүйелілік ұстанымдары зерделенді.

Үшіншіден, ғалымдардың әдіснамалық еңбектері негізінде таным теориясын менгертудің жолдары ұсынылды. Ғалымдардың тілді оқыту барысында ұсынған әдістері сараланып, әдіснамалық көзқарастырының бүгінгі күні білім берудегі жаңа технологиялармен сабактастырыла қарастырылды. А.Байтұрсынұлыны, Қ.Жұбановтың, С.Аманжоловтың тілді оқытудың танымдық негіздері зерделенін, ғалымдардың білім беру шеберліктері жаңа технология негізінде таным теориясын менгерту үлгісі жасалды. Зерттеушілер дамыта оқыту, модульдік оқыту, қашықтан оқыту, сын тұрғысынан ойлау, тіл дамыту технологияларының атын көрсетпесе де, негізгі ойлары жаңа технологиялармен ұштасып, тілдің танымдық сипатын ескерін тиімді оқытудың үлғілерін ұсынады.

Қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалымдар жалпы тіл табиғатын жанжақты, терең қарастырып, тіл болмысының қыр-сырын ішкі көкірек көзімен (интуициясымен) сезіне білудің салдарынан тілдің танымдық қызметін, зерттеулеріне арқау етін, тілдің танымдық сипатын, таным теориясының ғылыми негіздерін, оның басты ұстанымдарын өзіндік көзқарастары, пайымдаулары, тұжырымдары арқылы берген.

Қорытындылай келе зерттеу жұмыста тілші-ғалымдардың тілдік танымға қатысты зерттеулерін зерделей келе мынадай тұжырымдар жасалды:

- «Ұлы Дала Елі» идеясын іс жүзіне асыру барысында қазақ тілінің танымдық табиғатын көрнекті тілші-ғалымдардың еңбектерімен сабактастықта зерделеу әлемдік өркениет пен ұлттық рухани

құндылықтарды тіл арқылы танып-білуге игі ықпал етеді;

- А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың таным теориясына қатысты пікір-тұжырымдары тіл білімі салаларының бұрынғы және қазіргі даму кезендерін анықтай отырып, тілді танымдық тұргыдан оқытуудың гылыми-әдістемелік жүйесін жасауга көмектеседі;
- А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектеріндегі таным теориясы қазақ тіл білімінің гылыми-педагогикалық аспектісін айқындаі отырып, лингвистиканың даму көрсеткіші болып табылады. Өйткені танымның гылыми-педагогикалық, әдістемелік жақтары Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде маңызды орын ала отырып, тіл білімін тың қагидалармен байытады, оқыту үдерісіндегі жаңа ұстанымдарды белгілейді;
- Таным мәселесі психо-физиологиялық, логика-философиялық, тілдік-мәдени тұргыдан күрделі құрылым болып табылады. Сондықтан А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектеріндегі таным теориясы түрлі гылым салаларын (психология, мәдениеттану, этнография, философия) тогыстыра келіп, когнитивтік лингвистиканың даму бағыттарын айқындаиды;
- А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжоловтың танымдық көзқарастарын білім беру жүйесіне енгізу тілдік бірліктердің семантикалық өрісін, коммуникативтік ерекшеліктерін, стилистикалық қызметін жаңа парадигма ретінде қарастыруға мүмкіндік береді;
- Модульдік технология бойынша жасалған «Тілдік танымның бастау көздері» атты қосымша пән таным мәселесін интербелсенді әдіс арқылы менгертуде жақсы нәтиже береді.

Демек,, А.Байтұрсынұлы еңбектері әлемнің тілдік бейнесі және термин жасаудагы таным үлгілері арқылы таным теориясының негізін құраса, Қ.Жұбанов зерттеулері тіл мен таным бірлігін айқындал, тіл мен мәдениет тұтастығын көрсетіп, тіл арқылы халықтың мәдениетінен хабар алуга болатынын дәлелдейді. С.Аманжолов еңбектері тіл мен қоғам сабактастығын қарастырып, тіл сананы бейнелей алады деп тұжырымдайды. Сондықтан галымдардың еңбектеріндегі таным мәселесі бүгінгі таңда білім алушының өзін тануга, өзгені тануга және өзіндік ұлттық ерекшеліктерін, мәдениетін, ділдік қасиетін таныту үшін аса маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Байтұрсынұлы. Тіл – құрал. Дыбыс заңы һәм жүйесі. Орынбор. 1923ж.- 46 б.
2. Қ.Жұбанов. Қазақ тілінің ғылыми курсы жөнінен лекциялар. 1-кесек қазақ тілінің фонетикесі (Дыбыс жүйесі)// Политехникалық мектеп, №7-8, 1933ж. 33-34 бб.
3. Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. Жоғары мектеп оқушылары үшін оқу құралы. I-бөлім. Алма-Ата: ЦК КП(б)К, 1950ж. - 88 б.
4. Уәлиханов Ш.Ш. Бес томдық шығармалар жинағы. I-том. Алматы: 1961ж.-7776.
5. Абай. Қалың елім қазағым: Шығармалары. – Алматы: Жалын, 1995-3846.
6. Абай. Қара сөз. Алматы: «Көшпендер» 2009ж.-160 б.
7. Мырзалы С. Философия. Алматы: Бастау. 2014-648 б.
8. Жалпы психологияға кіріспе: Оку құралы/ Жауапты ред. С.М.Жақыпов. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 230 бет.
9. Жұмасова К.С. Психология: Оқулық. –Астана: Фолиант, 2006. – 292 бет.
10. Бап-Баба С.Б. Жалпы психология (жантану негіздері). Жоғары оқу орнындары студенттеріне арналған дәрісбаяндар жинағы. А.М.Құдиярова басшылығымен. – Алматы: Даын. – 2003. -275 бет.
11. Әбділдин Ж. Қазақ халқының философиялық мұрасы. Астана: Аударма, 18-том. 2006, - 504 бет.
12. Simon H.A., Kaplan C.A. Foundations of cognitive science // M.I. Posner ed. Foundations of cognitive science. – Cambr. (Mass.); L.: MIT, 1989.-p.337.
13. Pylyshyn Z.W. Computing in cognitive science // M.I. Posner ed. Foundations of cognitive science. – Cambr. (Mass.); L.: MIT, 1989.- p. 345.
14. Arbib M.A. In search of the person: Philosophical explorations in cognitive science. – Amherst: U. of Mass., 1985.- p. 405.
15. Kegel G. Zur Operationalisierung des Menschen: Die psycholinguistische Sicht der kognitiven Wissenschaften // G. Kegel ed. Sprechwissenschaft & Psycholinguistik: Beiträge aus Forschung und Praxis. – Opladen: Westdeutscher Verlag, 1986.- p.298.
16. P.H.Matthews. The Concise Oxford Dictionary of Linguistics. Oxford University Press. Second Edition, 2007.- p.297.
17. Ә.Қайдар. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы:Ана тілі,1998.304 б.
18. Сыздық Р.Ғ. Эпос тілі және лингвистикалық поэтика мәселелері // Тілтаным. 2001. №1. 37-41 бб.
19. Үәлиев Н. Сөз мәдениеті. Алматы: Мектеп, 1984.-117 б.
20. Манкеева Ж.А. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным, 2001. №4. 39-43б.
21. Қ. Жаманбаева. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. Алматы: Ғылым, 1998.-140 б.
- 22.Оразбаева Ф.Ш. Тілдік қатынас. Алматы, Сөздік-Словарь, 2005.-272 б.
- 23.Б . Момынова. Газет лексикасы (жүйесі мен құрылымы). Алматы: Арыс,

1999.-2286.

- 24.Г. Смағұлова. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда. Алматы: Арыс, 2010.-280 б.
- 25.Салқынбай А. Ойлау мен таным: сөз мағынасының тарихи тектілігі мен бүтіндігі. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, 2009ж. №4. 135-139 бб.
- 26.Г. Қосымова. Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы. Алматы: Баянжүрек, 2005.-296 б.
- 27.Б.Қасым. Метафоралы аталымдар: коғнитивті-семантикалық сөзжасам. Алматы: «ЖК Волкова Е.В.», 2005.-300 б.
- 28.Ислам А. Үлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама)// Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2004.-54 б.
- 29.Жапақов С. Эпикалық фразеологизмдердің коғнитивтік негіздері// Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2003.-28 б.
- 30.Ақаев С. Терминнің тілдік және танымдық сипаты. Алматы, 2002.-60 б.
- 31.Жиренов С. 15-19 ғғ. ақын-жыраулар поэзиясындағы «Өмір-өлім» концептісінің танымдық табиғаты: Филология ғыл. канд. ғылыми дәрежесін алу үшін дайынданған диссертация. Алматы, 2007.-30 б.
- 32.Әмірбекова А. Қазіргі қазақ тіл біліміндегі жаңа бағыттар. Алматы, Елтаным. 2011.-204 б.
- 33.Күштаева М. «Тары» концептісінің семантикалық құрылымы мен лингвомәдени мазмұны// Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2002.-160 б.
- 34.Айтпаева Ә. Бесік жырларының этнолингвистикалық сипаттамасы (қазақ, орыс, неміс тілдерінің материалдары бойынша)// Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2006.-28 б.
- 35.Ә. Оразалиева. Танымдық қазақ тілі. Алматы: Мұрағер, 2005. 176 б.
- 36.Ә.Оразалиева. Коғнитивті лингвистиканың қалыптасуы мен дамуы. Алматы: АН-Арыс, 2007. – 312 б.
- 37.Сұлтан Ж.И. Тілтанымдағы анторполоғиялық К.Жұбанов мұраларындағы көрінісі// Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2007.-127 б.
- 38.Сүлейменова Э.Д. Понятие смысла в современной лингвистике. – Алматы: Мектеп, 1989. – 152 с.
- 39.Попова З.Д., Стернин И.А. Коғнитивная лингвистика. – М.: АСТ: Восток-Запад, 2007. – 314 с.
- 40.Б.Хасанов. Ахмет Байтұрсынұлының тіл дамыту жөніндегі социолингвистикалық мұралары және тіл заңының орындалу үрдісі. Үлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999.-568 б.

41. О.Жұбаева. А.Байтұрсынұлы коғнитивтік лингвистиканың негізін салушы. «А.Байтұрсынұлы – тіл білімінің көшбасшысы» атты ғылыми-әдіснамалық конференция материалдары. Алматы, 2012.- 319 б.
42. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. Қызылорда, 1926.-286 б.
43. Байтұрсынұлы А. Қазақша сөз жазушыларға// Шора. 1914ж. №4, 110-113б.
44. Қ.Жұбанов. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2010-608 б.
45. Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. Основы теории казахского языка. Құрастырған Аманжолов А.С. Алматы: Ғылым, 2002. 366 б.
46. Р.Сыздық. Термин жасау – Ахмет Байтұрсынұлы көтерғен тарихи жүктің бірі. Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми макалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999.-568 б.
47. Ахметтану бастамалары: Оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды: «Болашақ» баспасы, 2005. – 207 б.
48. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы (Қазақ тілі мен оку-ағартуға қатысты еңбектер) –А.: «Ана тілі» баспасы, 1992. - 448 б.
49. Құрманбайұлы Ш. Алаш жene терминтану (XX ғасырдағы қазақ терминологиясы; 1910-1930 жылдары): монография. – А.: «Ел-шежіре» ҚҚҚ, 2008. – 240 б.
50. Ахметтану бастамалары: Оқу-әдістемелік құрал. – Қарағанды: «Болашақ» баспасы, 2005. – 207 б.
51. Байтұрсынұлы А. Тіл –құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. 1927. Семипалатинск. Семғубиздат-73б.
52. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 11-том. Құрастырғандар: Манкеева Ж., С.Бизақов, Ә.Жұнісбек және т.б. – Алматы: Арыс. 2009-752б.
53. Иманқұлова М. А.Байтұрсынұлы еңбектеріндегі таным теориясының басты ұстанымдары. Қазақстанның ғылымы мен өмірі, №6 (33). 2015ж.
54. Henryk Jankowski. Baytursinuli's Works on the Kazakh Language – An Attempt at Assessment. Turkey, Kazakhstan and the Crimea. Ten years of Turkology in Poznan. Adam Mickiewicz University, Poznań. 2013.-132 p.
55. Қ.Жұбанов. Термин сөздердің спецификасы жөнінде// Мемлекеттік термин комиссиясы Бюллетені, 1935, №4, 1-2 бб.
56. В.А. Маслова. Коғнитивная лингвистика. Минск: Тетрасистемс, 2004.-256 с.
57. Н. Ф. Алефиренко. Лингвокультурология. Москва: Флинта, 2010.-224с.
58. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. Алматы: Жібек жолы, 2008. 354 б.
59. Үәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол.ғыл.докт... дисс.: 10.02.02. – Алматы, 2007.- 329 б.;
60. Грамматикадағы дүниенің тілдік бейнесі. Алматы: Қазығұрт, 2014-400б.
61. Жұбанов Қ. Қазақ музыкасында күй жанрының пайда болуы (тіл мен тарих деректері). Қызылорда, 1936. -26 б.

62. С.Аманжолов. Вопросы диалектологии и истории казахского языка. Алма-Ата, 1959.-452 с.
63. Ә.Қайдар. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. Алматы: Ана тілі, 1998. 304 б.
64. М.С.Атабаева. Қазақ тілінің диалектілік лексикасының этнолингвистикалық негізі. Алматы: Білім, 2006. 288 б.
65. Күркебаева К.К. Қазақ тіліндегі өлшемдік атаулардың этнолингвистикалық сипаты//Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2003.
66. Imankulova M., Nurgaziev T., Tanzharikova A., Masalieva Sh., Darkulova K. S.Amanzholov is the Founder of Cognitive Linguistics in Kazakhstan//International Information Institute. 2016ж., Vol. 19(A) pp.1827-1836.
67. Ә.Қайдар. Қазақтар ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік) I том. Адам. Алматы: Дайк-Пресс, 2009. 784 б.
68. Т. Жанұзақ .Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. Алматы : ДайкПресс, 2007. 524 б.
69. Тілеубердиев Б.М. «Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері» филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2006.-27 б.
70. Сулейменова Э.Д. Казахский и русский языки: основы контрастивной лингвистики. – Алматы:Демеу, 1996.-208 с.
71. Алмауытова Ә. Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты//Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2004.-147 б.
72. Иманқұлова М. А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов еңбектері бойынша таным теориясының ғылыми негіздері. Профессор Қ.К.Жұбанов және қазіргі тіл білімі, әдебиеттану және әдістеме саласындағы ғылыми-әдіснамалық зерттеулер. Конференция материалдары.Алматы: 2015.-634 б.
73. Жарықбаев Қ. Психология негіздері. Алматы: «Эверо». 2005ж.- 398 б.
74. Байтұрсынұлы А. Тіл-құрал. (Қазақ тілінің сарфы). Екінші жылдық. Қызылорда, 1925.- 96 б.
75. Жұбанов Қ. Сөздің жалпы құрылышы. (Жалпы морфология) Орта мектептің V қыласына арналған. Алматы: Қазақ баспасы, 1936.-74 б.
76. Лурия А.Р. Язык и сознание. Москва: Изд. Моск. унив-та, 1979.-319 с.
77. А.Ә.Қарабалина. Қ.Жұбановтың жалпылингвистикалық тұжырымдамаларындағы психологиялық ой-пікірлері. Психология ғыл.канд.ғылыми дәрежесін алу үшін орынд. дисс. 2005-131 б.
78. Қалиұлы Б. Жалпы тіл білімі. Алматы, 2009-132 б.
79. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. Алматы, 1991.- 270 б.
80. Қенесбаев И., Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі (фонетика, лексика). Алматы, 1962.-389 б.
81. С.Ж.Еділбаева. Білім беру философиясы. Алматы: Қазақ университеті. 2014-138 б.
82. Hayrani A. Ibn Sina metafizigi. – Ankara: Elis Yay, 2008. – s. 182

- 83.Оңғаров Е. Қазақ мәдениеті және ислам құндылықтары. Алматы: Көкжие, 2013-272 б.
- 84.Нұрмұратов С.Е. Рухани құндылықтардың қалыптасуы мен дамуы (Әлеуметтік-философиялық талдау): Философия ғыл.док.ғыл.дәр.алу үшін д.дисс.авт. 09.00.11.-Алматы, 2000.-23 б.
- 85.Анисимов С.Ф. Духовные ценности: производство и потребление. Алматы: 1986. – с. 165.
- 86.О.Г.Дробницкий. Проблемы нравственности. М., Наука, 1977-с. 351.
- 87.Қ. Ермеков. Философия негіздері. Алматы: «Ақыл кітабы», 2000-316 б.
- 88.Артемьев А.И.,Мырзалы С.Қ. Ғылым тарихы және философиясы: оқу құралы. Алматы: Бастау 2013-432 б.
- 89.Байтұрсынұлы А. Тіл жұмысар. Қызылорда, 1928.-46 б.
- 90.Философиялық сөздік. Редакция алқасы: Р.Н.Нұрғалиев ж.б. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. 525 б.
- 91.Э.Оразалиева. Концепт – тілтанымдық категория//Концептосфера – ғаламның ұлттық тілдік бейнесінің негізі. Конференция материалдар жинағы. 2010ж.-596 б.
- 92.Б.Қалиев. Танымдық тіл білімі және оның ұстанымдары // Концептосфера – ғаламның ұлттық тілдік бейнесінің негізі. Конференция материалдар жинағы. 2010ж. -596 б.
- 93.Jörg Zinken. Portsmouth. Metaphors, stereotypes, and the linguistic picture of the world: Impulses from the Ethnolinguistic School of Lublin. 2014. <http://www.metaphorik.de/de/journal/25/metaphorikde-252014.html>
- 94.Ф. Онғарсынова. Өлеңдер, дастандар. Астана: Елорда, 2004-288 б.
- 95.М.Жұмабаев. Жан сөзі. Алматы: Раритет, 2005.-256 б.
- 96.Абақан Е. Тілдің мәдени философиясы. - Алматы: Айкос, 2000. -184 б.
- 97.Әл-Фараби. Философиялық трактаттар./ Араб тілінен аударылған/ Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1973.-410 б.
- 98.Қазақ хандығы дәүіріндегі әдебиет. Жоғары оқу орындары филология, журналистика факультеттері студенттеріне арналған хрестоматиялық оқу құралы. Алматы, Ана тілі, 1993.-176 б.
- 99.Ы.Алтынсарин. Қазақ хрестоматиясы. Алматы: Білім, 2003.-112 б.
100. Байтұрсынұлы А. Оқу жайы//Қазақ, 1913, №11, 1-2 б.
101. Байтұрсынұлы А. Бастауыш мектеп //Қазақ, 1914, №61, 1-2 б.
102. Қ. Жарықбаев, Қалиев С. Қазақ тәлім-тәрбиесі. Оқу құралы. Алматы: Санат 1995.-352 б.
103. Қожахметова К.Ж. «Кәсіби тілді оқытудың өзекті мәселелері: қазіргі жағдайы және болашағы» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы//Жаһандану жағдайында этнопедагогикалық білім беру мәселелері, 2011.- 489 б.
104. Байтұрсынұлы А. Маса. Қазан, 1922.-95 б.
105. Ж.Дәuletбекова, А.Алтынбекова. Студенттерге тілді үйретуде мақал-мәтелдерді пайдалану жолдары. Қазақстан жоғары мектебі, №3. 2006. 11-16 бб.

106. Қалиев Ф. Ғұлама ғалым, ұлағатты ұстаз. Қаз ҰУ хабаршысы . Филология сериясы, №4. 2003. 25-30 бб.
107. Байтұрсынұлы А. Қай әдіс жақсы?// Жаңа мектеп. 1928., №4. 3-11бб.
108. Байтұрсынұлы А. Жалқылау (айырынқы әдіс)// Жаңа мектеп. 1927., №11-12. 45-49 бб.
109. Байтұрсынұлы А. Жалқылаулы-жалпылау әдіс// Жаңа мектеп. 1928., №1. 31-37 бб.
110. Оралбаева Н. А.Байтұрсынұлы – тұнғыш әдістемеші ғалым. Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1999.- 568 б.
111. С.Рахметова. Бастаудың класс оқушыларының тілін дамытудың ғылыми-әдістемелік неғіздері. Педагогика ғылымының докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. Алматы: Абай атындағы АлМУ, 1994.-62 б
112. А.Қыдыршаев. Ахмет Байтұрсынұлының әдістемелік мұрасы. Пед.ғыл.канд. ... авторефераты. Алматы: Абай атындағы АлМУ, 1995-24 б.
113. Қ.Жұбанов. Әдіс бірлестіктері мен әдіс үйірмелелерінде оқу жылының 2-ші жартысында әдіс пырағырам мәселелері//«Ауыл мұғалімі», 3 саны. 1934 ж.
114. Imankulova M. A. Kazak dilini ulusal bilişim temelinde öğretme (K.Jubanov'un eserleri üzerine). «İpek Yolu Ülkelerinin Kültür Diyalogu» Uluslararası Sempozyum. Erzurum, Türkiye. 2016.-695 s.
115. Жазықова М.Қ. Құдайберген Жұбановтың әдістемелік мұрасы: пед. ғыл.канд. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. Алматы, 2008.- 137 б.
116. М.Қ.Жұбанова. Құдайберген Жұбанов ұлттық дидактика хақында. Алматы: Ғылым, 2002.-312 б.
117. Оразбаева Ф. Тіл әлемі. Мақалалар, зерттеулер. Алматы: Ан-Арыс. 2009-368б.
118. Ж.Т.Дәuletбекова. Жоғарыдан кейінгі білім беру жүйесінде Қ.Жұбановтың әдіснамалық тұжырымдарын инновациялық технологиялар арқылы менгерту. Профессор Қ.Қ.Жұбанов және қазірғі тіл білімі, әдебиеттану және әдістеме саласындағы ғылыми-әдіснамалық зерттеулер. Конференция материалдары.Алматы: 2015.-479 б.
119. С.Аманжолов. Қазақ тілі диалектологиясы мен тарихының мәселелері. Алматы: Сөздік-словарь, 2004. 536 б.
120. Әбиев Ж. Педагогика тарихы, Алматы, Даын 2006 - 480бет.
121. Mukhamejanova G., Mynbayeva A., Belassarova Zh., Imankulova M., Duisenbayeva G. Innovative Methods in Education// Biosciences Biotechnology research Asia, April 2015. vol. 12(1), pp.133-139.
122. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2011ж. -800б.

123. Беспалько В. Слагаемые педагогической технологий. Москва: Педагогика, -1989.-189с.
124. Дьяченко М.М., Кандыбович Л.И. Психологические проблемы готовности к деятельности. Минск: БГУ, 1976.-341 с.
125. Байтұрсынұлы А. Элін-би. Жаңа құрал. Қызылорда. 1928.-116 б.
126. Педагогикалық мұра. Дәстүрлі әдіс және жаңа технология. Жинақ. Алматы: Аң-Арыс.2009.-118 б.
127. Тұрғанбаева Б.А. Дамыта оқыту технологиялары. Оқу-әдістемелік құрал. Алматы. 2000.-306 б.
128. Жанпейісова М.М.Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде, Алматы 2002,- 180б.
129. Намазбаева Ж.Ы. Жалпы психология. Алматы: Абай атындағы ҚазҰПУ Психология институты, 2006-296 б.
130. Ж.Аймауытов. Псикология. Алматы: Рауан, 1995 -312б.
131. Әмірова Б. Ә. Жоғары мектеп психологиясы. 2012ж.-226 б.
132. Дәuletбекова Ж., Рай Қ., Нұрышева Г., Рахметова Р. Тілді оқыту: интеграциялық білім мен интеллектуалдық тұлға қалыптастырудың сабактастыры. Алматы: Нұрай Принт Сервис, 2014.-234 б.
133. А.Ерментаева. Студенттерді субъект-бағдарлы психологиялық дайындау. Псих.ғыл.докт. ғылыми дәреж алу үшін дайындалған диссертация. 2008-327 б.
134. Жансерикова Да.А. Студенттердің танымдық іс-әрекеті мотивациясына жалпы мағыналық қор құру мен жаңсақ нанымдардың әсер етуін зерттеу. Пед. ғыл. канд. диссертациясын алу үшін дайындалған диссертация. Қарағанды 2010. -147 б.
135. И.А.Зимняя. Педагогикалық психология. Алматы: TST-company. 2005-358бб.
136. Лисовский В.Т., Дмитриев А.В. Личность студента. Л: Изд-во Ленинградского университета, 1974-280 с.
137. Жоғары мектеп педагогикасы. Оқу құралы. Ж.Р.Баширова, Н. С. Әлқожаева, Ұ.Б.Төлешова және т.б. – Алматы: Қазақ университеті, 2015.-190б.
138. Танирбергенова С.К. Оқу үдерісінде студенттердің белсенді әдістер қолдануын қалыптастырудың педагогикалық шарттары.(технология пәні материалдары негізінде)пед. ғыл. канд. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация авторефераты. Алматы, 2007-256.